

Р. Ә. Қаратабанов, А. А. Саипов,  
Б.Х. Балғабаева, Қ. Т. Сапаров

9

# Қазақстан географиясы

9-СЫНЫП  
2-бөлім



Алматыкітап баспасы  
2019

ӨОЖ 373.167.1  
ҚБЖ 26.8 я 72  
Қ 41

### Оқулықты бағдарлау аппараты

-  – Географиялық ақпарат көздерімен жұмыс
-  – Графикалық мәліметтерді ұсыну
-  – Зерттеулер
-  – Географиялық тәжірибелер жүргізу
-  – Географиялық номенклатура
-  – Картамен жұмыс
-  – Жетістіктерді бағалау
-  – Дәптермен жұмыс
-  – Күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырма

Қаратабанов Р.Ә.

Қ 41 Қазақстан географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған/Р.Ә. Қаратабанов, А.А. Саипов, Б.Х. Балгабаева, Қ.Т. Сапаров. 2-бөлім. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 240 бет, сур.

ISBN 978-601-01-3514-7  
2-бөлім. – 240 б., сур.  
ISBN 978-601-01-3515-4

ӨОЖ 373.167.1  
ҚБЖ 26.8 я 2

ISBN 978-601-01-3515-4 (2-бөлім)  
ISBN 978-601-01-3514-7 (жалпы)

© Қаратабанов Р.Ә., Саипов А.А.,  
Балгабаева Б.Х., Сапаров Қ.Т., 2019  
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2019

## Жас қазақстандық!

9-сыныптың географиясы біздің еліміз – Қазақстан Республикасы туралы бұрынның білетіндеріңді тереңдетіп және жаңа мағлұматтар қалыптастыруға арналған.

Жер шарында 230-дан астам мемлекет бар, оның ішінде – 194-і тәуелсіз мемлекет. Бірақ олардың әрқайсысы өзінің айрықша бір қырымен ерекшеленеді.

Әр сабақ сайын сендер біздің Отанымыздың өзіндік ерекшеліктерімен, өзіне тән қырымен танысатын боласыңдар.

Еліміздің геологиялық және тектоникалық құрылымымен, климатымен, су ресурстарымен, өсімдік және жануарлар әлемімен, бірегей ландшафтымен танысу қауіпті табиғи апаттардан қорғануға, табиғат ресурстарының қорын анықтауға мүмкіндік береді. Оны білу оларды барынша тиімді пайдалану үшін де, сонымен бірге табиғат қорғау ісінде де қажет.

Біздің еліміздің басты артықшылығы – Қазақстан азаматтарының татулығы мен әл-ауқаты. Ұлттық және діни құрамы туралы деректер қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету ісінде маңызды. Халық саны мен құрамы, еңбек ресурстарының құрылымы туралы мәліметтер оңтайлы әлеуметтік саясат жүргізуге, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саларында жоспарлау жүргізуге, тауар және көрсетілетін қызмет түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Елді мекендерді, олардың даму қарқынын зерттеу тұрғын үй құрылысын жақсартуға, қалалар мен ауылдарды, олардың инфрақұрылымын жоспарлауға жағдай жасайды.

Еліміздің аймақтарын экономиканың нақты бір саласын дамытуға барынша тиімді пайдалана алу үшін оларға зерттеулер жүргізіледі.

Экономиканың даму деңгейі әрқашан да алда қол жеткізілуі тиіс көрсеткішті қол жеткізілгенімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан 9-сыныпта шаруашылықтың даму деңгейіне бағалау жүргізілетін параметрлер мен мәндерді зерттеу басталады. Әлемдік экономикалық дамуда бақыланып отырған қарқынға да көңіл бөлінеді. Бұл елдің қай үрдісті айрықша көбірек дамытуы, ал қайсысына жол бермеуі тиіс екендігін түсіну үшін қажет.

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде оқшауланып дамымайды. Қазақстандықтардың басқа елдердегі адамдармен қарым-қатынасы, экономикалық ынтымақтастық, әлеуметтік және мәдени даму қашанда тату көрші болуды,

өзара тиімді әріптестікті талап етеді. Осыған орай 9-сыныпта Қазақстан Республикасының экономикалық-географиялық және саяси-географиялық жағдайына талдау жасалады.

Қазақстанның географиясын зерттеу «Қазақстанның дамуы үшін біз не істей аламыз?» деген негізгі сұрақ тұрғысынан жүзеге асырылады.

Географиялық білімәлеміне жол салу үнемі оңай бола бермейді, бірақ қызықты екені рас, өйткені «Қайда? Қалай? Неліктен?» тәрізді басты географиялық сұрақтарға жауап ізделінеді.

### Оқулықпен жұмыс ерекшеліктері

Оқулықпен сәтті жұмыс жасау үшін ондағы материалдың берілу ерекшеліктерін білулерің қажет.

Әр тақырып бойынша негізгі мақсаттар мен мақсатқа жету үшін қандай білім болу қажеттігі параграф «басында» көрсетілген. Оқулықтың әр параграфы осыдан басталады.

Оқулық сендерге мәліметті оқып қана қоймай, оны жан-жақты қарастырып, терең түсінуді ұсынады. Ол үшін әрбір дайын мәлімет блогынан кейін тапсырмалар мен сұрақтар беріледі. Сұрақтардың жартысының жауабы оқулықта қамтылмаған. Оларды табу үшін сендер барлық сұрақтарды сыныптастарыңмен талқылаңдар, идеялар ұсынып, баға беріңдер және жеке тәжірибелеріңді еске түсіріңдер. Жауаптар басқа географиялық ақпарат көздерінде: веб-сайттар, фотосуреттер, суреттер, газет-журнал беттерінде қамтылған болуы мүмкін. Олармен жұмыс жүргізу географиялық ақпарат көздерімен жұмыс деп аталады.

Кейбір жағдайда оқулық географиялық нысандар мен кеңістіктердің жекелеген қасиетін қалай білуге болатыны туралы тек нұсқаулар ұсынады. Сендер бұл қасиеттерді тәжірибе немесе зерттеулер жүргізу арқылы өздерің анықтайтын боласыңдар.

Кейбір тапсырма мен сұрақтардың жауабын тек географиялық картадан табуға болады. Сонымен қатар көптеген жауаптарды дайын кес-кін карталарға және өздерің құрастырған карталарға жүктеулерің керек. Сондықтан картамен жұмыс бүкіл оқу жылы бойына жүргізіледі.

Географиялық зерттеулердің бәрін бірдей мәтін немесе карта түрінде бере алмайсың. Оларды графиктер мен диаграммаларда, инфографикаларда, фотоколлаждар мен суреттерде, постерлерде, құрас-

тырылған кестелерде де көрсетуге болады. Кейде шартты белгілер немесе пиктограммалар жүйесін пайдалануға болады. Осы жұмыстың барлығы географиялық тілмен географиялық деректерді визуалдау түрінде ұсыну деп аталады.

Кейде өте көлемді мәліметті бір сөзбен білдіруге болады. Географиялық білімдерді жоғары деңгейде меңгеру үшін оның **терминдері мен түсініктерін** білу қажет.

Әрбір тақырыпқа қатысты барлық географиялық нысандарды карта мен атластардан тауып, оларды өз карталарыңда көрсетулерің керек. Мұны **географиялық номенклатурамен жұмыс** деп атайды.

Оқығаныңды жақсы түсіну үшін білімің мен қол жеткізген нәтижелеріңнің деңгейін тексеріп отыру қажет. Жұмыстың бұл түрі **жетістікті бағалау** деп аталады.

Тарау бойынша алған білім мен дағдыларды жинақтап қорыту үшін **«Бөлімге шолу»** мазмұнымен салыстыруға болады.

Қандай оқу жұмысын орындау керегін анықтау үшін **«Оқулықты бағдарлау аппаратын»** мұқият зерттеңдер.

География сабағы пайдалы және қызықты болу үшін **«Геосергіту»** және **«Геодерек»** айдарлары қосылды.

*Авторлар*



## МАЗМҰНЫ

Жас қазақстандық! .....3

### 3-бөлім

#### ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

##### 3.4 Биосфера

33. Қазақстандағы табиғи зоналар мен биіктік белдеулері .....6  
 34. Қазақстанда табиғаттың қорғалуы .....12  
 35. Менің географиялық жетістіктерім .....23

##### 3.5 Табиғи-сұйымдық кешендер

36. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары ...27  
 37. Антропогендік түрткіжайттардың табиғи кешендерге әсері.....32  
 38. Менің географиялық жетістіктерім .....37

### 4-бөлім

#### ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

##### 4. Халықтар географиясы

39. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы .....38  
 40-41. Қазақстандағы көші-қон .....45  
 42. Қазақстан Республикасындағы еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы .....54  
 43. Қазақстандағы демографиялық жағдай .....60  
 44-45. Қазақстандағы елді мекендер. Ойконимдер.....66

##### 4. Халықтар географиясы

46. Қазақстандағы кенттену үдерісі..... 6  
 47. Менің географиялық жетістіктерім ..... 13

## 5-бөлім ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.1 Табиғи ресурстар

48. Қазақстанның табиғи-ресурстық өлеуеті .....	18
49. Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің орталықтары .....	26
50-51. Табиғатты пайдалану және тұрақты даму .....	35
52. Менің географиялық жетістіктерім .....	40

### 5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

53. Ғылыми-техникалық төңкеріс барысы мен бағыттары .....	42
54. Қазақстанда адам капиталының дамуы .....	51
55. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы .....	56
56. Менің географиялық жетістіктерім .....	63

### 5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

57-58. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіру, қайта өңдеу салалары, қызмет көрсету аясы .....	64
59-60. Қазақстанның экономикалық аудандарын мамандандыру ....	69

### 5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдісі мен көрсеткіштері

61. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен даму қарқыны .....	76
62. Халықаралық экономикалық қарым-қатынастар .....	84
63. Дүниежүзілік шаруашылықтағы Қазақстанның орны .....	95
64. Менің географиялық жетістіктерім .....	104

## 6-бөлім ЕЛТАНУ

### 6.1 Дүниежүзілік елдер

65. Қазақстан Республикасының дүниежүзілік елдердің даму деңгейі бойынша жіктелмесінде .....	107
66. Қазақстан Республикасы Халықаралық ұйымдарда .....	110
67. Қазақстанның кешенді елтанымдық сипаттамасы .....	120
68. Менің географиялық жылым .....	125

Сөздік .....	124
--------------	-----

## ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 3.4. Биосфера

33

#### Қазақстандағы табиғи зоналар мен биіктік белдеулері

##### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстанның табиғи зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы түрде талдау жасау.

##### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- жазықтықтағы табиғи зоналардың негізгі типтері және олардың таралу аймақтары;
- биіктік белдеулігінің сипаттамасы және олардың тауларда заңды алмасуы.

##### ЕНДІК ЗОНАЛЫЛЫҚ ТАБИҒИ ЗОНАЛАР

##### БИІКТІК БЕЛДЕУЛІГІ ТАБИҒИ КЕШЕН

Табиғи зоналар – параллельдер бойымен (ендік бағытта) созылған және жазық жерлерде өсімдіктерінің құрамымен, топырағымен және жануарлар әлемімен сипатталатын, жердің белгілі бір сипатын беретін ауқымды жерлер. Жер бедері мен климат табиғи зоналардың қалыптасуында басым рөл ойнайды. Елдің табиғатындағы қайталанбас көріністерді ендік зоналылық пен биік белдеулік қамтамасыз етеді.

##### Ендік зоналық

Климат пен географиялық ендіктің алмасуы

Жазық жерлерде табиғи зоналардың кезектесуі

##### Биіктік белдеулік

$t^{\circ}$  мен қысымның төмендеуі, жауын-шашын мөлшерінің артуы

Тауарларда табиғи зоналардың кезектесуі

Табиғи зона жылу мен ылғалдық өзара қатынасымен анықталады. Қазақстанға ландшафттардың алуан түрлі болуы тән: шөлдер мен шөлейттердің ауқымды алаптарын, кең байтақ даланы, қарлы тау шырдары мен тіптен ормандарды да көруге болады. Бір зона шеңберінде




физикалық-географиялық ерекшелігі бойынша еліміздің басқа табиғи зонасына ұқсайтын кішігірім өңірлерді де кездестіруге болады. Бұл климаттың континенттілігінің артуы немесе жер бедерінде өзгеріс орын алуына байланысты орын алады. Әрбір зона өзіне тән климатымен, топырағымен, өсімдік және жануарлар әлемімен сипатталады.

Қазақстан аумағында төрт зона бар: орманды дала және дала, шөл және шөлейтті жерлер.



- 1-сурет немесе атлас картасы бойынша Қазақстанның табиғи зоналарының орналасқан аймақтарын табыңдар.
- Қазақстанның табиғи зоналарын қалыптастыратын негізгі түрткіжайттар – ішкі түрткіжайттар. Табиғи зоналар картасын физикалық және климаттық карталармен салыстырыңдар. Жер бедері мен климат табиғат зоналарының орналасуына қалай әсер ететінін түсіндіріңдер.



**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР**

Орманды дала зонасы		Дала зонасы		Шөл зонасы		Орманды дала зонасы	
1	Оңтүстік өсімдігальды, қоңырнай жылы	3	Қоңырнай-қуақ және қуақ жылы	6	Солтүстік дала және құрғақ, қоңырнай-жылы	9	Таубөктерлі құрғақ өте жылы
2	Қоңырнай қуақ (жылы)	4	Қоңырнай-құрғақ және құрғақ жылы	7	Орманға өте қуақ, жылы	10	Таубөктерлі өте құрғақ
		5	Шөлденген құрғақ және қоңырнай-жылы	8	Оңтүстік өте құрғақ, жылы	11	Таулы топырақ
						12	Жайылымдар

**1-сурет. Табиғи зоналар картасы**

**Орманды дала** солтүстік аудандарда орналасқан және адамдардың тіршілік етуіне өте қолайлы жағдайлар жасалған. Оған тән ерекшеліктер:



*Шоқормандар деп аталатын жас көшеттер өсетін (ақ қайыңды-көктеректі) шағын аралдары бар;*

*Еліміздегі ең құнарлы жерлер: қаратопырақты қабаты – 75 см, құрамындағы қарашірінді – 9%.*

Орманды дала толығымен дерлік жыртылған. Жыртылмаған жерлерде өсетін өсімдіктер бетеге, боз, бидайықтар тәрізді астық тұқымдастар мен түрлі шөптесіндерден тұрады. Өзен жағалауында жіңішке жолақ болып қарағайлы орман өскен. Орман аласа таулардың баурайы мен төбесіне қарай, көл жаңалауын жиідей көмкере өседі. Осындай жерлерде демалыс орындары, пансионаттар орналасқан.

Орманды далаларға тән жануарлар: сарышұнақ, ақкіс, қоян, аққалақ, түлкі, қасқыр. Таулы зоналарда және өзен мен көлдердің жағалауында құстардың көптеген түрлері кездеседі.

**Дала** – бұл Қазақстанның мақтанышы. Бұл әлемдегі ең ауқымды құрғақ далалы жерлердің бірі. Тек біздің елімізде ғана осы бірегей биологиялық кешеннің 30%-дан астамы өзінің бастапқы қалпында сақталған. 2,6 млн гектардай табиғи дала сулы алқаптарымен бірге ЮНЕСКО-ның Бүкіл дүниежүзілік табиғи мұрасына енген аумақты құрайды. Бұл – зонаның ерекшелігі:

*Климаты қарама-қарсы маусымдарға алмасуымен сипатталады;*



*Сәуір айының соңында даланы түрлі-түрлі қызғалдақтар кілемі көмкереді, ал мамыр мен маусымда күміс түстес бетеге жауып жатады. Зонаның өзіне тән белгісі – жер бетін көмкеріп жататын бетеге. Дала зонасында бетегелі-боз, жусанды-бетегелі-боз араласқан түрлі шөптесіндер өседі.*

Құстарға бай. Жыл сайын күзгі қоныс ауыстыру кезінде Теңіз-Қорғалжың көлдері 2 миллионнан астам суда жүзетін және су маңызда тіршілік ететін құстарға пана болады. Түрлі көлдерден ақбас үйрек, бұйра бірқазан және ең ерекше өкіл – қызғылт қоқиқазды кездестіруге болады. Далалы жерлерге тән жануарлар: ақбөкен, қосаяқ, дала тышқаны, қарсақ.

**Шөлейттер**, дала мен шөл даланың арасындағы өтпелі зона тәрізді, еліміз аумағының 14%-ын алып жатыр. Ерекшеліктері:

 Жазы өте ыстық  **+22-24°C**

 Қысы құрғақ және суық  **-15-17°C**

 Жылына жауын-шашын түседі **180-300 мм.**

Топырағы ашық қызғылт түсті, нашар сіңіреді, құрамындағы қарашіріндісі 2-3% болады. Ойпатты жерлерде сортаңдар кездеседі.

Өсімдігі жұтаң. Көбінесе құрғақшылыққа төзімді бетеге, жусан, түймедақ, селеу, ебелек, теріскен, алабота тәрізді өсімдіктер өседі.

Жануарлардан күзен мен түлкіні ерекше атауға болады. Олардың терісі бағалы. Кеміргіштерден – сарышұнақ, қосаяқ, қоян кездеседі. Сүтқоректілерден ақбөкен мен қарақұйрық тіршілік етеді.

Қазақтың дала және шөлейтті өңірлерінде негізінен – қой және жылқы шаруашылығы дамыған. Ауқымды аумақтарға бақша отырғызылады.

**Шөл дала** кең алқапты (500-700 км.) Каспий теңізінен бастап тау бөктерлеріне дейінгі жерлерді, және еліміздің аумағының 44%-ын алып жатыр. Ерекшеліктері:

 Жазы ыстық әрі құрғақ  **+24-30°C**

*песок может нагреваться до* **+70°C**

 Қысы суық, аязды  **-40°C**

 Жылына жауын-шашын түседі **200 мм.**

Топырағы қоңыр, сұр-қоңыр; құрамындағы қарашірінді 2,5-тен 1,0%-ға дейін кездеседі, бірақ топырағы минералдық заттарға бай.

Қазақстанның шөл далаларына тақырлар мен сор жерлер тән. Тақыр – жер бетінің түрлі өрнектер түзе отырып жарылып, сызаттар пайда болатындай кеуіп кетуі (77-сурет). Сор – кеуіп қалған сұқоймасының тұз шөккен түбі (78-сурет).

Өсімдік және жануарлар әлемі өте жұтаң: жусанның түрлері, сексеуіл, жантақ өседі. Өзен аңғарларында құрақ пен қамыс өскен тоғайы кездеседі.

Фауна өкілдері: түйе, сарышұнақ, қарсақ, қарақұйрық.

### Шөл даланың үш түрі бар

#### Сазды-балшықты

Бетпақдала, Бетпақдала (Мырзашөл), Үстірт

#### Құмды


Қызылқұм, Арал маңы, Мойынқұм, Қарақұм, Тауқұм, Сарыесік—тырау, Мойынқұм, Аралқұм, Үлкен және Кіші Борсық

#### Тастақты

Сарыарқаның оңтүстігі, Бетпақдаланың шығысы



2-сурет. Тақыр



3-сурет. Аралдың кеуіп қалған табаны (сор)

Таулы жерлерде ендік зоналылық биіктік белдеулігіне ауысады. Биіктік белдеулігі – абсолюттік биіктіктің өсуіне қарай тауларда географиялық зоналардың заңды алмасуы. Географиялық белдеулер мен табиғи зоналар тауларда заң бойынша тік зоналылыққа ауысады. Оған таулардың өзіне тән табиғи шарттары себепші болады:

- Биіктеген сайын температураның өзгеруі;
- Тау баурайларының экспозициясының әсері, жел жақ және ықтасын жақбаурайларының түрлі ылғалдануы;
- Биіктік белдеулігінің сипаты таудың биіктігіне байланысты;
- Төменгі биіктік белдеулігі тау етегі орналасқан табиғи зонаға сәйкес болады;
- Тауларда табиғи зоналардың алмасу реті жазық жерлерде табиғи зоналардың алмасуына ұқсас.



4-сурет. Алтайдың биіктік белдеулігінің сызбасы



1. 4-суретті пайдаланып, Алтай тауындағы табиғи зоналардың алмасуын түсіндіріңдер.
2. Қандай биіктікте мұздықтар мен қар жұрнағы басталады?
3. Табиғи зоналардың шегаралары шығысқа қарай төмендейтін ерекше сипатқа ие болады?

Геодерек. Түрлі елдерде далалы жерлердің өз атаулары бар. Аустралия мен Африкада саванна, Оңтүстік Америкада льянос және пампа немесе паспасы, Солтүстік Америкада прерии, Жаңа Зеландияда туссоки деп аталады.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Физикалық карта мен табиғи зоналар картасын салыстырыңдар. Қазақстанның қандай тауларында ең көп биіктік белдеулері бар екенін байқай алатынымызды түсіндіріңдер. Өз жауаптарыңды дәлелдендер.



## Қазақстанда табиғаттың қорғалуы

### Сабақтың мақсаты:

- айрықша қорғалатын табиғи аумақтар: қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар құрудың мақсатын түсіндіру;
- қазақтың табиғи хоронимдерінің жіктелуі негізінде тақырып бойынша олардың мәнін түсіндіру және үш тілде транслитерациясын беріңдер.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- Қызыл кітап, қорық, қорықша мен ұлттық саябақтар құрудың мақсаты;
- осы табиғи объектілердің таралу аймағы және олардың қысқаша сипаттамасы;
- айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың атауларының мәні.

ҚЫЗЫЛ КІТАП    ҚОРЫҚТАР    ҚОРЫҚШАЛАР    ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАР  
ХОРОНИМДЕР    АЙРЫҚША ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР

**Қызыл кітап.** Халықаралық табиғат қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл кітабы – сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлардың, өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың аннотациялық тізімі. Қызыл кітап негізінде ғылыми және тәжірибелік іс-шараларға әзірлік жүргізіледі. Бұл іс-шаралар белгілі бір аумақта табиғи жағдайда тіршілік ететін сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктерді қорғауға және ұтымды пайдалануға бағытталған. Бұл биологиялық объектілер айрықша қорғалатын объектілерге жатады. Қызыл кітаптар түрлі деңгейде жасалады: халықаралық, ұлттық және аймақтық.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы, Зоология институты жануарлар мен құстардың сирек кездесетін түрлерін қорғау мақсатында әзірлеген. Қазақстанның Қызыл кітабының алғашқы басылымы 1978 жылы, соңғы шығарылымы 1999 жылы жарық көрген. Қазіргі басылымына сүтқоректілердің 128 түрі, құстардың 58 түрі, қосмекенділердің 3 түрі, балықтардың 18 және бауырымен жорғалаушылардың 10 түрі енген. Бұл жануарлар мен өсімдіктер қорғауға алынған.

Қызыл кітапқа түрлерді енгізуді ғалымдар 5 санат бойынша жүзеге асырған (1-кестені қ.).



## Қазақстанның Қызыл кітабындағы жануарлар мен құстардың санаты

Санаттар	Жануарлар мен құстардың түрлері
Жойылып кеткен түрлер	қызыл қасқыр, қара күзен, гепард, қызылқұм арқары, тоқал бұғы және басқалары;
Азайып бара жатқан түрлер	Балқаш ала бұғысы, сары құтан, жұпар тышқан, құлан және басқалары
Сирек кездесетін түрлер	барыс, сілеусін, жарғанат, піл, қара үйрек және басқалары
Танымалдығы төмен түрлер	шұбар кесіртке, шұбар жылан және басқалары
Қалпына келтірілген түрлер	кіші аққу, синичка.



1. Қызыл кітап қандай мақсат үшін қажет? Кем дегенде дәлелді үш жауап келтіріңдер.

**Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар.** Айрықша қорғалатын табиғи аумақ – айрықша қорғау тәртібі белгіленген, мемлекеттік табиғи-қорықтар қорының табиғи кешендерімен және объектілермен бірге алынатын жер телімі, су объектілері және олардың үстіндегі өуе кеңістігі. Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар аясындағы негізгі қағидалар мынадай:

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту, биологиялық алуан түрлілікті, бірегей және қалыптасқан ландшафтты сақтау және қайта қалпына келтіру

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар аясында мемлекеттік реттеу және бақылау

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен шынайы экологиялық жүйені сақтау

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтарды ғылымды, мәдениетті, ағартуды, білім беруді, туризмді дамыту мақсатында пайдалану

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар аясында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жүктелетін жауапкершілік

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар аясында халықаралық ынтымақтастық

Қазақстанның қорғалатын аумақтарының жалпы ауданы 5%-ды құрайды, бұл – әлдеқайда үлкен шама. Оның ауқымды бөлігі шығыс жақта, көбінесе таулы жерлерде орналасқан. Алдағы уақытта елімізде шөл дала бөлігінде, оның ішінде Қазақстанның батысында, Каспий маңында қорғалатын аумақтар ұйымдастыру көзделуде.

Қорғау тәртібі мен құрылу мақсатына қарай республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар төмендегідей негізгі түрлерге бөлінеді:

#### Мемлекеттік табиғи қорықтар

**Мақсаты** – аумағындағы табиғи үдерістер мен құбылыстардың шынайы орын алу барысын, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, қалыптасқан және бірегей экологиялық жүйелер мен олардың қайта қалпына келуін зерттеу және сақтау.

#### Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар

**Мақсаты** – биологиялық және ландшафттық алуан түрлілікті сақтау, айрықша экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғи кешендер мен объектілерді табиғатты қорғау, экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсатта пайдалану.

#### Қазақстан Республикасындағы айрықша қорғалатын табиғи аумақтар

#### Мемлекеттік табиғат ескерткіштері

**Мақсаты** – экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық тұрғыдан жекелеген бірегей орны толмайтын, бағалы табиғи кешендерді, сонымен қатар табиғи және қолдан жасалған объектілерді қорғау.

#### Мемлекеттік табиғи қорықшалар

**Мақсаты** – жерді өндірістік айналымнан шығармай, тек шаруашылық жұмыстарын реттемелей отырып, популяция мен ландшафттарды қорғау.

Елімізде өсімдіктерді, жануарлар мен құстарды қорғау мақсатында 10 қорық, 13 ұлттық саябақ, 40 қорықша құрылған. Бұл табиғат қорғау мекемелері – мемлекет меншігі.



## Қазақстан қорықтары

**Ақсу-Жабағылы қорығы** – алғашқы қорық, Батыс Тянь-Шань табиғи кешенін қорғау үшін 1926 жылы құрылған. Қорық Жамбыл және Түркістан облыстарының аумағында орналасқан және теңіз деңгейінен 1300 м-ден 4200 м-ге дейінгі биіктіктегі таулы жерлерді қамтиды. Оның солтүстік және батыс шегаралары 1300-1600 м биіктікте Жабағылытау, Талас




Алатауы және Өгем жоталарының бөктерінен өтеді. Ал оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қорық Талам және Өгем жоталарының биік таулы өңірлері арқылы Қырғызстан және Өзбекстанмен шектеседі.

Батыс Тянь-Шаньға төрт биіктік белдеуі тән: тауалды немесе аласа таулы дала белдеуі; шалғынды дала немесе биік сабақты аршалық белдеуі; субальпі және альпі белдеуі. Қорықта өсетін 30-ға тарта өсімдік Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген: шолпаншаш сүмбіл, зерашан аршасы, сары лапыз, піскем жуасы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы және басқалар.

Биік таулы өңірлерде сүтқоректілерден сібір тау ешкісі, тянь-шань аюы, қар барысы айтарлықтай жасырын тіршілік етеді.

**Алматы қорығы** 1931 жылы мамыр айында Кіші Алматы өзенінің алабында құрылған. Іле Алатауы жотасының орталық бөлігінде орналасқан.

- Қорықта төрт биіктік белдеуі байқалады:
- Орманды дала белдеуінде 1600 м биіктікке дейін жабайы алма, өрік, көктерек және шетен өскен жапырақты орман таралған;
- 1600 м-ден 2800 м-ге дейін Шренк шыршасы мен Тянь-Шань шыршасынан тұратын қылқан жапырақты орман өскен;
- Одан жоғары арша көмкерген альпі шалғыны таралған;
- 3500 м-ден жоғарыда жалаң шатқалдар мен мұздықтар алып жатыр.



Іле өзенінің аңғарындағы фауна құрамында арқар, қарақұйрық, кекілік, қырғауыл; тауларында марал, елік, қоңыр аю, сілеусін, қар барысы кездеседі. Құстардан құр, тау шілі, мұртты шіл, гималай ұлары, көк құс, арша ементұмсығы, тоқылдақ, балқарағай торғайы ұя салады.

**Наурызым қорығы** 1934 жылы құрылған және Қостанай облысының аумағында орналасқан. Қорықтағы қарағайлы орманды реликт ретінде санауға болады, өйткені олар төрттік кезеңнің басынан немесе үштік кезеңнен бері аздап қана өзгерген түрде сақталған.

Аққайыңды-көктеректі шоқ ормандар алыстан назар аудартады және мұнда қайыңның ерекше түрі, Солтүстік Қазақстанның эндемигі – қырғыз қайыңы кездеседі. Ол салыстырмалы түрде кішігірім аумақта ғана өседі және әлемнің басқа ешбір жерінде кездеспейді.

Қорықтың көлдерінде суда жүзетін құстардың бағалы түрлері тіршілік етеді. Олардың ішінде қызылтісті қарашақаз, сұңқылдақ аққу мен шиқылдақ аққу, үлкен аққұтан, бұйра бірқазан және басқалар тәрізді сирек кездесетін түрлері бар.

Мұндағы ең әдемі жануарлардың бірі, Наурызым орманының сәні – еліктер. Өкінішке орай, олардың саны қазіргі күнге дейін өте аз болып отыр. Қорықта бұлан, қоян, суыр, сарышұнақ, қосаяқ мекендейді. Жыртқыштардан аққұлақ, ақкіс, дала күзені, қарсақ, қасқырлар кездеседі.

**Барсакелмес қорығы** 1939 жылы ұйымдастырылған. Ол Қызылорда облысындағы Арал маңында Барсакелмес аралында (қазіргі сәтті ұл жер жарты арал) орналасқан.

Флорасына қара сексеуіл, бұйырғын, баялыш тәрізді қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер, шөптесіндерден – сораң, алабота, бидайық тән. Түкті және тармақты жыңғыл тоғайы кездеседі.

Фаунасы алуан түрлі, өрмекшілердің 107 түрі, омыртқалылардың 20 түрі бар. Бауырымен жорғалаушылардан тақыр батбаты, майда жар-



масқылар, Паллас боз жыланы, оқжылан мекендейді. Сүтқоректілердің 12 түрі: құлақты кірпі, ақбауыр жертесер, маймұрын, сұр атжалман, кішкентай қосаяқ, тікқұлақ қосаяқ, құм сарышұнағы, қасқыр, түлкі, ақбөкен, қарақұйрық, құлан кездеседі.

Қорықта Қызыл кітапқа енген құстардың 23 түрі тіршілік етеді, олардың ішінде бұйра бірқазан, шиқылдақ аққу, сұр тырна, жыланшы қыран, қоқиқаз, бүркіт, безгелдек және басқалары бар.

**Қорғалжың қорығы** 1968 жылы Ақмола облысында халықаралық маңызы бар суда жүзетін құстардың мекендейтін орны – Теңіз-Қорғалжың көлдерін қорғау мақсатында құрылған. ЮНЕСКО-ның бүкіл дүниежүзілік мұралар тізіміне Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері Сарыарқа объектілерінің құрамында кіреді.



Қорықтың флорасында 300-ден астам гүлді өсімдік бар, олардың 45 түрі сирек және эндемик өсімдіктер ретінде мемлекет тарапынан қорғауға алынған. Олар: Шренк қызғалдағы және қосгүлді қызғалдақ, көкшіл жуа, қара жусан, Лессинг бетегесі, дала сәлбені және басқалар.

Қорғалжың фаунасы далалы және шөлейтті зонаға тән. Мұнда сүтқоректілердің 38 түрі, құстардың 274 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрі, қосмекенділердің 2 түрі және балықтардың 11 түрі бар. Қорғалжың көлдері балыққа бай, оның ішінде өнеркәсіптік маңызы бар балықтар: сары және күміс түстес мөңке балық, аққайран, шортан, алабұға, торта кездеседі.

Теңіз – ежелден келе жатқан көл, аралда ұя салатын құстар да – ежелден келе жатқан құстар. Фаунаның ең әдемі құстарының бірі – қызғылт қоқиқаз. Бұл жер – осы құстардың ұя салатын солтүстіктегі ең шеткі нүктесі. Қорық аумағында тіршілік ететін құстардың 22 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Олар: қалбағай, қарабай, қара дегелек, сұңқылдақ аққу, қызыл жемсаулы қарашақаз, джек және басқалары. Халықаралық Қызыл кітапқа ақтырна енген. Мұнда түлкі, қабан, қоян, құлақты кірпі және басқалары мекендейді.

**Марқакөл қорығы** 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысында Марқакөл көлімен қос, Алтай табиғи кешенін қорғау мақсатында құрылған. Көлге құятын 95 саласы бар, бірақ тек Қара Ертістің негізгі саласы – Қалжыр өзені ғана ағып шығады.

Қорық аумағы өсімдік өсетін 5 биіктік белдеуіне бөлінеді:

Шалғынды-далада (теңіз деңгейінен 1450-1600 м биіктікте) шалғындық түлкіқұйрық, ақ баттауық және басқа да дәнді өсімдіктер аралас түрлі шөптесінді-астық тұқымдастар өседі.

Таулы-тайгада(1450-1900м) жапырақты орман басым. Негізгі орман түзуші ағаш – сібір сағызқарағайы.



- субальпі (1900-2000м) биік өскен субальпі шалғынымен қамтылған. Олар: іріжапырақты сарғалдақ, ақ гүлді қазтамақ, қалуен.
- Биік таулы (2000-3000 м) белдеуге альпі шалғыны мен тау тундрасы зоналары жатады. Мұнда түкті естек, жіңішке жапырақты ақ ирекгүл, жерқонақ кездеседі.
- Мәңгі қар белдеуіне мұздықтар жатады.
- Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерден – қар дәуаяғы, сібір қандығы, маралтамыр, жаушымылдық, шоқпарбас, қызғылт семізот (алтынтамыр), алтай рауғашы, алуан күлтелі қызғалдақ өседі.

Марқакөл көлінде эндемик балықтардың 4 түрі тіршілік етеді. Майқан балық – Марқакөл тарихында бүтін бір дәуірдің белгісі және қорықтың таным белгісі. Балығының, бірінші кезекте майқан балықтың молдығының арқасында көл жағасына адамдар қоныстана бастаған.

Қорықтағы сүт қоректілердің фаунасы алуан түрлі. Жыртқыштардың ішінде қорыққа, көбінесе қоңыр аю тән. Сонымен қатар сусар тұқымдастар көп кездесетіні: кәдімгі ақкіс, аққалақ, сасық күзен, борсық, сарғыш күзен мен құну сирек кездеседі. Бұл өлкеде ғасыр басында жойылып бара жатқан бұлғын өте сирек кездесетін. Қазіргі кезде бұлғынды қорықтық кез келген жерінен кездестіруге болады. Марал мен елік – марқакөл ормандарына тән тұяқтылар. Бұрындары жойылып бара жатқан түр болатын, қорық құрылғаннан бері саны көбейді.

**Үстірт қорығы** 1984 жылы құрылған, қорық Маңғыстау облысы аумағында Үстірт шоқысының батысында және Тұран ойпатында орна-

ласқан. Үстіртке көптеген ағынсыз ойыстар тән, олар көбінесе өте ауқымды келеді.

Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 600 түрі бар, олардың ішінде жусан, сораң, таспашөп, алабота кең таралған. Үстіртте ең көп өсетін, өзіне тән эндемик хиуа сораңы, ол тиссіз бабажапырақ, тілімжапырақты жұмсақ жеміс, қаттыбокалды сүттігенмен бірге Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Үстірт қорығында үстірт арқары, ақбөкен, қарақұйрық, қорқау қасқыр, түлкі, қара кірпі, шұбар күзен тәрізді және басқа да аңдар кездеседі. Құстардан: бозторғай, шақшақай, жек, күшіген, құмай, жұртшы, жыланшы қыран және басқа да құстар мекендейді. Жырқыш аңдардан гепард тіршілік етеді.

**Батыс-Алтай қорығы** 1992 жылы ұйымдастырылған, Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Қорық бірден бірнеше табиғи зоналарда: орман, таулы шалғын, таулы тундра зоналарында жатыр.

Қорық аумағында шөптесіндердің 200-ге тарта түрі өседі. Орманның сағызқарағайлы зонасы қайың, терек тәрізді ағаштарға бай, шиіе ағаштары көп өскен, сонымен қатар тау шағаны мен шеңгел кездеседі. Таулы тайгада балқарағай орманы мен қылқан жапырақты орман қалың өскен.

Батыс Алтайдың жануарлар әлемінде балықтар, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар мен сүтқоректілер кездеседі. Қорықта құстардың 191 түрі бар, олардың ішінде ірі бейнеарықтар, қыр ителгісі, көдімгі жамансары, қара құр, азия балшықшысы, тоқылдақ, көкек бар.

Сүтқоректілердің мұнда Алтай көрғышқанын, аю, түлкі, сусар, бұғы, елік және басқа да аңдарды кездестіруге болады. Қорықта бауырымен жорғалаушылардан құрбақа, тірі туылатын кесіртке, көдімгі улы сұр жылан тіршілік етеді.

Қорық елді мекендерден өте алыста орналасқан, сондықтан табиғат мұнда өзінің бастапқы күйінде сақталған.



**Алакөл қорығы** 1998 жылы Тентек өзенінің сағасы мен Алакөл көлінің табиғи кешендерін сақтап қалу мақсатында құрылған. Ол Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында жатыр.

Алакөл қазаншұңқыры Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы тау жүйелерінің аралығында таураалық көл ойпатын алып жатыр.

Қорық фаунасында 290 түр бар, оның ішінде сүтқоректілердің 21 түрі, құстардың 257 түрі, қосмекенділердің 2 түрі және бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі кездеседі. Жануарлардың ішінде ең көп кездесетіні қасқыр, шұбар күзен, қабан, елік, түлкі, дала күзені, ондатр және басқалар. Тентек өзенінің сағасында бірқазан, суқұзғын, бақылдауық бақа, құтан, шағала, бізтұмсық шағала, өгіз шағала, сутартар ұя салады. Көлдерде сұр үйрек, сұр қаз, қызылбас қара ала үйрек т.б. кездестіруге болады. Алакөл қазаншұңқырында ҚР Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін жойылып бара жатқан құстардың 38 түрі тіркелген, оның 27-сі осында ұя салады. Алакөл қорығының мақтаншы – реликт шағала.

Көл жағасында кәдімгі қамыс, қияқ, айрауық, қамыс, қоға, жұмсақ су өсімдіктері және т.б. өседі. Бұл қопа – суға жағасында жүретін және суда жүзетін көптеген құстардың ұя салатын және қоректенетін орны. Сонымен қатар қорықта қара бұлдірген тоғайы, ұшқат, итмұрын және жыңғыл бұталары кездеседі.

**Қаратау қорығы** 2004 жылы ашылған, Түркістан облысының аумағында, Қаратау жотасының орталық бөлігінде орналасқан.

Қаратау қорығының флорасында 400-ге тарта өсімдік түрі кездеседі. Қорықта сирек және эндемик өсімдіктердің 53 түрі, Қаратау мен Батыс Тянь-Шаньның эндемиктерінің 10 түрі өседі. Қызыл кітапқа мұнда өсетін өсімдіктердің 42 түрі енгізілген.



Фаунаға аса бай емес, сүтқоректілердің шамамен 30 түрі, оның ішінде Қызыл кітапқа енгізілген – Қаратау арқары, ақтөс сусар (тас сусары) және жайра кездеседі. Қорықтың құстар фаунасы қызықты әрі алуан түрлі, мұнда құстардың 80 түрі тіркелген. Жыртқыш құстардан ителгі, бүркіт, жұртшы, ергежейлі қыран, жыланшы қыран және сақалтай кездеседі, олар Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.



Қазақстанның қорықтарында іс-әрекеттің қандай түрлеріне тыйым салынған және рұқсат берілген?

**Қазақстанның ұлттық саябақтары.** Ұлттық саябақтарды құрудағы негізгі идея – адамдардың келуіне мүмкіндік беруді қамтамасыз еткен кезде жабайы табиғаттың бірегей орындарын сақтап қалу. Қазақстанның Ұлттық саябақтар тізімі 2-кестеде берілген.

2-кесте

### Қазақстанның Ұлттық саябақтары

№	Ұлттық саябақ	Құрылған жылы
1	Баянауыл ұлттық саябағы	1985
2	Іле Алатауы ұлттық саябағы	1996
3	Алтынемел саябағы	1996
4	Көкшетау саябағы	1996
5	Қарқаралы ұлттық саябағы	1998
6	Бурабай ұлттық саябағы	2000
7	Қатонқарағай ұлттық саябағы	2001
8	Шарын ұлттық саябағы	2004
9	Сайрам-Өгем ұлттық саябағы	2006
10	Көлсай көлдері ұлттық саябағы	2007
11	Жоңғар Алатауы ұлттық саябағы	2010
12	Бұйратау ұлттық саябағы	2011
13	Тарбағатай ұлттық саябағы	2018



1. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, ұлттық саябақтардың сипаттамасымен танысыңдар. Оқыған ақпараттарыңд ескеріп, кестені қандай бағандармен толықтырар едіңдер? Кестенің өздерің қалаған нұсқасын ұсыныңдар.

2. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, өздерің қалаған форматта ұлттық саябақтардың біріне жарнама жасаңдар, оның бірегейлігін көрсетіңдер.

**Геодерек.** 70 жыл бұрын Қазақстанда соңғы тұран жолбарысы қаза болды. Жолбарыстың бұл түрі өзен жағалауындағы қамыс нуын мекендейтін. Орталық Азияда үлгілдеген жақ сақалы бар ақшыл сары тәкашпар жануарды жолбарыс деп атайтын. Қазіргі кезде амур жолбарысының негізінде тұран жолбарысының популяциясын жаңғырту көзделуде, өйткені олар генетикалық тұрғыдан бірдей дерлік. Бұл өршіл жобамен Бүкілдүниежүзілік жабайы табиғат қоры айналысады.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Мәтінде айтылмаған айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары: резерваттар, қорықшалар, мемлекеттік қорық зонасы, табиғат ескерткіштері, ботаникалық бақтар, зообақтар туралы кез келген форматта өз қалауларың бойынша хабарлама әзірлеңдер.
2. Айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың барлық санаттарының арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
3. Қазақстанның табиғатын қорғау ісіндегі мемлекеттің, қоғамның, жергілікті қоғамдастықтардың, жекелеген адамдардың рөлін көрсетіңдер.
4. Өз таңдауларың бойынша Қазақстанның кем дегенде бес айрықша қорғалатын табиғи аумағының атауының мәнін ашып көрсетіңдер. Олардың қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі транслитерациясын беріңдер.
5. «Қазақстанда табиғатты қорғау» тақырыптық картасызбасын әзірлеңдер және өз қалауларың бойынша оны қосымша сипаттау элементтерімен толықтырыңдар.



**Сабақтың мақсаты:**

- Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру.

1. Мақаланы оқып, Қазақстанның объектілерінің ЮНЕСКО-ның Бүкілдүниежүзілік мұралар тізіміне енудегі артықшылықтарын анықтаңдар.

Қоршаған ортаны қорғау саласында ЮНЕСКО өзінің қызметін жүзеге асырады, ол Бүкілдүниежүзілік мұралар объектілерінің тізімін құрастырады және айрықша қорғауға алады. Қазақстан – ЮНЕСКО-ға мүше мемлекет.

Бүкілдүниежүзілік мұра – айрықша мәдени, тарихи немесе экологиялық маңыздылығы тұрғысынан қорғау және көпшілікке таныстыру басты міндет болып табылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған объектілер.

**Мәдени және табиғи мұралардың анықтамасы**

«Мәдени мұра» ретінде мыналар алынады:

- тарихи, мәдени немесе ғылыми тұрғыдан жан-жақты көрнекті құндылығы бар ескерткіштер;
- тарихи, мәдени немесе ғылыми тұрғыдан жан-жақты көрнекті құндылығы бар ансамбльдер;
- тарихи, эстетикалық, этнологиялық және антропологиялық тұрғыдан жан-жақты көрнекті құндылығы бар көз тартарлық көрікті орындар.

«Табиғи мұра» ретінде мыналар алынады:

- әсемдік (эстетикалық) немесе ғылыми тұрғыдан жан-жақты көрнекті құндылығы бар табиғат ескерткіштері;
- ғылыми және қорғалу тұрғысынан жан-жақты көрнекті құндылығы бар, жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің таралу аймағы болып табылатын геологиялық және физиографиялық түзілімдер;
- ғылыми, қорғалу және табиғи әсемдік тұрғысынан жан-жақты көрнекті құндылығы бар табиғи көрікті орындар.

1975 жылдан бастап жыл сайын Бүкілдүниежүзілік мұралар комитеті «табиғат пен адам қолынан жасалған кейбір туындыларға «Бүкілдүниежүзілік мұра объектісі мәртебесін» беріп келеді. «Бүкілдүниежүзілік мұра объектісі мәртебесі» төмендегідей артықшылықтар береді (табиғи мұра объектілері үшін):



5-сурет. Қазақстан аумағында орналасқан ЮНЕСКО-ның Бүкілжүниежүзілік мұрасының объектілері

- ол орналасқан аумақтың және оны басқаратын мекемелердің мәртебесін арттырады;
- тізімге енген объектілердің танымал болуына және табиғатты пайдаланудың баламалы түрінің (бірінші кезекте, экологиялық туризмнің) дамуына мүмкіндік береді;
- бүкілдүниежүзілік мәдени және табиғи мұра объектілеріне қолдау білдіру үшін ақшалай қаражат тартудағы артықшылығын қамтамасыз етеді, бірінші кезекте, Бүкілдүниежүзілік мұра қорынан;
- табиғи объектілердің сақталуына тексеру және бақылау жүргізуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аумағында бүкілдүниежүзілік мұра объектілері орналасқан мемлекет оларды сақтауға міндеттеме алады.

**ЮНЕСКО-ның Бүкілдүниежүзілік табиғи мұралар тізіміне объектілердің ену шарттары.** Әрбір мемлекет алдын ала өз тізімін ұсынады. Тізімге айрықша басымдылығы бар объектілер енеді. Мұндай тізім Қазақстанда да бар. Еліміз ЮНЕСКО-ға, Бүкілдүниежүзілік мұра орталығына номинация құжаттамасын береді. Орталық бұл құжаттамалардың тізімге енгізу өлшеміне сәйкестігін тексереді. Содан кейін оны ескерткіштер мен көрікті орындарды қорғау жөніндегі халықаралық ұйым – ИКОМОС-қа (атауларды қарастыратын халықаралық бейүкіметтік ұйым) бағалауға жөнелтеді. Ол ЮНЕСКО-ның кеңес беру органы болып табылады, құжаттаманы негізгі материал ретінде қарастырады, объектіні орналасқан жеріне келіп тексеруге сарапшы жібереді.

Суретте ЮНЕСКО-ның Бүкілдүниежүзілік мұралар тізіміне енген Қазақстанның кейбір объектілері берілген.

**2. Сыныпқа арналған жаттығу.** Бүкілдүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу үшін біздің елімізде орналасқан жаңа объектілерді ұсыныңдар, ЮНЕСКО-ға, Бүкілдүниежүзілік мұралар орталығына **НОМИНАЦИЯ ҚҰЖАТТАМАСЫН** әзірлеңдер (кез келген формада). Номинациялық құжаттама сіз таңдап алған объектінің:

(мәдени мұра объектілері үшін):

- адамның шығармашылық кемеңгерлігінің үздік туындысы екендігін; немесе
- мәдениет, сәулет, монументалды өнер, қала құрылысы немесе ландшафттық дизайн саласында жалпыадамзаттық құндылық болып табылатынын; немесе
- қандай да бір өркениеттің немесе мәдени дәстүрдің бар екендігінің немесе жойылып бара жатқандығының бірегей немесе айрықша маңызды куәсі болып табылатынын; немесе

- адамзат дамуының тарихы кезеңдерінің бірін көрсететін сәулет немесе ландшафттық ансамбльдің көрнекті үлгісі болып табылатынын; немесе

- қайтымсыз тарихи өзгерістердің әсерінен қорғаусыз болған мәдениетке тән түрде адамдардың ландшафтты немесе қоныстануды қалыптастыруының көрнекті үлгісі болып табылатынын; немесе

- көрнекті әлемдік маңызы бар оқиғалармен, дәстүрлермен, идеялармен, наным-сенімдермен немесе шығармашылық актілермен тікелей немесе жанама түрде байланысы бара екендігін дәлелдеуі тиіс.

*(Номинациялық құжаттама иллюстрациялық материалдардан, карталардан тұруы тиіс)*

*Жұмыстарыңның нәтижесін сыныпқа көрсетіңдер және қойылатын сұрақтар мен сыни ескертпелерге жауап беруге дайын болыңдар. (табиғи мұра объектілері үшін):*

- тіршіліктің пайда болу кезеңі мен ландшафттың қалыптасуының негізгі геологиялық үрдістерін қоса алғанда, Жердің даму кезеңдерінің біріне көрнекті мысал бола алатынын немесе маңызды геоморфологиялық немесе физиографиялық белгілерін білдіретінін; немесе

- материктік, тұщы сулы, жаңалаулық және теңіздік экожүйені қоса алғанда, қазіргі қандай да бір экологиялық немесе биологиялық үдерістің дамуының көрнекті үлгісі бола алатынын; немесе

- эстетикалық маңызы бар қызықты табиғи құбылыс немесе ерекше табиғат сұлулығын тамашалауға болатын орын екендігін; немесе

- жалпы әлемдік маңызы бар және жойылып кету қаупі бар таралу аймақтарын қоса алғанда, құнарлы биологиялық алмасуға бейімделген айрықша маңызды және елеулі (ғылым мен биологиялық ұдайы өндіріс тұрғысынан алғанда) табиғи таралу аймақтары бар екендігін дәлелдеуі тиіс.

*(Номинациялық құжаттама иллюстрациялық материалдардан, карталардан тұруы тиіс)*

*Жұмыстарыңның нәтижесін сыныпқа көрсетіңдер және қойылатын сұрақтар мен сыни ескертпелерге жауап беруге дайын болыңдар.*

## ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 3.5. Табиғи-аумақтық кешендер

36

#### Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары

##### Сабақтың мақсаты:

- жоспар бойынша ірі табиғи-аумақтық кешендерге сипаттама беру;
- қазақтың табиғи хоронимдерінің жіктелімі негізінде олардың мәнін түсіндіру және қи тілді транслитерациясын беру.

##### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- Физикалық-географиялық аудандау дегеніміз не?
- Ірі табиғи-аумақтық кешендерге қалай сипаттама беруге болады?
- Қазақстан аумағындағы ірі табиғи-аумақтық кешендердің атауларының (хоронимдер) қандай мағынасы бар?

ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАУ      ХОРОНИМДЕР  
ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АЙМАҚ (ЕЛ)  
АНТРОПОГЕНДІК ЛАНДШАФТТАР

##### Физикалық-географиялық аудандау.


Табиғатта объективті түрде кездесетін, өзіндік ерекшелігімен және аумақтық бүтіндігімен ерекшеленетін аймақтық физикалық-географиялық кешендер бойынша аумақтың бөлінуі физикалық-географиялық аудандау деп аталады. Ол геологиялық геоморфологиялық, гидрологиялық, топырақтық және биогеографиялық өлшемдер бойынша жүзеге асырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша геологиялық құрылымы біртекті, жер бедерінің біртегі мен бірыңғай климаты басым болатын, гидротермиялық шарттары, топырағы мен биоценоздары біртектес үйлесетін физикалық-географиялық бірліктерге (аумақтарға) бөлінеді.

Физикалық-географиялық бірліктердің бөлінуі зоналық және бейзоналық белгілері бойынша жүзеге асырылады. Зоналық аудандаумен сендер §17-18, 19-20 және 33-параграфтарда таныстыңдар. Бұлар – климаттық белдеулер мен табиғи зоналар. Бейзоналық аудандау негізінде аймақтарды тектоникалық құрылымының, жер бедерінің ерекшеліктері бойынша бөлу қағидасы жатыр.

Аудандаудың зоналық және бейзоналық бірліктерінің арасында күрделі қатынастар бар. Осындай өзара қатынастардың нәтижесінде бірмезетте зоналық және бейзоналық сипатқа ие болатын физикалық-географиялық аумақтар түзіледі.

Мұндай аймақтардың құрамына материктің айтарлықтай бөліктері – ірі генетикалық құрылымдар немесе орографиялық тұрғыдан біртекті аудандар (ежелгі платформалар, жас платформалар, ірі тау жүйелері) кіреді. Олар физикалық-географиялық мемлекеттер деп аталады. Физикалық-географиялық мемлекеттерді бөлудің негізгі өлшемдері – тектоникалық құрылымының біртекті болуы, жер бедерінің ортақ кескіні (ауқымды ойпаттар, жазықтар, таудағы ғимараттар); климатының ерекшелігі; ендік зоналылық құрылымы. Әдетте, олар 100 мың км<sup>2</sup>-ден бастап миллиондаған км<sup>2</sup>-ге дейінгі аумақты алып жатады.

**Қазақстанның физикалық-географиялық аудандалуы.** Қазақстанның солтүстіктен оңтүстікке, батыстан шығысқа қарай шексіз созылып жатуы – ландшафттарының алуан түрлі болуының түрткі жайты, олар өздеріне тән кеңістіктік әртектіліктерімен ерекшеленеді. Еліміздің аумағы 9 ірі физикалық-географиялық аймаққа бөлінген (**6-сурет**):



- 1) Шығыс Еуропа жазығы;
- 2) Солтүстік қазақ жазығы;
- 3) Тұран жазығы;
- 4) Сарыарқа;
- 5) Орал (Мұғалжар);

- 6) Алтай;
- 7) Сауыр-Тарбағатай;
- 8) Жетісу-Алатауы;
- 9) Тянь-Шань.

**6-сурет. Қазақстанның табиғи аумақтары**

Физикалық-географиялық аймақтарға бөлгенде оларға мәндік сипаттама беріледі.

Физикалық-географиялық аудандау түрлі тәжірибелік мақсатта (ауылшаруашылық, инженерлік-құрылыс, көлік, медициналық, рекреациялық және басқа) қолданылады. Аймақты нақты бір мақсатта пайдалану үшін сипаттама берген кезде қойылған міндеттерді шешу үшін маңызды болып табылатын табиғи ортаның көрсеткіштеріне баса назар аударылады.

Физикалық-географиялық аймаққа сипаттама беру жоспарының жалпы түрі келесі тармақтардан тұрады:

1. Географиялық орны;
2. Тектоникалық құрылымы мен пайдалы қазбалары;
3. Жер бедері;
4. Климат;
5. Топырағы;
6. Өсімдіктері;
7. Жануарлар әлемі.



1. Карталарды және қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, жоспар бойынша бір физикалық-географиялық аймаққа сипаттама беріңдер. Жазған мәтіндерің оқылымды болуы үшін көркемді мәнерлілік құралдарын қолданыңдар (оқылған кезде материалды деңіл түсіну үшін).

Физикалық-географиялық аймаққа сипаттама беру жоспарын «Атауының мәні» тармағымен толықтырыңдар және оны ашып жазыңдар. Атауының үш тілде транслитерациясын беріңдер. Қазақ тіліндегі транслитерация үшін кириллица және латын жазба жүйесінің негізінде әріпбилік жүйені назарда ұстаңдар.

Сипаттаманы тақырыптық картасызбамен, өз таңдауларың бойынша қосымша сипаттау элементтерімен толықтырыңдар.

**ГЕОДЕРЕК.** «Тянь-Шань» атауы қытай тілінен аударғанда «аспанмен таласқан таулар» немесе «құдай таулары» дегенді білдіреді. Қазақтар оны Алатау деп атайды, ертеректе Тәңіртау, қырғыздар Ала Тоо, моңғолдар Тэнгэр уул деп атаған.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Өз қалауларың бойынша екі физикалық-географиялық аймақтарды салыстырыңдар және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары түсіндіріңдер. Нәтижесін кесте түрінде беріңдер.

Негізгі сипаттамалары	Физикалық-географиялық аймақтар	Физикалық-географиялық ел	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Географиялық орны				
Тектоникалық құрылымы, жер бедері				
Климат				
Ішкі сулары				
Топырағы				
Табиғи зоналары				
Өсімдік және жануарлар әлемі				
Қорытынды				

**2. Топтық жұмыс.** Белгілі бір мақсатты аудиторияға арналған (таңдау бойынша) физикалық-географиялық елдердің біріне (өз еріктерімен) «landing page» үлгісінде парақша жасаңдар. Мұндай парақшалардың басты міндеті парақшаны тұтынушының немесе оқырманның бір нәрсе жасауына (мақсатты іс-әрекет) түркі болу. Мысалы, туристерге – бір жерге баруға, экологтердің парақшасы – экологиялық акцияларға қатысуға және т.б.

**Мақсатты аудиториялар:** саясаткерлер, экологиялық ұйымдар, инвесторлар, фермерлер, туристер, еріктілер, оқушылар.

Әрбір landing page бір ғана мақсатты іс-әрекетке – не баруға, инвестиция салуға, акцияға қатысуға, сатып алуға және т.б. арналуы тиіс. Сен жасаған landing page сипатталып отырған физикалық-географиялық аймақтың басты ерекшеліктерін көрсетуі және таңдап алынған мақсатты аудиторияға өте пайдалы болуы қажет.

Осыған ұқсас парақшаны әлеуметтік желілерде жасауға немесе жобаны қағаз бетінде жащып көрсетуге болады.



**landing page элементтері:**

- Парақшаның оқылуын қамтамасыз ететін қызықты тақырыпша;
- мақсатты іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттігінің дәлелдемесі, сипаттамасы мен мазмұны, жарнама объектісіне шолу, бәсекелік артықшылықтары;
- әрекет жасауға шақыру (бұйрықты рай етістіктерімен) – қатысындар, сатып алындар, тапсырыс беріндер, келіндер, салындар және басқа;
- назар аудартатын айқын иллюстрациялар мен басқа да көрнекі материалдар;
- айқын түсті батырмалар, олардың басылуы мақсатты әрекеттің орындалуын қамтамасыз етеді.

Батырманың орнына сендер гиперсілтемелерді пайдалана аласыңдар, оның басу арқылы басқа парақшаға өту сен ұсынған ұсыныспен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндік береді;

- батырмаға назар аудартатын нұсқар;
- толтыруға арналған аздаған жолақтар үлгісі (емайл адрес, пайдаланушының аты-жөні);
- автор, авторлар тобы туралы ақпарат.

## Антропогендік түрткіжайттардың табиғи кешендерге әсері

### Сабақтың мақсаты:

- жергілікті компоненттердің негізінде антропогендік түрткіжайттың табиғи кешендерге әсерін зерттеу;
- антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсыну: топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, мелиорация, ландшафттық дизайн.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- шаруашылық әрекеттердің табиғи-аумақтық кешендерге әсері туралы;
- антропогендік ландшафттарды жақсарту бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері.

АНТРОПОГЕНДІК ЛАНДШАФТ      МЕЛИОРАЦИЯ  
ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ      ЛАНДШАФТТЫҚ ДИЗАЙН

**Шаруашылық іс-әрекеттердің табиғи-аумақтық кешендерге әсері.** Қазақстанның жазық және таулы аумақтарының барлық табиғи кешендеріне адамдардың шаруашылық іс-әрекеттері түрлі деңгейде әсерін тигізеді. Бұл іс-әрекет – табиғи (шынайы) ландшафттардың өзгеруі мен жаңа – антропогендік ландшафттардың дамуының қуатты түрткіжайты.

Табиғи жүйелердің түрленуінің антропогендік үдерістері Орталық Қазақстан, Шығыс Арал маңы, Солтүстік Торғай, Батыс Қазақстанның жақсы игерілген аумақтары шегінде, елді мекендер аумағында әлдеқайда қарқынды.

Тау-кен өнеркәсібіндегі, гидротехникалық құрылыстардағы, ауылшаруашылығындағы, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстағы шаруашылық жүктеме аймақтағы жер бетінің бейнесін өзгертеді.

Тау-кен өндіру өнеркәсібін дамыған аудандарда (Қарағанды, Екібастұз көмір алаптары, түсті метал өндіретін аудандар – Жезқазған, Саяқ, Қоңырат, темір кендерін өндіретін – Қаражал және басқалары) жер бедерінің жаңа антропогендік пішіндері қалыптасты: кен шығарылатын орын, террикон, жердегі шұңқырлар, кен үйінділері, үйінді топырақтар және басқалар.

Кен үйінділерінің қуаттылығы 50–100, кей жерлерде 300 м-ге дейін, террикондар 80–100 м-ге, диаметрі 200–300 м-ге дейін жетті.

Мұндай пішіндер ертеректе бұл жерлерге тән болмаған үдерістерді: эрозия, дефляция, көшкін, сырғыма, опырылу, шөгу туындатуда.

Табиғи кешендердің антропогендік өзгеруіне, сонымен қатар гидротехникалық құрылыстар да себепші болуда. Табиғи-аумақтық кешендерге каналдардың әсері сол гидротехникалық құрылыстарға жақын жерлерде жерасты сулары деңгейінің көтерілуінен байқалады. Әсер етудің екі зонасын бөліп көрсетуге болады: 1) су кемерінен бастап екі жағына қарай ені 300 м-ге дейінгі аумаққа каналдың тікелей ландшафттық-экологиялық әсер ету зонасы, мұнда жер қазу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде ландшафттардың өзгеруі орын алған, ал бұл басқа кешендердің қайта құрылуына ұласқан; 2) ені 60 км-ге дейін созылатын каналдың жанама ландшафттық-экологиялық әсер ету зонасы, оған жерді қолдан суландыру алқаптары мен суландырылған жайылымдар кіреді.

Табиғи кешендердің геологиялық-геоморфологиялық негізіне ауылшаруашылық әсер жел эрозиясы, қайталай сортаңдану, сол жерлерде жасанды аграрлық кешендер жасау түрінде байқалады (тың және тыңайған жерлер игерілген аудандар).


Табиғи ландшафттардың құрылымын өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстар айталықтай өзгертеді. Үлкен көлемдегі жер қазу жұмыстарының нәтижесінде техногендік топырақ (жер) түзіледі. Әсіресе бұл үдеріс өндірістік-аумақтық және агроөнеркәсіптік кешендер орналасқан жерлерде, кенттенген аумақтарда (Қарағанды, Павлодар-Екібастұз аймақтарында, Жезқазған, Қаратау-Жамбыл өңірлерінде және басқа да жерлерде) қарқынды жүреді.

Ландшафттарға жасалған заманауи антропогендік жүктеме аталған өңірлерде ауыр экологиялық жағдай туындатып отыр. Ландшафттардың тұрақтылығының бұзылуына әкелген қиын жағдайлар орын алу да.

Техногендік әсердің жағымсыз нәтижелерінің алдын алу мақсатында табиғатты қорғау және тиімді пайдалану бойынша іс-шаралар қабылдау қажет. Қазіргі уақытта осы мәселелерге айрықша көңіл бөлінуде.

✓ Мәтінге сүйеніп, өздерің тұратын елді мекен кіретін физикалық-географиялық ел шеңберінде басты экологиялық қиындықтарды, себептері мен салдарын және оларды шешу жолдарын анықтаңдар. Тау-кен өнеркәсібі, гидротехникалық құрылыс, ауылшаруашылығы, өндірістік және азаматтық құрылыстағы шаруашылық жүктеме аймақтағы жер бетінің келбетін қалай өзгертті? Жауабын сызба түрінде қысқаша түсініктеме жазба немесе ауызша түсініктеме беріңдер.

**Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, мелиорация және ландшафттық дизайн.** Бүлінген аумақта оны қалпына келтіру, яғни топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады. **Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру** – бұл құрылыс жүргізу, ашық тәсілмен пайдалы қазбаларды өндіру барысында бүлінген жердің өнімділігі мен шаруашылық құндылығын қалпына келтіруге бағытталған жұмыстар кешені. Бұл ретте кен шығарылған орындарды қайта топырақпен толтыру және тегістеу, топырақты қайта қалпына келтіру жұмыстары іске асырылады. Топырақ құнарлылығын қалпына келтірудегі негізгі міндет – бүлінген жерлерді ауылшаруашылық, орман, балықшаруашылығына, сонымен қатар демалыс орындарын салуға пайдалануға болатынын дәлелдеу.



7-сурет. Беткейлерді сатылау

Бүлінген жерлердің құнарлылығын қалпына келтіру бойынша жүргізілетін жұмыстары:

1. Дайындық кезеңі: бүлінген аумақты зерттеу, шаруашылықтандыру шарттарының ерекшеліктерін анықтау.

2. Тау-кен техникалық қалпына келтіру: құнарлы қабатын алу және қаттау шахталардың, кен шығарылатын орындардың үйіндісін қалыптастыру, бетін тегістеу, беткейлерін сатылау, шахталарды көміп тастау, жол салу.

3. Биологиялық қалпына келтіру: ауылшаруашылық және орманшаруашылық алқаптарын құру. Топырақ қорғауға бағытталған ауыспалы егіс – егістікте түрлі мәдени өсімдіктер мен көпжылдық шөптесіндер егінін және пармен (бос қалдыру) кезектестіріп отыру.

4. Сумен қалпына келтіру: химия өнеркәсібі үшін өнеркәсіптік су қорын жасау, ауыз су қорын жасау, рекреациялық орталықтар мен зоналар жасау.

5. Құрылыспен қалпына келтіру: бүлінген жерлерді тұрғын үй, спорт алаңқайларын, өнеркәсіп кәсіпорындарын, қоймалар және т.б. салуға дайындау.

Жер ресурстарын барынша тиімді қолдану мақсатында, оларды түбегейлі жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық-шаруашылық және техникалық іс-шаралар жүйесі **мелиорациялау** деп аталады. Оған гидротехникалық мелиорациялау (суландыру, құрғату, суару), химиялық мелиорациялау (топырақты әкпен, гипспен тыңайту), агроорман мелиорациясы (егін даласын қорғайтын орман жолақтарын отырғызу), мәдени-техникалық жұмыстар (топырақтың беткі қабатын тазалау, ауыспалы егістікке қолданылатын жер топырағының физикалық-химиялық және биохимиялық қасиеттерін түбегейлі жақсарту) жатады.

Ауылшаруашылығын жүргізу кезінде оған үлкен көңіл бөлінеді. Мелиорациялаудың негізгі бағыттары:

- эрозияға қарсы – орман жолақтары, топырақ қорғауға бағытталған ауыспалы егіс;
- агротехникалық – егістікті беткейге кесе-көлденең жырту, ағаш отырғызу, жыраның шетін үймелеу, өзен жағалауларын орнықтыру, қар тоқтату;
- химиялық – топырақты әкпен құнарландыру, тыңайтқыштар енгізу және улы химикаттар қолдану;
- топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру.

**Ландшафтты дизайн** – бұл табиғи компоненттерді белсенді пайдалану жолымен аумақтың сыртқы келбетін өзгертуге бағытталған, аумақты көріктендіруге бойынша атқарылатын арнайы іс-шаралар мен шешімдер жиыны. Басты міндеті – үйлесім, әдемілік беру, кенттенген пішіндер арасындағы үйлесімсіздікті, шиеленісті реттеу.



Өздерің тұратын аймақта төмендегі іс-шаралар кешенін жасауды талап ететін аумақтарды анықтаңдар:

- топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру
- мелиорация
- ландшафттық дизайн.

Бағыттардың бірін таңдаңдар және өз қалауларың бойынша постер, ақпараттық график немесе таныстыру түрінде кішігірім жоба өзірлеңдер. Аумақтың қазіргі және болашақтағы күйін, аумақты қалпына келтіру бойынша атқарылатын нақты іс-шаралар кешенін көрсетулерің қажет. Жоба атқарылатын іс-шаралардың кезеңдері мен мерзімі көрсетілген Гант диаграммасынан тұруы тиіс.

**Биосфераның ноосфераға – ой-сана өрісіне қарай дамуы.** Әсерінен заманауи жағдайда биосфераның ілгері қарай дамуы орын алатын адамзат қоғамының пайда болуы, биосфераның өзінің сапалық құрамының өзгеруіне, оның ноосфераға алмасуына алып келеді. Ноосфера ретінде табиғат пен қоғамның өзара әсерлесу аясы түсініледі, мұнда бастысы – даму тұрткіжайты саналатын адамдардың саналы іс-әрекеті. «Ноосфера» атауы гректің «ноос» – ой-сана деген сөзінен шыққан және осылайша ой-сана өрісін білдіреді. Ноосфера түсінігін 1927 жылы француз математик-ғалымы Э. Леруа енгізген, ол ноосфера ретінде биосфераның заманауи геологиялық даму кезеңін жобалаған.

Жер бетінде адамзат баласының пайда болуы түбінде биосфераның жаңа күйінің туындайтынын – ноосфераға, адам баласының мақсатты іс-әрекеттерімен қамтылған ой-сана қабығына өту орын алатынын алдын ала болжап берген. Қазіргі дәуірде ноосфераның қалыптасуы материя қозғалысының түрлі формаларын – алдымен механикалық, сосын жылу, химиялық, атом-ядролық формаларын игерумен тығыз байланысқан. Ендігі кезекте қозғалыстың биологиялық формасын меңгеру – биотехнология мен гендік инженерия құралдарының және тәсілдерінің көмегімен тірі формаларды құру түр.

Биосфера сөзсіз ноосфераға, яғни адам баласының ой-санасы «адам – табиғат» жүйесінің дамуында басым рөл ойнайтын сфераға айналатындығы туралы тұжырым В.И.Вернадскийдің ноосфера заңы атауына ие болды.

Ғалымдардың көпшілігі В.И. Вернадскийдің ноосфера заңын бос қиял деп санайды. Олардың ойынша, бұл айқын мақсат, бірақ шынайылықтан әлдеқайда алшақ және ғылыми болжам ретінде де, ноосфера заңының анықтамасы ретінде де жеткіліксіз, қанағаттанғысыз. Дегенмен заңның өзін олар дұрыс деп санайды. Егер адамзат баласы өзінің саны мен табиғаттың заңына сәйкес оған жасалатын қысымды ақылға қонымды түрде реттеуді бастамайтын болса, онда биосфера өзгерген түрінде сақталады, ал өркениет пен «ақылды адам» жойылады. Белгілі ғалым Н.Ф. Реймерс (1994) адамдар табиғатты емес, ең алдымен өздерін басқаратын болады деп санайды. Мұнда да В.И. Вернадскийдің ноосфера заңының мағынасы жатыр.

Ноосфераның қалыптасуы және тіршілік етуі үшін қажетті бірқатар нақты шарттар:

1. Адамдардың бүкіл жер шарын қоныстануы.
2. Мемлекеттер арасында байланыс пен алмасу құралдарының күрт өзгеруі.
2. Жер бетіндегі барлық елдердің арасында байланыстың күшеюі.
3. Биосферада өтетін басқа геологиялық үдерістерге адам баласының геологиялық рөлінің басым бола бастауы.

4. Биосфера шегарасының кеңеюі және ғарышқа шығу.
5. Энергияның жаңа көздерінің пайда болуы.
6. Барлық нәсілдер мен дін өкілдерінің теңдігі.
7. Сыртқы және ішкі саясат мәселелерінің шешімін табуда халықтың рөлінің артуы.
8. Ғылыми ой-пікірлер мен ғылыми ізденістердің діни, философиялық және саяси құрылымдардың қысымынан азат болуы және мемлекеттік құрылымда ғылыми ой-пікірлердің еркіндігіне қолайлы жағдайлар жасалуы.
9. Білім берудің ойластырылған жүйесі және халықтың хал-ахуалының көтерілуі. Тамаққа жарымау мен аштыққа, кедейлік пен ауруды төтенше асқындыруға жол бермеуге шынайы мүмкіндік жасау.
10. Саны көбейіп келе жатқан халықтың барлық материалдық, эстетикалық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті ету мақсатында Жердің бастапқы табиғатын саналы түрде түрлендіру.
11. Қоғам өмірінде соғысты болдырмау.

Осылайша, биосфераның бұрын болған күйінен ноосфераны ажырату үшін В.И.Вернадский көрсеткен барлық немесе барлығына жуық нақты белгілерді айқын көріп отырмыз. Оның түзілу үрдісі біртіндеп орын алады, және, биосфераның ноосфераға өтуі аяқталды деп санауға болатын жылды немесе тіпті онжылдықты нақты көрсетуге болмайтын тәрізді. Әрине, бұл тұрғыда ой-пікірлер әртүрлі болуы мүмкін.

Ноосфераны ғылыми жетістіктердің әсерінен биосфера үдерісіне адам баласының саналы түрде араласуының нәтижесі деп қабылдау қажет.



1,2

Топтарда «Ноосфера» тақырыбы бойынша полилог жүргізіңдер. Мәтінді топтарға тақырыптық мазмұны қайталанбайтындай етіп бөліп беруге тырысыңдар. Әр топтың сұхбатының ұзақтығы үш минуттан аспауы тиіс.

**ГЕОДЕРЕК.** Астананың төңірегінде ірі мелиорациялық жоба – «Астананың жасыл белдеуі» – Қазақстанның астанасы Астана қаласының айналасына жаппай ағаш отырғызу ісі жүзеге асырылуда. Ауданы – 78 мың гектар. Болашақта Астананың жасыл белдеуін Ақмола облысының табиғи орманды алқабына жалғастыру жоспарлануда. Жасыл белдеуге қаланың климат жағдайына төзімді ағаштардың 26 түрі: сары қараған, үйеңкі, қарағай, сағызқарағай, қайың, шегірін, терек, тал, алмағаштары отырғызылған.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Параграф мәтінін, қосымша дереккөздерін пайдаланып, «Қазақстанда жерді мелиорациялау» тақырыптық картасының қосымша сипаттау элементтерін (түсіндірме мәтіндер, иллюстрациялар, графиктік материалдар) әзірлеңдер.





Аумақтың құнарлылығын қалпына келтіру, мелиорациялау және ландшафттық дизайн жөніндегі жобалық ұйымның өкілі ролінде жерді қалпына келтіруге қатысты мәселелерді шешу тәсілдерін анықтаңдар.

§36 материалы бойынша өздерің тұратын аймаққа қатысы жоқ ірі физикалық-географиялық ауданды таңдап алыңдар. Қайталауды болдырмас үшін физикалық-географиялық ауданды таңдау бойынша басқа топтармен келісіп алыңдар.

§37 материалдары, атлас картасы және қосымша дереккөздерінің көмегімен оның шаруашылық мақсатта игерілуінің ерекшеліктерін зерттеңдер, табиғаттың бұзылуына қатысты негізгі мәселелерді анықтаңдар және *визуалды шығармашылық жоба* түрінде қалпына келтіру бойынша басты идеялар ұсыныңдар (сыныптың келісімі бойынша). Ой қорытындысын жасау үшін төменде берілген пирамида түріндегі тірек сызбаны пайдаланыңдар.



3–5-деңгейлер үшін сендердің шешімдерің топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру, мелиорациялау және ландшафттық дизайн бойынша атқарылатын іс-шаралардан тұруы тиіс.

3-деңгейдің мәселесін шешу бойынша сендер физикалық-географиялық ауданды қалпына келтіру бойынша мүмкін болатын іс-шараларды атауларың қажет.

4-деңгей бойынша сендер 3-деңгейде аталған іс-шараларды жүзеге асыру кезеңдеріне сипаттама бересіңдер.

5-деңгей бойынша өткізілетін орнын, мерзімін, соңғы нәтиженің сипаттамасын көрсете отырып, атқарылатын нақты іс-әрекеттер жоспарын ұсынасыңдар.

Өз жұмыстарыңды сыныпқа таныстырыңдар, келісілген өлшемдер бойынша идеяларды талқылаңдар, өздеріңді бағалаңдар.

## ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

### Халықтар географиясы

39

#### Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы

##### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау.

##### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- Біздің елімізде қандай халықтар тұрады?
- Белгілі бір этностың өкілдері көбірек шоғырланған аймақтар;
- Қазақстан халқының конфессиялық құрамы;
- Этносаралық және дінаралық қатынастарды үйлестіру бойынша Қазақстан Республикасы саясатының негізгі бағыттары.

ЭТНОСТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰРАМЫ  
ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ САЯСАТ

ЭТНОСТЫҚ ҮДЕРІСТЕР  
ТӨЗІМ ДІЛІК

ДИАСПОРА  
ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

**Қазақстанның ұлттық құрамы.** Қазақстан халқының саны 18 миллионнан асады. Біз көпұлтты мемлекетке жатамыз.

Халықтың ұлттық құрамы – белгілі бір этносқа жататындық белгісі бойынша адамдардың бөлінуі. Этнос (немесе халық) – бұл адамдардың тілінің, жерінің, тіршілік, шаруашылық іс-әрекеті мен мәдениетінің, ұлттық сана-сезімінің бірдей болуына байланысты біріккен тарихи тұрғыда қалыптасқан берік, тұрақты қауымдастығы.

2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстан аумағында 125 ұлт пен ұлыс өкілдері тұрақты тұрған. Олардың ішінде елімізде тұратын халықтардың жалпы санының 1%-дан астамын құрайтын 7 этностың өкілдерінің саны әлдеқайда көп, олар: қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және немістер (3-кесте).

Ұлттық құрамы бойынша Қазақстан аумағында халықтар біркелкі таралмаған. Елімізде елді мекендерде бір ғана этностың өкілдері тұратын аудандар жоқ десек те болады. Олардың әрқайсысында түрлі халық өкілдері бір-бірімен көрші тұрып жатыр. Алайда, белгілі бір этностың өкілдері көбірек мекендейтін аймақтарды атап айтуға болады. Осындай мәліметтер 4-кестеде келтіріген.

3-кесте

**Халықтың жалпы құрылымындағы жекелеген этностардың үлесі**

Этностар	Саны
Қазақстан Республикасы	18 157 337
қазақтар	12 250 305
орыстар	3 588 686
өзбектер	576 817
украиндар	277 514
ұйғырлар	265 497
татарлар	202 121
немістер	179 476

4-кесте

**Жекелеген этностар көбірек шоғырланған аймақтар**

Этнос	Аймақ	Саны
қазақтар	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	2135364
орыстар	Шығыс Қазақстан облысы	505010
өзбектер	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	503248
украиндар	Қостанай облысы	73274
ұйғырлар	Алматы облысы	155840
татарлар	Қарағанды облысы	30975
немістер	Қарағанды облысы	32322
түріктер	Алматы облысы	37197
корейлер	Алматы қ.	33410
өзірбайжандар	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	35231
дұңғандар	Жамбыл облысы	57245
белорусьтер	Қостанай облысы	13095
тәжіктер	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	36801
күрдтер	Жамбыл облысы	15263
шешендер	Алматы облысы	5879
поляктар	Солтүстік Қазақстан облысы	11793
башқұрттар	Қарағанды облысы	3917

Қазақстан аумағында диаспоралар пайда болды – бұл халықтың ерікті немесе мәжбүрлі қоныс аудару нәтижесінде өздерінің этникалық отанынан тыс жерде тіршілік етіп жатқан бір бөлігі. Диаспораның пайда болуының негізгі себептері – саяси, экономикалық, діни, экологиялық, этностық және әскери түрткіжайттар.

Саяси оқиғалардың нәтижесінде ХХ ғасырдың басында әлемнің 39 елінде қазақ диаспорасы пайда болды. Біздің еліміздің аумағынан тыс жерлерде шамамен 3 миллиондай қазақ тіршілік етеді. Қазіргі сәтте Қазақстанда отанына қайта оралу – этникалық қазақтардың өздерінің тарихи отанына қайту үдерісі байқалады.

**Этникалық үдерістер.** Еліміз халқының ұлттық құрамы түрлі аймақтарындағы халықтың табиғи қозғалысы мен көші-қонының әртүрлі мәндерінің байқалуы, сонымен қатар шоғырландыру, ассимиляция, біріктіру үдерістері нәтижесінде үнемі эволюцияланып келеді.

Этносаралық шоғырландыру үдерісінде бірнеше туыстас этностарды бір этносқа, әлдеқайда ірілерін этностық қауымдастыққа біріктіреді. Ішкі этникалық шоғырландыру барысында олардың топтары арасындағы айырмашылықтарды деңгейлестіріп реттеу нәтижесінде ішкі топтастыру байқалады. Саны әлдеқайда көп халықтардың арасында бір этносты сіндіру ассимиляцияға алып келеді. Ал мемлекеттің ішінде айтарлықтай маңызды айырмашылықтары бар бірнеше этнос бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болса, онда этносаралық бірігу жөнінде айтуға болады.



1. 3-кестені қарап, әр этностың меншікті салмағын пайыз мөлшерімен анықтаңдар. Кестеде берілмеген басқа да халықтардың пайызбен алғандағы жиынтық саны мен үлесі қандай?

2. 4-кестенің мәліметтері негізінде, біздің елімізде диаспоралары тұратын басқа елдермен Қазақстанның байланысын көрсететін тақырыптық картасызба жасаңдар.



3. Қосымша ақпарат көздерінің көмегімен, Қазақстан Республикасы қазақ диаспораларына қолдау білдіру мәселесі бойынша қандай елдермен тығыз қарым-қатынаста қызмет істейтінін анықтаңдар.

**Халықтың діни құрамы.** Елімізде 18 конфессия өкілдері бейбіт өмір сүріп, бірлесе әрекет етуде. Олар көп этностық, және көп конфессионалдық Қазақстан халқының діни мүдделерін танытып келеді.

Қазақстанда дінді әр алуан діни наным-сенімді ұстанатын түрлі этностардың, тілдік, мәдени пен әлеуметтік топтардың өкілдері таны-

тады, олар бір-бірінен діни тәжірибелері мен қоршаған әлемге деген көзқарастары арқылы ажыратылады.

Елімізде қоғам тарихи және мәдени тұрғыда негізінен екі дәстүрлі дінді ұстанады – сүннит ислам және православиелік христиан. Ең көп діни қауымдастық – мұсылман қауымдастығы. 24 ұлт өкілдерінен тұратын еліміздің 11 миллионнан астам тұрғыны ислам дінін ұстанады. Көбінесе түркі және кавказ халықтары, онымен қатар тәжіктер, дүңғандар мен күрдтер тұтынады. Екінші орында – православие діні. Дәстүр бойынша оны орыстар, украиндар, белорусьтер ұстанады. Қазақстан үшін келесі діни бағыт – католик діні (этникалық немістер, батыс украиндықтар, поляктар). Қазақстанның конфессиялық кеңістігінде протестанттық діни бірлестіктер де маңызды орын алады. Жоғарыда аталғандардан басқа иудийлік қауымдастықтар, будда діни бірлестіктері, басқа да бірқатар діни ұйымдар бар.

Түрлі көзқарастардың, салт-дәстүрлер мен мәдениеттің алуан түрлілігіне қарамастан, Қазақстан діни шиеленістер орын алмаған мемлекет ретінде қалып отыр.

Еліміз этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда тәжірибесі мол және осы салада бірлесе кеңінен әрі тиімді қызмет етуге дайын. Сондықтан 2003 жылдан бастап Астана қаласында тұрақты түрде Дүниежүзілік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді. Оның басты мақсаты – болашақта жайлы тыныштықтың негізі бола алатындай, адамзат үшін бейбітшілік пен ілгерілеуді қамтамасыз ету және қоғамда тұрақтылықты сақтау бойынша атқарылатын бірлескен іс-әрекеттердің бағытын анықтау. Съездердің шешімдері барлық дін мен этникалық топтардың өкілдерін мәдени және діни өзгешеліктерің негізінде шиеленістерге жол бермеуге, мәдениет пен өркениеттің жаһандық диалогін дамытуға шақырады.

Съезд өткізу үшін еліміздің астанасында Бейбітшілік пен келісім сарайы бой көтерді, оны қала тұрғындары мен қонақтары «Пирамида» деп атайды.



1. Діннің алуан түрлілігі Қазақстанның елді мекендерінің сәулеттік келбетінде қандай көрініс тапқан?
2. Қазақстандағы айтарлықтай танымал 10 діни сәулет объектісінің тізімін жасап, олардың ерекшелігін көрсетіңдер.

**Ұлттық және діни саясат.** Қазақстан Республикасы елімізде тұратын барлық этностар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Мұндай саясаттың мақсаты – ұлттық шоғырлануды, этносаралық бірігуді және ұлттардың жақындасуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы елімізде тұрып жатқан барлық халықтарға ел ішінде көпұлттық бір мемлекеттің құрамында толыққанды ұлттық әрі әлеуметтік мәдени даму үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға тырысады. Еліміздегі барлық этностарға бірдей құқық берілген. Олар саяси құжаттарда және құқықтық мемлекеттік актілерде бекітілген. Осындай ұстаным еліміздің басты құжаты – Конституцияда жазылған. Ол: «Біз – Қазақстан халқы ...» деген тұжырымнан басталады.

Этносына және діни сеніміне қарамастан, толеранттық пен құрмет білдіру – біздің еліміздегі адамдармен қарым-қатынас жасаудың басты ережесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл органның басты міндеті – елімізде тіршілік ететін халықтардың рухани бірлігі мен достық идеясын тарату.

Елімізде 1,5 мыңнан астам мәдени этностық орталықтар мен этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді. Шын мәнінде әр этностың ұлттық-мәдени қоғамдары бар. Этномәдени бірлестіктердің қызметінің негізгі артықшылықтары мыналар:

- этникалық алуантүрлілікті, тарихты, тілін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін сақтау және дамыту,
- Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қазақ мәдениетіне, мемлекеттік тілді үйренуге тарту;
- Қазақстанның өркендеуіне үлес қосуға ұмтылу;
- өзінің этникалық шығу тегі болып табылатын мемлекетпен байланысын дамыту, екі ел арасындағы ынтымақтастыққа қолғабыс жасау, мұнда этномәдени бірлестік – екі елді шынайы байланыстырушы көпір.

Ұлттық қауымдастықтардың қызметіне мемлекеттік деңгейде қолдау жасалады.

Неміс, ұйғыр және корей театрларына академиялық мәртебе берілген. БАҚ бірнеше тілде жарық көреді. Елімізде қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептер жұмыс істейді. Халықаралық этникалық мәдениет байқаулары мен фестивальдары, этнокөрмелер өткізіліп тұрады. Бұл – еліміздегі барлық этникалық топтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын таныстырудың тиімді тәсілі.

Еліміздің ішкі құрылымының осы стратегиясын айқын көрсету мақсатында 1996 жылдан айрықша күнді – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өте бастады.

Қазақстан өзін «ең басты құндылығы адам, оның өмірі, құқығы мен еркіндігі болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде танытуда (ҚР Конституциясы 1-бап). Діни бірлестіктер мемлекеттік билік мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүйесіне кірмейді. Мемлекет өз азаматтарына ар-намыс, пікір және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Ар-намыс, діни наным-сенімді таңдау және тарату еркіндігі – адамдардың рухани еркіндік және жеке өмірі, оған мемлекет те, жеке тұлғалар да араласуға құқы жоқ. Мемлекет идеологиялық алуантүрлілікті жария етеді және қоғамның рухани аясында монополизмнен бас тартады. Қоғам мүшелері дінге деген көзқарасына, қай дінді тұтынатындығына қарамастан бірдей құқыққа және еркіндікке ие болады. Діни бірлестіктердің ешқайсысы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайды. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі құрылымын реттеуге қатыспайды. Діни бірлестіктердің басқарушы органдарының шешімінің заңды күші болмайды. Діни бірлестіктердің көшбасшылары мемлекеттік салтанаттарға және басқа да ресми іс-шараларға тек діни наным-сенім өкілі ретінде ғана қатыстырылады. Білім беру жүйесіне қандай да бір дінді оқыту міндеттелмейді, діни бірлестіктердің тексеруі ұйымдастырылмайды және тексерілмейді.

Біздің елімізде діни алауыздық немесе араздықты қоздыруға, зорлық көрсету немесе зорлық көрсету шақыруға, азаматтардың өміріне, қауіпсіздігіне, денсаулығына, адамгершілігіне немесе құқықтары мен еркіндігіне қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдануға қатаң тыйым салынған.

Мектеп оқушылары мен қызметкерлеріне ашықтан-ашық діни киімдерді киуге және қандай дінді ұстанатынын білдіретін белгілерді тағуға тыйым салынған.



1. Қазақстан азаматы ретінде этносаралық және конфессия аралық келісімге қандай үлес қоса аласың?
2. Көптеген жағдайда белгілі бір этнос өкілдерін белгілі бір наным-сенімді таратушы деп санайды. Мұндай болжам қаншалықты нақты? Неліктен олай болды және оның кемшілігі неде? Өз жауаптарыңды растайтын дәлелдер мен фактілер келтіріңдер.
3. Елімізде тұратын халықтар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты дамуға бағытталған қандай жаңа тәсілдер ұсынуға болады?

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстанда азаматтар өзінің ұлтын тек бір рет қана кәмелеттік жасқа толуына байланысты жеке басын куәландыратын құжат алған кезде өзгертуіне болады. Төлқұжаттағы және жеке куәліктегі ұлты туралы жазба ата-анасының ұлттарына сәйкес жүзеге асырылады. Жас азамат өзінің ұлты туралы жазбаны әкесінің немесе анасының ұлтына өзгерте алады. Этносқа қатыстылығын ата-анасының ешқайсысында көрсетілмеген этносқа ауыстыруға болмайды.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Қазақстанда этникалық үдерістердің қайсысы басым? Өз жауаптарыңды дәлелдермен және фактілермен растаңдар.
2. Қосымша ақпарат көздерінің көмегімен Қазақстан халқын тілдер тобы бойынша бөліңдер.
3. Халықтың ұлттық құрамы туралы деректер мемлекет басшылары мен дипломаттарға, жергілікті билікке, ғылыми, мәдени жұртшылыққа, ел азаматтарына қандай мақсатта қажет болады? Өз жауаптарыңды дәлелдермен және фактілермен растаңдар.
4. Өткен ғасырдың 90-ншы жылдарынан бастап өздерің тұратын елді мекеннің ұлттық құрамы қалай өзгергендігі туралы аға буын өкілдерімен сұхбат жүргізіндер. Нәтижесін өздеріңе ыңғайлы үлгіде көрсетіндер.
5. Көпұлтты және мультиконфессионалды ортада тиімді қарым-қатынас жасау бойынша 5 басты ережені әзірлеңдер.



40-41

## Қазақстандағы көші-қон

**Сабақтың мақсаты:**

- дүниежүзі халықтарының көшіп-қону бағытын, себептері мен салдарын түсіндіру;
- Қазақстандағы көшіп-қону үдерістеріне талдау жасау негізінде көші-қонның негізгі бағытын анықтау;
- көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну.

**Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:**

- көші-қон деген не;
- дүниежүзілік көші-қон ағынының себептерін, салдары мен географиясын;
- Қазақстан Республикасындағы көші-қон жағдайлары туралы;
- көші-қон саясатының бағыттары.

КӨШІ-ҚОН    ИММИГРАНТ    ЭМИГРАНТ    КӨШІ-ҚОНСАЛЬДОСЫ  
МЕХАНИКАЛЫҚ ӨСІМ    ОРАЛМАН    КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

**Халықтың көшіп-қонуы.** Белгілі бір аумақ халқының санына көші-қон айтарлықтай әсер ете алады. Бұл тұрақты тұрғылықты жерін ауыстыруға қатысты халықтың орын ауыстыруы. Көші-қон ағыны жіктемесінің негізгі белгілері – көші-қон бағыты, оны ұйымдастыру дәрежесі, себептері, уақытша белгісі.

Ағынның бағыты бойынша ішкі және сыртқы көші-қон деп бөлінеді.

8-суретте сыртқы көші-қон берілген.



8-сурет. Сыртқы көші-қонның бағыты

**Иммигранттар мен эмигранттардың саны арасындағы айырмашылық көші-қон сальдосы немесе механикалық өсім деп аталады және мемлекет халқы санына тікелей әсер етеді.**

Ішкі көші-қон – бұл елдің ішінде орын алған көші-қон үдерістері. Егер бір облыстың тұрғындары сол облыстың ішіндегі басқа жерге қоныс аударса, онда олар облысшілік көші-қонға қатысады (9-сурет). Облыс шегінен тыс жерге қоныс аударғанда облысаралық көші-қон ағыны пайда болады. Егер адамдар бір экономикалық ауданнан басқа ірі макроаймаққа қоныс аударса, онда географтар бұл үдерісті ауданаралық көші-қонға жатқызады.

Тұрғындар қоныс аударған кезде елді мекеннің типін алмастыра алады, немесе соған ұқсас елді мекенге көшіп бара алады.



### 9-сурет. Ішкі көші-қон бағыттары

1. облысшілік көші-қон, 2 – облысаралық көші-қон,
- 3 – ауданаралық көші-қон.

Кей кездері мемлекет ішкі көші-қонға адамдарды өздері ынталандырады және елдің басқа өңірлеріне олардың қоныс аударуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Бұл жаңа аумақтарды, табиғат байлықтарын игеру, өндірістік кешендердің құрылысын салу, жұмыс күшінің тапшылығын жою үшін жасалады. Мұндай жағдайда **ұйымдастырылған көші-қон** туралы сөз болады.

Езер азаматтар басқа жерлерге мемлекеттің қатысуынсыз өздері көшуге шешім қабылдаса, онда **ұйымдастырылмаған** немесе **дербес көші-қон** жайлы айтылады.

Жаңа тұрғылықты жерге көшу туралы шешім қабылдаудағы дербестікке байланысты көші-қон **ерікті және мәжбүрлі** болады.

Қоныс аударған уақытына қарай көші-қон **қайтымсыз** (тұрғылықты жерін біржола ауыстыру), **уақытша** (ұзақ, бірақ белгілі бір уақытқа қоныс аудару) және **қатынамалы** (халықтың бір елді мекеннен екіншісіне жұмыс істеуге немесе оқуға және керісінше тұрақты келіп-қайтуы) болып бөлінеді.

**Көші-қонның орын алу себептері.**

Ғалымдар төмендегідей себептерді атайды:

*Әлеуметтік-экономикалық* – жұмыс, бос ауылшаруашылық жерін іздеу, өмір сүру дәстүрін өзгерту;

*Саяси* – саяси, діни, нәсілдік, әлеуметтік қысым көрсетілуіне байланысты қоныс аудару;

*Әскери* – көшіру, қайта көшіру, жер аудару;

*Табиғи-климаттық* – жайлы және қауіпсіз табиғи ортада өмір сүруге ұмтылу;

*Жеке басқа қатысты себептермен* – басқа елде өмір сүргісі келу, ішкі еркіндікке ұмтылу, өзін-өзі таныту; сүйсіну.



1. Адамдардың ауылдан-ауылға, ауылдан-қалаға, бір қаладан екінші қалаға, қаладан-ауылға қоныс аудару себептері қандай? Осылайша қоныс аударған өздеріне таныс адамдардан мысал келтіріңдер. Этика нормасын сақтау мақсатында олардың атын ауыстырып алуларыңа немесе бас әріптерін ғана айтуларыңа болады.

2. Мигранттарды қабылдаған елдерге қандай артықшылықтар мен кемшіліктен тән? Өз жауаптарыңды төменде берілген кесте түрінде көрсетіңдер:

Артықшылықтары	Кемшіліктері
1-ші артықшылығы _____ <i>Мысалы</i> _____	1-ші кемшіліктері _____ <i>Мысал</i> _____
2-ші артықшылығы _____ <i>Мысалы</i> _____	2-ші кемшіліктері _____ <i>Мысал</i> _____

3. Қазақстан шегінде ауылдан-ауылға, ауылдан-қалаға, бір қаладан басқа қалаға, қаладан-ауылға қоныс аударған адамдарды білесің бе? Көшіп-қонудың себебін немен түсіндіруге болады? Этика нормасын сақтау мақсатында олардың атын ауыстырып алуларыңа немесе бас өріптерін ғана айтуларыңа болады.

Дүниежүзіндегі заманауи көші-қон географиясы. Дүниежүзіндегі мигранттар саны 250 млн. адамнан асады. Оның ішінде барлық халықаралық мигранттардың шамамен 70% -ы 20 елге тиесілі (2000–2017 ж.).

5-кесте

Имигранттарының саны ең көп мемлекеттер, млн. адам		Эмигранттарының саны ең көп мемлекеттер, млн. адам	
АҚШ	49,8	Үндістан	16,6
Сауд Арабиясы	12,2	Мексика	13,0
Германия	12,2	Ресей	10,6
Ресей	11,7	Қытай	10,0
Ұлыбритания	8,8	Бангладеш	7,5
БАӘ	8,3	Сирия	6,9
Франция	7,9	Пәкістан	6,0
Канада	7,9	Украина	5,9
Аустралия	7,0	Филиппин	5,7
Испания	5,9	Ұлыбритания	4,9
Италия	5,9	Ауғанстан	4,8
Үндістан	5,2	Польша	4,7
Украина	5,0	Индонезия	4,2
Түркия	4,9	Германия	4,2
ОАР	4,0	Қазақстан	4,1
Қазақстан	3,6	Палестина	3,8
Таиланд	3,6	Румыния	3,6
Пәкістан	3,4	Түркия	3,4
Иордания	3,2	Египет	3,4
Кувейт	3,1	Италия	3,0

Дүниежүзінде мигранттардың көбеюінің басты себебі:

- дамыған және артта қалған мемлекеттердің өмір сүру деңгейлері арасындағы айырмашылықтың ұлғаюы
- мемлекетер мен континенттер арасында қоныс аударуды жеңілдеткен технологиялардың дамуы

- жаңа орынға орналасу мүмкіндігінің жеңілдеуі
- Азия мен Африканың бірқатар аймақтарындағы тұрақсыздық
- виза тәртібінің оңайлатылуы
- қоныс аудару құнының төмендеуі
- заманауи байланыс құралдары мигранттарға өзінің тарихи отанымен (отбасымен, достарымен және т.б.) тығыз байланысты сақтауға мүмкіндік береді.

Заманауи көші-қон үдерістерінде төмендегідей жаһандық беталыс байқалды:

- заңсыз көші-қонның өсуі (еңбек миграциясы басым) – мигранттар заңды бұза отырып, елге кіреді, тұрады, шығып кетеді;
- жер бетінің бірқатар аймақтарында соғыстың, этносаралық, дінаралық дау-жанжалдардың шиеленісуі салдарынан мәжбүрлі көші-қонның артуы;
- халықаралық көші-қон елдің демографиялық дамуында үлкен рөл атқарады (дамыған елдерде солардың есебінен еңбек ресурстарының жетіспеушілігі мәселесі шешіледі);
- халықаралық көші-қон жаһандық феноменге айналуда, өйткені барлық елдердің дерлік оған қатысы бар; қазіргі кезде иммиграциясы басым елдер мен эмиграциясы басым елдер айқындалуда;
- халықаралық мигранттар ағынында білім деңгейі жоғары тұлғалардың үлесу артуда, көптеген елдерде оларды тартуға және өздерінде алып қалуға арналған арнайы бағдарламалар бар – АҚШ, Франция, Канада, Швеция;
- көші-қон саясатының екі жақты сипаты (мемлекеттер эмиграцияны тоқтатуға тырысады, бірақ имиграцияны ынталандыруы мүмкін, басқа да үйлесімдер болуы ықтимал).



**1. Қосымша ақпарат көздерің оқыңдар және анықтаңдар:**

- иммигранттарының саны ең көп елдерге қай аймақтардан және елдерден мигранттар келеді.
- эмигранттарының саны ең көп елдерден көші-қон ағыны қай елдерге бағытталады.



**2. Қалай ойлайсыңдар, неліктен кейбір елдер иммигранттарының саны бойынша да, эмигранттарының саны бойынша да жетекші орында? Бұл елдерден қоныс аударған эмигранттар қайда бағыт алады? Осы елдердің халқының сальдосын немесе механикалық өсімін есептеңдер.**

3. Эмигранттарының саны ең көп елдер үшін көші-қонның артықшылықтары мен кемшіліктерін бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары арқылы растаңдар. Өз жауаптарыңды төмендегі үлгі бойынша кестемен көрсетіңдер:

Артықшылықтары	Кемшіліктері
1-ші артықшылығы _____ <i>Мысалы</i> _____	1-ші кемшіліктері _____ <i>Мысал</i> _____
2-ші артықшылығы _____ <i>Мысалы</i> _____	2-ші кемшіліктері _____ <i>Мысал</i> _____

**Қазақстандағы көші-қон үдерісі.** Халықаралық көші-қон ұйымының бағалауы бойынша, біздің ел әлдеқайда белсенді көші-қон үдерісі байқалатын елдер қатарына жатады. Олар әлеуметтік-экономикалық, саяси, этникалық, экологиялық және басқа да түрткіжайттардың әсерінен дамиды.

**Ішкі көші-қон.** Ел халқының ішкі қоныс аударудың басты себептері – бұрынғы тұрған жерлеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашар болуы, қаладан қашықта орналасуы, жұмыстың және сәйкесінше инфрақұрылымның жоқтығы.

Басқа аймақтарға ішкі көші-қон ағыны, көбінесе Түркістан, Жамбыл, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында орын алады. Ішкі мигранттарды қабылдау бойынша Алматы, Астана қалалары, сонымен қатар Атырау мен Маңғыстау облысы алдыңғы орында.

**Елдегі сыртқы көші-қон.** Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон жағдайы құбылмалы. 1990–2017 жылдардағы ішкі көші-қон үдерісін үш кезеңге бөлуге болады:

1-кезең – 1990–2003 жж. Қазақстанға және Қазақстаннан жаппай қоныс аудару, көшіп кету басым, теріс көші-қон сальдосы;

2-кезең – 2004–2011 жж. Иммиграция басым болуымен жағдайдың тұрақтануы, оң көші-қон сальдосы.

3-кезең – 2012–2017 жж. Эмиграцияның басым болуымен жағдайдың тұрақтануы, аздаған теріс көші-қон сальдосы.

Осы кезеңдерде келген және көшіп кеткендердің саны 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

**Сыртқы көші-қонның сандық көрсеткіштері**

Кезең	Келді	Кетті
1-кезең	1163434	3364531
2-кезең	431242	332527
3-кезең	115116	185724

Мигранттардың келуі және кетуі бойынша көшбасшы аймақтар 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

**Сыртқы мигранттардың келуі мен кетуі бойынша көшбасшы аймақтар**

Сыртқы мигранттардың кетуі бойынша көшбасшы аймақтар	Сыртқы мигранттардың келуі бойынша көшбасшы аймақтар
Қостанай облысы Солтүстік Қазақстан облысы Павлодар облысы Шығыс Қазақстан облысы Қарағанды облысы Алматы қаласы	Алматы қаласы Астана қаласы Түркістан облысы және Шымкент қаласы Жамбыл облысы Алматы облысы Атырау облысы Маңғыстау облысы Шығыс Қазақстан облысы

Қазақстаннан эмиграция көбінесе Ресей, Украина, Белорусь және Германия бағытында орын алған.

Эмиграция нәтижесінде халық санының азаюының орны тарихи отанына оралған этникалық қазақтардың – оралмандардың санымен толықтырылды. Оралмандар көбінесе Өзбекстаннан, Ресей мен Қытайдан келді. Олардан кейінгі тізімді Ауғанстан, Иран, Моңғолия мен Түркия жалғастырады.

**Қазақстанның көші-қон саясаты.** Көші-қонға қатысты басты мәселеге біліктілігі төмен жұмыс күшінің артық болуы, ірі қалалар мен жекелеген аумақтарға, әсіресе еліміздің оңтүстігіне адамдардың шамадан тыс көп қоныстануы, солтүстіктегі шегара маңындағы аумақтардың «елсізденуі» және болашағы жоқ елді мекендердегі балалар мен егде жастағы адамдардың білім алуы мен денсаулық сақтауға жоғары мөлшерде шығын жұмсалыуына байланысты бюджетке түсетін жүктеменің артуы жатады. Орталық Азия, Қытай және Түркия елдерінен біліктілі-

гі төмен мигранттардың болуы мүмкін жаппай ағынына, «талантты жастардың» басқа елдерге кетуіне байланысты алаңдаушылық та бар.

Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет басты көші-қон үдерістеріне ықпал етеді. Ел саясатының басты мақсаты – жоғары білікті шетел мамандарын уақытша әкелу, ел аумағына халықты оңтайлы қоныстандыру, этникалық оралмандарды тарихи отанынан тұрақты түрде тарту.

Осы орайда Қазақстанда «Нұрлы көш» және «Серпін-2050» тәрізді мемлекеттік бағдарламалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

«Нұрлы көш» бағдарламасы Қазақ КСР-інің бұрынғы азаматы болған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеуге келген этникалық иммигранттарды, сонымен бірге еліміздің қолайсыз өңірлерінде тұратын Қазақстан азаматтарды оңтайлы жерге қоныстандыруға және жайластыруға көмектесуге бағытталған.

«Серпін-2050» бағдарламасы шеңберінде еңбек ресурстары артық еліміздің оңтүстік өңірлерінен (Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау) жастарды Қызықстанның шығысы, солтүстігі мен батысында оқытып, кадрлардың жетіспеушілігі орын алған аймақтарға жұмысқа тұрғызу көзделген.



1. Түркістан, Жамбыл, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қсоатнай, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарынан тұрғындар Қазақстанның басқа аймақтарына көбінесе қандай себептермен қоныс аударады?
2. Халықтың этникалық құрамы белгілі бір аймақтардың ішкі мигранттардың келу және кетуі бойынша көшбасшы болуына қалай әсер етеді?
3. Неліктен Алматы қаласы ішкі мигранттарды қабылдау жағынан да, шығару жағынан да көшбасшылардың бірі болып отыр?

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақ диаспорасы 1920–1930 жылдары, саяси қуғын-сүргін, ұжымдастыру және аштық кезінде пайда болды. Осы кезеңдерде көптеген қазақтар бұрынғы КСРО құрамында болған басқа мемлекеттерге, сонымен қатар одан тысқары жерлерге, Қытайға, Моңғолияға, Иранға, Ауғанстанға, Түркия мен Пәкістанға қоныс аударды. XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстан басқа елдерден этникалық қазақтардың өз елінен оралуын – отандарына қайта оралу саясатын жүргізді. 1991 жылдан бастап елімізге миллионнан астам оралман келді.





## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, ғалымдардың тұжырымдарын растаңдар немесе жоққа шығарыңдар:

- көші-қон көбінесе жақын жерлерге қоныс аудару ретінде іске асады;
- аумақ орталығы қаншалықты ірі болса, соншалықты тартымды әсер қалдырады;
- әрбір көші-қон ағышына өзінің контр-ағыны сәйкес келеді;
- ірі қалалардың өсуіне көпшілік жағдайда ондағы табиғи өсім емес, халықтың көші-қоны себепші болады;
- көші-қон ауқымы өнеркәсіп пен сауданың дамуына, әсіресе транспорттың дамуына орай артады;
- көші-қонның экономикалық себептері – анықтаушы.

2. Параграф мәтінінде келтірілген миграциялық үдерістегі жаһандық беталыс негізінде тақырыптық картасызба жасаңдар.

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша алған білімдеріңе сүйеніп, Столыпин реформасына, ұйғырлар мен дүңғандарды Жетісуға көшіруге, ҮОС жылдарында адамдарды біздің елімізге жер аудару және көшіруге, тың және тыңайған жерлерді игеруге, XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанды индустриаландыруға көші-қон жіктемесі тұрғысынан талдау жасаңдар. Нәтижесін сызба түрінде көрсетіңдер.

4. Көші-қон саясаты саласындағы шешімдерді талдау мақсатында халықтың көші-қонына қатысты келесі мәселелерді шешу жолдарын ұсыныңдар:

Мәселелер	Шешу жолдары
Заңсыз көші-қонның өсуі	
Оларды қабылдайтын аймақтарға қосымша экономикалық жүктеме	
Біліктілігі төмен жұмыс күшінің артық болуы	
Жекелеген қалалар мен аумақтарда адамдардың шамадан тыс көп қоныстануы	
Кейбір аймақтардың елсізденуі	
Жоғары білікті жұмыс күшінің жылыстауы (кетуі)	

**Сабақтың мақсаты:**

- еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамына баға беру

**Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:**

- Еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері;
- Қазақстандағы жұмыс күшінің құрамы мен құрылымы;

**ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ  
ЖҰМЫС КҮШІ****ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНЫҢ САНЫ МЕН САПАСЫ  
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҰМЫССЫЗДЫҒ**

**Еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері.** Өмір сүру, азаматтар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адамдар материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасайды, яғни еңбек етеді. Оған **еңбек ресурстары** – сәйкесінше салада денсаулығы қажетті шарттарды қанағаттандыратын, лайықты білімі мен икемділігі бар еңбекке жарамды халықтың бір бөлігі қатысады. Қазақстанда еңбек ресурстарының орнына «**еңбек күші**» түсінігі қалыптасқан.

Адамдар жеткіншек жастан бастап егде тартқанға дейін (Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысы бойынша, 72 жасқа дейін) жұмыс істей алады. Халықты қорғау және олардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет шектеулі ең кіші және шектеулі ең үлкен еңбек жасын белгілейді. Қазақстанда еңбекке жарамды халықтың қатарына 16–58 жастағы әйелдер мен 63 жасқа дейінгі ер адамдар жатады. 2027 жылдан бастап әйел адамдар да 63 жастан бастап зейнетке шығатындығы заңмен белгілеген.

Жұмыс күшінің құрамына жұмыс істемейтін зейнеткерлер, күндізгі оқу орындарында оқитын оқушылар, үй шаруасымен айналысатын тұлғалар және денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істеуге мүмкіндігі жоқ адамдар кірмейді.

Оқушылар төмендегідей жағдайда жұмыс істей алады:

- 1) он бес жастан бастап, егер орта білім алған болса;
- 2) он төрт жастан бастап сабақтан бос уақыттарында, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу үрдісін бұзбайтын жұмыс түрлерімен айналысуға;
- 3) он төрт жасқа дейін кино, театр шығармаларын сахнаға дайындау және орындауға, театр және концерт ұйымдарында, денсаулығына зиян келмейтіндей цирктерде, өнегелі дамытуға қатыса алады.

Жұмыс күшін сандық бағалау еңбекке жарамды жастағы халық санын есепке алуды көздейді.

Сапалық бағалау денсаулық жағдайы мен іс-әрекетке қабілеттілігін, білім деңгейін, кәсіби және біліктілік жарамдылығының деңгейін, шығармашылық әлеуеті мен икемділігін есепке алады.

Сандық және сапалық бағалау бір-біріне қарсы қойылмайды, тек бірін бірі толықтырып тұрады. Бұл жұмыс күшінің құрылымында көрініс табады.

Ішкі әлеуметтік-экономикалық саясатты жоспарлау және мемлекет пен аймақтар билігінің тиімді пайдалану бағытын анықтау үшін жұмыс күшінің құрылымын білуі қажет. Ол қандай да бір белгілері бойынша түрлі жұмысшылар тобының арақатынасын көрсетеді (1-сызба).

### Жұмыс күшінің құрылымы

1-сызба



1. Қазақстанда заңды негізде қайда және қандай шарттармен жұмыс істеуге болады?



2. Сызбада жұмыс күшінің құрамын көрсетіңдер.



кіреді

1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

кірмейді

1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_



3. Дәлелдер мен фактілер келтіре отырып, 1-сызбаға пікірлеріңді білдіріңдер.

### Қазақстан Республикасында жұмыс күшін бағалау.

Жұмыс күшінің көрсеткіші жыл сайын өзгеріп отырады. Бұл параграфта 2017 жылдың соңындағы мәліметтер берілген. Келтірілген сандық сипаттамалар есте сақтау үшін емес, статистикалық мәліметтерді өңдеп үйрену дағдысын қалыптастыру үшін беріледі. Алдағы уақытта жұмыс күшін бағалау жұмыстарын орындаған кезде өзекті мәліметтерді пайдалануларың қажет. Қазақстан Республикасында ресми сандық сипаттамаларды Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті әзірлейді (ғаламтор-ресурсы: <http://stat.gov.kz>).

2017 жылдың соңындағы мәліметтер бойынша Қазақстан халқының жалпы саны 18 157 337-ден астам адамды құрайды.

Жұмыс күшінің жас ерекшелігі бойынша құрылымы төмендегідей болды (8-кесте):

8-кесте

#### Жұмыс күшінің жас ерекшелігі бойынша құрылымы (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)

Жас ерекшелігі бойынша топ	Жұмыс күші, мың адам	Ерлер, мың адам	Әйелдер, мың адам
15	0,5	0,3	0,2
16-19	93,4	50,2	43,2
20-24	927,3	501,8	425,6
25-29	1427,2	775,6	651,6
30-34	1526,7	786,4	740,3
35-39	1141,4	572,6	568,8
40-44	1082,9	535,5	547,4
45-49	999,9	496,6	503,2
50-54	894,1	430,3	463,8
55-59	650,5	332,9	317,5
60-64	222,3	150,3	72,0
65 жастан жоғары	61,3	31,7	29,6

Жұмыс күшінің жалпы саны бойынша қала халқы 57,5% -ды құрады.

Білім деңгейі бойынша 37,2% -ы жоғары білімді (жоғары оқу орындары), 1,5% -ы аяқталмаған жоғары, 37,4% -ы орта кәсіби (арнайы, колледж), 4,3% -ы бастапқы кәсіби (кәсіби-техникалық мектептер), 18,2% -ы орта жалпы (11 сыныпқа дейін), 1,3% негізгі жалпы (9-сыныпқа дейін), 0,1% -ы бастауыш жалпы (4-сыныпқа дейін) білім алған.

Республикасы экономикасында 8,6 млн. адам еңбек етіп келеді. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының ішінде ер адамдар 4,5 млн., әйелдер 4,1 млн. адамды құраған.

Жұмыспен қамтылғандардың құрылымында белгілі бір жастағы адамдардың үлесі:

25-54 жастағылар – 78,2%

15-24 жастағылар – 11,5%

55-64 жастағылар – 9,6%

65 жас және одан үлкендер – 0,7%

Экономиканың салалары мен жынысы бойынша жұмыспен қамтылғандардың құрылымы 9-кестеде берілген.

9-кесте

**Жынысы мен экономикалық қызметтің түрлері бойынша  
жұмыспен қамтылған халық**

Экономика салалары	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Барлық саласында	8 585,2	4 458,9	4 126,3
Ауылшаруашылы, орман және балық-шаруашылығы	1 319,0	743,0	575,9
Өнеркәсіп	1 090,4	742,6	347,8
Тау-кен өнеркәсібі және кен қазатын орындарды өзірлеу	283,7	226,8	56,9
Өңдеу өнеркәсібі	581,6	362,7	218,8
электрмен жабдықтау, газ, пар беру және өуеден желдету	151,0	104,5	46,5
электрмен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтарды жинақтау мен жайғастыруды қадағалау	74,2	48,6	25,6
Құрылыс	614,0	477,8	136,2
Көтерме және бөлшексауда; автокөліктерді, мотоциклдерді жөндеу	1 334,9	543,2	791,7
Көлік және қаттау	608,0	478,4	129,6
Өмір сүру және тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер	192,0	59,1	132,8
Ақпарат және байланыс	156,1	88,4	67,7
Қаржылық және сақтандыру қызметі	175,0	72,6	102,3
Жылжымайтын мүлікке қатысты орындалатын операциялар	162,5	78,6	83,9
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	239,1	121,4	117,8

## 9-кесте соңы

Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	279,7	182,3	97,4
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	479,3	289,8	189,4
Білім беру	1 056,1	277,8	778,4
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	482,4	125,4	357,0
Өнер, ойын-сауық және демалыс	133,8	56,7	77,1
Басқа да қызмет түрлерін көрсету	263,0	121,7	141,2

2017 жылы жұмыссыз адамдардың саны 442,3 мың адамды құрады. Қала тұрғындары жұмыссыздардың жалпы санының 57,7% -ын, ауыл тұрғындары –42,3% -ын құрады.

Жұмыссыздардың ішінде 26,5% -ының жоғары білімді, 24,6% -ының жалпы орта, 39,4% -ының орта кәсіби білімдері бар.

Жастары 15 жастан асқан тұрғындардың ішінде 3,9 миллионы жұмыс күшінің құрамына кірмейді. Олардың негізгі бөлігін зейнеткерлер – 47% мен күндізгі оқыту бөлімінің оқушылар – 30,7% құрайды.



1.1-кестені «Барлығы» бағанымен және сәйкесінше мәндерімен толықтырыңдар.

2. Халықтың жалпы санынан жұмыс күшінің үлесін есептеңдер.

3. Қала және ауылдағы жұмыс күшінің жалпы санын абсолют мәнмен анықтаңдар.

3. Жұмыс күшінің құрамындағы қанша адам республика экономикасына жұмыс істемейді?



4. Жұмыспен қамтылғандардың құрылымын диаграмма (өз қалауларың бойынша) түрінде көрсетіңдер.

**ГЕОДЕРЕК.** Әлемде көптеген мамандықтар күн өткен сайын жойылуда, мысалы, пошташы, газет пен журнал сатушылар және т.б. Дүние жүзінде болашақтың ғаламтор технологиясы, жасанды интеллект, робот техникасы мамандықтарына дайындау үшін мәселелерді кешенді шешу, сыни ойлау, жасампаздық, адамдарды басқара білу, адамдармен өзара қарым-қатынас, көңіл күй интеллекті, жеке ойыңды қалыптастыру және шешім қабылдау, клиентке бейімделу (бағдалану), ғұмыр бойы оқу тәрізді дағдылар қажет болады.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Топпен жұмыс істеу. Талқылауға арналған сұрақтар.

1. Жұмыс күшінің құрамына кіретін әр адамға жалпы тұрғындардың санынан неше адамнан келетінін есептеңдер. Мемлекетке қайсысы тиімдірек: жұмыс күшіне қарағандай жұмыссыздар санын ба әлде керісінше ма?

1-кестеде келтірілген 25-44 жас аралығындағы адамдар саны зейнеткерлер қатарына қосылса, бұл қатынас қалай өзгереді?

2. Жұмыс істейтін әр адамға жұмыс істемейтін неше адамнан келеді? Мемлекет жұмыс істеметіндердің саны жұмыс істейтіндердің санынан артып кетуіне қалай жол бермеуіне болады немесе осы мәселені қалай шешеді?

Неліктен 2027 жылдан бастап әйел адамдардың зейнетке шығу жасы 58 жастан 63 жасқа ұзартылды?

3. 2-кестедегі мәліметтер бойынша жұмыс істеушілердің жыныстары бойынша тепе-теңсіздігі байқалатын экономика саласын анықтаңдар. Неліктен? Бұл қандай салаларда орындалған, ал қандай салаларды мемлекеттің түзетуіне тура келеді? Жауаптарыңа дәлел келтіріңдер.

4. Қандай жас ерекшелігі топтары жұмысқа қабылдау кезде әлдеқайда төмен? Қалай ойлайсыңдар, олар көбінесе қандай салаларда жұмыс істейді?

5. Қандай жаппай жүргізілген демографиялық үдерістің есебінен ауылдағы жұмыссыздық саны азайып, қаладағы жұмыссыздық көбейеді? Бұл үрдіс ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шеше ала ма?

6. Жоғары, орта кәсіби (арнайы), бастапқы кәсіби білімінің болуы жұмыссыздықтың кешлі бола ала ма? Неліктен?

7. Қазіргі балалар мен жастарды болашақтың мамандықтарына үйрету қажет пе? Қандай мамандықтар пайда болуы мүмкін? Мемлекет осындай өзгерістерге дайын ба? Осындай мәселелерді шешудің қандай жолдарын ұсынар едің?

8. Халықтың жұмыспен қамтылуы саласын қадағаламаудың салдары қандай болуы мүмкін?

9. Қорытынды жасаңдар және мемлекет неліктен жұмыс күшіне есеп жүргізіп және бағалап отырады деген сұраққа тезис әзірлеңдер.

## Қазақстандағы демографиялық жағдай

### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстанның демографиялық жағдайына талдау жасау негізінде демографиялық саясаттың өзіндік үлгісін ұсыну.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- демографиялық жағдайға жасалған талдаудың негізгі құралдары туралы;
- Қазақстандағы демографиялық жағдай туралы;
- Демографиялық саясаттың бағыты

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ      ЖЫНЫС-ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПИРАМИДА      ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮКТЕМЕ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ

### Демографиялық жағдайға талдау жасау құралдары

Негізгі демографиялық көрсеткіштерімен және оларды есептеу тәсілдерімен 8 сыныпта таныстыңдар. Бұл сабақта еліміздің демографиялық жағдайына талдау жасайтын боласыңдар.

**Халқының саны бойынша дүниежүзі елдерінің типологиясы.** Ел аумағында халық саны қаншалықты көп болса, оның экономикалық даму, қорғану мүмкіндігі жоғары болады. Дүниежүзіндегі мемлекеттер халық саны бойынша 10-кестедегідей топтарға бөлінеді.

**Халқының тығыздығы бойынша дүниежүзі елдерінің типологиясы.** Халықтың тығыздығы аумақтың игерілу көрсеткішін, адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерінің қарқындылығын, шаруашылықтың аумақтық құрылымын білдіреді. Сондықтан дүниежүзі елдерінің көрсеткіштері 11-кестедегідей топтарға бөлінеді.

### 10-кесте

Халық саны бойынша дүниежүзі елдерінің типологиясы

Топ	Халық саны
Ірі	100 млн тұрғыннан астам
Үлкен	40-100 млн тұрғын
Орташа	20-40 млн тұрғын
Кіші	1,5-20 млн тұрғын
Шағын	1,5 млн тұрғынға дейін

### 11-кесте

Халқының тығыздығы бойынша дүниежүзі елдерінің типологиясы

Топ	Халқының тығыздығы, адам/км <sup>2</sup>
Халқының тығыздығы жоғары елдер	200-ден жоғары
Халқының тығыздығы орташа өлемдік көрсеткішке жақын елдер	50-ге жуық



Ғалымдар бала туылу, адам өлімі, табиғи өсім, халықтың қартаюының бағалау шәкілі әзірледі (сәйкесінше 12, 13, 14-кестелер).

12-кесте

**Туылудың жалпы деңгейін бағалау шәкілі**

Жалпы туылу коэффициенті, ‰	Туылу деңгейінің сипаттамасы
16 жасқа дейін	төмен
16-24	орташа
25-29	ортадан жоғары
30-39	жоғары
40 және одан жоғары	өте жоғары

13-кесте

**Адам өлімінің жалпы деңгейін бағалау шәкілі**

Адам өлімінің жалпы деңгейін бағалау	
Адам өлімінің жалпы коэффициенті, ‰	Адам өлімінің деңгейі
7 жасқа дейін	өте төмен
7-10	төмен
11-15	орташа
16-20	жоғары
21-ден жоғары	өте жоғары

14-кесте

**Халықтың табиғи өсімінің / табиғи кемудің жалпы деңгейін бағалау шәкілі**

Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті, ‰	Деңгейін бағалау	Табиғи кемудің жалпы коэффициенті, ‰
+ 2,0-ге дейін	Өте төмен	-3,0-ке дейін
2,0-3,9	Төмен	(-3,0)–(-5,9)
4,0-6,9	Орташа	(-6,0)–(-8,9)
7,0-9,9	Жоғары	(-9,0)–(-11,9)
+10-нан жоғары	Өте жоғары	-12 және одан төмен

**Демографиялық пирамида.** Демографиялық пирамида белгілі бір уақыт кезеңіндегі халықтың жыныстық және жас ерекшелігі бойынша сандық жіктелімін көрсетеді.

**Жыныстық құрамының** ерекшелігі бойынша дүниежүзі елдерін үш топқа бөлуге болады:

- ерлер мен әйелдердің бірдей арақатынасымен (Африка және Латын Америкасы елдері);
- әйел адамдардың басымдылығымен (дүниежүзіндегі барлық елдердің жартысы, әсіресе Еуропа елдеріне тән);
- ерлердің басымдылығымен (негізінен Азия елдері және бірінші кезекте Үндістан мен Қытай).

Дүниежүзі елдері халқының жас ерекшелігі құрылымының озық,

тұрақты және кемімелі типімен сипатталуы мүмкін. Жас ерекшелігі құрылымының озық типінде халық саны біршама жылдам көбейеді, тұрақты типте санын өзгертпейді, ал кемімелі типте кемиді. Олар бір-бірінен 0-15 жас аралығындағы балалардың және 50 жас пен одан үлкен қарттардың үлесі арқылы ажыратылады. Озық жас ерекшелігі құрылымында балалардың үлесі 40%, 50 жастан асқандардың үлесі – 10%, тұрақтыда сәйкесінше – 27% және 23%, кемімеліде – 20% және 30%.

Жас ерекшелігі құрылымының бұл типтеріне жас ерекшелігі пирамидасының типтері сәйкес келеді (10-сурет). Озық жас ерекшелігі құрылымына (жастар) дұрыс пирамида сәйкес келеді. Тұрақты құрылымды бейнелейтін диаграмма қоңырауды бейнелейді. Кемімелі жас ерекшелігі құрылымына «сауыт» деп аталатын пішін сәйкес келеді.

10-сурет. Жас ерекшелігі пирамидасының типі



Халықтың қартаюын өлшеу үшін халықтың құрылымында егде тартқан адамдардың үлесіне негізделген арнайы шәкілдері қолданылды (15-кесте). Халық санының ұдайы өсуін және еңбекке қабілетті жастың жеткілікті меншікті салмағын қамтамасыз ететін халықтың құрылымы тиімді болады (16-кесте). Еңбекке жарамды халықтың демографиялық жүктемесі тиімді болып саналады, егер еңбекке жарамды халықтың үлесі еңбекке жарамсыздардың үлесінен шамамен екі есе көп болса (яғни әрбір еңбекке жарамды 1000 адамға шамамен жұмысқа жарамсыз 500 адамнан келуі тиіс).

### БҮҮ демографиялық қартаюу шәкілі

Кезең	65 жастағы және одан үлкен адамдардың үлесі, %	Халықтың қартаюуының және қартаюу деңгейінің кезеңдері
1	<4	Жастар
2	4-7	Қартаюу алдындағы адамдағы
3	>7	Қарттар

15-кесте

### Халықтың тиімді жас құрылымының шәкілі

Жас санаты	65 жастағы және одан үлкен адамдардың үлесі, %
Еңбекке жарамсыз жас балалар	не менее 20%
Еңбекке жарамды үлкендер	65%
Еңбекке жарамсыз үлкендер	не более 15%

16-кесте



1. Халық саны ел аумағының өлшемдеріне тура пропорционал бола ала ма? Жауаптарыңды дәлелдермен растаңдар.



2. Халықтың тығыздығының жоғары, орташа және төмен болуының артықшылығы мен кемшілігін сызба түрінде көрсетіңдер. Еліміз үшін халық тығыздығының қандай болғаны қолайлы? Неліктен?



3. Демократиялық мемлекет бала туылу, адам өлімі мен табиғи өсімге тікелей әсер ете ала ма? Жанамалай әсер ету қалай көрініс табады?

4. Халықтың гендерлік тепе-теңсіздігінің салдары қандай? Халық құрылымындағы ерлердің немесе әйелдердің басым болуының қандай кемшілігі бар?

5. Халық құрылымының жас ерекшелігі бойынша әрбір типінің артықшылығы мен кемшілігін сызба түрінде көрсетіңдер. Еліміз үшін оның қайсысы қолайлы? Неліктен?

#### Қазақстанның негізгі демографиялық көрсеткіштері

2017 жылы елімізде 17918214 адам болды. 2018 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 18157337 адамды құрады.

2017 жылы 390262 бала туылып, 129009 адам қайтыс болды.

Ішкі көші-қонда жаңа орынға 946415 адам көшіп келсе, 968545 адам көшіп кетті. Сыртқы көші-қонда елімізге 15595 адам келіп, 37725 адам шегарадан тыс кетті.

**Халықты жас ерекшелігі бойынша топтарға бөлу.** 2018 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстан халқы жас ерекшелігі бойынша төмендегідей бөлінді (17-кесте):

17-кесте

## Қазақстан халқының жас ерекшелігі бойынша құрылымы

Жас санаты	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
0	387 357	200 095	187 262
1-4	1 564 397	806 178	758 219
5-9	1 789 160	918 659	870 501
10-14	1 368 612	703 396	665 216
15 - 19	1 115 081	570 445	544 636
20 - 24	1 283 918	653 809	630 109
25 - 29	1 590 949	789 977	800 972
30 - 34	1 519 070	751 592	767 478
35 - 39	1 268 564	624 584	643 980
40 - 44	1 150 288	555 772	594 516
45 - 49	1 070 014	511 162	558 852
50 - 54	1 015 469	475 907	539 562
55 - 59	981 581	445 471	536 110
60 - 64	724 939	310 573	414 366
65 - 69	536 021	211 598	324 423
70 - 74	261 088	97 418	163 670
75 - 79	288 503	93 716	194 787
80 - 84	155 662	47 477	108 185
85 - 89	62 894	16 655	46 239
90 - 94	19 517	5 144	14 373
95 - 99	3 382	1 223	2 159
100+	871	447	424



1. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, дүниежүзіндегі халқының саны бойынша Қазақстанның орнын анықтаңдар. 17-кестедегі мәліметтер бойынша еліміздің типологиядағы орнын айқындаңдар.



2. Еліміздегі халық тығыздығын есептеңдер және қосымша деректердің негізінде осы көрсеткішке қарап әлем бойынша еліміздің орнын анықтаңдар. 2-кестенің мәліметтері бойынша типология бойынша еліміздің орнын айқындаңдар. Қазақстан халқы тығыздығының көрсеткіші орташа әлемдік мәнше жақын болса, халық саны қанша болар еді?



3. Бала туылу, өлім-жітім және табиғи өсім коэффициенттерін есептеңдер. 3, 4, 5 кестелердегі мәліметтерді пайдаланып, осы көрсеткіштерге баға беріңдер.

4. Ішкі және сыртқы көші-қон сальдосын есептеңдер.



5. 8-кесте бойынша жыныс-жас ерекшелігі пирамидасын салыңдар, 1-кесте негізінде халықтың жас ерекшелігі құрылымының типін және демографиялық пирамида типін анықтаңдар.

6. Жұмыс күшіне түсетін демографиялық жүктемені есептеңдер. 6-кестенің көмегімен демографиялық қартаю кезеңін анықтаңдар. 7-кестенің көмегімен Қазақстан халқының жас ерекшелігі құрылымының қолайлылығын айқындаңдар.

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстан үш тілділік саясатын ұстанады, мұнда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын – жаһандық экономикаға табысты қосылу тілі.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Топпен жұмыс жасау.

1. Демографиялық мәселелерді шешу бойынша өз нұсқаларыңды ұсыныңдар.

Демографиялық көрсеткіш	Мәні	Әлемдегі немесе бағалау шкаласының көрсеткіштеріндегі орны	Салдары	Шешімі
Халық саны				
Халықтың тығыздығы				
Бала туылуы				
Өлім-жітім				
Табиғи өсім				
Жыныстық құрамы				
Жас ерекшелігі құрамы				
Ішкі көші-қон сальдосы				
Сыртқы көші-қон сальдосы				
Жас ерекшелігі құрылымы мен жас ерекшелігі пирамидасының типі				
Демографиялық қартаю кезеңі				
Демографиялық жүктеме				

44-45

## Қазақстандағы елді мекендер. Ойконимдер

### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстанның елді мекендерін жіктеу;
- елді мекендердің түрлері мен функционалдық зоналарын сипаттау;
- Қазақстандағы ойконимдердің жіктелімі негізінде олардың мағынасын түсіндіру және олардың үш тілдегі транслитерациясын ұсыну;
- Қазақстанның елді мекендерінің мәселелерін жіктеу негізінде оларды шешу жолдарын ұсыну.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- елді мекендердің типі және атқаратын қызметі;
- елді мекендердің жоспарлануы;
- елді мекендердің географиялық атауларының ерекшеліктері;
- елді мекендерді дамытудың басты мәселелері.

ЕЛДІ МЕКЕН      ҚАЛА      АУЫЛ      ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ  
ОЙКОНИМ      ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Елді мекендердің типтері.** **Елді мекен** – бұл құрылыс жүргізілген бір жер телімінің шеңберінде тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттар, мәдени-тұрмыстық құрылыстар тұрғызылған, адамдар тұрақты тіршілік ететін жер. Елді мекеннің басты белгісі – оның тіршілік ету орны ретінде тұрақты пайдаланылуы. Тұрғындарының саны 50 адамнан кем болмауы тиіс (Қазақстанда). Ол елді мекен ретінде жергілікті билік орындарында есепке алынған және тіркелген болуы қажет.

Өнеркәсіптік жұмыстардың ауылшаруашылық жұмыстарынан бөлінуі, бір-біріне мүлде ұқсамауы елді мекеннің негізгі екі түрінің – қалалық және ауылдық елді мекендердің пайда болуына алып келді.

**Қала** көліктік, өнеркәсіптік, сауда, мәдени және әкімшілік пен саяси жұмыстарды орындайды. Қала бір немесе бірнеше жұмысты қатар атқаруы, яғни *біратқарымды* немесе *полиатқарымды* болуы мүмкін. Қазақстанда қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарының немесе еңбекке жарамды тұрғындарының көпшілік бөлігі бір ғана саланың немесе шикізат түрінің бір немесе бірнеше кәсіпорнында шоғырланған болса, мұндай қалалар біратқарымды қалаларға жатады. Қаланың әл-ауқаты толықтай осы зауыттар мен фабрикаларға тәуелді болады.

**Ауыл** аграрлық жұмыстарды атқарады. Атқаратын қызметі бойынша да, тұрғындарының саны бойынша да аралық орынды **кенттер** алады. Кент тұрғындарының көпшілік бөлігі ауылшаруашылығымен айналыспайды.

Қазақстанда 87 қала, 35 кент және 6982 ауылдық елді мекен бар.

Ең үлкен кент – Қызылорда облысындағы Әйтеке би кенті, тұрғындарының саны 40 000-нан асады. Ең кішкентай қала – шамамен 1900-дей тұрғыны бар Ақтөбе облысындағы Жем қаласы.

Қалалардың, кенттер мен ауылдардың негізгі сипаттамалары сәйкесінше 18 және 19-кестелерде берілген.

18-кесте

**Маңыздылығы бойынша қалалардың жіктелімі**

Қалалар		
Республикалық маңыздағы	облыстық маңыздағы	Аудандық маңыздағы
Тұрғындары 1 000 000 адамнан асады. Айрықша мемлекеттік маңызға ие	Тұрғындары 50 000 адамнан асады. Ірі экономикалық және мәдени орталықтар, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар.	Тұрғындары не менее 10000 адамнан кем емес. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылықтар, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және мәдени-ағарту, емдеу және сауда объектілерінің дамыған желісі бар.

19-кесте

**Кенттер мен ауылдық елді мекендердің басты сипаттамалары**

Кенттер	Ауылдық елді мекендер		
Қала құрамында	Кентке теңестірілген	ауыл	Шаруашылық және басқа да қоныстар
Тұрғыны 3000 адамнан кем емес. Өнеркәсіптік кәсіпорын, құрылыс орындары, темір жол стансылары мен басқа да экономикалық маңызды объектілер жанындағы елді мекендерді қамтиды.	<i>Шипажай кенттері.</i> Тұрғыны 2 мың адамнан кем емес. <i>Саяжай кенттері</i> – адамдардың жазда демалатын орындары	Тұрғыны 50 адамнан кем емес. Тұрғындарының жартысы ауыл, орманшаруашылығымен және аңшылықпен, балық аулаумен және балық өсірумен айналысады, бір бөлігі – денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салаларында еңбек етеді.	Тұрғыны 50 адамнан кем емес. Жақын жердегі елді мекеннің құрамына кіреді.

**Үлкен қалалар**, аталған қызмет түрлерінен басқа материалдық және рухани құндылықтарды, ақпараттарды жинақтайды. Олар сол аймаққа, бүкіл және тіптен көршілес елдердің шегаралас аумақтарына да маңызды саяси, экономикалық немесе мәдени тұрғыдан әсер етеді.

**Кіші және орташа қалалар** ауылға орналастыруды қайта жасауда, өзгертуде маңызды рөл атқарады, ол – қалалар мен ауылдар арасындағы айырмашылықтарды жою құралы. Шамадан тыс ұлғаюу қауіпі төнген ірі қалалардағы адам санын реттеуге қатысады.

**Ауыл** – тарихи тұрғыда қалыптасқан қауымдық-әлеуметтік ұйымдасқан елге қоғамның, өмір салтының, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қорғаушысы. Оның тұрғындары өнегелілікті сақтау және нығайтуға үлкен үлес қосады, демографиялық қызмет атқарады – халық санының ұдайы өсуін, бала туылу санының артуын қамтамасыз етеді. Ауыл агробизнесінде экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, жердің тиімді пайдаланылуына, табиғи және мәдени ландшафттардың сақталуына септігін тигізуге өз үлесін қосады.

1. Елді мекенді қала, кент немесе ауыл деп тануда экономиканың қандай секторы маңызды болып табылады?
2. Қай сфераның жұмысшылары мәртебесіне қарамастан кез келген елді мекенде кездеседі? Неліктен?
3. Сен тұратын елді мекеннің мәртебесі қандай және неліктен? Ауыл мәртебесін қала мәртебесіне және т.б. қалай көтеруге болады?

**Елді мекендерді функционалдық аймақтандыру.** Функционалдық аймақтандыру елді мекеннің түрлі бөліктерін пайдалану сипатындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін көптеген елді мекендер іргетасын қалаған кезде және кейіннен даму барысында: тұрғын, өндірістік және рекреациялық функционалдық аймақтарға бөлінген.

**Тұрғын аймақ** санитарлық-қорғаныс аймақтарының құрылымын, ішкі жол қатынастарын, көшелер мен алаңдарды, саябақтар мен бақтарды, бульварлар мен басқа да ортақ қолданыс орындарын талап етпейтін, тұрғын үй қорын, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, ғылыми-зерттеу институттары мен кешендерін, сонымен қатар жекелеген коммуналдық және өнеркәсіптік объектілерді орналастыруға арналған.

**Өндірістік аймақ** өндірістік кәсіпорындарды және олармен байланысты объектілерді, тәжірибелік өндірістері бар ғылыми мекемелер кешенін, коммуналдық-қойма объектілерін, сыртқы транспорт құрылыстарын, ішкі қатынас жолдарын орналастыруға арналған.




*Рекреациялық аймақ* ормандарды, орман саябақтарын, орман қорғау аймақтарын, суқоймаларын, ауылшаруашылығына пайдаланылатын жерлерді және басқа да қоныстарды қамтиды.

Кіші және орташа елді мекендердің аумағындатұрғын және өндірістік аймақтарды, ал аумақтары үлкендерінде іс жүзінде бәрін бөледі.

**Елді мекендерді жоспарлау.** Елді мекендерді жоспарлау құрылымы негізгі функционалдық аймақтар мен олардың арасындағы байланыс жүйесін өзара орналастыруда көрініс табады.

Қазақстанның елді мекендері, ереже бойынша, сызықтық, шахмат тақтасы (төртбұрышты), күлте тәрізді, иррационалдық (еркін) жоспарлау құрылымдарына ие (**11-сурет**).



**11-сурет.** Қазақстан қалаларының жоспарлау құрылымы

*Төртбұрышты құрылымда* көшелер тік бұрыш жасап қиылысады. Бұл аумақты біркелкі игеруге мүмкіндік туғызады. Шахмат тақтасы тәрізі құрылымның артықшылығы көлік ағынын біркелкі үлестіруге мүмкіндік алу болып табылады. Мұндай жоспарлауда телімдерді меже-леу оңайға түседі.

Алайда қиылысатын көшелер санының көптігі көліктің жүретін жолын ұзартып, жүрісін арттырады. Шахмат тақтасы тәрізді сызба елді мекеннің орталық өзегінің айқын көрінуін және тұрғын аудандарының орталық жүйесін қалыптастыруды қиындатады.

*Сызықтық жоспарлауда* елді мекен сызықтық объектіні (жағалау, тау жүйесі, магистраль және т.б.) бойлау созыла орналасады.

Елді мекеннің негізгі объектілері негізгі магистральді немесе бірнеше параллель магистральдерді бойлай орналасады. Мұндай жоспарлау қозғалыс шығынын азайта отырып, ыңғайлы көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. Алайда, елді мекеннің өсуіне байланысты, құрылыс салу жолағы ұзарғанда аумақтың айтарлықтай бөлігі орталықтан өте қашықта қалады, қаланың жекелеген бөліктерінің арасындағы арақашықтық айтарлықтай алшақтайды.

*Көпөзекті (күлтелі) жоспарлауда* бірнеше қала орталықтары қалыптасып, осылайша елді мекен жайыла орналасады. Оның артықшылығы елді мекеннің қандай да бір бөлігіне артық мөлшерде жүктеме түспеуі болып табылады. Кемшіліктеріне елді мекеннің бөліктері арасындағы бірнеше нашар немесе қиындық туғызатын көлік қатынасын, аумағының біркелкі игерілмеуін жатқызуға болады.

*Иррационалдық жоспарлауда* елді мекеннің қандай да бір геометриялық пішіні болмайды, құрылыс салу еркін түрде жүзеге асырылады. Мұндай құрылымның артықшылығынан гөрі кемшіліктері көп болады.

Қазақстанның елді мекендерінде аралас (біріктірілген) құрылым да болуы мүмкін, мұндай жағдайда олардың бірі жетекші рөл атқарады.

Елді мекендердің құрылысын салу және дамытуда маңызды міндет – көшелердің, өтпелер мен жаяу жүргінші жолақтарының тиімді желілерін құру, олар кенттің негізгі аймақтарының өзара бір-бірімен, сонымен қатар елді мекеннен тыс жерлерде орналасқан түрлі объектілермен және кешендермен, сыртқы жолдардың желілерімен ең қысқа жолмен байланысуына арналған шарттарды қанағаттандыруға мүмкіндік беруі қажет. Бір тұрғынға шаққанда көшелер мен өтпелердің ұзындығы қаншалықты кішкентай болса, кенттің абаттандырылуы соншалықты арзан болады. Елді мекендердегі көшелер мен өтпелер мынадай топтарға бөлінеді: басты көшелер (елді мекеннің негізгі элементтерін, қоғамдық орталықты, тұрғын үй құрылысын және өндірістік аймақты жалғастырады); адамдар тұратын көшелер (тұрғын үй құрылысы топтарынан басты көшеге бағытталған); шаруашылық өтпелер (шаруашылық аулалары мен алаңдарын сыртқы жолдармен, жеке қосалқы шаруашылықтардың қосымша телімдерімен және сарайлардың бөлімдерімен байланыстырады); жаяу жүргіншілерге арналған жолдар мен

аллеялар (тұрғын үйлер топтамалары, қоғамлық орталық, басты көше, қоғамдық және коммуналдық қызмет көрсету мекемелерінің арасындағы байланысты қамтамасыз етеді).

Еркін картасызбада өздерің тұратын елді мекеннің немесе ірі қалада тұратын болсаңдар, өздерің тұратын бөлігінің жоспарлау құрылымын көрсетіңдер. Оған басты көшелерді, қоғамдық орталықты, тұрғын үйлер көшесін және басқа да маңызды элементтерді жазыңдар. Артықшылықтары мен кемшіліктерін дәлелдей отырып, осындай құрылыстың логикасын түсіндіріп көріңдер.

### Ойконимдер

Ойконим – топонимнің бір түрі, кез келген елді мекеннің, оның ішінде ауылдық (комонимдер) және қалалық (астионимдер) елді мекеннің өзіндік атауы.

Елді мекеннің атауы жаратылыстану-географиялық сипатта (геогендік ойконимдер) және мәдени-тарихи сипатта (антропогендік ойконимдер) болады.

Жаратылыстану-географиялық сипаттағы ойконимдер аумақтың табиғи ерекшеліктерін көрсетеді.

Мәдени-тарихи сипаттағы ойконимдерге адамдардың өз аттары мен лақап аттарына, халықтың әлеуметтік құрамына, адамдардың діни-ғқыртық лексикасына, шаруашылық және әлеуметтік тіршілігіне қатысты атаулар жатады. Олардың мәнін анықтау кезінде тарихи фактілерді есепке алу қажет.

Топонимдердің бір бөлігінің құрамындағы индикаторларға қарап, елді мекен жайлы сөз болып отырғанын анықтауға болады. Оларға: *-стан* – жер, ел; *-кент/канд* – елді мекен; *-ауыл*; *-қорған, төбе*; *-қала* жатады.

Елді мекендерде урбаноимдар бар – елді мекеннің ішінде орналасқан объектілердің атаулары, оның ішінде: агоронимдер – қала алаңдары мен базарларының атаулары, годонимдер – көше атаулары, хоронимдер – жекелеген ғимараттардың атаулары бар.

Қазақстанның тарихи даму жолы қазақ және орыс ойконимдерінің қалыптасуы мен функционалдық өзара әрекеттесуіне жағдай туғызды, ол тығыз этносаралық байланыстың нәтижесінде пайда болды. Бұрындары қазақ топонимиясында шын мәнінде, елді мекендердің атауларының құрамында анторпонимдердің мүлде болмағаны байқалады.

Қазіргі уақытта елімізде елді мекендердің атауларын қазіргі атауларымен байланыстыра қайта атау үдерісі жүріп жатыр:

- бұрмаланған қазақша атаулар (мысалы, Шағалалы атауының Чаглинка аталуы);
- ескі идеологияны білдіретін атаулар (Октябрьское, Комсомол);
- қайталанатын немесе «тираждалған» атаулар (мысалы, Алматыда 2018 жылдың желтоқсанында 13 көше Абая атында болып тұрды);

**1. Өздерің тұратын облыстың ойконимдеріне талдау жасаулар. Олардың атын атап, кестеге жазыңдар:**

- табиғи жағдайлар мен үдерістерді көрсететін атаулар (оронимдік; гидронимиялық; фитотопонимдер; топырақ-ыzasулық топонимдер; күн райы-климаттық топонимдер; зоотопонимдер);
- антропотопонимдер (адамдардың аттары немесе қызметінің атауы);
- өндірістік топонимдер;
- сауда-көлік;
- қоныс типі;
- этнотопонимдер (халық немесе тайпа атауы бойынша);
- мемориалдық топонимдер (бір адамның құрметіне немесе қандай да бір оқиғаны есте қалдыру мақсатында);
- діни-ғұрыптық топонимдер;
- мигрант-топонимдер (басқа өңірлерден енген атаулар);
- басқатопонимдер (қандай да бір топқа қатысы жоқ немесе түсіндіруге келмейтін)

Қорытынды жасаңдар.

**2. Өздерің тұратын өлкенің кем дегенде 5 ойконимінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде транслитерациясын беріңдер. Қазақша атауының латын әліпбиі негізіндегі әріптермен жазылу нұсқасын ұсыныңдар.**

### **Қазақстандағы елді мекендердің мәселелері**

**Қалалардағы мәселелер.** Еліміздегі барлық кішігірім қалалардың іс жүзіндегі негізгі қиындықтары: өндірістің ұзақ уақыт құлдырауы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуі; осы қалалардың тұрғындарының көшуі; бюджеттік қаражат пен инвестициялардың жетіспеуі; әлеуметтік сала объектілерін қамсыздандыру мәселелері; нашар көлік қатынастары, тұтынушылардың төлем қабілетінің төмендігінен электр энергиясымен және жылумен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Тау-кен өндіруге маманданған бірқатар қалаларда минералдық-шикізат ресурстарын өндірудің төмендеуі немесе тоқтауы нәтижесінде жұмыс орындарының саны айтарлықтай қысқаруы, білікті кадрлардың көшіп кетуі орын алуда, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылым жағдайының қиындауына байланысты бірқатар қиындықтар асқытуда.

Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындар экономикасының негізін құрайтын қалалар да ауыр жағдайды бастан өткеруде. Оларда дамыған инфрақұрылым, құрылыс базасы, білікті кадрлар жоқ.

**Ірі қалалардың мәселелері.** Ірі қалаларда көші-қон қысымы артуда. Бұл экологиялық мәселелердің шиеленісуін, жұмыссыздықтың артуын, өмір сүрудің қымбаттауын, тұрмыстық қиындықтарға, табиғи ресурстардың (жер, су) жеткіліксіздігіне, тіршілікті қамтамасыз ететін, көлік, әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуын немесе жеткіліксіздігін, қауіпсіздіктің төмендеуін және т.б. туындатады.

**Ауылдағы мәселелер.** Депрессиялық ауыл аймақтары тұрмыстық тауарлар нарығынан алшақта орналасады, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымы нашар, табиғи, климаттық және экологиялық жағдайлары жағымсыз болады. Экономиканы одан әрі дамыту, халықты жұмыспен қамту және өмір сүру деңгейін жақсартудағы қиындықтар тұрғындардың көшуіне алып келеді, бұл аймақтың экономикалық әлеуетін нашарлатады. Нәтижесінде ауыл тұрғындары одан әрі қартайып, оның өндірістік әлеуеті бұзылады.



1. Халық саны ел аумағының өлшеміне тура пропорционал болып табыла ма? Жауаптарыңды дәлелдермен растаңдар.



2. Халық тығыздығының жоғары, орташа және төмен болуының артықшылықтары мен кемшіліктерін сызба түрінде көрсетіңдер. Біздің еліміз үшін халық тығыздығының қандай болғаны тиімді?



Неліктен?

3. Демократиялық мемлекет бала туылу, адам өлімі мен табиғи өсім көрсеткіштеріне тікелей әсер ете ала ма? Жанама әсер қалай көрініс табады?

**ГЕОДЕРЕК.** Моноқалалар әлеуметтік-экономикалық жағдайларына қарай үш топқа бөлінеді: 1) салыстырмалы түрде қолайлы – Абай, Ақсай, Ақсу, Балқаш, Жаңаөзен, Жезқазған, Жітіқара, Зырян, Қаражал, Құлсары, Курчатов, Лисаковск, Риддер, Рудный, Сәтбаев, Теміртау, Хромтау, Шахтинск, Екібастұз; 2) аздап қолайлы – Арқалық, Жаңатас, Қаратау, Сарань, Степногорск; 3) қолайсыз – Кентау, Серебрянск, Текелі.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Қосымша ақпарат көздерінің көмегімен өздерінің өмірлік тәжірибелеріңді қолданып, «+» и «-» таңбаларымен елді мекендерде қызмет түрлерінің бар-жоқтығын көрсетіңдер. Қорытынды жасаңдар.

Қызметі	Түсіндірме	Қала	Кент	Ауыл
демографиялық-орналастыру				
өкімшілік-басқару				
өндірістік (материалдық игіліктердің болуы)				
әлеуметтік-тұрмыстық				
білім беру-мәдени				
инновациялық және ғылыми-техникалық				
сыртқы экономикалық				
сауда-үлестіру				
ақпараттық				
көлік-коммуникациялық				
рекреациялық-туристік				
спорттық-сауықтыру				
әлеуметтік-экологиялық және табиғат қорғау				

2.«Елді мекендердің мәселелері» тақырыбы бойынша «мәселелері», «себептері», «салдары, шешу жолдары» тәрізді санаттармен бір қаланың, кенттің және ауылдың интеллект-картасын (mind map) әзірлеңдер.

Көзге көрінетін бейнелерін, түрлі түстерді, суреттер мен символдарды пайдаланыңдар. Симметрияны сақтаңдар. Интеллект-карталарда сол жағында әдетте өткен уақытты, оң жағында – алдағы уақытты белгілейді.

**3. Өмірде және бұқаралық ақпарат құралдарында белгілі бір елді мекеннің тұрғындарын дұрыс атау мәселесі жиі туындайды. Тұрғылықты жерінің атауы бойынша тұрғындарын белгілеуге арналған сөз катойконимм деп аталады. Өз қалауларың бойынша бірнеше елді мекендердің қазақ және орыс тілдеріндегі катойконимдерінің айтылу ерекшеліктерін көрсетіңдер.**

**4. Топпен жұмыс.** Жердің географиялық ерекшелігін міндетті түрде есепке алып, өздерің тұратын жерге орналасуы мүмкін мінсіз елді мекеннің моделін жасаңдар. Сонымен қатар өздерің тұратын жердің шынайы сипатын (ойконимдер, жоспарлы құрылымы, функционалдық аймақтары) елемеуге болады.

Модельде жоспарлау құрымыны, функционалдық аймақтарды, елді мекеннің атауын, көшілерін және басқа да объектілерін көрсетіңдер. Жасаған моделің қандай мәселелерді болдырмайды? Қандай мәселелерден құтылу мүмкін болмайды? Олардың салдарын қалай төмендетуге болады?

Жасаған моделіңнің шынайылықтан қаншалықты айырмашылығы бар? Ұқсастықтары қандай?

Өз моделіңді сыныпта таныстыр.

## Қазақстандағы кенттену үдерісі

### Сабақ мақсаты:

- кенттенудің себептері мен салдарын түсіндіру негізінде соған қатысты мәселелерді шешу жолдарын ұсыну;
- Қазақстандағы кенттену үдерісіне баға беру.

### Білу қажет:

- Кенттену дегеніміз не?
- Кенттену үдерісі қандай кезеңдерден тұрады?
- Кенттену аумақтың келбеті мен тұрғындарының өмір сүру салтын қалай өзгертеді?
- Кенттенудің дамуының басты мәселелері.

ҚАЛА КЕНТТЕНУ ҚОСАЛҚЫ КЕНТТЕНУ  
ЖАЛҒАН КЕНТТЕНУ ҚАЛАЛАРДА ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Қалалардың аумақтарының ұлғаюы, қала тұрғындары санының артуы және қалалық тіршілік салтының кеңінен таралуы кенттену деп аталады.

**Кенттену себептері.** Жақын жатқан ауылдар мен кішігірім қалалар тұрмыстық және мәдени мәселелер бойынша ірі қалаларға жиі барады. Қазіргі кезде кенттенудің басты себептері мыналар:

- ірі қалаларда өнеркәсіп өндірістерінің дамуы.
- ауылдық жерлерде жұмыс күшінің артық болуы.
- ауылдық жерлермен салыстырғанда үлкен қалаларда өмір сүру жағдайларының әлдеқайда қолайлы болуы
- ауқымды қала маңы аймақтарының қалыптасуы.

**Кенттенудің артықшылықтары.** Тұрғындардың көпшілігі бөлігі ірі қалаларда тіршілік етеді және оған себепші болған кенттенудің жағымды жақтары:

- еңбек өнімділігінің артуы
- ғылыми зерттеулер мен тынығуға арналған орындардың бар болуы;
- ғылыми зерттеу мен демалыс орындарын құру;
- білікті медициналық көмек;
- санитарлық-гигиеналық жағдайлар.

Кенттену үдерісі екі кезеңнен тұрады.

Біріншісінде ауыл тұрғындары қалаға ауысады, қалалардың саны өседі, ірі қалаларда экономикалық және мәдени әлеуеттің шоғырлануы мен жинақталуы орын алады.



Екінші кезеңде қала мәдениетінің стандарттары бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен (теледидар, радио, баспасөз басылымдары, ғаламтор) кеңінен тарала бастайды және кішігірім қалалармен ауыл тұрғындары меңгереді.

Дүниежүзіндегі елдер мен аумақтар кенттену деңгейі бойынша төмендегідей топтарға бөлінеді (20-кесте):

20-кесте

**Кенттену деңгейі бойынша аумақтардың шәкілі, (%)**

Жоғары кенттену	Орташа кенттену	Төмен кенттену
50% -дан жоғары	20-50%	20% -ға дейін

Қазақстан аймақтарында сонымен қатар кенттену деңгейінде айырмашылықтар байқалады (21-кесте).

21-кесте

**2018 жылдың басындағы Қазақстан Республикасындағы ауыл және қала тұрғындарының саны  
(ҚР Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша)**

Аймақ	Тұрғындардың саны, адам	Қала тұрғындары, адам	Ауыл тұрғындары, адам
Қазақстан Республикасы	18 157 337	10 423 569	7 733 768
Ақмола облысы	738 942	348 685	390 257
Ақтөбе облысы	857 711	545 312	312 399
Алматы облысы	2 017 277	464 453	1 552 824
Атырау облысы	620 684	296 902	323 782
Батыс Қазақстан облысы	646 927	333 263	313 664
Жамбыл облысы	1 117 220	443 896	673 324
Қарағанды облысы	1 380 538	1 099 146	281 392
Қостанай облысы	875 616	472 807	402 809

Қызылорда облысы	783 156	346 193	436 963
Маңғыстау облысы	660 317	269 243	391 074
Түркістан облысы және Шымкент қ.	2 929 196	1 341 014	1 588 182
Павлодар облысы	754 854	533 477	221 377
Солтүстік Қазақстан облысы	558 584	250 850	307 734
Шығыс Қазақстан облысы	1 383 745	845 758	537 987
Астана қ.	1 030 577	1 030 577	–
Алматы қ.	1 801 993	1 801 993	–



1. Өмірден алынған оқиғалар негізінде ауыл тұрғандарының қалаға көшіп келу себептерінің тізімін жасаңдар.

Оларды өз өмірлеріңнен немесе тағыстарының өмірінен алынған себептермен растаңдар. Оларды түрлі топтарға бөліңдер.

2. Өмірден алынған фактілер негізінде қалада өмір сүруге қызықтыратын (тартатын) артықшылықтардың тізімін жасаңдар. Оларды түрлі топтарға бөліңдер.

3. Сендердің ойларыңша, қала мәдениетінің стандарттарына не жатады?

4. Қала мәдениеті мен қаланың тіршілік салтының элементтері ауылдық елді мекендерге де тиесілі екендігіне мысал келтіріңдер.

5. Қазақстанның өңірлеріндегі кенттену деңгейін есептеңдер. Алынған нәтиже бойынша өңірлердің рейтингін көрсететін диаграмма сызыңдар.

**Қала агломерациясы.** Кенттену тұрғындарды орналастыру сипатын күрт өзгертті – оның нүктелік формасы агломерацияға алмасты және кенттенген аумақтар қалыптасты.

**Агломерация** – тығыз орналасқан өндірістік, еңбек, мәдени-тұрмыстық, рекреациялық қарым-қатынастармен біріктірілген, бір-біріне жақын жатқан қалалар, ауылдар мен кенттер тобы. Құрлықтың қала типті елді мекендер және олармен байланысқан өндірістік, көліктік және инженерлік құрылыстар орналасқан жерлерін **кенттенген аумақтар** деп атау қабылданған.

Қала агломерациясының өлшемдері:

- кем дегенде 250 мың тұрғыны бар ядроның бар болуы;
- ядроның маңында кем дегенде 2 қалалық елді мекеннің бар болуы;
- халық тығыз орналасқан аумақтардың (қалалардың, кенттердің, елді мекендердің) негізгі қалаға (қала ядросына) құрылыс арасында бос жер қалмай, тікелей жанасып (тұтасып) жатуы ;
- агломерациядағы құрылыс жүргізілген (кенттенген) аумақтардың ауданы ауылшаруашылығы алқаптарының ауданынан асып кетеді;
- жаппай еңбек, оқу, тұрмыстық, мәдени және рекреациялық қозғалыстар (қатынамалы көші-қон) – агломерацияның қаласы және елді мекендерінде тұратын еңбекке қабілетті тұрғындары санының кем дегенде 10-15%-ы ядро-қалада жұмыс істейді;
- көлікке қолжетімділік – агломерацияның шеткі жақтарынан қаланың орталығына дейін жету уақыты 1,5 сағаттан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасында төрт қалалық агломерация қалыптасып келеді. Олардың сипаттамасы 22-кестеде келтірілген.

22-кесте

### Қазақстанның қала агломерациясы

Агломерация	Аумақ құрамы
Астана	Астана қаласы, Ақмола облысының Аршалы, Целиноград, Шортанды, Ақкөл аудандары
Алматы	Алматы, Қашпағай, Қаскелен, Талғар, Есік қалалары, Алматы облысының Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандары
Шымкент	Шымкент, Арыс қалалары. Түркістан облысының Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Төлеби және Түлкібас аудандары.
Ақтөбе	Ақтөбе, Алға, Қандыағаш, Хромтау қалалары, Ақтөбе облысының Алға, Қобда, Мөртөк, Мұғалжар, Хромтау аудандары

Кенттенген аумақтардың қалыптасуына қосалқы кенттену үдерісі – қала маңындағы аумақтардың дамуы да мүмкіндік туғызады. Тұрғындардың бір бөлігі тұрғын үйлердің бағасының қымбаттығынан, қаладағы халықтың көптігі мен тұрғын үйлер сапасының тозуынан шаршағандықтан, өткір экологиялық мәселелерден, бұзақылық пен басқа да тұрткіжайттардан өзін аулақ ұстауға тырысып, қала сыртындағы елді мекендерге көшіп баруға шешім қабылдайды. Азаматтарды қала сыртында тұратын адамдардың жеке өз үйінде тұруы, таза экология қызықтырады. Қала сыртындағы тұрғын үйлердің бағасы салыстырмалы түрде төмен болады.

Қосалқы кенттенудің қажетті шарты – тұрғылықты жері мен жұмыс орны арасындағы тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік қозғалысын дамыту, өйткені қала сыртына қоныс аударғандардың көбісі қала ортасындағы жұмыс орындарында жұмыс істеуін жалғастырады (орталық іскерлік аудандарда).

Осылайша, қала маңында таңдаулы кенттер немесе кішігірім қалалар жүйесі пайда болады, өйткені ондай жерлерде белгілі бір табыс деңгейі бар халық тобының ғана тұрғын үйлері болады.

**Қала агломерациясы мен кенттенген аумақтардың артықшылықтары.** Белгілі бір аумақта халық шоғырлануының жоғары болуына байланысты халық пен кәсіпорындардың қажетті экономикалық тығыздығы, тиімді тұтыну нарығы, дамыған көлік жүйесі қалыптасады. Білікті еңбек ресурстарының шоғырлануы жүзеге асады. Жоғары технологиялық өндірістердің, инновациялық сектордың жеделдетілген дамуы орын алады, ғылым мен бизнестің өзара бірлесе әрекет етуі қамтамасыз етіледі.

Экономикалық және еңбек әлеуетінің ауқымды шоғыры төмендегілермен қамтамасыз етеді:

а) ғылыми, өндірістік және мәдени ақпараттарға қолжетімділік, жұмыс түрін таңдау, білім беру, медициналық және мәдени мекемелерге бару мүмкіндігі;

ә) аймаққа ірі бизнестің келуі, сауданың заманауи форматының, болашағы бар тауар өндірісінің, тұтыну нарығы мен қызмет көрсету секторының пайда болуы;

б) адамдарды тез арада жұмыс табу мүмкіндігімен қамтамасыз ететін, олардың біліктілігі мен жеке мүдделерін қорғайтын сыйымды және алуан түрлі еңбек нарығының қалыптасуы;

в) агломерацияны өсудің болашағы бар полюстеріне айналдыру.



Карта және қосымша дереккөздерінің көмегімен дәлелдендер:

- біздің еліміздегі бір қала агломерациясының (3-кестеден өз қалаулары бойынша) ортақ қабылданған өлшемдерге сәйкестігін дәлелдендер. Жауаптарыңды дәлелдермен және фактілермен дәлелдендер;
- айтулы қала маңындағы елді мекендер мен қосылқы кенттенудің дамуы бар екендігін;
- жоғарыда келтірілген мәтіндегі а-в тармақтары бойынша оның артықшылықтарын дәлелдендер.

**Кенттену мәселелері.** Инфрақұрылымның дамуына қарағанда қала халқының саны жылдамырақ өседі.

Көптеген қала аймақтары ауылдық өңірлердің нашарлауы салдарынан өседі, бұл ауылдық өңірлердегі тұрмысы нашарлаған тұрғындарды жұмыс істеу үшін қалаға көшуге мәжбүрлейді. Әдетте адамдар келгендегі мақсаттарына қол жеткізе алмағандықтан, олар қаланың

кедей тұрғындарына айналады. Қалаға көшіп келгенде олар көбінесе төмендегідей мәселелерге тап болады:

– **Тұрғын үйдің болмауы.** Тұратын үйдің болмауы салдарынан көшіп келушілер, әдетте, көбінесе қаланың шетінен, мемлекетке тиесілі жерлерге баспана тұрғызады. Бұл жерлер, ереже бойынша, тіршілік етуге жарамсыз және қауіпті жерлер. Олар – жайылмалар мен өзен жағалаулары, тік беткейлер мен мелиорациядан кейінгі жерлер. Осының салдарынан қаланың **жұпыны шеткі түпкір жерлері** – заңсыз және апатты жағдайдағы, сонымен қатар, әдетте, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз бөлігі қоныстанған тұрғын алаптар пайда болады. **Жұпыны шеттердің** қалыптасу үдерісі географияда «**жалған кенттену**» атауына ие болған.

– **Қажетті инфрақұрылымның болмауы.** Ондай жерлердің тұрғындары көбінесе электр жарығынсыз, су құбырынсыз, көріз жүйесінсіз, жолсыз және басқа да коммуналдық қызметтерсіз өмір сүреді.

– **Мүліктік құқықтың болмауы.** Мұндай шеткері жерлерге заңсыз қоныстанған немесе тіркелмеген азаматтардың тұрып жатқан жерлеріне мүліктік құқығы болмайды, бұл несие алу барысында бұл жерлерді кепілге қоя алмайтынын білдіреді.

Мұндай шеткері аймақтардың тұрғындарының **ауруға шалдығу қаупі жоғары** болады. Олар тамақ жасау кезінде тазартылмаған отынды жағудан, арзанқолды плиталарды қолданудан туындаған ластанудан зарлап шегумен қатар, су мен көріз құбырларына қолжетімділігі болмайды, оларға ластанған қала ауасы, олардың өнеркәсіптік кәсіпорындардың пайдаланылған газы мен шығарындылары төрізді қазіргі кездегі экологиялық қауіптерді бастан өткерулеріне тура келеді.

Осы мәселелерді шешуге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларының мақсаттары мыналар:

- адекватты инфрақұрылым жүргізу, оның ішінде жол, тұрғын үйлер, электрмен қамсыздандыру желілері, сумен жабдықтау және көріз құбырлары, мектептер мен ауруханалар салу;

- шеткі аймақтарда заңды қоныстану жүргізу;

- қалалық басқаруды нығайту;

- халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының жағдайын жақсарту.

Қаланың өсуіне орай экологиялық мәселелердің саны да артады: қалалардағы ауа сапасының нашарлауы, көлік санының артуы, бұл жолдарда көліктердің мөлшерден тыс көп болуына және жол-көлік апаттары санының артуына әкеледі.

Қалалардың әлеуметтік мәселелеріне жұмыссыздықты, өмір сүрудің үнемі қымбаттауын, тұрғын үй мен инфрақұрылымның жетіспеуін, олардың тозуын немесе сыйымдылығының жеткіліксіз болуын, бұзақылықтың өсуін жатқызуға болады.

**Геодерек.** Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстандағы ауданы бойынша ең ірі қала Қостанай облысындағы Арқалық қаласы – 15587 км<sup>2</sup>. Салыстыру үшін: Алматы қаласының ауданы – 682 км<sup>2</sup>, Астананікі – 722 км<sup>2</sup>, Шымкенттікі – 1170 км<sup>2</sup>, Ақтөбенікі – 400 км<sup>2</sup>.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. «Қазақстандағы кенттену» тақырыптық картасын жасаңдар және онда кенттену деңгейі әртүрлі аумақтарды түрлі фонмен көрсетіңдер. Картасызбаны карталардың қосымша сипаттау элементтерімен – мәтіндермен, кестелермен, суреттермен, диаграммалармен және басқа да материалдармен өз қалауларың бойынша толықтырыңдар. Картасызбаны сыныпта таныстырып, түсіндіріңдер.
2. Төменде келтірілген қалалардың қайсылары алдағы уақытта агломерацияның ядросы болуы мүмкін? Кем дегенде үш қаланы мысалға келтіріңдер. Өз жауаптарыңды параграф мәтіндегі аргументтермен және қосымша дерек көздерінен алған фактілермен дәлелдеңдер. Осы қалалардың атауларының мағынасын түсіндіріңдер және олардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі транслитерациясын беріңдер.

Абай	Жаркент	Макинск	Текелі
Ақкөл	Жезқазған	Мамлютка	Темір
Ақсай	Жем	Павлодар	Теміртау
Ақсу	Жетісай	Петропавловск	Түркістан
Ақтау	Жітіқара	Приозёрск	Орал
Алтай	Зайсан	Риддер	Өскемен
Арал	Қазалы	Рудный	Үшарал
Арқалық	Қарағанды	Сарань	Үштөбе
Атбасар	Қаражал	Сарқанд	Форт-
Атырау	Қаратау	Сарыағаш	Шевченко
Аягөз	Қарқаралы	Сәтбаев	Шалқар
Байқоңыр	Кентау	Семей	Шар
Балқаш	Көкшетау	Сергеевка	Шардара
Булаево	Қостанай	Серебрянск	Шахтинск
Державинск	Құлсары	Степногорск	Шемонаиха
Ерейментау	Курчатов	Степняк	Шу
Есіл	Қызылорда	Тайынша	Щучинск
Жаңаөзен	Ленгер	Талдықорған	Екібастұз
Жаңатас	Лисаковск	Тараз	Ембі

3. Бұқаралық ақпарат құралдарына сүйеніп, қалалардың бірінің қиындықтарының тізімін жаса және оларды шешу жолдарына мысал келтір.

4. Кенттенуге қарсылық және қолдау білдіретін үш дәлел келтір.

1. Қазақстандағы қазақ тілді танымал блогерлердің бірі – Серік Ахметовпен болған сұхбатты оқып, ұсынылған бұл материалдың «Әлеуметтік география. Қазақстан халқы» тақырыбына қандай қатысы бар екендігі туралы тұжырым жасаңдар?

Мәтін [tengrinews.kz](https://tengrinews.kz/strange_news/ukladchika-asfalta-aytishniki-paren-aula-shel-svoe-mechte-341844/) және [express-k.kz](https://express-k.kz/news/zhizn_expert/chelovek_kazakhstanskoy_mechty-123063) ([https://tengrinews.kz/strange\\_news/ukladchika-asfalta-aytishniki-paren-aula-shel-svoe-mechte-341844/](https://tengrinews.kz/strange_news/ukladchika-asfalta-aytishniki-paren-aula-shel-svoe-mechte-341844/), [https://express-k.kz/news/zhizn\\_expert/chelovek\\_kazakhstanskoy\\_mechty-123063](https://express-k.kz/news/zhizn_expert/chelovek_kazakhstanskoy_mechty-123063)) ақпараттық порталдарынан алынып пайдаланылған материалдар негізінде өзірленген.

### АСФАЛТ ТӨСЕУШІДЕН АЙТИШІГЕ ДЕЙІН (АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ МАМАНЫ). АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖЕТКІНШЕК ӨЗ АРМАНЫНА ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Серік Ахметов – табысты IT-ші, Big Data саласының маманы, ол өзінің жеке компаниясын ғана емес, сонымен қатар алғашқы қазақстандық бағдарламалау мектебін құрушы, бірнеше әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырушы және бос уақытында мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек қолын созушы.

Сергей Ахметов аз уақыт ішінде асфальт төсеуші және аула сыпырушыдан сұранысқа ие бағдарламалаушыға дейінгі еңбек жолынан өткен. Ол өзін «қарапайым ауыл баласы» деп атайды.

Ол 1990 жылы Алматы облысы Кербұлақ ауданының Қызылжар ауылында дүниеге келген. Ауылда орыс мектебі болмағандықтан, Сергей қазақ мектебіне бірінші сыныпқа барған. «Менің шын атым төлқұжат бойынша Серік, мен қазақпын. Бірақ мені көбісі Сергей деп атайды. Менің әкем – қазақ, анам – орыс. Мектепке барғанға дейін мен тек орыс тілінде сөйледім. Мектепке барғаннан кейін де менде қазақ тілінен ешқандай қиындықтар болған жоқ. Тек басында орфографиядан аздап қиналдым. Ал қазір мен қазақ тілін жақсы білемін, домбыра ойнаймын. Менталдылық бойынша мен қазақпын. Шай ішкенді жақсы көремін, домбыра мен қобызда ойнаймын.

Мен алтыншы сыныпта оқып жүргенімде компьютерлер пайда болды. Информатика пәнінің мұғалімі Мақсат ағай менің IT-саласына деген қызығушылығымды оятты, мені үнемі қасына ертіп жүретін, тіпті олимпиадаға да бірге баратынмын, жазда мектепте ғаламторға кіруіме мүмкіндік беретін. Менің IT-ге деген қызығушылығым осыдан бастал-

ды. Мен ол кезде бос уақытымның бәрінде компьютер сыныбында болатынымын, сол жерден бағдарламалаудың алғашқы ілімін үйрендім. Сонымен бірге менде себеп те болды: менің ата-анам ерте қайтыс болды да, мен әжемнің қолында тәрбиелендім, ол кісіге көмектесу үшін мен көп нәрсеге қол жеткізгім келді. Мектеп бітірген соң Алматыға келдім. Ауыл қазіргі кезде ұмыт қалды десек те болады. Қалада үнемі түрлі нәрселер болып жатады, жеке бастың өсуіне мүмкіндіктер көп, ал ауылда ең көп дегенде екі-үш үйірме ғана бар. Ауылдан келген кезде қалаға бейімделу өте қиын болды, менің ойлауымның бәрі қазақша болатын.

Менің ол кездегі мақсатым ноутбук сатып алу болатын. Асфальт төсеумен айналысатын компанияға жұмысқа орналастым. Төрт ай ішінде біз Абылай хан даңғылына Абай көшесінен бастап Райымбек даңғылына дейін асфальт төседік. Ақша жинап, ноутбук сатып алдым».

Айтуы бойынша, ол ноутбукты диагностикаға апарған, сосын... компьютерлер мен ноутбуктарды жөндеуге қызығушылығы пайда болған. «Маған бұл қызық көрінді, мен өздігімнен ізденіп, курстарды жүктеп алып оқи бастадым. Мен ол кезде жатақханада тұратынымын және де сол жерде жұмыс істедім. Кейде таңертең аула сыпырушы болып қосымша ақша табатынымын. Өзімнің алғаш алған еңбекақым есімде. Ол 150 мың теңге еді. Компьютерді жөндеуден ең көп тапқан ақшам 900 мың теңге болатын».

«Менің жоғары білімім жоқ, күніне бірнеше сағатымды оқып-үйренуге жұмсай отырып, бәрін өзім үйрендім. Мен бұл тақырыпты ұзақ уақыт оқып, зерттедім. Сайттар, бағдарламалық қамсыздандыру жасай бастадым. Команда жинап, олармен бірігіп бағдарлама жаздық. Біздің ірі тапсырыс берушілеріміздің бірі қаржылық ұйымдар, банктер болды. Менде мықты ынта болды: Алматыда өзімнің пәтерім болған жоқ, мұнда келгеннен бастап пәтер жалдап тұрдым. Біз жақсы жұмыс істедік, ақшамыз да көбейе бастады, біздің команда айына 400–500 мың доллар табыс тапты. Мен пәтер, көлік сатып алдым, саяхатқа шыға бастадым.

Сол кездерден бастап біз деректермен жұмыс істеуді үйреніп, big data саласына ауысып кеттік. Бұл тақырып бізге өте қызықты болды, біз компанияны кеңейттік. Екеу болып бастап едік, қазір бізде 150 адамдай жұмыс істейді. Алматыда кеңсеміз бар, Астана мен Мәскеуде адамдарымыз бар, біртіндеп Украина мен Беларуське де кіріп жатырмыз. Сонымен қатар мен бүкіләлемдік кодинг академиясының материалдарын қазақ тіліне аударумен айналысамын. Мен жастардың оқығанын қалаймын. Мен оларға осы жағынан көмектесемін, жобалар жасаймын, материалдарды аударамын», – деп ол ойын аяқтады.



Өзінің әжесі туралы: «Әжем әлі де ауылда тұрады, Алматыда ол тұрғысы келмейді, бірақ ара-арасында қонаққа келіп тұрады. Біз оған Facebook-тен парақша ашып бердік, ол мені Instagram-нан қарап, бақылап отырады», – деді.

2. «Әлеуметтік география» бөлімінің параграфтарына сүйеніп, тест жаттығуларын орындаңдар.

**1. Қазақстандағы адамдардың ұлты:**

- а) мемлекет тағайындайды
- б) ата-анасының бірінің ұлты бойынша анықталады
- в) көрсетілмейді
- г) ата-анасына тәуелсіз, кез-келген ұлт бойынша анықталады
- д) тіл білуі бойынша анықталады

2. Ұлтаралық (аралас) неке – бұл төмендегідей этникалық үдерістің үлгісі:

- а) этносаралық нығайту
- б) этносішілік нығайту
- в) ассимиляция (үндесу, сіңу)
- г) этносаралық бірігу
- д) этногенез

**3. Әңгіменің басты кейіпкері:**

- а) ішкі мигрант
- б) ұйымдастырылған мигрант
- в) иммигрант
- г) эмигрант
- д) қатынамалы мигрант

**4. Басты кейіпкердің әжесі Алматы келу сипаты бойынша:**

- а) сыртқы мигрант
- б) ұйымдастырылған мигрант
- в) иммигрант
- г) эмигрант
- д) қатынамалы мигрант

**5. Басты кейіпкердің Алматыға қоныс аудару себебі:**

- а) әлеуметтік-экономикалық
- б) саяси
- в) әскери
- г) табиғи-климаттық
- д) жер аудару

**6. Басты кейіпкер ҚР жұмыс күшінің жас ерекшелік құрылымының ресми статистикасына төмендегідей жасқа жеткен соң енгізілген:**

- а) 10 жас
- б) 12 жас
- в) 16 жас
- г) 17 жас
- д) 20 жас

**7. Басты кейіпкер ҚР жұмыс күшінің жас ерекшелік құрылымының ресми статистикасына төмендегідей жасқа жеткенге дейін енгізіледі:**

- а) 63 жас
- б) 30 жыл үзіліссіз еңбек стажы болған жағдайда
- в) 58 жас
- г) 72 жас
- д) 90 жас

**8. Басты кейіпкердің туған ауылы төмендегідей рөл атқарады:**

- а) көлікқатынасы рөлі
- б) саяси рөл
- в) әкімшілік рөл
- г) аграрлық
- д) сауда

**9. Әңгіменің кейіпкері келген елді мекен төмендегідей:**

- а) республикалық маңызы бар қала
- б) облыстық маңызы бар қала
- в) аудандық маңызы бар қала
- г) қала типті кент
- д) өнеркәсіптік кент

**10. Әңгіменің кейіпкері тұрып жатқан елді мекеннің жоспарлық құрылымы мынадай:**

- а) сызықтық
- б) иррационалдық
- в) жапырақты
- г) шахмат тақтасы тәрізді
- д) еркін

**11. Әңгімеде кездесетін комоним:**

- а) Алматы
- б) Абылай хан даңғылы
- в) Кербұлақ ауданы

- г) Беларусь
- д) Қызылжар

**12. Әңгімеде кездесетін годонимдер:**

- а) Украина, Беларусь
- б) Кербұлақ ауданы Қызылжар ауылы
- в) Алматы, Астана, Мәскеу қалалары
- г) ауыл мен қала
- д) Алматыдағы Райымбек, Абылай хан және Абай даңғылдары

**13. Әңгіменің басты кейіпкері туып-өскен аймақ кенттену деңгейі бойынша төмендегідей:**

- а) кенттену жоғары
- б) кенттену орташа
- в) кенттену төмен
- г) кенттенген аумақ
- д) агломерация

**14. Әңгіменің кейіпкері тұрып жатқан елді мекен төмендегідей:**

- а) қала агломерациясы
- б) табиғи зона
- в) шеткі түпкір
- г) моноқала
- д) облыстық маңызы бар қала

**15. Кейіпкердің ауылдан қалаға көшіп келуі төмендегіні қамтамасыз етеді**

- а) табиғи өсім және сыртқы миграция
- б) механикалық өсім және кенттену
- в) бала туылу көрсеткішінің жоғарылығы және көші-қонның теріс сальдосы
- г) қосалқы кенттену және жалған кенттену
- д) табиғи өсім және өсудің кемуі

**16. Қалалық өмір салтының ауылда таралуын растайтын оқиға:**

- а) «Қазақша жақсы білемін, домбырада ойнаймын»
- б) «Біз әжеме Facebook-тен парақша ашып бердік, ол мені Instagram-нан қарап, бақылап отырады»
- в) «Менің Алматыда өз пәтерім болған жоқ, мен мұнда келген кезде ұзақ уақытқа дейін пәтер жалдап тұрдым»
- г) «Алматыда кеңсеміз бар, Астанада адамдарымыз бар»
- д) «Ауылда орыс мектебі болған жоқ, сондықтан Сергей бірінші сыныпқа қазақ мектебіне барды».

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.1. Табиғи ресурстар

48

#### Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті

**Сабақ мақсаты:**

- Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау.

**Білу қажет:**

- табиғи-ресурстық әлеует дегеніміз не екендігі туралы;
- Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау тәсілдері.

**ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ПОТЕНЦИАЛ**      **ТАБИҒИ-РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТ**  
**ТАБИҒИ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ**

**Табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау.** Кең мағынада *әлеует* – бұл барлық мүмкіндіктердің, қандай да бір облыстағы, саладағы, яғни жалпы мағынада «қосалқы» құралдар жиынтығы.

**Табиғи-ресурстық әлеует (ТРӘ)** – бір аумақтың табиғи ресурстарының, табиғат жағдайларының, құбылыстар мен үдерістерінің жиынтығы, олар адамның тіршілік ортасын сақтай отырып, қоғамның техникалық және әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне орай шаруашылық қызметінде қолданылады немесе шаруашылық қызметке нақты тартылуы мүмкін.

Табиғи-ресурстық әлеуеттің шамасы ресурстардың жекелеген түрлері әлеуеттерінің қосындысын білдіреді. Табиғи-ресурстық әлеует жалпы алғанда 8 негізгі дербес әлеуеттен тұрады (*1-сурет*):



1-сурет. Табиғи-ресурстық әлеует құрамы

Табиғи-ресурстық әлеуетті бағалау кезінде табиғи ресурстардың құрамы, мөлшері мен сапасы – маңызды көрсеткіш (12-сурет).



12-сурет. Табиғи-ресурстық әлеуетті бағалау көрсеткіштері

ТРӘ анықтау үшін аумақтың табиғи ресурстарының құрамын айқындау, натурал шамамен олардың әрқайсысының қорын (13-сурет) және құрамындағы пайдалы қазбаларды анықтау қажет.



13-сурет. Табиғи ресурстардың өлшем бірлігі

Кез келген мемлекет немесе кәсіпорын белгілі бір ресурсты игергеннен өздеріне қандай қаржылық пайда түсетінін алдын ала білгісі келеді. Сондықтан табиғи ресурстарға экономикалық бағалау жүргізеді, олардың ақшалай бағасын анықтайды.

$$\text{Табиғи ресурстардың құны} = \text{Қор} \times \text{Ресурс өлшемі бірлігінің бағасы}$$

Табиғи ресурстың бірлігінің бағасын көптеген бұқаралық ақпарат құралдары жариялап тұрады. Барлық сатушылар мен сатып алушылар оны мұқият бақылап отырады.

# МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАР

Қазіргі кезде Қазақстан – табиғи ресурстарының қоры бойынша ең бай елдердің бірі. Көмірсутектің, түсті, қара және сирек кездесетін металдардың, уранның барланған қоры бойынша еліміз алдыңғы орындарда тұр (13-бет, «Менің Қазақстаным»).



## Мұнай өнеркәсібі

**4,8**  
млрд тонна

Дәлелденген қоры  
(дүниежүзілік мұнай қорының 2%-ы).

**17**  
млрд тонна

Болашағы бар қорлар

### Мұнайлы-газды аудандар

7 облыста: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан.

**Кен орындары** барлығы – 252  
игеріліп жатқаны – 130

### Ірі кен орындары

Мұнайдың 90%-ын ірі 15 кен орны береді: «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ», «Өзен», «Жетібай», «Жаңажол», «Қаламқас», «Кендіяқ», «Қаражанбас», «Құлкөл», «Солтүстік Бозащы», «Әлібекмола», «Орталық-Шығыс Прорва», «Кенбай», «Королевское».

**Жыл сайынғы экспортқа шығарылатын мұнай 60 млн. тоннадан астам**

**Шикі мұнай нарығындағы негізі сыртқы сауда серіктестері:**

– Европа елдері (шамамен 55 млн. тонна);  
Италия, Нидерланды, Франция, Австрия,  
Швейцария және басқалары  
– Қытай (11 млн. тонна).

Осыншама бай табиғи ресурстар Қазақстанның табиғи ресурстарды өндіру мен экспорттау бойынша көшбасшы елдердің қатарына кіруіне мүмкіндік береді.

18	Мұнай	▲
10	Көмір	■
13	Темір кені	▲
1	Уран	⊗
11	Бокситтер	□
12	Молибден	◆
3	Хром	⊠
9	Мырыш	▲
18	Алтын	⊙
12	Күміс	⊕
11	Мыс	■
10	Қорғасын	■



## Көмір өнеркәсібі

**34,2**  
млрд тонна

Көмірдің дәлелденген қоры  
(дүниежүзілік қордың 3,9%-ы).

**100**  
млрд тонна-  
дан астам

Жыл сайынғы  
өндірілетін мөлшері

**Көшбасшы** (барлық өндірілетін көлемнің 91%-ы) – Қарағанды және Павлодар облыстары. Өндірілген энергетикалық көмірдің негізгі үлесінің;

**51%** – еліміздің электр энергетикасы саласының қажеттіліктеріне;

**31%** – экспортқа;

**13%** – тұрғындардың коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктеріне;

**5%** – өнеркәсіп кәсіпорындарының қажеттіліктеріне жұмсалады.

Энергетикалық және кокстенетін көмір қорлары, тіптен көмір өндіруді белсенді түрде арттырған жағдайда да, жүздеген жылдарға жеткілікті болады.



## Тау-кен-металлургиясы саласы

Қазақстан – өнеркәсібінің негізгі секторларының бірі

**99**  
элемент  
анықталған

Менделеев  
кестесіндегі

**70**  
элементтің

қоры анықталған

60 астам элемент өндірісте  
қолданылады.

Дүниежүзінде – кен қазу ісімен  
айналысатын 70 ірі мемлекет бар,  
Қазақстан – 13-орында

**Қазақстандағы  
пайдалы қазбалар қоры**

Fe	18 814,6 млн. тонна
Mn	684,1 млн. тонна
Cr	366 191,3 мың тонна
Al	338 066,7 мың тонна
Pb	17 185,11 мың тонна
Zn	35 513,17 мың тонна
Cu	38 805,5 мың тонна
Ti	24 031,1 мың тонна
W	2 080,0 мың тонна
Au	2 348,7 тонна
Ag	51 864,6 тонна
Sn	138,4 мың тонна
U	838,1 мың тонна

Дүниежүзіндегі хром кені қорының 30%-ы,  
марганец кенінің – 25%-ы,  
темір кенінің – 10%-ы,  
мыс қорының – 10%-ы  
қорғасын мен мырыш қорының – 13%-ы

Қазақстанда  
орналасқан

### ТЕМІР КЕНІ

Жыл сайынғы өндіру көлемі – 50 млн. тоннадан асады.  
Көшбасшы – Қостанай облысы (моноқала – Рудный)  
Қазақстанда 30 тоннадан астамы қайта өңдеуден өткізіледі.  
Жыл сайынғы экспорт – 15–16 млн. тонна.

### МЫС КЕНІ

Жыл сайынғы өндіру көлемі – шамамен 40 млн. тонна.  
Көшбасшы – Қарағанды облысы  
Кеннің жыл сайынғы экспорты – 0,5 млн. тонна  
Рафинадалған мыс өндірудің жыл сайынғы көлемі –  
шамамен 300, 0 мың тонна.

### ҚОРҒАСЫН МЕН МЫРЫШ

Қорғасын мен мырыш өндіру және алғашқы өңдеуден  
өткізу бойынша көшбасшы – Шығыс Қазақстан облысы.  
Жыл сайынғы өндіру көлемі:  
– қорғасын қоймалжыңынан қорғасын өндіру  
шамамен 40 мың тонна  
– мырыш қоймалжыңынан мырыш өндіру –  
шамамен 350 мың тонна.  
Қорғасын мен мырыштың негізгі бөлігі – экспортталады.

### АЛЮМИНИЙ КЕНІ

Өндіру (бокситтер) – Қостанай облысы  
Байыту – Павлодар облысы  
Өңделмеген алюминий мен алюминий оксидін экспорттаудан  
түсетін жыл сайынғы табыс – 650 млн. АҚШ долларынан асады.



## Газ өнеркәсібі

**3,9**  
трлн м<sup>3</sup>

Газдың өндірілген қоры  
шамамен

шамамен  
**45**  
млрд м<sup>3</sup>

Жыл сайынғы  
өндірілетін көлемі

оның ішінде

ілеспе газ – 2,6 трлн м<sup>3</sup>

табиғи (еркін) газ – 1,3 трлн м<sup>3</sup>

Табиғи ресурстарды өндіру мен экспорттау  
еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму  
жолында үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндік  
туғызды.

Сондай-ақ теңізге шығар жолдың болмауы,  
өнім өткізетін негізгі нарықтарға дейінгі  
арақашықтықтың айтарлықтай алшақтығы  
өндірістік инфрақұрылымның, ең бірінші  
кезекте көлік инфрақұрылымының қарқынды  
дамуын талап етеді.

Еліміздің бай шикізат әлеуеті қосымша құны  
жоғары болатын тауар шығаруға бағытталған  
заманауи өнеркәсіптік индустрияның дамуының  
негізі болуы тиіс.

# СУ РЕСУРСТАРЫ

Су ресурстарымен қамтамасыз етілуі

## Ортақ су ресурстарынан

**23,2**  
км<sup>3</sup>

– қолжетімді, тұрақты және сенімді су ресурстары

**38,6**  
км<sup>3</sup>

– табиғат қорғау мақсатында (экологиялық су ағысы), өзен және көл экосистемісін сақтауға қолданылады

**29**  
км<sup>3</sup>

– каналдар мен өзендерде қажетті инфрақұрылымның, булану мен сүзгіден өткізудің болмауы және шекаралас елдерде міндетті ағып өтуді қамтамасыз етпеу салдарынан қолжетімсіз.

**12,8**  
км<sup>3</sup>

– сенімсіз.

## Жер үсті сулары

Жылдық орташа көлемі – 100,4 км<sup>3</sup> оның:

**56%**

– Қазақстан аумағында (Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай алаптары)

**56%**

– Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресей мен Қырғызстаннан (Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Жайық-Каспий алаптары) ағып келетін трансшекаралық өзендер есебінен қалыптасады.

## Жерасты сулары

Жерасты сулары – тұщы сулардың қосымша көзі

**15,4**  
км<sup>3</sup>

– Қоры

**1,2**  
км<sup>3</sup>

– жыл сайынғы игерілуі

Жерасты суларының негізгі қолары – Балқаш-Алакөл және Ертіс алаптары (қордың жалпы көлемінің 66%-ы).

## Басқа су көздері

Теңіз суын тұщыландыру және басқа да су көздері (шахталардан су тарту, су қоймаларынан тікелей тұтыну, ағын суларды пайдалану, тұзсыздандыру) – жылына 3,9 км<sup>3</sup>.

Жалпы алғанда, Қазақстанда еліміздің табысты дамуы үшін қажетті су ресурстары жеткілікті. Бұл саладағы басты мәселе Арал теңізінің қайта қалпына келтіру, сонымен қатар тұрғындарды сапалы әрі сенімді ауыз су көздерімен қамтамасыз ету қажеттігі. Неғұрлым келешегі бар ауыз су көздері жерасты сулары болып табылады.

## Негізгі мәселе:

Қазақстан көршілес елдердің аумағынан ағып келетін трансшекаралық өзендердің тармақтарына тәуелділік көрсеткіші бойынша Израиль және Португалия тәрізді елдермен қатар тұр.



# ЖЕР РЕСУРСТАРЫ Жер ресурстарымен қамтамасыз етілуі

**272,5**  
млн га

дүниежүзінде жерінің аумағы бойынша республика 9 орында.

## Жермен қамтамасыз етілу



### ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНДЕ

Ресей – 11,6 га/адам және 0,89 га/адам.  
АҚШ – 3,8 га/адам және 0,75 га/адам.  
Канада – 37,1 га/адам және 1,72 га/адам.  
Қытай – 0,8 га/адам және 0,08 га/адам.  
Жапония – 0,31 га/адам және 0,03 га/адам.

Жер ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша елімізде айрықша шентеулер жоқ. Экологияға зиянды әсерін барынша азайта отырып, мүмкіндігінше, жерді тиімді пайдалануды жүзеге асыру қажет.

# ОРМАН РЕСУРСТАРЫ

## Қазақстан Республикасының орман қоры

**26**  
млн га



## Орманда өсетін ағаштардың құрамы

**5305**  
мың га

– сексеуілше

**2524**  
мың га

– шөл және дала зоналарында өсетін бұталы көшеттер

**1687**  
мың га

– қылқан жапырақты орман (барлық орман ауданының 15,2%-ы)

**1469**  
мың га

– жалпақ жапырақты орман

Ресурстардың жекелеген түрлерінің құны оның мөлшері бойынша есептелмейді, олардан әзірленетін өнімнің құны бойынша есептеледі. Мысалы, желдің бағасы жоқ, ал оны пайдаланып өндірілетін электр энергиясының бағасы ақша мөлшерімен өрнектеледі. Топырақтың құнын жинап алынған өнім бағасының қосындысы бойынша айқындауға болады.

Табиғи-ресурстық әлеуетті экономикалық бағалау бірге алынған барлық ресурстардың құнымен өрнектеледі.



1. Табиғи ресурстарды экономикалық бағалауда қандай әдістемелік қиындықтар болады деп ойлайсыңдар? Өз жауаптарыңды растайтын мысал келтіріңдер.

**Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті.** Қазақстан Еуропа мен Азияның шектескен тұсында, географиялық тұрғыдан ыңғайлы жерде орналасқан. Еліміз дүниежүзінің ірі елдері: Ресей Федерациясы мен жылдам өсіп келе жатқан Қытайдың ортасында, Орталық Азия мемлекеттерімен, сонымен қатар Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия аймақтарымен көршілес орналасқан.

Қазақстанның 14 облысының 12-сі шегарамен шектес, олар экономиканың өсу аймағы, экономикалық белсенділік орталығы бола алады және бүкіл еліміздің дүниежүзілік экономикалық жүйемен табысты бірігуіне мүмкіндік туғызады.

Бай минералдық-шикізат базасы, ауқымды жер ресурстары мен табиғи-климаттық ерекшеліктерінің алуан түрлілігі, бірегей рекреациялық ресурстар алуан түрлі өнімдер шығаруға, ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге, еліміздің күннен күнге артық келе жатқан экспортқа шығару мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және туризмді дамытуға мүмкіндік береді.



1. Түрлі ақпарат көздерін қолданып, (өз қалауларың бойынша) географиялық орналасуының, жер бедерінің, климаттық жағдайларының ресурстық мүмкіндіктерін ақпараттық график түрінде көрсетіңдер.

2. Түрлі ақпарат көздерінен табиғи ресурстың белгілі бір түрінің бір бірлігінің бағасын табыңдар және ресурс түрлерінің бірінің (өз қалауларың бойынша) жыл сайын өндірілетін көлемінің немесе оның экспортының ақшалай қаражат түріндегі құнын анықтаңдар.

3. Түрлі ақпарат көздерін қолданып, табиғи ресурс түрлерінің бірін (қалауларың бойынша) Қазақстаннан шет елдерге экспортталуының картасызбасын жасаңдар.

**Табиғи-ресурстық әлеуетті арттыру.** Табиғи-ресурстар қоры мен олардың құны туралы алынған ақпараттар соңғы болып табылмайды. Әлеуеттің анықтамасына сүйенсек, оларды арттыру мен жаңғыртудың

жаңа мүмкіндіктерін, оларды пайдаланудың жаңартпашыл құралдарын табу қажет. Табиғи-ресурстық әлеуетті сақтау, тиімді және кешенді пайдалану – табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі міндеттерінің бірі (14-сурет).



14-сурет. Табиғатты тиімді пайдалану жолдары



1. Табиғи ресурс түрлерінің бірін таңдап, оның игерілуіндегі басты мәселені топта талқылаңдар және 4-суретке сүйеніп, осы мәселені тиімді шешудің жолын ұсыныңдар.
2. Суретте көрсетілген іс-шараларды жүзеге асырғаннан кейін осы табиғи ресурстың құны қалай өзгерер еді?

**Геодерек.** Ас тұзының Қазақстандағы ең ірі кен орны – Қызылорда облысындағы Жақсықылыш көлі. Жыл сайынғы өндіру көлемі – 250 мың тонна. Тұз қоры 11 млн. тоннаны құрайды, ол шамамен тағы бір 40–50 жылға жетеді. Тұз қабатының қалыңдығы 1,5 метрге жетеді. Көлден тұз өндіру ек жылда бір рет: мамыр айынан бастап қарашаға дейін іске асырылады. Бір көлдің тұзы қоры әрбір 35–45 жылда қайта қалпына келіп отырады.

### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



1. «Табиғи-ресурстық әлеует» түсінігі неліктен «табиғи ресурстарды бағалау» түсінігінен кеңірек?
2. Түрлі ақпарат көздерін қолданып, ресурс түрлерінің бірінің (өз қалауларың бойынша) қазіргі кездегі өндірілу және қайта өңделу жағдайын, қиындықтарын, оларды шешудегі әлемдік тәжірибелерді талқылаңдар. Зерттеу жүргізген кезде 4-суретті «Табиғатты тиімді пайдалану жолдары» басшылыққа алыңдар. Нәтижесін көлемі 500 сөзден тұратын эссе түрінде жазыңдар.

## Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің орталықтары

### Сабақ мақсаты:

• табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін өңдеу технологияларының сипаты негізінде Қазақстандағы дайын өнім түрлері мен өндіретін орталықтарын атау.

### Білу қажет:

- қайта өңдеу өнеркәсібінің құрамы;
- Қазақстандағы өңдеу өнеркәсіптерінің салалары мен орталықтары;
- шикізат өңдеудің технологиялық кезеңдері.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ      ШИКІЗАТ      ҚАЙТА ӨНДЕУ  
ШИКІЗАТТЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ      ДАЙЫН ӨНІМ

### Өңдеу өнеркәсібінің анықтамасы және құрамы.

Өңдеу өнеркәсібі бір немесе бірнеше саланың шикізатынан жаңа өнім алады. Сонымен бірге алынған өнім бірден тұтынуға дайын түрде, не болмаса жартылай дайын өнім түрінде болады. Осылайша, мысалы, азық-түлік өнеркәсібінің өнімдері – бұл ауылшаруашылығы өнімінен алынған қайта өңделген шикізат: шұжық еттен, ал нан бидайдан өндіріледі.

Өңдеу өнеркәсібі бірнеше салаға бөлінеді: азық-түлік, жеңіл, ағаш өңдеу, металлургия, химия, ағаш даярлау, машина жасау және басқалары.

Экономиканың басқа салаларының өсуіне жиі мүмкіндік туғызатын жаңа технологиялардың жасалуы – сол саладағы айрықша жағдай. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі өнімінің қосымша құны жоғары болады.

Өңдеу өнеркәсібі аясында Қазақстанның бірқатар артықшылықтары бар:

- еліміздің табиғи-ресурстық әлеуеті;
- өндірістік базасының болуы;
- білікті жұмыс күшінің болуы.

Саланың барлық кәсіпорындарына ортақ болатын дамудың артықшылықтары мыналар:

- өндірісті техникалық тұрғыдан жаңарту;
- энергия және ресурс үнемдеу;

- қолданылған технологиялардың техникалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- минералдық ресурстарды жоғалту қаупін төмендету және тиімді пайдалану.

Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінен тән өзгешелік – оның жергілікті шикізатпен және отынмен толықтай қамтамасыз етілуі. Қазақстанда ауыр өнеркәсіптік дамуына қажетті көмірдің, мұнайдың, түсті және қара металдың, химиялық шикізат пен құрылыс материалдарының айтарлықтай мол қоры орналасқан, ал еліміздің көп салалы ауылшаруашылығы жеңіл және азық-түлік өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етеді.



Өзінде бар табиғи ресурстарды өңдеу, оларды шикізат ретінде басқа елдерге сатқаннан әлдеқайда тиімдірек болатынын дәлелдеңдер.

### Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің географиясы.



**Мәшине жасау.** Көптеген салалардың ішінде Қазақстанда мәшине жасау: ауыр, ауылшаруашылық мәшинелерін жасау, білдек (станок), ішінара құрал-аспаптар жасау, сонымен қатар электр техникалық мәшинелерін жасау неғұрлым жақсы дамыған. Экономиканың қажеттіліктеріне орай сала кәсіпорындары тау кен, көмір, мұнай, металлургия және азық-түлік өнеркәсіптеріне арналған жабдықтар, көлік және құрылыс мәшинелерін шығарады. Сонымен қатар

еліміздің мәшине жасау кәсіпорындары: металл кесетін білдектер (Алматы қ.), аккумуляторлар (Талдықорған қ.), ортадан тепкіш сорғы (Астана қ.), рентген құралдарын (Ақтөбе қ.) және т.б. өндіреді.


Өнеркәсіптік жабдықтар өндірудің ірі орталықтары Алматы, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Атырау қалалары. Қазіргі кезде мәшине жасау саласын дамытуда елімізде жаңа өндіріс орындарын ашу, оның ішінде: медициналық жабдықтар, ауылшаруашылық техникаларын, дизель қозғалтқыштарын, азық-түлік өнеркәсіптерінің жабдықтарын, электр қозғалтқыштарын және басқа да бұйымдар өндіру үшін шетелдік инвесторлар тартылуда.

**Химия өнеркәсібі.** Елімізде 40-тан астам химия кәсіпорындары мен өндірістері жұмыс істейді, олар: «Қазфосфат» ЖШС (Тараз), «ҚазАзот» ЖШС, «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ, «Каустик» АҚ (Павлодар), «Орика-Қазақстан» АҚ (Өскемен), «Нитрохим» ЖШС, «СДТ Групп» ЖШС, «Еврохим» ЖШС (Жаңатас, Жамбыл облысы) және басқалары. Қазақстанның химия өнеркәсіптерінің кәсіпорындары шығарған өнімдердің қатарында – пластмасса, химиялық талшықтар мен жіптер, автокөліктер мен ауылшаруашылығы мәшинелеріне арналған шиналар, резеңке техникалық бұйымдарының көптеген түрлері, хром қосылыстары, кальций карбиді, ойып түсетін өткір сода, азот және фосфор тыңайтқыштары, құрамында фосфор бар қосылыстар (сары фосфор, үш полифосфат натрий, фосфор қышқылдары), синтетикалық жуғыш құралдар, күркіт және азот қышқылдары және басқа да өнімдер бар.

Республикамызда химия өнеркәсібін дамыту үшін бай шикізат базасы: фосфориттер, күкірт колчеданы, барит, бром, ас және калий тұздары, натрий сульфаты, мұнай өңдеу және кокс химия қалдықтары, түсті металлургия кәсіпорындарының күкіртті газдары бар. Қазіргі сәтте елімізде тау-кен химия өнеркәсібі және минералдық тыңайтқыштар мен бейорганикалық қышқылдар өндіруге, пайдалы химиялық шикізат игеруге қатысты негізгі химия – фосфор және күкірт өнеркәсіптері неғұрлым жақсы дамыған.

**Мұнай химия өнеркәсібі.** Сонымен қатар мұнай химия өнеркәсібі белсенді түрде дамып келеді. Елімізде – Атырауда, Павлодар мен Шымкентте үш мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді, олар автожанармай, дизельдік, қазандық жанар-жағармай, авиациялық жермай, мұнай битумы мен басқа да мұнай өнімдерін өндіреді.

Республикамыздағы мұнай өнімдеріне деген қажеттілікті барынша толық қамтамасыз ету мақсатында ал-



дағы жуық күндері Қазақстанның батысында, Ақтау қаласына жақын жерден тағы бір мұнай өңдеу зауытының құрылысын салу қарастырылуда. Бұл саланы дамытудың келешегі мемлекет тарапынан болатын қолдауға және мұнайды кешенді өңдеуге жұмсалатын алдағы инвестицияларға байланысты.

Қазақстанда (Атырау облысында) заманауи мұнай химия өнеркәсібін дамыту үшін арнайы экономикалық зона (АЭЗ) «Ұлттық индустриалдық мұнай химия технопаркі» құрылған, оның жұмысы «Теңіз Шейройл» компаниясымен келісім бойынша «Теңіз» кен орнының шикізатын өңдеуге бағытталған.




**Құрылыс материалдары өнеркәсібі.** Құрылыс саласының кәсіпорындарында цемент, шифер, асбестоцемент құбырлары, жұмсақ төбе жабатын материалдар, линолеум, санитарлық-құрылыс фаянсы, еден мен ғимарат безендіруге арналған қаптайтын керамикалық тақталар, панельдер және ірі панельді үй тұрғызуға арналған басқа да құрастырылымдар, қағаз өнеркәсібіне арналған каолин, радиаторлар, конвекторлар мен басқа да құрылыс материалдары мен құрас

тырылымдарының көптеген түрлері өндіріледі. Қазақстанда құрылыс материалдарын өндіруге қажетті алуан түрлі шикізат қорлары жеткілікті. Қазіргі уақытта цемент өндіру – Қазақстанның құрылыс индустриясының маңызды саласы. Төңірегі цемент балшығының ауқымды қорымен танымал болған Шымкент пен Семей қалаларында қуатты цемент зауыттары салынған. Сонымен қатар жаңа технология бойынша құрылыс кірпіші мен линолеум шығаратын жаңа кәсіпорындар іске қосылған, республикамызда әйнек зауыттары мен көптеген басқа да кәсіпорындар салу қарастырылуда.

**Түсті металлургия.** Қазақстанда түсті металлургия аса жоғары даму деңгейіне қол жеткізді. Минералды-шикізаттардың бай ресурстары негізінде Қазақстанда түсті металлургия экономиканың жетекші экспорттық саласы ретінде қалыптасты.

Қазақстанның түсті металлургиясының басты салалары – мыс, қорғасын-мырыш, сонымен қатар алюминий және титан-магний салалары. Осы салалардың әрқайсысы жеке кеніштер, карьерлар, кен байыту фабрикалары мен зауыттар түрінде танылған, олар жиі бірлесіп ірі комбинаттар құрайды. Мыс өндіру және қорыту Қазақстанның ор-

талық және шығыс өңірлерінде жүргізіледі. Мыс өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары – Балқаш және Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаттары. Қорғасын-мырыш, немесе полиметалл өнеркәсібі Қазақстанның шығысы мен оңтүстігінде дамыған. Республикамыздың оңтүстігінде Шымкент қорғасын зауыты (Қаратау тауы кен орындарының кендерінен өндіреді) жұмыс істейді. Сонымен бірге Текелі қаласы – полиметалл өнеркәсібінің маңызды орталығы. Алюминий және титан-магний салалары Павлодар және Өскемен қалаларында жүзеге асырылуда, мұнда көп мөлшерде арзан электр энергиясын өндіретін ірі жылу және гидравликалық электр стансылары орналасқан.



**Қара металлургия.** Қазіргі таңда Қазақстанның қара металлургиясында толық және толық емес өндіріс кезеңдері бар кәсіпорындар жұмыс істейді. Елімізде шойын, болат, прокат және ферроқұйма өнімдері өндіріледі.

Қазақстанның қара металлургиясының ірі кәсіпорны – Қарағанды металлургия комбинаты. Ол Қостанай облысынан әкелінген теміркенді қоймалжыңды да, металл сынықтарын да пайдалана отырып, толық өндіріс кезеңі бар екі зауытты біріктіреді. Комбинат шойын, болат, құбырлар, рельстер, жұқа табақталған темір шығарады. Елімізде сапалы қара металлургия да дамып келеді, оны Ақтөбе мен Ақсу қалаларында орналасқан ферроқұйма зауыттары жүзеге асырады. Қазақстан металлургиясының кейбір өнімдері – дүниежүзіндегі ең арзан өнімдер. Металлургия өнімдерінің көлік шығыны да мұнай мен газға қарағанда айталықтай төмен және жекелеген инфрақұрылым (мұнай-газ құбырлары тәрізді) қалыптастыруды талап етпейді.

**Азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп.** Азық-түлік пен жеңіл өнеркәсіп салалары – ауқымды әлеуетке ие және экономиканың кешенді да-





муының маңызды бөлімі. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында азық-түлік пен жеңіл өнеркәсіптің одан әрі дамуының берік негізі жасалды. Еліміздің азық-түлік өнеркәсібінің неғұрлым дамыған салалары: ет, наубайхана, ұн тарту және май өндіру мен ірімшік шығару. Қазақстанның оңтүстігінде, қант қызылшасы өсірілетін аудандарда қант өнеркәсібі дамыған. Азық-түлік өнеркәсібінің тағы да басқа салаларынан елімізде: балық (Солтүстік Каспийде), кондитерлік, жеміс сүрлеу және шарап шығару дамыған. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіптің көптеген салаларының ішінен көбірек дамығаны: тоқыма – оның ішінде мақта иіру және мақта-мата өнімдері, жүн иіру мен шұғаөнімдері, сонымен қатар былғары аяқкиім шығару, киіз басу, трикотаж және тігін салалары. Тоқыма өнеркәсібінің ірі орталықтары – Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қостанай, Тараз, Петропавл және Орал қалалары.

терлік, жеміс сүрлеу және шарап шығару дамыған. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіптің көптеген салаларының ішінен көбірек дамығаны: тоқыма – оның ішінде мақта иіру және мақта-мата өнімдері, жүн иіру мен шұғаөнімдері, сонымен қатар былғары аяқкиім шығару, киіз басу, трикотаж және тігін салалары. Тоқыма өнеркәсібінің ірі орталықтары – Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қостанай, Тараз, Петропавл және Орал қалалары.





1. Әр салаға арнап хештегтер кешенін әзірлеңдер. Хештегтер саланың құрамын, орталықтарын, дайын өнім түрлерін көрсетуі тиіс.

Хештег, хэштег (белгі) немесе хэш-тег (ағылш. hashtag, hash – «тор» таңбасы + tag – белгі) – микроблогтарда және әлеуметтік желілерде тақырыбы немесе мазмұны бойынша хабарламаны іздеуді жеңілдетуде қолданылатын және тор # таңбасымен басталатын тірек (негізгі) сөз немесе бірнеше хабарлама сөз, тег (белгі), мысалы: #мұнайөңдеу, #мұнайхимия, #Атырау, #бензин.

2. Дәптерлеріңде өңдеу өнеркәсібінің саласының және ішкі саласының атауымен жазылған хештегтің әр тобына қарама-қарсы, геолокация таңбасынан кейін өнеркәсіп саласы орталықтарының тізімін жазыңдар.

3. Пиктограммалармен дайын өнім түрлерін көрсетіңдер.

Төменде тапсырманы орындауға арналған үлгі келтірілген.

#кондитерлік өнеркәсіп	 Алматы, Қарағанды, Қостанай	 көмпиттер, печенье, шоколад, ирис, драже, вафли
------------------------	---	---

**Жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиясы.** Өңдеу өнеркәсібінің әр саласында негізгі шикізаты, оны өңдеу технологиялары мен кезеңдері, өзіне тән жабдықтары мен материалдары, дайын өнім түрлері бар.

Қант қызылшасын өңдеу үдерісін қарастырыңдар.

Қант қызылшасы – Қазақстанда қант өндірудің басты көзі. Бұл етті тамыр жемісі бар екі жылдық өсімдіктің құрамында көп мөлшерде сахароза мен басқа да қоректік заттар бар. Оны өсірумен айналысатын негізгі аймақтарға Алматы және Жамбыл облыстары жатады. Елімізде ірі қант зауыттары сонымен бірге осы облыстардағы Алматы, Талдықорған, Үшарал, Тараз, Шу, Мерке қалаларында, Боралдай, Қарабұлақ пен Балпық би, Бұлақты, Жансүгіров ауылдарында орналасқан.

### Қызылшадан қант өндірудің технологиялық сызбасы келесі негізгі кезеңдерден тұрады

Қызылшадан қоспаларды ажыратып алу	Қоспалар қызылшаны жаңқалап бөлгенде қиындық туғызады және өнімнің сапасын төмендетеді
Қызылшаны жаңқалап турау	Бұл қызылшадан қантты жылдам әрі толық бөліп алу үшін қажет
Жаңқалардан қант бөліп алу	Қант қызылшасының ішкі жасушаларындағы шырында қант болады. Оны бөліп алу үшін жаңқаларды ыстық суға салады, сосын қант араласу (сіңу) есебінен суға шығады



Шырынды тазарту	Шикізатты қантсыздандыру кезінде алынған шырынның құрамында қанттан басқа қант емес заттар да болады. Ол қошқыл түске боялады. Мұндай шырыннан кристалдау арқылы қантты бөліп алу өте қиын. Сондықтан оны әктастың немесе көмір қышқылының көмегімен тазартады.
Шырынды қоюландыру	Ерітіндіде (шәрбатта) қанттың шоғырын көбейтіп, сосын кристалдау арқылы қантты бөліп алады
Қантты кристалдау	Шырынның құрамындағы суды буландыру кезінде ыдыратып қантты кристалдайды, осылайша қант кристалдары мен қант ерітіндісінен тұратын утфель алынады
Утфельді центрифугалау	Утфельді кристалл қант пен қант ерітіндісіне бөлу
Қантты кептіру	Қант құрамындағы артық ылғалды жою

Қант қызылшасын өңдеу барысында, қанттан басқа, сығынды мен сірне алынады. Сығынды – бұл қантты алынған қызылша жаңқасы. Ол жасұнықтан, гемицеллюлозадан, пектиндік заттардан, сонымен қатар аздаған мөлшерде ақуыз бен минералдық заттардан тұрады. Қант зауыттарынан келіп түсетін сығынды тығыздалып, кептіріледі және брикеттеледі немесе арнайы шұңқырларға салынып, микроорганизмдердің әсерімен ашытылады. Бұл – құрамында жеңіл сіңірілетін көмірсулар мен ақуыздар, сонымен қатар жасұнықтың аз мөлшерде болуына байланысты малдарды азықтандыруға арналған едәуір құнды өнім. Азық ретінде оны түйіршік, брикет, балғын және сүрленген (қышқыл) түрінде қолданады. Қызылша сығындысы медицинада, фармакологияда және азық-түлік өнеркәсібінде пайдаланылады.

Сірне – қант өндірісінің тағы бір қосымша өнімі, оны азықтық қышқылдар, наубайхана мен жемшөптік ашытқылар, этил спиртіні алу үшін пайдаланады, сонымен қатар малдардың азығына қосады.

Қант қызылшасын өңдеу кезінде, сондай-ақ, дефекат немесе дефекациялық әк алынады, бұл – қызылшаның құрамындағы қантты көбейтуге және кейбір дақылдардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әкті тыңайтқыш.



1. Қосымша ақпарат көздерінің көмегімен бір өнеркәсіптік кәсіпорынды мысалға алып, «Кіріс-Шығыс» сызбасында қант қызылшасын өңдеу үрдісін көрсетіңдер.
2. Өнеркәсіптік кәсіпорынды сипаттау жоспарын қолданып, сызбаны түсіндіріңдер:
  1. Кәсіпорынның атауы және экономикалық-географиялық орны, ол тиесілі болатын сала;
  2. Кәсіпорынның мамандандырылуы, оның цехтарының құрамын, олардың өндірістік өзара байланысы;
  3. Шикізат, қосымша материалдар мен энергия;
  4. Басқа кәсіпорындармен аумақтық-өндірістік байланыстары;
  5. Өндірістің сипаты туралы жалпы тұжырымдар (энергия жұмсауы, көп еңбекті қажет етуі және басқалары)
  6. Кәсіпорынды сол жерге орналастыру қағидасы және оны дамытудың нәтижесі.

Геодерек. Қазақстан экспортының жалпы көлемінде өңделген тауарлар мен шикізаттың ара қатынасы сәйкесінше 30% бен 70%-ды құрайды.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Салалар бойынша тақырыптық карта сызба жасаңдар және оны қосымша сипаттау элементтерімен толықтырыңдар. Карта сызбаны түсіндіріңдер..

## Табиғатты пайдалану және тұрақты даму

### Сабақ мақсаты:

- табиғатты пайдалану типтері мен түрлерін жіктеу;
- тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарына сипаттама беру;
- табиғатты пайдалануға (жеткілікті компоненттер негізінде) зерттеу жүргізу;
- Қазақстандағы табиғат пайдаланудағы қиындықтарды анықтау негізінде оларды шешу жолдарын ұсыну.

### Білу қажет:

- табиғатты пайдаланудың анықтамасы, типтері мен түрлері;
- табиғатты тиімді және тиімсіз пайдалану белгілері;
- тұрақты даму белгілері;
- Қазақстанда табиғат пайдалануды оңтайландыру бойынша атқарылатын шаралар.

ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ      ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖІКТЕЛУІ  
ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ      ТАБИҒАТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ  
ТАБИҒАТТЫ ТИІМСІЗ ПАЙДАЛАНУ      ТҰРАҚТЫ ДАМУ

**Табиғат пайдалану анықтамасы, типтері мен түрлері.** Табиғи-ресурстық әлеуетті игеру үшін табиғатты пайдалану – қоғамның экономикалық, экологиялық және мәдени-сауықтыруға қатысты талап-тілектерін, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи органы пайдалану жүзеге асырылады.

Қазақстанда халықтың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және шаруашылық жұмыстарды жүргізу үшін табиғат пайдаланудың типтері қалыптасты, олар:

- табиғи ресурстарды игеру және олардан қажетті энергия мен бастапқы материалдарды алу;
- энергия мен бастапқы материал алынатын орындардың соңғысынан өнім алу үшін қайта өңдейтін орындармен байланысын, ал өнімнің өндіріс орындарын – оны тұтынатын барлық тұтыну орындарымен байланысын қамтамасыз ету;
- халықтың тіршілік әрекеттері орын алған барлық аудандарының қоршаған ортаның талаптарына икемделуі;
- халықтың тіршілік әрекеттеріне қажетті деп танылған қоршаған ортаның қасиеттерін сақтау.

Табиғатты пайдалану типтеріне оның нақты түрлерінің қалыптасуы тәуелді болады:

- **өндірістік түрлері** (ауылшаруашылық, энергия беретін, сумен қамтамасыз ететін, тау-кен өнеркәсіптік, орманшаруашылық, аңшылық-кәсіпшілік, қоймалық, фабрика-зауыттық, шеткі-қоқыстық, құрылыстық, қайта қалпына келтірушілік және мелиоративтік);

- **кеңістіктік-байланыстырушы түрлері** (теңіз, өзен және теңіз-көліктік, көліктік-авиациялық, энергия тасымалдаушы, темір жол, автокөлік, жаяу жүргінші);

- **коммуналдық түрлері** (қалалық және басқа да қоныстану түрлері, ғылыми-оқу, мәдени, спорттық-сауықтыру, емдеу-демалыс, рекреациялық);

- **ортаны қорғау** (су қорғау, табиғат қорғау, қосалқы).

Табиғат қорғаудың жіктелімі. Табиғат қорғау жалпы және арнайы деп бөлінеді.

*Табиғатты жалпы пайдалану* тұрақты болады және халықтың тіршілік үшін қажетті мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін тегін жүзеге асырылады, сондай-ақ табиғи ресурстар пайдалануға берілмейді. Бұл – табиғатты қорғауға қатысты міндеттемелерін міндетті түрде сақтай отырып, заңмен кепілдік берілгендей қоршаған ортаны өмірі мен денсаулығына қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі.

*Табиғатты арнайы пайдалану* – табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға шығаруды ақылы түрде жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғаның іс-әрекеті.

*Объектілеріне* байланысты табиғат пайдалану төмендегідей бөлінеді:

- жерді пайдалану;
- жер қойнауын пайдалану;
- суды пайдалану;
- орманды пайдалану;
- өсімдік және жануарлар әлемін пайдалану;
- атмосфералық ауаны пайдалану.



1. Табиғатты пайдаланудың әр түріне жататын, өздерің тұратын аймақтағы нақты кәсіпорынды атаңдар.

2. Табиғатты жалпы пайдалану шеңберінде қандай жұмыс түрлерін жүзеге асыруға құқылы боласыздар?

3. Объектілер бойынша бөлінген табиғат пайдаланудың әр бағытына шаруашылық іс-әрекеттердің қандай түрлері кіреді? Сен тұратын өңірде қайсысы басымрақ?

**Табиғат қорғау мәселелері және тұрақты даму.**

Адамзат баласының өмір тәжірибесінде табиғат пен адамдардың арақатынасының көрсететін табиғат пайдаланудың екі қағидасы бар:

1. Адамдар табиғатқа өзін бейімдейді.
2. Адам табиғатты өзіне бейімдейді.

Мұндай іс-әрекет келесі қиындықтардың туындауына әкеледі:

- 1) ресурстық-шаруашылық (табиғи ресурстардың таусылуы);
- 2) табиғи-ландшафттық (түрлердің алуан түрлілігі азаяды, табиғи ландшафттар бұзылады);
- 3) антропологиялық-экологиялық (адам денсаулығының нашарлауы).

Осыған ұқсас қиындықтар туындамау үшін табиғатты пайдаланудың негізгі қағидасы жасалды – экономиканың өсу қарқыны табиғи ресурстардың ұдайы өсіп отыру қарқынымен және қоршаған орта сапасының ұдайы артып отыру қарқынымен теңгерімде болуы тиіс. Адамзат баласы табиғат табиғи ресурстарды қаншалықты қалпына келтіре алса, соншалықты игеруі және табиғи ортаның сапасы қайта қалпына келіп үлгеретіндей жағдайда игеруі тиіс.

Осы қағиданың сақталуы – табиғатты тиімді пайдаланудың басты белгісі. **Табиғатты тиімді пайдалану** табиғи ресурстардан пайдалы өнімдері барынша көбірек ала отырып, оларды үнемді және тиімді пайдалану режимі қамтамасыз етіледі. Табиғатты тиімді пайдалану табиғи ресурстар әлеуетінде шұғыл (күрт) өзгерістердің орын алуына әкеліп соқтырмайды және табиғи ортада үлкен өзгерістер туындатпайды. Сонымен қатар табиғатты қорғау және оған келетін зиянды барынша азайту талаптарын басшылыққа алып, оған әсер ету нормасы сақталады.

**Табиғатты тиімсіз пайдалану** табиғат заңын бұзатын, табиғи ресурстар кешенінің сақталуын қамтамасыз етпейтін, табиғи ресурстарды жоғары қарқынмен пайдалануға қатысты іс-әрекетті білдіреді. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде табиғи ортаның сапасы нашарлап, азып-тозады, табиғи ресурстар таусылып, адамдардың тіршілік әрекеттерінің шынайы негізі бұзылады, денсаулықтарына зиян келеді. Табиғатты бұлай пайдалану экологиялық қауіпсіздікті бұзып, экологиялық дағдарысқа және тіпті апатқа әкелуі де мүмкін.

**Табиғатты тиімді пайдалану тұрақты дамуға** өтуді қамтамасыз етеді. **Тұрақты даму** – бұл қоғамның сол кездегі ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету ісі болашақ ұрпаққа ешқандай зиян келтірмейтіндей жүзеге асырыла дамуы, бұл өзінің табиғи негізін бұзбайтын және адамзат өркениетінің үздіксіз алға басуын қамтамасыз ететін қоғамның басқарылатын теңгерілген дамуы.

Тұрақты даму кезінде біз, табиғи ресурстарды біздің өзімізге де, болашақ ұрпаққа да жететіндей етіп тұтынуымыз қажет. Ресурстарды игеру табиғаттағы бүтіндікті (тұтастықты) бұзбауы тиіс.



1. Өз тәжірибеңе сүйеніп, өздерің тұратын өлкедегі 1) ресурстық-шаруашылық, 2) табиғи-ландшафттық және 3) антропо-экологиялық мәселелерге мысал келтіріңдер. Объект бойынша табиғатты пайдалану түрін көрсете отырып, осы мәселелердің орын алу себептерін және кәсіпорынның атауын, салдарын, оларды шешу бойынша атқарылатын іс-шараларды атаңдар. Қиындықтарды шешу бойынша өз ұсыныстарыңды айтыңдар.

2. Сендердің көзқарастарың бойынша, табиғатты тиімсіз пайдаланудың себебі не?

Геодерек. Астанадан 35 км жерде, Ақмола облысы Аршалы ауданы Арнасай ауылында 2015 жылдың қыргүйек айынан бастап «Арнасай – Қазақстанның жасыл елді мекені» жобасы жүзеге асырылуда. Жасыл технологиялар орталығында жаңа буынның жылыжайы – күн биовегетарийі салынды, онда жылумен қамтамасыз етудің алуан түрлері, көгеніс өнімдерін өсіру барысындағы энергия және су үнемдейтін технологиялар сынақтан өткізіледі. Жертеледе жыл бойы экологиялық таза көкөніс өнімдері өсірілетін фитодиодты жылыжай және балық өсіру үшін сумен қамтамасыз ететін тұйық жүйе орнатылған.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Қосымша ақпарат көздерін қолданып, нақты бір қазақстандық кәсіпорындағы (өз таңдауларың бойынша) шикізатты дайын өнім ретінде өңдеу түрлерінің бірін зерттеңдер. Келесі сұрақтарға берілетін жауаптарға сүйеніп, табиғат пайдалану үрдісіне жалпы сипаттама беріңдер: Шикізаттың қандай түрлері қолданылады? Шикізатты қалай өңдейді және дайын өнімді қалай алады? Бұл өндіріс орнының экологиялық зардаптары қандай?

2. Осы өнімді шығаратын өндіріс орнының қоғамға және табиғатқа әсер ету дәрежесін жапырақша диаграмма (немесе өрмек-диаграмма) түрінде бағалаңдар. Оны салу қағидаларымен сендер информатика сабағынан таныс болдыңдар. Төменде мысал келтірілген.

Бағалау төмендегі санаттар бойынша бес балдық шәкілмен жүзеге асырылады: «табиғи ресурстар», «экономика», «табиғи ортаның сапасы», «қоғам игілігі».



Бағалау шәкілі:


0–1 балл – әсері жоқ

1–2 балл – әлсіз әсер береді

2–3 балл – әсері сезіледі (байқалады)

3–4 балл – әсері айқын байқалады

4 және одан жоғары балл – күшті әсер береді



3. Осы кәсіпорынға табиғатты тиімді пайдалануға және тұрақты дамуға көшу жолдарын ұсыныңдар.

4. Жұмыс нәтижесін бүкіл сыныпқа таныстырыңдар.

**1. Топпен жұмыс істеу.** §48–51 материалдары бойынша лонгрид (700–1000 сөз) (ватманға / постерге немесе компьютерге) жазыңдар.

Бір лонгридте табиғи-ресурстық әлеует, өңдеу өнеркәсібінің орталықтары, табиғат пайдалану және тұрақты даму туралы мәселелерді қозғауларың қажет. Тақырыптық картасызба болуы міндетті.

Оқырмандарға қызықты болатын тақырыпты таңдаңдар, мысалы, «Қазақстанда мырышты өңдеу туралы 10 дерек», «made in Kazakhstan автомобильдері», «Таныс және беймәлім мұнай». Өз қызығушылықтарыңа қарай тақырыпты өздерің анықтаңдар.

**Лонгрид** (ағылш. «long read» – ұзақ оқу) – бұл арасына фотосуреттер, ақпараттық графиктер, карталар, кіріктірілген дәйексөздер, сілтемелер мен басқа да иллюстрациялар қолданып, үлкен мәтіннің көмегімен айтылған хикаялар. Электрондық нұсқасына бейне және аудиоматериалдар, таныстырулар қоюға болады. Мәтіндік материалды блоктарға бөлуге болады. Мәтіндер блогын түрлі жанрда жазуға болады.

Лонгридтің барлық элементтері өзара бір-бірімен байланыста болуы тиіс. Мұндай материалда баяндау реті, барлық бөліктерінің үйлесімді байланысуы – иллюстрациялардың өлшемі мен саны, шрифтары, түстері және т.б. басқалары маңызды. Лонгрид бүтін бір хикая ретінде қабылдануы тиіс. Сен жазған материалды ашқан оқырман оған толықтай еніп, сол хикаяны сезінуі тиіс.

Лонгридтердің екінші айрықша ерекшелігі материалды ерекше бір көзқарас тұрғысынан беру немесе ол мәселені тереңнен пысықтау. Лонгрид авторының басты мақсаты – оқырманға өзгеше және қызықты хикая айтып не болмаса классикалық, бірақ өзекті тақырыпты мүлде жаңа көзқарас тұрғысынан көрсетіп, оны еліктіру.

Кәсіби лонгридтер – бұл қашанда топтық жұмыстың нәтижесі. Бірлесіп тақырыбын, рөлдеріңді (кім мәтінді жазатынын, иллюстрацияны кім таңдайтынын және картасызба мен ақпараттық графикті кім жасайтынын және т.б.) және ретін келісіп алыңдар.

**Лонгридтер типі**

**Портрет, немесе «people story».** Адам, оның өмірі, көзқарасы, жетістіктері туралы лонгрид. Оқырман біреумен өте жақыннан, тіпті онымен тікелей сөйлесіп отырғандай болып танысады.

*Қолдануға болатын тәсілдер:*

- мақала кейіпкерінің дәйексөздері;
- фотосуреттер;
- бірегей деректер.

**Репортаж.** Оқиға орын алғаннан біршама уақыт өткеннен кейін оның жай-жапсарын айқындап жазады.

*Қолдануға болатын тәсілдер:*

- аудиоендірмелер;
- тақырыптық фон;
- қатысушылармен сұхбат;
- іс-шара орнынан сюжеттер.

**Аналитикалық мәтін.** Оқиғаның орын алу себебін еске түсіруге, беталысын бағалауға көмектеседі.

*Қолдануға болатын тәсілдер:*

- сарапшылардың дәйексөздері;
- тақырып бойынша жасалған зерттеулерге сілтеме;
- тақырып бойынша графиктік материалдар.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.2. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

53

#### Ғылыми-техникалық төңкеріс барысы және бағыттары

**Сабақ мақсаты:** ғылыми-техникалық төңкеріс барысы және бағыттарына талдау жасау.

**Білу қажет:**

- ғылыми-техникалық төңкеріс (ФТТ), өзіндік ерекшеліктері, құраушы бөліктері, даму жолдары мен басты бағыттары туралы;
- ФТТ жағдайында шаруашылық салаларын орналастыру түрткі-жайттары туралы;
- ФТТ жағдайында кибернетика ғылымы туралы;
- ФТТ жағдайында адам факторының рөлі туралы.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ТӨҢКЕРІС    КИБЕРНЕТИКА  
ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТСІНУ    ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ  
ИНДУСТРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ    ТЕХНОПАРК  
КЛАСТЕР    БИЗНЕС-ИНКУБАТОР    СТАРТАП

**Өзіндік ерекшеліктері, құраушы бөліктері, дамыту жолдары, ғылыми-техникалық төңкерістің басты бағыттары.**

Ғылыми-техникалық төңкеріс – ғылымның өндірістік күшке айналуы және соған сәйкес қоғамдық өндірістік материалдық-техникалық негізінің, оның пішіні мен мазмұнының, еңбек ету сипатының, еңбектің қоғамдық бөлінісінің түп тамырымен өзгеруі. Ол өндірістің барлық құрылымына және адамның өзіне әсер етеді.

Ірі ғылыми және техникалық ашылулар (компьютерлік техника, атом энергетикасын, полимерлік материалдар, зымыранды-ғарыштық техникалар және басқаларды жасау) ФТТ-тің басталуына әкелді. ФТТ-тің қазіргі кезеңінің басты бағыттары мыналар:

- жаңа электрондық-есептеу техникасы;
- кешенді автоматтандыру;
- оларды өндіру мен өндеудің түбегейлі жаңа материалдары мен технологиялары;
- атом энергетикасының дамуы;
- биотехнологияның дамуы.

Ғылыми-техникалық төңкерістің басты қырлары:

- жан-жақтылық – іс жүзінде шаруашылықтың барлық салаларын қамтиды және адамның іс-әрекетінің барлық саласын жанайды;
- ғылым мен техниканың қызу дамуы;
- адам рөлінің өндіріс барысында өзгеруі – еңбек ресурстарының біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар күшейеді, ақыл-ой еңбегінің үлесі артады.

**ҒТТ-тің құраушы бөліктері.**

15-суретте ҒТТ-тің құраушы бөліктеріне шолу жасалған.



15-сурет. ҒТТ-тің құраушы бөліктері

**1. Ғылым.** Өндіріс ғылымды көбірек қажетсініп келеді. Ғылымды қажетсіну өнімді өндіруге жұмсалатын жалпы шығынның ішінде ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығын деңгейімен өлшенеді.

**2. Техника және технология.** Техника мен технологияның басты мақсаты – өндіріс тиімділігін, еңбек өнімділігін арттыру. Техника мен технологияның дамуының екі жолы бар: а) эволюциялық, ол белгілі техника мен технологияның одан әрі жетілдірілуімен сипатталады; ә) революциялық, түбегейлі жаңа техника мен технологияға (электрондық техника, биотехнология) көшуімен сипатталады. Революциялық жолы – ҒТТ дәуірінде техника мен технология дамуының басты жолы.

**3. Өндіріс.** Олар 6 бағыт бойынша дамиды:

- 1) электронды түрге енгізу;
- 2) кешенді автоматтандыру;
- 3) энергетикалық шаруашылықты қайта құру;
- 4) түбегейлі жаңа материалдар өндіру;
- 5) биотехнологияны жылдам дамыту.

**4. Басқару.** *Басқару* – көзделген нәтижеге қол жеткізу мақсатында адамдар мен экономикалық объектілерге саналы түрде мақсатты әсер ету. Оның функцияларына мыналар жатады: болжау және жоспарлау; шешім қабылдау; жұмысты ұйымдастыру; үйлестіру және реттеу; уәждеме және ынталандыру; бақылау, есепке алу және талдау. Басқа-

ру үдерісін жеңілдету үшін **кибернетика** – басқару мақсатында ақпараттарды алу, сақтау, беру және өңдеудің жалпы заңдылықтары туралы ғылым пайда болды. Басқару ақпаратымен жұмыс істеудің барлық тәсілдері бірлесіп, күрделі ақпараттық инфрақұрылым құрайды. Ол автоматтандырылған басқару жүйесін (АБЖ), автоматтандырылған мәліметтер банкі, кез келген модельдегі компьютерлерді, ақпараттарды жинақтау, топтастыру, өңдеу, беру және шығару құрылғысын, байланыс желілерін, оргтехника мен ақпаратты автоматты түрде алу құрылғысын, пайдаланылатын материалдарды, мемлекеттерге ортақ ақпараттық жүйелерді, спутниктік және шапшаң талшықты-оптикалық байланыс жүйелерін және басқаларын қамтиды.

**Дүниежүзілік шаруашылық салаларын орналастыруға ҒТТ-тің әсері.**

ҒТТ дәуірінде өндірістік күштерді орналастырудың жекелеген түрткіжайттарының рөлі өзгерді.

Шикізат түрткіжайтының маңыздылығы енді көлік инфрақұрылымының жақсаруына, жаңа шикізат пен материал түрін пайдалануға, т.б. байланысты екінші орынға шықты.

Көлік түрткіжайтының рөлі артып келеді. Көптеген шаруашылық объектілері ірі көлік тораптары шоғырланған аудандарға орналастырылады.

Еңбек ресурстарының әсері де ұлғаяда. Әсіресе бұл еңбекті көп қажет ететін және ғылымды қажетсінетін салаларға қатысты. Білікті кадрлардың рөлі артады.

Кәсіпорынды орналастырған кезде экологиялық түрткіжайтқа көбірек мән беріледі. «Лас» өндірістер халық аз шоғырланған аудандарға жиі көшіріледі. Аса дамыған елдер өздерінің экологиялық қауіпті өндірістерінің (көбінесе түсті металлургия) филиалдарын дамушы елдерге қарай шығарады.

Ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде *өндірістің аумақтық шоғырлануының* жоғары болуы сақталады, бірақ олардың пішіндері өзгереді. Осылайша көліктің дамуы мен жетілдірілуі теңіздер мен мұхиттардың жағалауларына өндірістерді орналастыру себептерінің біріне айналды, бұл қуатты өнеркәсіптік-порттық кешендердің қалыптасуына әкелді.

ҒТТ-тің даму және күшею шамасына қарай өндірістің аумақтық шоғырлануының *өнеркәсіптік парк және технополис* тәрізді формалары кеңінен тарала бастады.

**Өнеркәсіптік парк** – кәсіпорынды орналастыруға ыңғайлы аумақ бөлігі. Оны құрылыс фирмалары арнайы тұрғызады, олар ортақ инфрақұрылым (ғимараттар, көлік жолдары, энергия және сумен қамта-

масыз ету) орнатады. Сосын мұндай парк кәсіпкерлерге жалға беріледі және олардың өндірістік қуаттылық орнына айналады. Осындай парктардың шегінде технологиялық тұрғыдан бір-бірімен байланысы жоқ 10-нан 100-ге дейін өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істей алады. Өнеркәсіптік парктар Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдерінде және тіптен көптеген дамушы елдерде – Үндістанда, Мексикада, Аргентинада, Нигерия мен Малайзияда кеңінен таралған.

**Технополис** – өнеркәсіптің ғылымды қажетсінетін салаларының зертханаларын, сынақ жасайтын, тәжірибелік және өндірістік кәсіпорындарын қамтитын, ғылыми-өнеркәсіптік кешені.

Олар арнайы бөлініп берілген және алдын ала жабдықталған алаңдарда ұйымдастырылады. Ол жаңа технологиялар әзірлеуге және оларды өндіріске енгізуге бағытталады, сондықтан университеттерге немесе басқа да ғылыми-зерттеу орталықтарына жақын орналастырылады.

**ҒТТ-тің шаруашылыққа әсері.** Ғылым мен техниканың жедел дамуының әсерінен заманауи дүниежүзілік шаруашылықтың өзгеруі негізгі үш бағыттан байқалады: өндіріс қарқынының артуы, экономиканың салалық құрылымындағы өзгерістер және шаруашылықты орналастырудағы қозғалыстар.

ҒТТ кезеңінде шаруашылықтың салалық құрылымында орын алатын өзгерістер айқын сипатқа ие болады. Біріншіден, *өндірістік және өндірістік емес орталардың арасындағы арақатынас өзгереді*. Қызмет көрсету аясындағы жұмысшылардың саны екпіндей дамып, барлық жұмысшылардың 1/3-іне жетті. Өндірістік ортада жұмыс істейтіндер саны қысқарады.

Екіншіден, материалдық өндіріс аясында оның *салалары арасындағы сәйкестік өзгереді*: жұмысшылардың саны өнеркәсіп пен көлік саласында тұрақталады, ауылшаруашылығында – азаяды, сауда саласында – көбейеді.

Үшіншіден, *салалардың әрқайсысының құрылымында айтарлықтай ілгерілеу орын алады*. Кен қазу саласында жұмыс істейтіндер саны азайып, оны өңдеу саласында көбейеді. Салалардың «алып үштігінің» рөлі жылдам қарқынмен артады, олар: мәшине жасау (ҒТТ кезеңінде шаруашылықты мәшинелармен және механизмдермен қамтамасыз етеді), электр энергетикасы (онсыз бір де бір мәшине жасалмайды) және химия өнеркәсібі (өндіріске жаңа материалдар береді). Бірінші орынға ғылымды қажетсінетін: микроэлектроника, құрал жасау, робот жасау, әуе зымыраны-ғарыш өнеркәсібі, органикалық синтез химиясы тәрізді жаңа салалар шығады. Бір мезетте өнеркәсіптің ескі салаларының (қара металлургия, тоқыма және орман өнеркәсіптері) маңызы төмендейді.

Ауылшаруашылығында өсімдік шаруашылығындағы жұмысшылар саны азайып, малшаруашылығында аздап көбейеді. Өсімдік шаруашылығында «жасыл төңкеріс» орын алды, оның нәтижесінде өсімдіктердің жоғары өнімді сорттары енгізілді, шаруашылық механикаландырылды және жер мелиорацияланды. Малшаруашылығында өндірістің кейбір түрлерінің (құс фабрикасы, ірі қара мал өсіру кешендері) индустриалды технологияларға көшуі орын алды. Бұл өндіріс орындарында механикаландыру ғана емес, автоматтандыру да, яғни мәшинелер мен механизмдердің көмегімен басқару енгізілді.

ҒТТ дәуірінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау рөлі артады. Көліктің ескі түрлерінің (өзен, теңіз, темір жол) маңызы төмендеп, жаңа түрлерінің (өуе, автомобиль, құбыр желісі, электронды) рөлі артады. Жүктерді контейнерлеу тасымалдауды айтарлықтай жеңілдетті. Жаңа көлік құралдары пайда болады: өуе жастықшасындағы және магниттік аспалы пойыздар, суасты қанатшасы бар кемелер, атом жүрісті кемелер және басқалар.

Ғылыми-техникалық төңкеріс сауданың тауарлық құрылымын өзгертті. Дайын тауарларды сатып алу және сату өседі, шикізат пен азық-түлік азаяды. Сауданың жаңа түрі – технологияларды: лицензияларды, патенттерді, техникалық тәжірибелерді сату пайда болды. Әлемдік нарықта технологиялардың басты сатушысы АҚШ, ал сатып алушысы – Жапония.



### 1. Келесі тақырыптардың бірі бойынша хабарлама әзірлеңдер:

- «ҒТТ жетістіктерінің географияда қолданылуы».
- «ҒТТ: (+) және (-)».
- «ҒТТ жағдайындағы мамандықтар».
- «ҒТТ және адам баласының денсаулығы».
- «ҒТТ және білім беру».
- «ҒТТ және халықтың өмір сүру деңгейі».
- Менің отбасымның үш буыны (ұрпағы) және ҒТТ жетістіктері (әр буынға ҒТТ-тің қандай жетістіктері тиесілі болды?).

### ҒТТ дамуының Қазақстандағы басты бағыттары

Экономикалық тұрғыдан дамыған елдермен бәсекелес болу үшін оларға инновациялық технология деңгейі бойынша сәйкес келу қажет. Бұл мемлекеттің жеделдетілген индустриалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Осыған орай Қазақстанда индустриалдық-инновациялық саясат жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – өңдеу өнеркәсібінің жаңа салаларын құрып, шикізатқа тәуелділіктер арылу.

Қазіргі кезде инновациялық саясат шеңберінде энергетика, ақпарат-



тық технология, мұнай өңдеу кешенінің объектілерін модернизациялау, мұнай химиясы, көмірсутек өндіру, қаржы және құрылыс саласында жобалар әзірленіп, табысты жүзеге асырылуда.

Қазақстан дәстүрлі шикізат өндіруге маманданған салаларды қосымша құны жоғары дайын өнім шығаруға мамандыруға ұмтылуда.

Қазақстанның индустриалдық-инновациялық саясаты алдағы 15–20 жылда әлемдік экономикада басты рөл ойнайтын «болашақтың экономикасы» секторларына ішінара қолдау көрсетеді.

Қазақстандағы дамудың басым бағыттарын келесі салалар анықтайды:

**«Дәстүрлі индустриядағы» өндірістің әртараптандырылуы»**

- «Дәстүрлі индустриядағы» өндірістің әр тараптандырылуы»
- Мұнай-газ секторы
- Мұнай химиясы
- Тау-кен металлургия саласы
- Химия өнеркәсібі
- Атом өнеркәсібі

**Ішкі сұраныс негізінде салалардың дамуы**

- Мәшине жасау
- Фармацевтика өнеркәсібі
- Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі

**Экспорттық әлеуеті бар салаларға қолдау көрсету**

- Агроөнеркәсіп кешені
- Жеңіл өнеркәсіп
- Туристік сала

**«Болашақтың экономикасы» секторларының дамуы**

- Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
- Биотехнологиялар
- Ғарыш қызметі
- Баламалы энергетика
- Атом энергетикасы

Қазақстанда экономикалық әлеуетті тиімді аумақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсу орталықтары қалыптасады. Жаңа буынның инфрақұрылымы арқылы кәсіпорындар арасындағы байланысты дамыту кластерлер қалыптастыруға және кластер жолымен еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік береді.

**Кластер** – бұл бір аумақта орналасқан компаниялар тобы. Олардың барлығының күштері нақты бір соңғы өнім алуға бағытталған. Кластерлердің құрамына ірі зауыт немесе фабрика, шикізатты, жабдықтар мен жасақтаушы бөлшектерді, мамандандырылған өндірістік қыз-

метті жеткізушілер, инфрақұрылым кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары және басқа мекемелер жатады. Кластердің әрбір қатысушысы екіншісін күшейтеді. Мысалы, жоғары сапалы металл бұйымдарды өндіретін зауыттың айналасына кен, жанармай, электр жарығын жеткізушілер шоғырланады. Көлік және байланыс қызметін көрсететін компаниялар құрылады. Ғылыми орталықтар аймақта құйма өндірудің жаңа тәсілдерін өзірлейді. Жоғары оқу орындары мен басқа да білім мекемелері барлығына қажетті кадрлар даярлайды. Жабдықтарды жеткізетін, жарнама жасайтын, маркетингтік компаниялар пайда болады. Банктердің филиалдары ашылады. Оның барлығы өте тиімді, өйткені барлығында көлік шығыны аса көп болмайды, компаниялар үнемі бір-біріне өздерінің атқаратын қызметтері мен өнімдерін тұрақты түрде сатады.

Қазіргі таңда кластерлеуге айрықша дайындалған жеті сала анықталды. Олардың ішінде – туризм, көліктік-логистикалық қызмет, мұнай-газ, мәшине жасау, құрылыс материалдары, азық-түлік және тоқыма өнеркәсібі, металлургия бар. Мақта, шарап және балық кластерлерін құру жұмыстары олармен қатар жүргізіледі.

Қазақстанда Ақпараттық технологиялар паркі (Алатау кенті), Ұлттық мұнай-химия индустриалдық технопаркі (Атырау қ.), «Токамак» ядролық технологиялар технопаркі (Курчатов қ.), Ғарыштық мониторинг технопаркі (Алматы, Астана және Приозерск қалалары) тәрізді ғылыми-технологиялық парктер құрылды.

Ұлттық технопарктер Қазақстан экономикасының болашақ бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызуы тиіс жаңа салаларды құруға бағытталған.

Қазақстан технопарктерінің көптеген бөлігі, бүкіл әлемдегі тәрізді, ғылыми мекемелері мен білікті мамандары бар ірі қалаларда немесе өнеркәсіп орталықтарында орналасады. Технопарктің шамамен 60%-ы Алматы, Астана, Атырау және Қарағанды қалаларында шоғырланса, қалғандары Өскемен, Орал және Степногорск тәрізді орташа және кішігірім қалаларда іске қосылған.

Қазақстандық технопарктердің бірқатарында бизнес-инкубаторлар, яғни ғимарат немесе бірнеше ғимараттар жұмыс істейді, мұнда шектеулі уақыт ішінде (2 жылдан 5 жылға дейін) жаңадан құрылған кіші кәсіпорындар ғимаратты жалға алады.

Осы уақыт ішінде фирма қалыптасып, технопарк аумағынан тыс жерге шығуы тиіс (әлемде технопарктердің 88%-ының бір немесе бірнеше бизнес-инкубаторлары бар). АҚШ Бизнес-инкубаторлар ұлттық қауымдастығының мәліметтері бойынша, табысты компаниялар мен банкротқа ұшыраған компаниялардың арақатынасы әдеттегі жағдайда 20:80-ын, ал бизнес-инкубаторларда, керісінше, 80:20-н құрайды.

Қазақстан Республикасында инкубаторклиенттерінің негізгі үлесін өндіріспен шұғылданатын (азық-түлік өнімдері, киім тігу, мебель жасау, қолөнер және сувенирлер шығару) және қызмет көрсету саласында (білім беру саласы, консалтинг және құрылыс-жөндеу жұмыстары, бизнес-инкубаторлардың клиенттерінің тек 2% -ы ғана технологиялық бизнеспен аналысады) жұмыс істейтіндер құрайды. Сонда бизнес-инкубаторлар жоғары технологиялы компанияларды ең бастапқы кезеңнен – идея туындаған сәттен бастап қалай «өсірулері» тиіс?

Қазақстандық технопарктер ұсынған қызметтердің қатарында қазіргі күні мыналарды атауға болады:

- өндірістік және әкімшілік алаңдардың жалға берілуі;
- технологиялық жабдықтарды жалға алуды ұйымдастыру;
- ортақ коммуналдық және коммуникациялық қызметтерді ұсыну.

Стартаптарға қолдау білдіруге айрықша көңіл бөлінеді. Стартап – бұл ұдайы өсетін және масштабталған бизнес-модельді іздеу үшін құрылған компания.

Ұдайы өсетін – бұл алынған нәтижені бірнеше мәрте сату мүмкіндігі. Масштабталу – жобаның айтарлықтай өсу мүмкіндігі. Одан бөлек, стартаптардың айрықша маңызды өзгешелігі – технологиялылығы. Олардың көпшілігінің негізінде технологиялық ноу-хау жатыр.

Стартаптардың мәні мынада, адамдар бизнес идея әзірлейді, ал арнайы қорлар оны жүзеге асыру үшін ақша бөледі. Сосын берік нығайған бизнес өз алдына фирма болып, одан әрі нарық заңы бойынша дамитын болады. Олар енді өздерінің фирмаларын кеңейтіп, басқа жерлерден де ашады да, олардың әрқайсысының әлеуетін көтереді.

Стартаптарға қолдау көрсету жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру Қазақстанда жасампаз кәсіпкерліктің және жасампаз экономиканың келесі бағыттарда дамуына шабыт береді:

- кәсіпкерлікке икемі мен рухы бар жасампаз таланттарды тәрбиелеу;
- экономика құрылымының өзгеруіне қарай жылжымалы күшке айналу мүмкіндігі бар технологиялық стартаптардың сыни массасының қалыптасуы.

Мемлекеттік инновациялық саясатының табысты жүзеге асырылуы мемлекеттің тіршілік әрекетінің барлық саласына: жоғары білім беруді, ғылымды, технология мен инновацияларды, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаны қорғауды жетілдіру; зерттеу жұмыстарын кеңейту салаларына іс жүзінде оңтайлы әсер етеді.

Мәтінге сүйеніп, Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының моделін сызбамен көрсетіндер және оны түсіндіріңдер.

**Геодерек.** Қазақстан азаматының өмірінің әрбір кезеңі, мысалы, туу туралы куәлік, жүргізу куәлігін, жеке куәлік пен төлқұжат, неке қию, тұрғылықты жері бойынша тіркелу тәрізді белгілі бір мемлекеттік қызмет алумен, құжаттандырумен қоса жүреді. Бұл қызмет түрлерін түрлі мемлекеттік органдар көрсетеді. Мемлекеттік қызмет сапасын жақсарту және оларды алу барысында азаматтарға барынша қолайлы болу үшін Қазақстанда «Азаматтарға арналған үкімет» (ХҚО) құрылған. Онда бір терезе қағидасы бойынша, басқа мемлекеттік органдарға бармай-ақ, барлық қажетті қызметтер мен құжаттарды алуға болады. «Азаматтарға арналған үкіметке» мобильді қосымшалар арқылы ғаламтор арқылы кіруге болады. Осының барлығына ғылыми-техникалық төңкерістің жетістіктерінің арқасында қол жеткізілді.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Төменде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, ҒТТ туралы екі-үш минуттық баяндама әзірле:

- ҒТТ-тің мәні неде?
- ҒТТ-тің негізгі қырларын атаңдар.

2. Ғылыми-техникалық төңкеріс қоғамға механизмдер, тұрмыстық құралдар берді. Баяндамада жаңа сөздер пайда болды. Әрқайсыларының ҒТТ-ке тікелей қатысы бар бір сөзден атауларың қажет.

**Мысалы:** компьютер, калькулятор, байланыс серігі, қағаз басып шығаратын құрал (принтер), сұйық кристаллдар.

3. **Шығармашылық тапсырма.** Біздің елімізде ҒТТ-тің қол жеткізген жетістіктерінің өндіріске, білім беру ісіне және күнделікті тұрмысқа енгізудің кез-келген тәсілмен, кез келген түрде дәлелдендер. Уақыт айырмашылығын (әлемде тағы да басқа не бар, ол қашан пайда болды және Қазақстанда әлі не нәрсе жоқ) анықтаңдар.

Таныстырудың қандай түрін және тәсілін таңдасаңдар да, ол төмендегі жағдайларды қамтуы тиіс:

- Қазақстан өндірісіндегі ҒТТ (жабдықтар, технологиялар және т.б.).
- Қазақстанның білім беру ісіндегі ҒТТ.
- ҒТТ және қоғамның әл-ауқаты (біздің күнделікті өміріміз).
- Қазақстандықтардың тұрмысындағы ҒТТ (отбасы деңгейінде – тұрмыстық химиядан бастап жабдықтарға дейін).
- Қайсысы бізге кешігіп келді, қанша жылға (компьютерлер, түрлі-түсті теледидарлар және т.б.)?
- Қазақстанда әлі не жоқ (монорельсті трамвай және т.б.).

**Сабақ мақсаты:** Қазақстанда адам капиталын бұрынғыдан да жақсарту жөніндегі шешімдерді жетілдіру.

**Білу қажет:**

- Адам капиталы дегеніміз не?
- Адам капиталының құрылымы мен ерекшелігі;
- Қазақстанда адам капиталының сапасын арттыру жолдары.

#### АДАМ КАПИТАЛЫ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ДАМУЫ АДАМ КАПИТАЛЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

**ҒТТ жағдайындағы адам түрткіжайты.** Дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің дамуы жаңа экономиканың –білім, инновация, жаһандық ақпараттық жүйе, жаңа технологиямен мен тәуекелшіл бизнес экономикаларының қалыптасуына әкелді. Жаңа экономиканың негізін адам капиталы құрайды, ол – заманауи қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты қозғалмалы күші.

Адам капиталы – бұл адамның білім алу және өмірдегі іс-әрекеті барысында қол жеткізген интеллектуалдық мүмкіндіктерінің, кәсіби икемділігінің, білімі мен іскерлігінің (ептілігінің), жалпы алғанда, адамдардың, ұйым мен қоғамның әл-ауқатын айтарлықтай жақсартатын өмір сүру сапасы мен денсаулық жағдайының жиынтығы. Адам капиталының айрықша құнды сапасы – жұмысшының білім деңгейі, біліктілігі, оқып-үйрене алуы мен жасампаздығы.

Бұл капитал адам капиталы деп аталады, өйткені адамның жеке бағын нақтылы түрде көрсетеді; ол ол капитал болып табылады, өйткені болашақ табыс көзі ретінде қызмет атақарады.

**Адам капиталының ерекшеліктері:**

- Адам капиталы оның иесінен – адамнан ажыратылмайды;
- Адам капиталы өмір бойы жақсы және жаман жаққа өзгеріп отыруы – жаңа білім мен дағды қалыптастыруы, не болмаса моральдік және күш-қуат тұрғысынан ескіруі мүмкін;
- Адам капиталының жұмыс істеуі және дамуы оның иесінің еркіне, адамның қабылдаған шешіміне байланысты;
- Адам капиталы өзінің иесіне алдағы уақытта әлдеқайда жоғары табыс әкеледі;
- Адам капиталын қалыптастыру жалпы алғанда адамның өзінен де, сонымен бірге қоғамнан да едәуір шығынды талап етеді;

- Адам капиталына жұмсалатын инвестициялар (білім беруге және денсаулық жағдайына) ұзақ уақытқа созылады;
- Жаңадан алған білімі, дағдылары мен тәжірибесі табыстың өсуіне бірден емес, белгілі бір уақыт өткеннен кейін себепші болады.

**Адам капиталының құрылымы.** Адам капиталының құрылымын түзетін негізгі құраушылар ретінде төмендегілер алынады:

а) *жеке*: адамның күш қуаты (дене бітімі), психологиялық, моральдық саулығы, дүниетанымы (көзқарасы), дүниені қабылдауы, белгілі бір ақыл-ой үйлесімі, моральдық-адамгершілік жағы, рухани құндылықтары, эмоционалдық және сезімталдық жағдайы, өмір сүру салты және стилі, бет-бейнесі, кеудемсоқтығы және басқалары;

ә) *білімі*: білімі, икемділігі, шеберлігі, кәсіби және өмірлік тәжірибесі, біліктілігі, қабілеттілігі – адамның өзі қызмет ететін саласында кәсіби маман ретінде өсу жолында жинақтаған қасиеттерінің барлығы;

б) *экономикалық*: еңбекке және материалдық құндылықтарға көзқарасы, кәсіпкерлік қабілеті, сындарлылығы, экономикалық белсенділігі және т.б.;

в) *әлеуметтік*: қоғамдық байланысы, әлеуметтік және жеке баының жауапкершілігі, қоғамдық әлеуметтік мәртебесі, қоғамға ашықтығы, әлеуметтік белсенділігі және т.б.

**Адам капиталына жұмсалатын инвестициялар.** Мемлекет пен мекемелер нарықта бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан орнын сақтау тұру үшін, табыстың келуін қамтамасыз ететін жұмысшылардың қабілеттіліктерін, біліктілігі мен зияткерлік әлеуетін дамытуға экономикалық тұрғыдан мүдделі. Сондықтан олар адам капиталына төмендегі бағыттар бойынша инвестиция жұмсайды:

- білім алуға инвестиция құю (мектепте, институтта білім алу, өндірісте біліктілігін көтеру);

- адамның дене бітімі, күш-қуаты мен ақыл-ой дұрыстығын қамтамасыз ететін денсаулық сақтау ісіне жұмсалатын шығындар (аурудың алдын алу, медициналық қызмет көрсету);

- жұмысшының күшін қалпына келтіруге және оның ақыл-ой қызметін арттыруға себепші болатын тұрмыстық жағдайын жақсарту;

- сәйкесінше тамақтандыру.

Инвестициялардың аталған түрлері адам капиталы пайдаланылатын жұмыстың сапалы атқарылуына жағдай жасайды.

Адам капиталына жұмсалған қаражаттың ерекшелігі болып табылады.

1. Білім мен икемділік болашақта табыс түсуін қандай түрде қамтамасыз етуі мүмкін?
2. Адам капиталының мәтінде келтірілген әрбір ерекшелігін мысалдармен растаңдар.
3. Сенің отбасың/әлеумет адам капиталына қандай инвестициялар жұмсайды?
4. Барлық мамандық иегерлеріне адам капиталының қандай компоненттері қажет?

**Қазақстан Республикасында адам капиталының дамуы.** Қазақстан Республикасы адам капиталын дамыту бойынша мақсатты саясат жүргізеді.

**Білім беру.** Әрбір қазақстандық ХХІ ғасырдың дағдыларын меңгеруі тиіс, олар 4К тұжырымдамасы деп аталады: сыни ойлау, жасампаздық, коммуникация және кооперация (қауымдасу). Осыған орай оқушылар ғылымның негізін меңгеріп қана қоймау керек. Мектептерде, кәсіби-техникалық мектептерде, колледждерде, жоғары білім беру мекемелерінде пәндер, оқытылатын тақырыптар, оқыту мақсаты, оқыту әдістері, оқушылардың жұмыс істеу тәсілдері олардың төмендегі дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік туғызуы тиіс:

1) білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыда қолдана алу;

2) сыни ойлау;

3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

5) түрлі коммуникациялық тәсілдерін пайдалану;

6) топпен және жеке жұмыс істеу;

7) қиындықтарды шешу және шешім қабылдау.

Қазақстандағы *тіл саясаты* – Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастыққа бірігу жолы. Қазақстан азаматтарының үш тілді білуіне жағдай жасалуда. ЮНЕСКО тұжырымдамасына сәйкес «көптілді білім беру» білім беру ісінде ең аз дегенде үш тілді қолдануға болады: 1) туған тіл; 2) аймақтық, немесе ұлттық; 3) халықаралық тіл. Осыған орай білім беру саясатының күш-жігері қазақстандықтарға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгертуге бағытталған. Пәндердің бір бөлігі мемлекеттік тілде, енді бір бөлігі – орыс және қалған бөлігі – ағылшын тілінде өткізілетін болады.

Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында *қосарлы білім беру* жүзеге асырылуда, онда студенттер теориялық білімді оқу ғимаратында, ал тәжірибелік білімді – таңдап алған мамандығына сәйкес кәсіпорындарда өтеді.

Мектеп, колледж бітірушілер жоғары тоқу орындарында түсіп, мемлекет есебінен білім ала алады. Мемлекет мамандар даярлауға тапсырыс жасайды және ҰБТ нәтижесі бойынша абитуриенттерге *білім*

*гранты* – білім алуына қаржы бөлінеді. Тапсырыс белгілі бір мамандықтар бойынша мемлекеттің қажеттілігіне қарай жасалады. Индустриалдық-инновациялық саясат шеңберінде техникалық және технологиялық мамандықтарға грант көбірек бөлінеді. Одан әрі грант көлемі келесі тәртіп бойынша азая береді: педагогикалық мамандықтар, жаратылыстану ғылымдары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, гуманитарлық ғылымдар, ветеринария, өнер, әскери іс және қауіпсіздік, құқық.

Еліміздің экономикасының басым секторларына алдағы уақытта да кадрлар мен мамандар даярлау мақсатында 1993 жылдың 5-қарашасындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «*Болашақ*» халықаралық стипендиясы бекітілді. Бағдарлама академиялық білім алумен (магистратура, докторантура) қатар, әлемнің алдыңғы қатарлы компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тәжірибеден өтуді де қамтиды. «*Болашақ*» бағдарламасы адам капиталын дамытуға ұмтылатын мемлекеттер үшін үлгі болып қалды.

**Денсаулық сақтау.** Қазақстан Республикасының әрбір азаматының денсаулығын сақтауға қолдау білдіру мақсатында *тегін медициналық көмектің кепілді мөлшері* көрсетіледі.

Медициналық кадрларды даярлау, медициналық жабдықтар мен көрсетілетін қызметтер қымбат бұйымдар санатына жатады. Әрбір азамат тегін медициналық көмектің кепілді мөлшерінен артық медициналық қызметке қол жеткізуі үшін Қазақстанда *міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру* енгізілуде. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылады. Бұл қорға сақтандыруға қатысушылар өздерінің қаражаттарын аударады. Осы ақшаға азаматтарға медициналық көмек көрсетіледі. Мемлекет экономикалық белсенді емес тұрғындар үшін, жұмыс берушілер – жұмысшылар үшін жарна төлейді. Салық органдарында тіркелген жұмысшылар мен өзін-өзі жұмыспен қамтушы азаматтар – өзіне төлейді. Сақтандыру жарнасының мөлшері еліміздің әрбір азаматы төлей алатындай болады.

Тегін медициналық көмектің кепілді мөлшері шеңберінде әр қазақстандық белгілі бір жастан бастап *скрининг* өтуге міндетті. Оның мақсаты – ерте бастан науқасқа шалдыққанын немесе сол ауру түріне бейімділігін анықтау және дер кезінде көмек көрсету.

**Тұрғын үй саясаты.** Қазақстандықтардың баспанаға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы тұрғын үй саясатын жүргізеді. Ол келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

*Баспана қоры (жинағы) жүйесін құру.* Осы мақсатта арнайы мамандандырылған банк құрылған, онда азаматтар тұрғын үй құнының жартысын жинақтай алады. Қалған мөлшерін банк белгілі бір мерзімге төмен пайыздық мөлшерлеменен береді.

*Жалға берілетін тұрғын үйді дамыту.* Мемлекет және оның серік-



тестері тұрғын үйдің құрылысын салады және азаматтардың белгілі бір санатына қолжетімді бағада жалға береді.

*Арнайы тұрғын үй бағдарламалары.* Мемлекет және оның серік-тестері тұрғын үй тұрғызады және жекелеген санаттағы азаматтарға жеңілдетілген бағамен сатады, сонымен қатар жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен ипотекаға береді.

*Тұрғын үйдің тегін берілуі.* Мемлекет, жергілік билік органдары азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тұрғын үй береді.



1. Өзінің білім алып жатқаныңды мысалға келтіріп, адам капиталын дамытудың мектептегі бағыттары туралы айтып беріңдер.
2. Өз отбасыңды немесе әлеуметті мысалға алып, денсаулық сақтау және тұрғын үй саясаты бағыттарындағы адам капиталын дамыту жүйесі туралы айтыңдар.

**Геодерек.** Ширек ғасыр ішінде еліміздің талантты жастарын оқытуға тағайындалған «Болашақ» стипендиясы дүниежүзіне қазақстандық білім беру бренді ретінде танылды. Стипендия иегерлері әлемнің 30-дан астам еліндегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алады. Өткен жылдар ішінде 13,2 мың стипендия беріліп, экономиканың басым секторлары үшін 10,4 мың жоғары білікті мамандар даярланған.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Келесі тұжырымдарды растандар немесе жоққа шығарыңдар:
  - 1.1 «Мемлекетті дамытудағы қиындықтардың бірі патернализм – сен үшін бәрін мемлекет жасауы тиіс дегенге сенушілік. Сол арада адам капиталының жұмыс атқаруы және дамуы оның иесінің еркіне, адамның шешіміне тәуелді болады және жалпы алғанда адамның өзінен де, қоғамнан да едәуір шығынды талап етеді».
  - 1.2 «Кейбір адамдар қажетсіз білім мен дағдыларды меңгеруге өздерінің уақыттары мен қаражаттарын жұмсайды, өйткені болашақты олар табыс әкелуге жарамсыз».
  - 1.3 «Кенттену адам капиталының дамуына жағдай туғызады».
  - 1.4 «Біздің отбасымыз/әлеумет отбасының/әлеуметтің әрбір мүшесінде адам капиталының қалыптасуына және дамуына көп көңіл бөледі».
  - 1.5 «Қазіргі уақытта көптеген мамандықтар мен кәсіптер күннен-күнге жылдам жоғалып бара жатыр. Сондықтан өзіндік капиталды дамытқан кезде барлық мамандықтарға жарамды жан-жақты дағдыларды меңгеруге көбірек көңіл бөлу қажет».
  - 1.6 «Өзіндік адам капиталын дамыту бойынша менің жұмсаған күш-жігерім маған алдағы уақытта неғұрлым жоғары әлеуметтік орындарға көтерілуге мүмкіндік береді».
2. «Өмір бойына қажетті (қолданатын) білім» тақырыбына эссе жазыңдар.



55

## Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы

### Сабақ мақсаты:

- Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының бағыттарын анықтау негізінде болжам жасау;
- Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының хал-ахуалына талдау жасау негізінде даму жолдарын анықтау;
- Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымына талдау жасау негізінде оған қатысты мәселелерді шешу жолдарын ұсыну.

### Білу қажет:

- Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының бағыттарын;
- Қазақстанның инновациялық құрылымының құрамын;
- Қазақстан аймақтарының инновациялық құрылымының хал-ахуалын;
- экономикалық және әлеуметтік географияда болжам жасау әдісін;

ИНДУСТРИАЛДАНДЫРУ    ҚОСЫМША ҚҰН    ИННОВАЦИЯ  
ИННОВАЦИЯ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ    ӘРТАРАПТАНУ    БОЛЖАМ

**Индустриалдандыру** – ірі, техникалық жағынан дамыған өнеркәсіп құру, экономикадағы өнеркәсіптің үлесін айтарлықтай арттыру. Ғылыми ашылымдар (жаңалықтар) мен жаңа технологиялар өндіріс пен тұрғындардың табысының жылдам өсуіне үлкен үлес қосады. Нәтижесінде өнім мен көрсетілетін қызметтің барлық түрлерінің әлдеқайда кең ауқымды нарығы пайда болады, бұл инвестиция салуға ынта туғызады және экономикалық өсімнің артуына әкеледі.

Қабылданған топтастыруға сәйкес, экономика өндірістің бірінші секторынан (ауылшаруашылығы, минералды ресурстар өндіру) осы бірінші секторда алынған шикізатты өңдейтін екінші сектордан, және де үшінші сектордан немесе қызмет көрсету аясынан тұрады. Индустриалдандыру үдерісі бірінші сектордан басым бола бастайтын екінші сектордың аясын кеңейтуден (экспанциялаудан) тұрады.

Қазақстан индустриалды мемлекетке жатады. Елімізде фабрикалар мен зауыттар саны өте көп (§ 49). Өндірілетін тауарлардың көпшілік бөлігі өнеркәсіп орындарында жасалады. Алайда өнімнің басым үлесі шикізат пен жартылай дайын өнімдерді құрайды. Біз басқа елдерге металдар мен химиялық шикізаттар, шикі мұнай өнімдерін сатамыз. Олардан түсетін табыс сатылым көлемінің үлкен болуының арқасында

ғана көп болып отыр, ал бұл тауарларға қойылған қосымша құн аса үлкен емес күйінде қалып отыр. **Қосымша құн** – бұл тауар құны мен оны өндіруге жұмсалған шығынның арасындағы айырма.

Қазақстанға өнеркәсіп секторынан мол табыс түсуі үшін біз әлемдік нарықта жоғары бағада сатылатын, және оларды шығаруда Қазақстанның белгілі бір басымдылығы бар болатын тауарлар шығаруымыз қажет.

Әдетте, қосымша құны – жоғары тауарларды шығару ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялы тауарлар.

Мұндай тауарлар шығару үшін Қазақстанның зауыттары мен фабрикалары мыналарды жүзеге асыруы тиіс:

- өндірісті техникалық тұрғыдан жаңарту;
- энергия және ресурс үнемдеу;
- қолданылған технологияның техникалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- минералды ресурстардың шығынын төмендету және тиімді пайдалану.

Бұл инновация енгізуді талап етеді. **Инновация** – бұл кәсіпорын қызметінің нәтижелі болуын айтарлықтай арттыратын жаңалық (жаңа құрал-жабдық, бағдарламалық қамсыздандыру, өнім, қызмет түрі, үдеріс) енгізу. Ол – адамның зияткерлік жұмыстарының, оның ой-қиялының, шығармашылық үдерістің, ашылған жаңалықтардың, өнертабыстар мен оңтайландырудың соңғы нәтижесі.

#### **Инновация түрлері**

*Технологиялық* – жаңа немесе өнімі, бұйымдары, техникасы, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдерістері бар тиімді өндіріс алу.

*Әлеуметтік (үдерістік)* – адамдардың тіршілік аясын жаңалау үдерісі (педагогика, басқару жүйесі, қайырымдылық, қызмет көрсету, әлеуметтік жобалар).

*Азық-түліктік* – жаңа және пайдалы қасиеттері бар тағамдар өндіру.

*Ұйымдастырушылық* – кәсіпорындарды басқару жүйесін жетілдіру.

*Маркетингтік* – жаңа немесе неғұрлым жақсартылған маркетинг тәсілдерін қолдану, өнімдерді сату мен таныстырудың, оларды сату нарығында ұсыну мен алға жылжытудың, жаңа бағалық стратегияларды қалыптастырудың жаңа тәсілдерін пайдалану.

Қазіргі жағдайда, түрлі елдердің үкіметі ғылыми зерттеулер мен инновациялық жұмыстарды инвестициялауға ауқымды қаражат бөліп отыр.



1. Қосымша құны жоғары тауарлар өндіру қажеттілігі туралы тұжырымға мысал келтіріңдер, мысалы, «Үн тартатын зауытқа үн өндіргеннен гөрі нан-тоқаш өнімдерін шығарған тиімдірек, өйткені шикізатқа қарағанда, дайын өнімдерге қосылатын қосымша құн әлдеқайда жоғары».
2. Инновация өміріңді өзгерткендігі туралы дерек келтіріңдер.
3. Бір смартфон шығару үшін металл, пластик және әйнектің баржоғы бірнеше грамы ғана жұмсалады. Олардың жалпы өзіндік құны аса қымбат емес. Оларды қосымша құны жоғары өнім ететін қандай түрткіжайт?

**Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы.** Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық даму саясатын іске асыруда. Ол жаңа сала құру, сонымен қатар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын инновациялар мен өндіріске енгізілген жоғары технологиялар негізінде дәстүрлі салаларды дамытуды көздейді.

Қазақстандағы күшейтілген индустриаландырудың басты мақсаты – бұл оны әртараптандыру арқылы экономиканың тұрақты және теңгерілген өсімін қамтамасыз ету. **Әртараптандыру** – бұл салалардың, өнімдер мен көрсетілетін қызмет түрлерінің көбеюі. Күшейтілген индустриаландырудың міндеттері мыналар: экономиканың басымдылыққа ие секторларын дамыту; индустриаландыруға қолайлы орта жасау; экономикалық өлеуеттің аумақтық тиімді ұйымдастырылуы негізінде экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру; сонымен қатар экономиканың басым секторларын дамыту барысында мемлекет пен бизнестің өзара нәтижелі қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

Қазақстан экономикасының тұрақты әрі жылдам өсуін қамтамасыз ету үшін экономиканы индустриалды-инновациялық жаңартудың басым бағыттары анықталды:

1. Қосымша құнды, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында **негізгі салаларды жаңалау** (мұнай мен газ өндіру; тау-кен өндіру өнеркәсібі; қара және түсті металлургия; ауылшаруашылығы; құрылыс; транспорт және энергетика).
2. Импортты және экспортты алмастыратын өлеуеті бар секторларда **өнімділігі жоғары жаңа жұмыс орындарын озық қарқынмен құру** (мәшине жасау және құрал-асап жасау; мұнай-химия өнеркәсібі; заманауи тағам өнеркәсібі; құрылыс материалдары және т.б.).
3. Алдағы 15–20 жыл ішінде жаһандық экономиканың өсуін анықтайтын **экономиканың жоғары технологиялы секторларының дамуы** (жоғары технологиялы медицина, биотехнологиялар; бағдарламалық қамсыздандыру, телекоммуникациялар және электроника;

жаңа материалдар; баламалы энергетика және энергия үнемдеу; экологиялық – «жасыл» технологиялар).

**4. Тұрғындардың жұмыспен қамтылуы,** экономиканың тиімді және қазіргі заманға сай жұмыс орындары құрылатын секторларының (туризм; жеңіл өнеркәсіп; сауда, қызмет көрсету, жөндеу жұмыстары (автосервистермен қоса), мәдениет және ойын-сауық индустриясы және т.б.) дамуын бағамдайды, сонымен қатар кіші және орта бизнестің дамуына жағдай жасайды.

**5. Білім беру және кадрларды қайта даярлау жүйесін жаңалау,** жаңа экономикаға қажетті «таланттарды өсіріп шығаруға» арналған заманауи базаны дамыту; кәсіби қызмет секторын қарқынды дамыту (консалтинг, инжиниринг, қаржылық қызмет көрсету).

**Заманауи индустрияландырудың әлемдік трендтері.** Индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асыру барысында әлемде болып жатқан жетістіктер мен дамудың беталысын есепке алу қажет. Олардың негізгілеріне мыналар жатады:

- 1) жаңартылатын энергия көздеріне көшу;
- 2) ғимараттарды энергия өндіретін мини-зауыттарға айналдыру;
- 3) энергия-ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту және өндіріске енгізу;
- 4) көлікті сутектік энергетикаға алмастыру, сонымен қатар көліктің жаңа үнемді түрлерін дамыту;
- 6) 3D-басып шығару – түрлі материалдардан объект құрастыруға мүмкіндік беретін құрылғы;
- 7) 3D-принтер технологиясын дамыту арқылы көптеген тұрмыстық тауарларды өнеркәсіптік өндіруден жергілікті, тіптен «үйде» шығаруға көшу;
- 8) металлургиядан көміртек негізді композитті материалдарға көшу, сонымен қатар металлургияны іріктемелі лазерлі балқыманың негізінде 3D-басып шығару технологиясына алмастыру;
- 9) малшаруашылығынан бас тарту, 3D-биопринтерлерді пайдаланып, мал жасушыларынан әзірленген «жасанды ет» өндіруге көшу;
- 10) ауылшаруашылығының бір бөлігін «сатылас ферма» технологиясы негізінде қалаға көшіру;
- 11) мол мәлімет және сараптау – түрлі дереккөздерінен алынған деректерді жинақтау және жан-жақты бағалау, нақты уақыт режимінде шешім қабылдауға үлгі болады;
- 12) дербес роботтар – өнеркәсіптік роботтар іс-әрекеттер топтамасын дербес түрде орындай алады. Олар кеңістікте құрылғылардың және камералардың көмегімен қозғалады;
- 13) жинақ есептеулер – аумақтық-бөлісілген серіктестер арасында

бірлесіп жұмыс істеуге және деректер алмасуға арналған платформалар;

14) заттар ғаламторы – бір-бірімен немесе сыртқы ортамен өзара әрекеттесу үшін кіріктірілген технологиялармен жарақтандырылған физикалық құралдар («заттардың») желісіндегі құрылғылар мен сенсорлардың көрсеткіштері негізінде объектілерді басқару;

15) толықтырылған нақтылық – нақты өмірде виртуалды шынайылық объектілерін кескіндей технологиясы, мысалы, көрікті жерлерді географиялық картада кескіндеу (бейнелеу).



1. Әлемдік индустрияның дамуының заманауи трендтері қалай Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатына қолдау көрсетуге қабілетті бола алады?
2. Қандай трендтердің нәтижелері Қазақстанда қазіргі кезде бар?

**Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы.** Инновациялық инфрақұрылым бизнесті, ғылым мен білім беруді байланыстыратын делдал мекемелердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Елімізде инновациялық гранттарды, технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін, жобалық және еншілес қаржыландыруды, коммерцияландыру кеңселерінің қызметтерін қамтитын инновацияларға қолдау көрсету құралдарының жүйесі іске қосылған.

Қазақстанда 8 технопарктен, 4 конструкторлық бюродан, 21 коммерцияландыру кеңсесінен және 5 аймақтық коммерцияландыру кеңсесінен, 2 халықаралық технологияларды трансферттеу орталығынан тұратын тиімді инновациялық инфрақұрылым қалыптасқан.

2005 жылы Алатау кентінде «Ақпараттық технологиялар паркі» құрылды, оның әлі күнге дейін «Силиконды Алатау» деп атайды. Ол телекоммуникациялық қызметтерді көрсетеді, спутниктік байланыс желілерін әзірлейді және пайдаланады, дербес компьютерлер, серверлер шығарумен, аэрофототүсірілім жасаумен, жоғары технологиялы биометрлік өнімдер өндірумен, плазмалық және нано технологиялар шығарумен айналысады.

Астана қаласында Назарбаев университетінің Зияткерлік-инновациялық кластері құрылуда, оған технопарк және Astana Business Campus ғылыми паркі кіреді. Ол ғылым мен бизнесті дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. Оның аумағында жаңғыртылатын энергетика алаңы жасалған, ол жаңғыртылған энергияларды пайдаланып, кластер объектілерін ішінара дербес электр және жылу энергияларымен қамтамасыз етеді.

Конструкторлық бюро жаңа өнім өндіру немесе шығарылған өнім-

дерді жетілдіруге қажетті технологиялық құжаттарды әзірлеуге жауап береді, сонымен қатар отандық компаниялардың жеткізушілермен және әлеуетті нарықпен байланыс орнатуына септігін тигізеді. Мысалы, конструкторлық бюро, егер ғалымдар жаңа өнім ойлап тапқан болса, олардың сызбасын толықтырып жетілдіреді, өнімнің біреуіне жұмсалатын шығынның сметасын анықтайды, оны өндіру технологиясын әзірлейді, бөлшектер мен шикізаттардың сенімді жеткізушілерін, өндіруші зауыттар мен сатып алушыларды табуға көмектеседі.

Қазақстандық конструкторлық бюро транспорттық және ауылшаруашылық мәшинелерін жасауға, аспаптар жасауға, тау-кен металлургиялық және мұнай-газ жабдықтарын шығаруға мамандандырылуда.

«Тау-кен металлургиялық жабдықтарының конструкторлық бюросы» Өскемен қаласындағы «Алтай» технопаркінің ғимаратында іске қосылған және кен өндіретін техника мен оған қажетті қосалқы құралдар жасау бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар атқарады, бөлшектерді сериялық және жаппай өндіруді ұйымдастыруға, олардың өндіріс жағдайына бейімделуіне және бұйымдарды қолдануға арналған технологиялық үдерістерді әзірлейді.

Қазақстанда әрбір ғылыми мекемеде дерлік коммерцияландыру кеңселері ашылған. Олар өнертапқыштарға өздерінің инновацияларын қоғам игілігі үшін коммерцияландыруға көмектеседі, зияткерлік жеке меншіктің жылдам әрі кедергісіз трансферін қамтамасыз етеді.

Технологияның трансфері – бұл ғылыми-техникалық жетістіктердің өндіріске енгізілуі. Бұл әлемде кездесетін технологияларды қазақстандық өндіріске енгізу және де Қазақстан ғылымының жетістіктерін еліміз бен басқа да елдерде енгізу болуы мүмкін. Осы мақсатта Қазақстандық технологиялар трансферті желісі құрылған, ол – технологияларды іздеу және алмасуға арналған электрондық платформа.



Инновациялық өнімнің идеядан нәтижеге дейінгі әзірлену барысының кезеңдерін сызбамен бейнелеңдер. Онда технопарктің, бизнес-инкубатордың, қаржыландырудың, конструкторлық бюроның, коммерцияландыру кеңселерінің, технология трансферті орталығының рөлі мен орнын көрсетіңдер. Сызбаны түсіндіріңдер.

**Геодерек.** Алматы облысы Алақөл ауданында орналасқан Ақкөл қаласы Қазақстандағы алғашқы толықтай цифрлы «ақылды қала» болады. Қалалық деректерді өңдеу орталығы қаладағы іске қосылған барлық бейне бақылау жүйелерінің, экологиялық мониторинг, энергия ресурстарын бақылау және есепке алу, жол трафигін басқару, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерінің мәліметтерін жинақтайды, сосын ол мәліметтер Smart Aqkol жағдаяттық орталығына беріледі.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

### 1. Мақаланы оқып, оған атау беріңдер.

2011 жылы Астанада ТМД-да кездеспейтін, «Тұлпар-Тальго» жүрдек жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт құрылысы салынды. Зауыт құрылысы «Қазақстан Темір жолы» акционерлік қоғамы мен испаниялық «Patentes Talgo» компаниясының бірлесе жұмыс істеуімен іске қосылды. Жоба Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен, мемлекеттік күшейтілген инновациялық-индустриалдық даму бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды.

Өндірістік ғимараттарының жалпы ауданы отыз бір мың шаршы метрді құрайды. Зауыттың өндірістік қуаты – жылына жүз елу вагон. «Тұлпар-Тальго» вагондарын жасаған кезде Еуропалық сапа стандарттарына сәйкес заманауи алдыңғы қатарлы технологиялар мен материалдардың пайдаланылуы сағатына екі жүз километрге дейін жылдамдықпен жүруіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, ал вагондардың пайдаланылу мерзімі қырық жылды құрайды.

«Тұлпар-Тальго» жолаушылар вагондары басқа өндірушілердің вагондарымен салыстырғанда, маятниктік пневматикалық аспа, жеңіл шанақ, автоматты бағыттау жүйесі бар доңғалақтары мен вагондарының біріктіріле жалғасу типі тәрізді артықшылықтары мен басымдылықтары бар.

«Тұлпар-Тальго» вагондары іс жүзінде кез келген климаттық жағдайларға бейімделген, сонымен қатар түрлі стандартты темір жол жолдарына арналған доңғалақ блоктарымен жарақталған.

Заманауи автоматтандырылған диагностика және бақылау жүйелерінің болуы вагонның барлық жүйесінің жұмысын бақылап отыруға және жылдам диагностикалауға және қозғалыс барысында да олқылықтарды түзетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі күні зауыт – астанадағы ірі кәсіпорындардың бірі және төрт жүзден астам «Тұлпар-Тальго» вагонын шығарды. Кәсіпорында 2020 жылға дейін жайлы кең шанақты алты жүзден астам вагон шығару жоспарлануда.

**1.1** Өнеркәсіптің қай саласында әртараптандыру орын алды?

**1.2** Зауыт құрылысының салынуымен индустриалды-инновациялық дамудың қандай стратегиялық бағыттары жүзеге асырылған?

**1.3** Зауыт құрылысының салынуы индустрияландырудың қандай әлемдік трендтерін көрсетеді?

**1.4** Зауыт салу кезінде технологиялар трансферті қандай бағытта жүзеге асырылған?

**2.** Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының нәтижелері туралы субъективті болжам жасаңдар. Субъективті болжам сарапшылардың, мамандардың, тұтынушылардың және т.б. ой-ұсыныстарының нәтижесі бойынша жасалады.

Алғашқы болжам оптимистік,

Екінші болжам – пессимистік тұрғыда,

Үшінші болжам – шындыққа негізделген болуы тиіс.

Әр болжамның нәтижесін түсіндіріңдер.



**1. Топпен жұмыс істеу.** §53–55 материалдары бойынша бір стартап идеясын әзірлеңдер.

**Стартап** – бұл енді ғана құрылған (әлі заңды тұлға болып табылмауы да мүмкін), даму және өз бизнесін жаңа инновациялық идеялардың негізінде, не болмаса жаңадан пайда болған технологиялардың негізінде құру кезеңін басынан өткеріп жатқан компания. Стартаптар тәуекелшіл бизнеске жатады. **Тәуекелшіл бизнес** – бұл тәуекелді ғылыми-техникалық немесе технологиялық бизнес. Ол – ғылымның туындысы. Стартап бірегей болуы тиіс. Инновациялардың қолданылуы – стартаптың басты ерекшелігі. Стартаптар жаңа бір нәрсе жасап шығаруға немесе бұрыннан бар өнімді жақсартуға міндетті.

Әлемге танымал болған ең үздік стартаптар: Википедия; YouTube; Instagram; Twitter; Microsoft және басқалары.

Сендер кез келген формада төмендегілерді көрсетулерің қажет:

- негізгі идеяны;
- қандай мәселені және кімдер үшін шешілуде;
- өнімнің түпбейнесі;
- оның негізін қалайтын инновациялар, жаңа технологиялар.

1. Сендердің стартаптарың көрініс тапқан өнеркәсіп саласын атаңдар.

2. Қазақстанның нақты қай қаласында және қандай зауытта оны жүзеге асыруға болатынын көрсетіңдер.

3. Оның жүзеге асыруға қандай ғылыми және оқу орындары жағдай туғызады?

3. Қаржыландыруға қайдан және қалай іздейтін боласыңдар?

4. Стартаптарыңның жүзеге асырылуына өндіруші-зауыттан басқа қандай кәсіпорындар жұмылдырылады?

5. Технопарк, бизнес-инкубатор, конструкторлық бюро, коммерцияландыру кеңсесі нақты қандай көмек көрсете алады?

6. Сызбада стартаптарыңның іске асырылуы бойынша кластерді көрсетіңдер.

7. Сендер әзірлеген стартап Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының қай бағытына сәйкес келеді?

8. Оны жүзеге асыруда қандай әлемдік трендтер бейнеленген?

*Өз жобаларыңды сыныпта таныстырыңдар.*

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.3. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

57-58

## Қазақстанның шарқашылықтарының салалары

#### Сабақ мақсаты:

- жоспар бойынша Қазақстан шаруашылықтарының салаларына сипаттама беру;

#### Білу қажет:

- Қазақстан шаруашылықтары салаларының алуан түрлілігі;
- негізгі салалардың сипаттамасы;
- шаруашылық салаларына сипаттама беру жоспары.

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІ      МӘШИНЕ ЖАСАУ  
ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ      ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫ  
АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ      АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ      ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының шаруашылықтары көп салалы, алуан түрлі салаларға маманданған, металлургиялық, отын-энергетикалық және агроэнергетикалық кешендер басты рөл атқарады. Қызмет көрсету саласы да айталықтай рөлге ие.

#### 2017 жылғы Қазақстан экономикасы



### ӨНЕРКӘСІП





#### Отын-энергетикалық кешені

Қазақстанда энергетикалық ресурстардың (мұнай, газ, көмір, уран) ірі қоры бар және ол – энергетикалық держава.

Қазақстанда электр энергиясының өндірілуі, шамамен

	<b>72,0%</b>	көмірден
	<b>12,3%</b>	гидроресурстардан
	<b>10,6%</b>	газдан
	<b>4,9%</b>	мұнайдан

### Қазба отын кен орындары

 <p>Мұнай</p>	<p>Доссор, Мақат, Теңіз, Құлсары, Қосшағыл, Қаратон, Прорва (<i>Атырау облысы</i>)                  Жетыбай, Өзен, Қаламқас, Қаражанбас (<i>Маңғыстау обл.</i>)                  Кеңкияқ, Жанажол (<i>Ақтөбе обл.</i>)                  Күмкөл, Қызылқия, Арысқұм, Майбұлақ, Нұралы, Ақша-                  бұлақ (<i>Қызылорда обл.</i>)</p>
 <p>Газ</p>	<p>Қарашығанақ (Қарашығанақ), (<i>Батыс Қазақстан обл.</i>)                  Амангелді (<i>Жамбыл обл.</i>)</p>
 <p>Көмір</p>	<p>Қарағанды, Шұбаркөл (<i>Қарағанды обл.</i>);                  Екібастұз, Майкөбен (<i>Павлодар обл.</i>);                  Обаған (<i>Қостанай обл.</i>);                  Ленгер (<i>Түркістан обл.</i>);                  Кендірлі, Қаражырау (<i>Шығыс Қазақстан обл.</i>)</p>
	<p>Инкай, Буденов, Мыңкұдық, Мойынқұм, Қанжуған, Жалпақ, За-                  речное (<i>Түркістан обл.</i>);                  Қамысты, Семізбай, Викторовский және Грачевский (<i>Солтүстік                  Қазақстан обл.</i>);                  Солтүстік Харасан, Іркөл және Оңтүстік Қарамұрын (<i>Қызылорда                  обл.</i>);                  Сұлушоқы және Қолжаткен орындары (<i>Алматы обл.</i>);                  Борлы (<i>Маңғыстау обл.</i>);                  Заозерное (<i>Ақмола обл.</i>)</p>

Қазақстанда электр энергиясының негізгі көлемі Екібастұз, Майкөбен, Торғай және Қарағанды бассейндерінің көмірлерін пайдаланып, 37 жылу электрстансыларында өндіріледі.

### Ірі жылу электрстансылары

Атауы	Отын	Облысы
«Екібастұз ГРЭС-1»;	Көмір	Павлодар облысы
Екібастұз ГРЭС-2»	Көмір	Павлодар облысы
Ақсу ГРЭС-і	Көмір	Павлодар облысы
Жамбыл ГРЭС-і	Мазут	Жамбыл облысы

## Гидроэнергия ресурстары



Қазақстанда едәуір мөлшерде гидроресурстар бар. Экономикалық жағынан тиімді гидроресурстар еліміздің шығысы (Алтай) мен оңтүстігінде шоғырланған. Негізгі өзендері: Ертіс, Іле және Сырдария.

**Ірі ГЭС:**  
 Бұқтырма ГЭС-і (Ертіс өзенінде);  
 Өскемен ГЭС-і (Ертіс өзенінде)  
 Шүлбі ГЭС-і (Ертіс өзенінде);  
 Қапшағай ГЭС-і (Іле өзенінде);  
 Шардара ГЭС-і (Сырдария өзенінде)

## Энергияның баламалы көздері



Жел өлеуеті жылына 1 820 млрд. кВт.сағ-қа жетеді

**Қазақстандағы жел электр стансылары:**  
 Қордай, ЖЭС «К-1» - Жамбыл облысы  
 Ерейментау ЖЭС – Ақмола облысы



Күн энергиясының өлеуеті есептеулер бойынша жылына шамамен 2,5 млрд. кВт. сағатты құрайды, ал жылына күн сәулесі түсетін сағаттардың мөлшері 8 760-тан 2 200–3 000 сағ. деп бағаланады.

**Қазақстандағы күн электр стансылары**  
 Саран КЭС – Қарағанды облысы  
 Бурный КЭС, Отар КЭС – Жамбыл облысы  
 Қапшағай қаласындағы КЭС – Алматы облысы

## Электр желілері



Энергетикалық жүйелер ұлттық электрлік желілер арқылы электр энергиясының электр стансыларынан электр энергиясын тұтынушыларға дейін мемлекетаралық және аймақаралық жеткізілуін қамтамасыз етеді. Қазақстанның электрлік желілері электр берілісі жолдарынан тұрады. Қазақстанның электр берілісі жолдары мен

үлестіру жолдары 3 бөліктен тұрады: екеуі солтүстікте және біреуі оңтүстікте:

Солтүстік (Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, СҚО, ШҚО, Қарағанды облыстары);

Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары);  
Батыс (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары).

Әзірге олар түгелдей бір-бірімен байланыспаған. Қазіргі уақытта бірыңғай электржелісін құруға мүмкіндік беретін жаңа электр берілісі желісін жүргізу жұмыстарын қолға алу талқыланып жатыр. .



Кескін картаға Қазақстанның отындық пайдалы қазбаларының кен орындарын, ірі электр стансыларын белгілеңдер. Гидроэнергетикалық әлеуеті жоғары өзендердің атауларын жазыңдар. Жұмыс нәтижесін көрсететін түсініктеме әзірлеңдер.

## МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕН.

### Түсті металлургия

Республика аумағында түсті, сирек, шашыраңқы және асыл металдардың 25 түрін қамтитын кең көлемде тауар өнімдері өндіріледі. Өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінде түсті металлургияның меншікті салмағы 12% -дан асады. Қазба кендерінен мыс, қорғасын, мырыш, титан, магний, сирек және сирек жер металдар өндіріледі, мыс, қорғасын және т.б. негізінде прокат алынады. Түсті металлургияның жеке меншік шикізат базасы бар және онда технологиялық үдерістердің барлық кезеңі орын алады.

### Түсті металлургияның шикізат базасы

<p>Никель</p>	<p>Кемпірсай (Ақтөбе обл.) Аққарша, Ақтау (Қостанай обл.)</p>
<p>Алюминий (бокситтер)</p>	<p>Амангелді, Наурызым, Козырев, Белинское, Құсмұрын, Краснооктябрьское (Қостанай обл.)</p>
<p>Мыс</p>	<p>Қоңырат, Саяқ, Қарсақпай, Жыланды, Ұлытау (Қарағанды обл.) Глубокое (Шығыс Қазақстан обл.)</p>
<p>Полиметалл кендері (қорғасын, мырыш)</p>	<p>Риддер, Зырян, Малеев, Шоқпар, Белоусов, Ертіс, Тишинское (Шығыс Қазақстан обл.) Текелі, Яблоновое, Жалжота, Тұйық, Көксу (Алматы обл.) Аңысай, Мырғалымсай, Байжансай, Ақсораң, Шалқия, Қарасай (Түркістан обл.)</p>
<p>Алтын</p>	<p>Ақбай, Ақсу, Жолымбет, Бестөбе, Майқайың, Бақыршық, Васильков және басқалары.</p>

Қазақстан аумағы түсті металлургияның екі ірі аумақтық біріккен ауданына бөлінген:

- **Орталық мысты аудан**
- **Шығыс полиметаллды ауданы**



Түсті металлургияның ірі кәсіпорындары:  
 Ащысай полиметалл комбинаты  
 Балқаш түсті металдарды өңдеу зауыты  
 Балқаш түсті металл комбинаты  
 Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты  
 Қазақстан электролиз зауыты  
 Қайрақты тау-кен металлургиялық комбинаты  
 Павлодар алюминий зауыты  
 Өскемен титан-магний комбинаты

Кескін картаға Қазақстанның түсті металл кен орындарын, түсті металлургияның ірі кәсіпорындарын белгілеңдер. Кен орындары мен өңдеу орталықтары арасындағы байланыстарды көрсетіңдер. Орталықтағы мысты аудан мен Шығыстағы полиметаллды аудандардың таралу аймағын бейнелеңдер. Жұмыстарыңның нәтижесін көрсету үшін түсініктеме әзірлеңдер.

### Қара металлургия

Қазақстан темір кенінің қоры бойынша дүниежүзінде сегізінші орынға ие.

Әлемдік қордағы оның үлесі 6% -ды құрайды.

Қазақстандық темір кенінің сапасы жоғары.

Темір кені қорының 73,3% -ы жеңіл өндірілетін кен болып табылады.

Елімізде өндірілген темір кенінің 70% -дан астамы экспортқа шығарылады.

Қазақстанда хром кендерінің үлкен қоры бар, оның негізінде елімізде ферроқорыту зауыттары жұмыс істейді.

Бұл саланың кәсіпорындарының барлығы еліміздің орталық ауданында шоғырланған. Теміртауда екі кәсіпорын жұмыс істейді: қайта илемдейтін зауыт және толық кезеңді комбинат, олар Қостанай облысының және жергілікті кен орындарының темір кенді концентраттарын, сонымен қатар Қарағанды көмір бассейнінің көмірін пайдаланады.

Ферроқорытпалар өндіру шикізат (Ақтөбе) мен арзан электр энергиясына (Ақсу) негізделген.).

### Қара металлургия ресурстары

Темір кені ▲	Қашар, Аят, Лисаковск, Соколов-Сарыбай (Қостанай обл.), Кентөбе, Қаратас (Қарағанды обл.), Атансор (Солтүстік Қазақстан обл.)
Марганец ▼	Атасу, Жезді (Қарағанды обл.)
Хром ⊠	Кемпірсай, Донск (Ақтөбе обл.)

### Қарағанды қара металлургиясының ірі кәсіпорындары



Ақсу ферроқорытпа зауыты  
Ақтөбе ферроқорытпа зауыты  
Ақтөбе рельс-белағаш зауыты  
Қарағанды металлургиялық комбинаты  
Теміртау электр-металлургиялық комбинаты

Кескін картаға Қазақстанның қара металл кен орындарын, қара металлургияның ірі кәсіпорындарын белгілеңдер. Кен орындары мен өңдеу орталықтары арасындағы байланыстарды көрсетіңдер. Жұмыстарыңның нәтижесін көрсету үшін түсініктеме әзірлеңдер.

### Химия және мұнай химия өнеркәсібі

Химия өнеркәсібі мұнай, табиғи газ, тұздарды және басқа да пайдалы қазбаларды өңдеуге мүмкіндік береді, өңдеу жолымен алынған материалдардың жаңа түрлерін химия кәсіпорындарының өздері де, өнеркәсіптің көршілес салалары да пайдаланады.

#### Сала құрылымы




65% негізгі химия – бейорганикалық қышқылдар, сілтілер мен олардың тұздарын, жарылғыш заттар, лактар мен бояулар өндіреді.

20% агрохимия – минералдық тыңайтқыштар мен пестицидтер.

10% мұнай-газ химиясы – полимерлер.

5% тұтынушылық химия – жуғыш және тазалағыш құралдарды өндіру.

### Саланың шикізат базасы


Асбест 	Жетіғара (Қостанай обл.), Бөгетсай (Ақтөбе обл.), Қумола, Үшбұлақ (Қарағанды обл.)
Фосфориттер 	Жаңатас, Шолақтау, Ақсай, Көкжан, Ақжар, Үшбас, Шолақтау, Түйесай (Жамбыл обл.), Алға, Богданов, Қандыағаш, Көптебе, Шиелісай (Ақтөбе обл.)
Барит 	Жалайыр (Қарағанды обл.)

Мұнай мен газ, көмір кен орындары, өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы өндірістерінің қалдықтары, тұрмыстық қалдықтар

### Сала өнімдері:

 <b>пластмасса</b>	 <b>химиялық талшықтар мен жіптер</b>	 <b>автомобильдер мен ауылшаруашылық машиналары шиналары</b>	 <b>Хром қосылыстары</b>
 <b>Режеке техникалық бұйымдары</b>	 <b>Күйдіргіш (ойып түсетін өткір сода)</b>	 <b>кальций карбиді</b>	 <b>дәрілін препараттар</b>

### Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары

	Атырау МӨЗ	Атырау облысы
	Павлодар НПЗ	Павлодар облысы
	Шымкент МӨЗ	Шымкент қ.



### Мұнай өңдеу зауыттарының өнімдері



Фосфорит кенін өңдеу арқылы сары фосфор, минералдық тыңайтқыштар, синтетикалық жуғыш заттар өндіретін ірі кешен – «Қазфосфат» ЖШС іске қосылған (Тараз қ., Жамбыл облысы).

Оның құрамына кіреді:

- «Қаратау» тау-кен өңдеу кешені
- Жаңа Жамбыл фосфорзауыты (ЖЖФЗ);
- минералдық тыңайтқыштар зауыты;
- синтетикалық жуғыш заттар өндіретін зауыт.

#### Саланың ірі кәсіпорындары:

- «Қазфосфат» ЖШС, (Жамбыл және Түркістан облыстары), ауылшаруашылығына арналған минералдық тыңайтқыштар, жемшөптік фторсыздандырылған фосфатшығарады, фосфориттер, әктастар мен доломиттерден мраморландырылған жентектас өндіреді.

- «Үлбі металлургиялық зауыты» (Шығыс Қазақстан облысы), бериллий, тантал және ниобий өнімдерін, атом электрстансылары үшін уран таблеткалары мен ұнтақтарын өндіреді.

- «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» (Ақтөбе облысы), хром тұздарын өндіреді.

- «Қазазот» ЖШС (Маңғыстау облысы), аммиак селитрасын, аммиак, азот қышқылы мен табиғи газ өндіреді.

- «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» АҚ (Қарағанды облысы), ферроқорытпа мен кальций карбидін өндіреді.

- «СКЗ-У» ЖШС (Қызылорда облысы), күкірт қышқылын өндіреді.

- «Каустик» АҚ (Павлодар облысы), күйдіргіш (ойып түсетін өткір) сода, хлор, тұз қышқылын және натрий гипохлоритін өндіреді.

- «Химфарм» АҚ (Шымкент қ.), фармацевтикалық өнім өндіреді.

Кескін картаға Қазақстанның химиялық шикізат кен орындарын, химия өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарын белгілеңдер. Кен орындары мен өңдеу орталықтары арасындағы байланыстарды көрсетіңдер. Жұмыс нәтижелерін көрсету үшін түсініктеме әзірлеңдер.

## Мәшине жасау

**Мәшинелер** – бұл энергияны, материалдар мен ақпараттарды түрлендіруге арналған, жұмысты жеңілдететін және оның өнімділігін арттыратын механикалық құрылғылар. Мәшинелер күрделілігі бойынша түрлі дәрежеде болуы мүмкін – бір дөңгелекті қарапайым қол арбадан бастап жеделсаты, автокөліктер, баспа, тігін, есептеу мәшинелеріне дейін.

Қазақстанда мәшине жасаудың келесі салалары іске қосылған: электроника, электр жабдықтары, тау-кен металлургия кешендеріне (ТКМК) арналған мәшинелер мен жабдықтар, мұнай-газмәшинесін жасау және ауылшаруашылығы мәшинесін жасау, автомобиль құрастыру, темір жолмәшинелерін жасау, жөндеу және қызмет көрсету.

### Қазақстанның ірі мәшине жасау зауыттары

Кәсіпорын	Қала	Өнім
<b>Ауыр мәшине жасау</b>		
Алматы ауыр мәшине жасау зауыты	Алматы	Энергетикалық кешен, тау-кен өндіру өнеркәсібі, кен байыту және аглофабрика, мұнай кәсіпшілігі, металлургия және илемдеу, кокс химиясы жабдықтары, домналық, сым созатын, құбыр илемдейтін жабдықтар, жалпы өнеркәсіптік өндіріс өнімдері
Атырау Мұнай-Маш	Атырау	мұнай кәсіпшілігі мен геологиялық барлау жабдықтары
Шығысмашзауыты	Өскемен	Жерастында өздігінен жүретін тау-кен және кен байыту жабдықтары, флотациялық мәшинелер, тракторларға жетекші дөңгелектер, жемшөптік түйіршіктер өзірлеуге арналған түйіршіктегіштер, құс фабрикаларына арналған торлы едендер, халық тұтынатын тауарлар
Петропавлов ауыр мәшине жасау зауыты	Петропавловск	мұнай-газ өндіру, мұнай-газ өңдеу, мұнай химия, химия, газ, энергетикалық және өнеркәсіптің басқа да салаларына арналған жабдықтар
<b>Аспап жасау</b>		
«Омега» аспаптар жасайтын зауыты	Орал	темір жол және ауылшаруашылығы транспортының жылжымалы құрамына арналған бөлшектер мен тораптар, суды тазартатын қондырғылар, кеме жасаудағы дәл механика бұйымдары, модульдік ғимараттар мен қондырғылар және т.б.

**Электр-техникалық мәшине жасау**

Кентау трансформатор зауыты (КТЗ)	Кентау, Түркістан облысы	трансформаторлар, өлшеу трансформаторлары, қосалқы стансы, вакуумдық ажыратқыштар, ажыратқыштар
Ақтөбе рентген	Ақтөбе	медициналық мақсаттағы рентгендік диагностика жабдықтары

**Транспорттық мәшине жасау**

«АЗИЯ АВТО» АҚ	Өскемен	LADA, ŠKODA, Chevrolet KIA маркалы автокөліктерін шығару
Орал «Зенит» зауыты	Орал	кішкене кемелер мен кемелер, тапсырыс бойынша – жер қойнауын пайдаланушылар мен азаматтық секторларға арналған өнімдер
Локомотив құрастыру зауыты	Астана	тепловоздар
Тұлпар-Тальго	Астана	Жүйрік жолаушылар вагондары
Проммашкомплект	Екібастұз, Павлодар облысы	бағыттама аударғыштар мен темір жол дөңгелектері
Степногорск мойынтірек зауыты	Степногорск, Ақмола облысы	темір жол көліктеріне арналған роликті радиал мойынтіректер
AllurAuto	Қостанай, Алматыда, Астанада, Қызылордада филиалдары бар	SsangYong Motor, Chance, Iveco автокөліктерін өндіруші және ресми дистрибьюторы

**Саланың басқа кәсіпорындары**

Киров атындағы мәшине жасау зауыты	Алматы	торпедалар, темір жолға қатысты өнімдер, тау-кен қазу өнеркәсібі мен мұнай секторының, өскери-өнеркәсіптік кешен, ауылшаруашылығы мен азаматтық өнеркәсіп жабдықтары
Киров атындағы зауыт	Петропавловск	цифрлық теледидар, темір жол көліктері мен мұнай газ салаларына, энергетикалық кешендерге арналған жабдықтар, медициналық жабдықтар, 3D принтер шығару

1. Қазақстандағы мәшине жасау орталықтары мен ірі кәсіпорындарын контурлық картаға белгілеңдер.
2. Мәшине жасаудың салалық құрамы ел экономикасының салалық құрылымын қалай бейнелейді?
3. Индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру барысында мәшине жасау құрылымы қалай өзгеруі тиіс?

## ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІ

### Салаға арналған шикізат

Қазақстанның минералдық-шикізат базасы құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрастырылымдар өндіруге жеткілікті.

Өндірісте шикізаттың келесі түрлері қолданылады:

- құрылыс құмы
- қаптама тас
- гипс және ангидрит
- баяу балқитын балшықтар
- перлит шикізаты
- волластонит және дала шпаты
- цемент шикізаты
- асбест
- құмды-қиыршықтасты қоспа
- кірпіш шикізаты

### Сала өнімдері

Цемент, шифер, асбест-цемент құбырлары, төбе жабатын жұмсақ-материалдар, линолеум, санитарлық-құрылыс фаянс, едендер мен ғимарат сыртын қаптайтын керамикалық тақталар, ірі панельді үй құрылысын салуға арналған панельдер мен құрастырылымдар, қағаз өнеркәсібіне арналған каолин, радиаторлар, конвекторлар, құрылыс материалдары мен құрастырылымдардың басқа түрлері.

### Қазақстанның ірі компаниялары

- **Heidelberg Cement** компаниялар тобы (цемент, бетон, қиыршық тас, құм, ірі құм)
- *Бұқтырмацемент компаниясы (ШҚО)*
- *Шымкентцемент (Шымкент)*
- *Каспийцемент (Маңғыстау обл. Шетпе кенті)*

**Қазақцемент** (Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Шар а.) – минералды қосылғыштары бар түрлі маркадағы цемен өндіруші.

### «Alina» компаниялар тобы

- *Лак-бояу өнімдері өндірісі (Алматы, Семей, Ақтөбе)*
- *Құрғақ құрылыс қоспалары өндірісі (Алматы, Семей, Ақтөбе)*
- *Гипсті-тұтқырлағыш құрылыс материалдары өндірісі (Қаратау, Тараз, Аягөз, Семей, Ақтөбе)*

**Кнауф Гипс Қапшағай** (Алматы облысы Заречный кенті), гипсті-картон табақтары мен металл профильдер.

Құрылыс материалдарын кез келген жерден өндіруге болады деген тұжырымды дәлелді түрде растаңдар немесе теріске шығарыңдар.

### Көлік

Еліміздің аумағының үлкендігі, халық тығыздығының төмендігі, елді мекендер мен өнеркәсіп орталықтары және ауылшаруашылығы арасындағы аумақтық алшақтық, дүниежүзілік нарықтардан қашықта жатуы Қазақстан үшін көлік жүйесін дамытуды өмірлік маңызы (қажетті) бар мәселеге айналдырады.

#### Темір жол көлігі

Қазақстан темір жолының пайдаланылатын ұзындығы – 14,8 мың км, оның ішінде қос жолтабанды жолдары – 4,9 мың км (33%), электрмен жабдықталған жолдар – 4,2 мың км (28%).

#### Негізгі темір жолдар

- Транссібір (Корған – Петропавловск арқылы)
- Орталық Сібір (Троицк – Қостанай – Көкшетау – Қарасу – Барнаул)
- Оңтүстік Сібір (Қарғалы – Астана – Павлодар – Барнаул)
- Трансқазақстандық (Петропавл – Шу)
- Орынбор – Ташкент
- Туркісіб (Ташкент – Арыс – Шымкент – Тараз – Луговая – Алматы – Семей – Локоть – Барнаул – Новосибирск)
- Астрахань – Атырау – Орск
- Қоңырат – Бейнеу – Мақат



Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары жалпы ұзындығы 1182 км болатын темір жол желісі салынды:

- «Ақсу – Дегелең»
- «Хромтау – Алтынсарин»
- «Шар – Өскемен»
- «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шеғара»
- «Жетіген – Қорғас»

Отандық көліктік мәшине жасау өндірісін құру шеңберінде жүк және жолаушылар вагондарын, тепловоздар мен электровоздар шығаратын зауыттар салынды.

#### Автожол саласы

Ортақ қолданыстағы жолдар желісінің ұзындығы 97,4 мың км-ден асады.

- 23,5 мың км – республикалық маңызы бар
- 73,9 мың км – областық және аудандық маңызы бар жолдар.

#### Автокөлік магистральдарының басты бағыттары

- 1) Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас;
- 2) Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара;
- 3) Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл;
- 4) Астрахань – Атырау – Ақтау – Түркіменстан шекарасы;
- 5) Омбы – Павлодар – Семей – Майқапшағай;
- 6) Астана – Қостанай – Челябинск – Екатеринбург.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобанының – Солтүстік Еуропадан Батыс Қытайға дейін созылатын тарснұлттық инфрақұрылымдық жобаның және көлік дәлізінің құрылысы аяқталды, бұл жол Еуропа мен Азияның арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарды нығайту мақсатында салынды.

Жолдың жалпы ұзындығы – 8445 км, оның 2787 км-і Қазақстан аумағынан (Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының жерінен) өтеді.

Астана мен Щучинск (Ақмола облысы) арасында ұзындығы 217 км болатын жүйрік (шапшаң) автомагистраль салынды.

#### Су көлігі

Ақтау (экспортқа шығарылған жүктерді ауыстырып тиеу) және Баутино (теңіздегі мұнай операцияларына қолдау білдіру) теңіз порттары Орал, Павлодар, Өскемен, Семей өзен порттары

#### Әуе көлігі

Елімізде 20 әуежай жұмыс істейді.

Ірі әуежайлар: Алматы, Астана, Ақтау, Ақтөбе, Атырау.

15 әуежай халықаралық бағыттарға қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасының өуе трассасының жалпы саны – 80-нен асады, ұзындығы – 80718 км.

Шектес жатқан мемлекеттердің шегараларындағы өуе дәлізінің жалпы саны – 71.

Қазақстанда 10-нан астам отандық өуе компаниялары жұмыс істейді.

Сонымен қатар British Airways, Lufthansa, KLM, Transaero, PIA, Turkish Airlines, Iran Air және т.б. тәрізді жетекші шетелдік компаниялар жұмыс істейді.

### Құбыр желісі көлігі

Ірі мұнай құбырлары	Ірі газ құбырлары
Атырау – Орск	Мұбарак – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы
Өзен – Жетыбай – Ақтау	Бейнеу – Өзен – Бекдаш (Түрікменстан)
Өзен – Атырау – Самара	Бейнеу – Александров Гай (РФ)
Омбы – Атырау – Шымкент	Прорва – Атырау – Кеңқияқ – Орск
Кеңқияқ – Атырау	Орталық Азия – Центр
Атасу – Алашанькоу	Бұқара – Орал
Теңіз – Новороссийск (Каспий құбыр желісі консорциумы)	

Кескін картаға Қазақстанның негізгі көлік магистральдарын белгілеңдер. Қатынас жолдарының тағы қандай түрлерін және қандай бағытта салуды ұсынар едіңдер? Неліктен?

### Агроөнеркәсіп кешені

Агроөнеркәсіп кешені (АӨК) – ауылшаруашылығының шикізаттарын өндіру мен өңдеуге және одан соңғы тұтынушыға жеткізілетін өнім алуға бағытталған экономиканың бірнеше саласын біріктіретін ірі салааралық кешен.

АӨК қызметтің 4 саласын қамтиды:

**Ауылшаруашылығы** – өсімдікшаруашылығын, малшаруашылығын, фермерлік шаруашылықты, жеке қосалқы шаруашылық және т.б. қамтиды.

**Ауылшаруашылығын өндіріс құралдарымен және материалдық ресурстармен қамтамасыз ететін салалар мен қызметтер:** трактор және ауылшаруашылығы мәшинелерін жасау, минералдық тыңайтқыштар, химикаттар және т.б. өндіру.

**Ауылшаруашылығы шикізатын өңдеу салалары:** азық-түлік өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіпке арналған шикізаттарды бастапқы өңдеу салалары.

**Инфрақұрылым** – ауылшаруашылығы шикізатын әзірлеумен, тасымалдаумен, сақтаумен айналысатын өндіріс орындары, тұтыну тауарларын сату, ауылшаруашылығы мамандарын даярлау, АӨК салаларында құрылыс жүргізу.

## Ауылшаруашылығы

Ауылшаруашылығында еліміздің жалпы ішкі өнімінің шамамен 5% -ы өзірленеді.

### Ауылшаруашылығын дамыту түртіжайттары

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің жалпы ауданы – 222,6 млн. га, оның ішінде

егістік – 24 млн. га (10,8%)

шабындық – 5 млн. га (2,2%)

мал жайылымы – 189 млн. га (85%)

Топырақ және өсімдік қабаттарының тік және горизонталь зоналылығы айқын байқалады.

Барлық жердің 10% -ы орманды дала және дала зоналарында

шамамен 60% -ы шөлейтті және шөл зоналарында

шамамен 5% -ы – таулы жерлерде орналасқан.


Егіншілік дамыған зоналарда жылдық жауын-шашын мөлшері – 150–320 мм;

### Қазақстан аймақтарының мамандандырылуы

Мамандандырылуы	Облысы
Астықшаруашылығы	Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақтөбе
Күріш өсіру	Қызылорда, Алматы, Түркістан
Қызылша өсіру	Жамбыл, Алматы
Мақта өсіру	Түркістан
Бақша өсіру, жүзімшаруашылығы, бақшашаруашылығы, темекі өсіру	Алматы, Түркістан, Жамбыл
Малшаруашылығы (ІҚМ)	Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Алматы
Қойшаруашылығы	Қызылорда, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе
Жылқышаруашылығы	Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай
Түйешаруашылығы	Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан
Шошқашаруашылығы	Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан



**Азық-түлік өнімдері өндірісінің құрылымында негізгі үлес келесі салаларға тиесілі**

астық өңдеу саласы	<b>22,3%</b>	
сүт	<b>16,7%</b>	
нан-тоқаш	<b>15,0%</b>	
ет өңдеу	<b>13,6%</b>	
май	<b>7,9%</b>	
жеміс-көгініс	<b>7,6%</b>	
басқа салалар	<b>16,9%</b>	

1. Мамандандыру табиғи зоналыққа қалай тәуелді болады?
2. Ауылшаруашылығы салалары мен табиғи зоналар арасындағы сәйкестікті анықтаңдар.
3. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, келесі санаттар бойынша ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың тізімін жасаңдар: ет өңдейтін, сүт өңдейтін, ұн тартатын кәсіпорындар, кондитерлік фабрикалар, қант өндірісі, техникалық дақылдарды өңдеу.
4. Кескін картада жалпыға бірдей қабылданған шартты белгілерді қолданып, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу орталықтарын белгілеңдер.

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстандағы қуаты 350 МВт шапшаң нейтронды реакторы бар жалғыз атом электр стансысы Ақтау қаласында орналасқан болатын. АЭС 1973–1999 жылдар аралығында жұмыс істеді. Қазіргі кезде Қазақстанда атом энергиясы қолданыламайды. 2018 жылы Қазақстанда 2 АЭС құрылысын салу күтілуде: 1. Курчатов – Шығыс Қазақстан облысындағы қала; 2. Үлкен – Балқаш көлінің жағасында орналасқан Алматы облысындағы кент.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Жоспар бойынша жеңіл өнеркәсіпке және қызмет көрсету саласына сипаттама беріңдер:
  - Қазақстан экономикасындағы саланың мәні, оның салалық құрамы.
  - Саланың шикізат ресурсты және оның орналасуы.
  - Басқа салалармен байланысы.
  - Басты өндіруші-аймақтар.

- Басты өндіріс аудандары мен орталықтары, саланы осы аудандарға орналастыруға себепші болған факторлар.

- Саланы дамыту мәселелері.
- Саланы дамыту болашағы.
- Осы саланың мамандықтары.

## 2. Жұптық/топтық жұмыс

Танымал желі (өз таңдауыңмен) форматында өнеркәсіп / ауылшаруашылығы/қызмет көрсету саласының бірінің парақшасын ашыңдар. Егер нақты әлеуметтік желіде парақша ашу мүмкіндігі болмаса, онда қағаз бетінде оның прототипін жасаңдар. Парақшаға салынған материалдардың барлығы бірігіп, келесі тармақтар бойынша ақпараттарды беруі тиіс:

- Қазақстан экономикасындағы саланың мәні, оның салалық құрамы.
- Саланың шикізат ресурсы және оның орналасуы.
- Басқа салалармен байланысы.
- Басты өндіруші-аймақтар.
- Басты өндіріс аудандары мен орталықтары, саланы осы аудандарға орналастыруға себепші болған түрткіжайттар.
- Саланы дамыту мәселелері.
- Саланы дамыту болашағы.
- Осы саланың мамандықтары.

Қайталау орын алмас үшін сыныптастарыңмен салаларды таңдау бойынша келісіп алыңдар. Бірін-бірі бағалау мақсатында әр параққа материалдарға құрылымдық түсініктеме жазыңдар.

## Қазақстанның экономикалық аудандарының мамандануы

### Сабақ мақсаты:

- Қазақстанның экономикалық аудандарының, олардың шаруашылыққа қолайлы салаларын айқындау негізінде мамандануын түсіндіру.

### Для достижения цели необходимо узнать:

- экономикалық аудандау;
- Қазақстанның экономикалық аудандарының ерекшеліктері.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАУ      ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАН МАМАНДАНДЫРУ САЛАЛАРЫ

**Экономикалық аудандау.** Аудандау – мемлекетті бір-бірінен белгілі бір өзгеше белгілері бойынша ерекшеленетін аудандарға бөлу. Аумақтарды табиғи, ресурстық және шаруашылық жағдайларының жиынтығының ұқсастығы мен айырмашылық деңгейлері бойынша жекелеген аудандарға бөлу – экономикалық-географиялық аудандау.

Экономикалық аудандардың негізгі міндеттері:

- аудан туралы толық түсінік беретін, жан-жақты таныстыру жасау үшін аумақ туралы ақпараттарды жүйелеу және өзірлеу;
- мемлекеттік билік өкілдері үшін де, сонымен бірге көпшілік ақпарат қолданушылар тобына үшін де «ауданның бейнесін» жасау;
- дамудың аймақтық саясатын тиімді жүргізу.

**Экономикалық аудан.** Экономикалық аудандау нәтижесі – экономикалық аудан – еліміздегі табиғи, ресурстық және шаруашылық жағдайлардың айрықша үйлесімі, өндірістік инфрақұрылымының тұтастығы, ортақ әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-мәдени және басқа да даму шарттары, тұрақты ішкі байланыс орын алған аумағының ірі біртұтас бір бөлігі. Бұл кеңістіктің құрамына кіретін барлық құраушылар (шаруашылығы, халқы, елді мекендері және т.б.) басқа экономикалық аймақтарға қарағанда бір-бірімен өзара неғұрлым тығыз байланысқан.

**Мамандандыру.** Тарихи-географиялық аймақтардан өзгешелендіріп тұратын экономикалық ауданның ең басты белгісі – бұл оның мамандандырылуы – аудан шаруашылығының бар күшін белгілі бір өнім түрін өндіруге жұмылдыру. Аумақтың мамандандырылуы көбінесе бұрыннан клее жатқан тарихи үдеріс, алайда кей жағдайларда оны мемлекет ұйымдастыруы мүмкін.

Кез келген аумақтың халыққа ең қажетті тауарлардың барлығын өндіруге мүмкіндігі бар. Бірақ олардың әрқайсысы барлық күштерін белгілі бір тауарлар жиынтығын өндіруге жұмылдырады. Ол төмендегі себептер бойынша орын алады:

- аумақ табиғи ресурстардың қорына бай болғандықтан, республиканың басқа аудандарына қарағанда негізгі тауарларды өндіру арзандау болады. Демек, өнімнің өзіндік құны төмен, өндіріс көлемі – басқа аймақтарға қарағанда жоғары, оны сатудан түскен табыс – басқа өнімдер өндіргенде қарағанда көбірек болуы мүмкін;
- аймақта осы мамандандыру түріне қолайлы табиғи және экономикалық жағдайлар бар. Бұл жер бедері де, климат та, экономикалық-географиялық тиімді орналасуы да болуы мүмкін;
- мұндай тәсіл қолда бар, бірақ шектеулі өндірістік, қаржылық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, қаражатты шаруашылықтың барлық салаларына арналған жабдықтар сатып алуға жұмсағаннан гөрі, оны бір бағыттағы кәсіпорындарды толықтай қажетті заттармен қамтамасыз етуге жұмсап, осылайша өндіріс көлемі мен өнім сапасының жоғары болуын қамтамасыз еткен тиімдірек;
- мамандандырылған салалардың өнімдеріне басқа аймақтарда да сұраныс бар.

1. Аудандаумен айналысу қажет болған жағдайды және оқиғаны өз тәжірибелеріңнен естеріңе түсіріңдер. Мысалы, сенбілік жасаған кезде аумақты кішігірім бөліктерге бөлу кезі.
2. Сен тұратын елді мекен қандай ресми және бейресми аудандарға бөлінген? Әр ауданның құрамындағы аумақтар неліктен оған кіреді? Аудан басқасынан несімен ерекшеленеді?
3. Елді мекен шеңберінде өзің тұратын ауданның ішіндегі ішкі байланыс басқа аудандарға қарағанда әлдеқайда тығыз байланысқанына мысал келтіріңдер.
4. Өзің тұратын әкімшілік аудан мен облыс қандай салаға маманданған? Алдыңғы қатарлы тауарлар өндіруде қандай артықшылықтары бар?
5. Өзің тұратын аймақты тағы қандай жаңа салаға мамандандыруға болады? Неліктен?
6. Сен тұратын аймақты тиімді түрде дамыту үшін аймақтық және мемлекеттік билік органдары нені есепке алулары қажет?
7. Еркін түрде өзің тұратын өңірдің «аумақтық бейнесін» құрастырып жаз.

## Қазақстанның экономикалық аудандары

Қазақстан шартты түрде 5 экономикалық ауданға бөлінген



Солтүстік Қазақстан				
Аумағы 565 000 км <sup>2</sup> -ден астам			Халқы 3 937 000 адамнан асады	
Қостанай облысы	Солтүстік Қазақстан облысы	Ақмола облысы	Павлодар облысы	Астана
Қостанай	Петропавл	Көкшетау	Павлодар	

Солтүстік Қазақстан – еліміздегі ең басты астық қоймасы, сарқылмас астық беретін облыс. Ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп дамыған.

### Солтүстік Қазақстан

- Қостанай облысы
- Солтүстік-Қазақстан облысы
- Ақмола облысы
- Павлодар облысы
- Астана

Халқы  
**3 937 000**  
адамнан астам



Аумағы **565 000** км<sup>2</sup> астам

Аумағынан темір жол және өзен магистральдары өтеді. Жер қойнауы тас және қоңыр көмірге, темір және мыс кендеріне, бокситтерге, алтынға бай. Отын-энергетикалық, тау-кен өндірісі салалары, мәшине жасау дамыған, мұнай өңдеу кәсіпорындары, ферроқорытпа, алюминий, көлік құралдары кәсіпорындары орналасқан. Аймақ экономикасында агрөнөркәсіптік кешен маңызды орын алады. Егістік ауданының төрттен үшіне дәнді дақылдар егіледі. Аймақ – техникалық дақылдардың негізгі өндірушісі. Азық-түлік өнеркәсібі дамыған. .

**Облыстарда өндірілетін басты өнімдер**  
(2018 жылға арналған ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)

Қостанай облысы



Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы



Павлодар облысы



### Астана



### Батыс Қазақстан

Аумағы 736 000 км <sup>2</sup> -ден артық		Халқы 2759 000 адамнан астам	
Ақтөбе облысы	Атырау облысы	Батыс Қазақстан облысы	Маңғыстау облысы
Ақтөбе	Атырау	Орал	Ақтау

Экономикалық аудан минералдық ресурстарға бай. Кенді және кенсіз қазбалардың 50 түрінің мыңға тарта кен орындары ашылған, олар: мұнай мен газ, хромиттер, марганец, никель, фосфориттер, мыс. Теңіз кен орны дүниежүзіндегі ірі кен орындарымен теңестіріледі. Экономикадағы жетекші орынды екі өндірістік кезең алады – мұнай-газ химия

### Батыс Қазақстан

- Ақтөбе облысы
- Атырау облысы
- Батыс-Қазақстан облысы
- Маңғыстау облысы


Халқы  
**2 759 000**  
адамнан астам

Аумағы  
**736 000 км<sup>2</sup>**  
астам



сы және балық өңдеу. Сонымен қатар мұнай және рентген жабдықтарын, ферроқорытпалар, минералдық тыңайтқыштар шығару жолға қойылған. Аймақтың экономикасының игерілуі мен дамуына белсенді түрде шетелдік инвестициялар тартылады, бірқатар ірі бірлескен кәсіпорындар құрылған.

**Облыстарда өндірілетін басты өнімдер**  
(2018 жылға арналған ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)



**Шығыс Қазақстан**

Ауданы 283 000 км<sup>2</sup>-ден асады

Халқы 1 396 000 адамнан астам

Шығыс Қазақстан облысы

Өскемен





## Шығыс Қазақстан

• Шығыс-Қазақстан облысы

Халқы  
**1 396 000**  
адамнан астам

Аумағы  
**283 000** км<sup>2</sup>  
астам




**Шығыс Қазақстан.** Табиғи ресурстар алуан түрлі және жер бедеріне, топырағы, өсімдік өсуі мен климаттық зоналарына сәйкес көлбей жатады.

Еліміздің орман шоғырының жартысына дерлігі осында орналасқан, жер қойнауы полиметалл, қалайы-вольфрамды және ванадий кендеріне молынан қанық. Өнеркәсібінің негізгі салалары – түсті металлургия, мәшине жасау, аспаптар мен конденсаторлар шығару, электр энергетикасы, химия және ағаш өңдеу өнеркәсіптері.

### Облыстарда өндірілетін басты өнімдер

(2018 жылға арналған ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)

#### Шығыс Қазақстан облысы



#### Орталық Қазақстан

Ауданы 427 000 км<sup>2</sup>-ден астам

Халқы 1 385 000 адамнан асады

Қарағанды облысы

Қарағанды

## Орталық Қазақстан

• Қарағанды облысы

Халқы  
**1 385 000**  
адамнан астам

Аумағы  
**427 000** км<sup>2</sup>  
астам



Орталық Қазақстан – табиғи байлықтардың қоймасы. Орталық Қазақстанның экономикасының негізіне әдетте: қара және түсті металлургия, мәшине жасау, мал шаруашылығы жатады. Мұнда көмір өндірісі мен химия өнеркәсіптері, қара және түсті металлургиясы, мәшине жасау, құрылыс индустриясының орталықтары орналасқан.

### Облыстарда өндірілетін басты өнімдер

(2018 жылға арналған ҚР ҰӘМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)

#### Қарағанды облысы



#### Оңтүстік Қазақстан

Ауданы 712,125 км<sup>2</sup>

Халқы 8,569,809 адам

Қызылорда облысы

Жамбыл облысы

Алматы облысы

Түркістан облысы

Шымкент

Қызылорда


Тараз


Талдықорған

Түркістан

**Оңтүстік Қазақстан**—суармалы егіншілік жолға қойылған басты аудан, бау-бақша шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, мақта өсіру, қант қызылшасы, күріш өсіру дамыған. Ауыл шаруашылығы негізінде азық-түлік және жеңіл өнеркәсіптің дамуы орын алған. Металлургиялық, тау-кен химия, мәшине жасау мұнай өндіру және мұнай өңдеу өнеркәсіптері де қарқынды түрде дамуда. Фосфорлы тыңайтқыштар мен фосфор тұздарын өндіру бойынша дүние жүзіндегі ірі кешен іске қосылған.

**Облыстарда өндірілетін басты өнімдер**  
(2018 жылға арналған ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша)





1. Басты өнеркәсіптік өнімінің түрі бойынша әрбір экономикалық ауданның мамандандырылған саласын анықтаңдар. Мамандандырылған салаларды кему ретімен график түрінде көрсетіңдер. Осы мамандандырудың себебін түсіндіріңдер.
- 2.1-тапсырманың мәдліметтері бойынша Қазақстанның индустриалдық бағытын анықтаңдар.

### Қазақстандағы экономикалық аудандаудың жаңа бағыттары

Қазақстан Үкіметі елімізді алдағы уақыттардағы одан әрі экономикалық дамыту мақсатында 2030 жылдарға қарай аумақтарды аудандауды стратегиялық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асыруды алға қойып отыр.

Осыған орай макроаймақтар, олардың әрқайсысында тірек бола алатын – экономикалық өсудің қозғаушы күші болып табылатын қалалар анықталады.

Макроаймақтар экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларының ұқсастықтары бойынша анықталады. Аудандаудың осы үш өлшемінің негізінде Қазақстан Республикасы алты макроаймаққа бөлінеді (23-кесте):

23-кесте

### Қазақстан Республикасының макроаймақтары

Макроаймақ	Экономикалық мамандандырылуы	Жерге қоныстану жүйесі	Тірек болатын қалалар
Оңтүстік: Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстары	Ауылшаруашылығы (өнім алу күрделірекші салалар), азық-түлік өнеркәсібі; Қызылорда облысында – мұнай өндіру	Аграрлық мақсатта оңтүстікте тығыз және Шымкент агломерациясымен түзіле бастаған шөлейтті аудандарда сирек орналасқан көпорталықты өріс	Тараз, Шымкент, Талдықорған, Қызылорда

23-кесте соңы

Солтүстік: Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары	Металлургия (кен өндіру), ауыл (астық) шаруашылығы	Кішігірім қалалық ор- талықтары бар салыс- тымалы түрде халқы тығыз орналасқан аумақ	Қостанай, Көкшетау және Пе- тропавл
Батыс: Атырау, Маңғыстау, Батыс-Қа- зақстан, Ақтөбе облыстары	Мұнай-газ өндірісі; Ақтөбе облысында- сонымен бірге түсті металл кендерін өндіру, ауыл шаруашылығы	Қоныстану біркелкі емес, Атырау әлеуеттілік жағынан ірі (алдағы 15-20 жылда халықтың қарқынды көшіп-қону ағыны жалғасқан жағдайда) қалалық- шоғырландыруы	Атырау, Ақтау, Ақтөбе және Орал
Орта- лық-Шығыс: Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павло- дар облыста- ры	Металлургия, көмір өнеркәсібі, электр энер- гиясы	Өнеркәсіптік қалалар (алдағы 15-20 жыл- да – Павлодар – Ақсу әлеуетті шоғырлан- дыруымен) мен сирек қоныстанған аграрлық шеткі аймақтардың үйлесімі	Өскемен, Қарағанды және Пав- лодар
Астана	Әкімшілік, іскерлік, қаржылық және білім беру бойынша қызмет көрсету	Астана орталығы аграрлық шеткі ай- мақтарды қоныстану төмен болған кезде өнеркәсіптік салаға ма- мандандырылған екін- ші ретті орталықпен (Қарағанды) толықты- рылады	
Алматы	Іскерлік, қаржылық және білім беру бойын- ша қызмет көрсету; мәшине жасау; фармацевтика; ауылшаруашылығы және азық-түлік өнер- кәсібі	Ірі агломерация және нашар дамыған (көбі- несе аграрлық) шеткі аймақ	

1. Кескін картада жоспарлы макроаймақтардың шегарасын көрсетіңдер.
2. Әрбір макроаймақта қазіргі кезде бар салалар негізінде қандай мамандандыру бағытын ұсынар едіңдер? Неліктен?

**ГЕОДЕРЕК.** Өскеменде ақша шығарылады. 1992 жылдан бастап қалада Үлбі металлургиялық зауытының аумағында Ақша сарайы – монеталар, мемлекеттік марапаттар, ордендер, медальдар, зергерлік бұйымдар, кәдесый өнімдерін шығаратын кәсіпорын жұмыс істейді.



### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

**1. Топпен жұмыс істеу.** Қосымша ақпарат көздерін пайдалану негізінде қосымша сипаттау элементтері бар «Қазақстанның макроаймақтары» картасызбасын жасаңдар, онда келесі көрсеткіштерді бейнелеңдер:

- Ауданның географиялық орны, өлшемі және аумақтың табиғи артықшылықтары.
- Табиғи ресурстары мен экологиялық жағдайы.
- Халқы, оның саны, өсу серпіні, ұлттық ерекшеліктері, еңбек ресурстары.
- Қалаға және ауылға қоныстануы.
- Шаруашылық кешені, оның көлемі мен еліміздегі үлесі.
- Еліміз көлеміндегі шаруашылықтың бағыты мен мамандануы.
- Заманауи дамуындағы түрткіжайттар мен кедергілер.
- Басқа аудандармен байланысы.
- Болашағы, мүмкіндіктері, одан әрі дамуындағы қиындықтар.

**2. Жұмысыңды түсініктеме бере отырып, сыныпқа таныстыр.**

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.4. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдісі мен көрсеткіштері

61

#### Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы мен даму қарқыны

##### Сабақтың мақсаты:

- дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілеріне сипаттама беру;
- дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштеріне сипаттама беру (ЖІӨ, ЖҮӨ, оның ішінде адам санына шаққанда);
- дүниежүзілік шаруашылықтың үлгілері мен аумақтық құрылымына талдау жасау;
- дүниежүзілік шаруашылықтың даму қарқынына талдау жасау

##### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- Дүниежүзілік шаруашылық түсінігі, көрсеткіштері мен құрылымы
- Дүниежүзілік шаруашылықтың даму тұрткіжайты
- Еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі және халықаралық мамандандыру салалары
- Халықаралық экономикалық бірігу
- Трансұлттық корпорациялар (ТҮК)

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІ**      **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**  
**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ**

**Дүниежүзілік шаруашылықтың мәні.** Дүниежүзілік шаруашылық – өзара бір-бірімен халықаралық еңбек бөлінісі, экономикалық қарым-қатынас және адамзат баласының алдында тұрған жаһандық мәселелерді шешу қажеттігі бойынша байланысатын ұлттық экономикалардың жиынтығы. Дүниежүзілік шаруашылық негізін ұлттық шеғарадан тыс шаруашылық байланыстар мен қатынастар болып табылатын халықаралық экономикалық қарым-қатынастар қалайды.

Дүниежүзілік шаруашылықтың атқарған жұмыстарының нәтижесі әр мемлекетте ресурстардың тиімді пайдаланылуын арттыру, бүкіл дүниежүзінде экономикалық өсу қарқынын көтеру болып табылады. Дүниежүзілік шаруашылықты тауарлар, қызметтер, капиталдар, жұмыс күші мен білімнің бірыңғай нарығына айналдыру үдерісі жаһандану деп аталады.

**Дүниежүзілік шаруашылықтың көрсеткіштері.** Дүниежүзілік шаруашылық дамудың біркелкі болмауымен сипатталады. Бөліктерінің арасындағы экономикалық айырмашылықтар тауар, еңбек, капитал мен ақпарат нарықтарының даму деңгейімен, ел ішінде еңбек түрлерінің бөліну ауқымдылығы және олардың әлемдік нарыққа ену сипатымен, халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейі және түрімен көрсетіледі.

Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейін бағалау үшін бірнеше негізгі көрсеткіштер мен өлшемдер қолданылады:

- абсолютті және салыстырмалы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ);
- жан санына шаққандағы табыс мөлшері;
- ұлттық экономиканың салалық құрылымы;
- елдің экспорты мен импортының құрылымы;
- халық тұрмысының деңгейі мен сапасы және кейбір басқа жағдайлар.

Экономикалық дамуды сипаттайтын басты макроэкономикалық көрсеткіш ЖІӨ – тауарлардан ғана емес, сонымен қатар дүниежүзінде, макроаймақта, алайда көбінесе жекелеген мемлекетте белгілі бір уақыт мезетінде қолданылатын қызмет түрлерін қамтитын барлық ақырғы игіліктердің құны.

Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚҚДБ) табыс деңгейіне сәйкес мемлекеттерді үш топқа бөледі. Олар тұрғындардың санына шаққандағы жылдық табыстың мынадай шектік мәндерін анықтаған: табыстың төмен деңгейі – 765 доллардан көп емес (45-тен астам елде), табыстың орташа деңгейі – 766 доллардан 9385 долларға дейін (60-қа тарта елде), табыстың жоғары деңгейі – 9386 доллар және одан жоғары (25-тен астам елде).

**Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы.** Қазіргі уақытта дүниежүзілік шаруашылықтың төмендегідей құрылымы нақты қарастырылады:

- 1) тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығы;
- 2) капиталдардың әлемдік нарығы;
- 3) жұмыс күшінің әлемдік нарығы;
- 4) халықаралық валюта жүйесі;
- 5) халықаралық несие-қаржы жүйесі.

**Дүниежүзілік шаруашылықтың басты субъектілері** мыналар:

- мемлекет пен оның шаруашылық кешендері;
- трансұлттық корпорациялар;
- халықаралық мекемелер мен институттар;
- ұлттық шегарадан тыс шаруашылық барлық секторларының фирмалары.

**Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы.** ҒТТ мен ақпараттық экономика дүниежүзілік экономикалық картада мемлекеттердің барынша алшақтауына қарай «жіктелуінің» күшеюіне



әкелді. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымында *орталығы мен шеткі аймағын* ажыратуға болады (16-сурет).

Олардың бірін – орталығын – заманауи ақпараттық экономикасы бар неғұрлым дамыған елдер құрайды.

Ақпараттық экономика – бұл ЖІӨ-нің көпшілік бөлігін ақпарат пен білімді әзірлеу (шығару), өңдеу, сақтау және тарату қызметі қамтитын экономика, сонымен қатар бұл шығармашылық еңбек пен ақпараттық өнімдердің рөлдері басым болатын өркениет дамуының заманауи кезеңі болып табылады. Бұл елдер ғылыми-техникалық ілгерілеудің, жоғары технологиялар мен ғылыми ашылымдарды қолданудың бастамашылары болып табылады, олардың ауқымды әскери-өнеркәсіптік кешені мен әрекет етуге бейім айрықша әскери ұйымы бар. Орталықтың құрамына шамамен 25 мемлекет кіреді, алайда олардың үлесіне дүниежүзінің жалпы және өндірістік өнімдерінің, капитал ағымының және әлемдік сауданың жартысынан астамы тиесілі. Қазіргі кезде дүниежүзінде үш басты экономикалық орталық бар: АҚШ, Батыс Еуропа және Жапония. Оған сонымен қатар Азия аймағының Жаңа индустриалды мемлекеттері (Сянган, Сингапур, Тайвань, Оңтүстік Корея) де кіреді.

*Шеткі аймақтарға* қалған барлық мемлекеттер жатады. Олардың көбі экономиканың біржақты шикізаттық немесе жартылай дайын өнім өндіруге маманданған және өндірістердің материалдық базасы ескірген, тауарлы-қаржылық қарым-қатынастардың даму деңгейі төмен.

Табиғи-ресурстық әлеует пен сансыз әрі төмен бағадағы еңбек ресурстары заманауи экономикада ендігі кезде олардың басты артықшылықтары болып табылмайды. Ақпараттық экономикада ресурстық фактордың рөлі аса үлкен емес, және ол үнемі төмендеп отырады. Ресурс үнемдеуші технологиялар мен жоғары зияткерлік еңбек шеткі аймақтардағы елдерді артқа тастап, оларды халықаралық бәсекеге қабілеттіліктен айырды.



16-сурет. Дүниежүзілік шаруашылықтың орталығы, жартылай шеткі және шеткі аймақтары

Дүниежүзілік экономикада орталық пен шеткі аймақтың арасында айқын шегара жоқ. Шаруашылығында заманауилық пен артта қалушылықтың ерекшеліктері үйлесіп жатқан мемлекеттер бар. Мұндай мемлекеттер «жартылай шеткі аймақтар» деп аталатын аралық топқа жатқызылады. Жырттылай шеткі аймақтарға жататын мемлекеттер біртекті (ұқсас) емес, дегенмен өз экономикасының индустриалды сипатымен ерекшеленеді. Бұл топқа бұрынғы социалистік елдердің көпшілігі, негізгі бөлігін Латынамерикасы елдері құрайтын жаңа индустриалды елдер кіреді.

**Шеткі аймақ** – бұл аграрлық дәуір, **жартылай шеткі аймақ** – ескі индустриалды дәуір. **Орталық** заманауи постиндустриалды немесе ақпараттық дәуірді бейнелейді. Орталыққа қаншалықты жақын болса, өзгерістер де қарқынды болады, ғылыми-техникалық ілгерілеу де барынша айқын байқалады. Орталықтан қаншалықты алшақ болса, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің орын алу қарқыны да соншалықты баяу, тоқырау мен көнелілік де айқын көрініс береді.



1. 2018 жылы адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнім бір тұрғынға 8000 АҚШ долларынан асты. Осы көрсетіш бойынша Қазақстан Республикасы қай топқа жатады?
2. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылым картасында Қазақстан неліктен (94-сурет) шеткі аймаққа енгізілген?
3. Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыруда. Ол елімізді «Дүниежүзілік шаруашылықтың орталығы» тобына ауысуына себепші бола ала ма? Өз жауаптарыңды дәлелдермен және деректермен растаңдар.

#### Дүниежүзілік шаруашылық дамуының түрткіжайттары

- географиялық түрткіжайттар
- өндіргіш күштердің дамуы
- ғылыми-техникалық өрлеу
- сыртқы сауда
- континентаралық байланыс көлік құралдарының дамуы
- жаһандық коммуникациялық байланыс құралдарының дамуы
- капиталды енгізу және шығару
- жұмыс күшінің көшіп-қонуы
- интеграциялық үрдістер
- трансұлттық корпорациялар (ТҰК) құру
- халықаралық экономикалық ұйымдардың қызметі

**Дүниежүзілік шаруашылықтың даму қарқыны.** Заманауи дүниежүзілік экономиканың негізгі беталысы **постиндустрияландыру**

– индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамға ауысу, ол экономикада, ең алдымен қаржы қызметі мен капитал қозғалысы, ғылым мен мәдениет, білім, демалыс, туризм және т.б. салаларда қызмет үлесінің артуымен сипатталады.

XXI ғасырдың басындағы дүниежүзілік шаруашылықты дамытудың негізгі беталысы ретінде **жаһандандуды**, яғни дүниежүзілік шаруашылықты бірыңғай тауар, қызмет, капитал, жұмыс күші және білім нарығына айналдыру үдерісін атауға болады.

Тағы бір айқын беталыс – трансұлттандыру. Бұл бүкіл дүниежүзінде трансұлттық корпорациялардың рөлінің күшеюі.

Жаһандандырудан **біріктіру** мен **аймақтандыру** шығады. **Біріктіру** дүниежүзі елдері шаруашылықтарының бірігуін білдірсе, ал **аймақтандыру** – қатысушы елдердің ортақ шаруашылық міндеттерін шешу үшін аймақтық экономикалық топтар құруы.

**Халықаралық мамандандыру салалары мен еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі**

*Еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі (ЕХГБ)* – бұл жекелеген мемлекеттердің немесе мемлекеттер тобының белгілі бір өнім немесе қыз түрлерін өндіруге және оларды айырбастауға мамандануы. Қандай да бір елдердің бір өнім түрін өз қажеттілігінен артық мөлшерде өндіре алатын және ондай өнімді өздері өндіргеннен сатып алған тиімдірек болатын басқа елдерге қарағанда арзандау бағамен шығара алатын жағдайда еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі туындайды.

Ол *халықаралық мамандану салаларын*, яғни көбінесе өнімді экспорттауға бағытталған және еңбектің халықаралық географиялық бөлінісінде ең бірінші кезекте мемлекеттің «бет-бейнесін» көрсететін салаларды қалыптастыруда нақты көрініс табады.

Парсы шығанағы елдерінің халықаралық мамандану саласы мұнай өндіру, Колумбиянікі – кофе өсіру, Замбиянікі – мыс өндіру, Жаңа Зеландиянікі – қой өсіру болып табылады. Жапония дүниежүзінде автокөлік шығарудан бірінші-екінші орынды иеленеді. Астық шаруашылығы – Канаданың халықаралық мамандану саласы.

Дамыған елдер негізінен, үлкен үлесін ғылымды қажетсінетін өнім құрайтын дайын өнім (электроника, автокөлік, қару-жарақ және т.б.) шығаруға маманданады. Еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі – дүниежүзілік шаруашылықтың негізі. Белгілі бір тауар өндіруде осы және басқа да елдердің артықшылықтарының алғышарты нақты да, басқа да шарттар болуы мүмкін.

Халықаралық мамандануда халықаралық тауар және қызмет алмасуы қажет болады. Бұл алмасу халықаралық экономикалық бай-

ланыстардың дамуында, жүк ағынының саны мен қуатының артуында көрініс табады, оған қоса өндірістің орны мен тұтыну орнының арасында әрқашанда үлкен немесе кіші аумақтық алшақтық түзіледі.

### **Халықаралық экономикалық бірігу**

*Халықаралық экономикалық бірігу* – бұл жан-жақты тұрақты өзара байланысты дамыту және ұлттық шаруашылықтар арасында еңбекті бөлу, олардың экономикаларының түрлі деңгейде және түрлі формада өзара әрекеттесуі негізінде мемлекеттердің шаруашылық және саяси бірігу үдерісі:

*Еркін сауда аймағы* шеңберінде қатысушы-елдердің арасында саудадағы шектеулер, бөрінен бұрын кеден салығы алынып тасталады.

*Кеден одағы* – еркін сауда аймағының жұмыс істеуімен қатар бірыңғай сыртқы сауда тарифін белгілей алады және басқа елдерге қатысты бірыңғай сыртқы сауда саясатын жүргізеді.

*Ортақ нарық* оның қатысушыларын еркін өзара сауда жасаумен қатар, бірыңғай сыртқы сауда тарифімен, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысымен, сонымен қатар экономикалық саясаттың келісімімен қамтамасыз етеді.

*Экономикалық және валюта одағы* ортақ экономикалық және валюталық-қаржылық саясат жүргізе отырып, біріктірудің барлық көрсетілген түрлерін қатар қолданады.

Экономикалық біріктіру бірлесе әрекет ететін тараптар үшін бірқатар қолайлы жағдайлар жасайды.

Ол шаруашылықты жүргізуші субъектілердің (фирмалардың) ресурстардың (қаржылық, материалдық, еңбек) әр алуан түріне, барлық аймақ шеңберінде жаңа технологияларға әлдеқайда көбірек қол жеткізуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар барлық біріктіруші топтасулардың сыйымды нарығын есепке ала отырып, өнім өндіруге мүмкіндік туғызады.

Ол экономикалық бірігуге қатысушы-елдердің фирмаларына артықшылығы (басымдылығы) бар шарттар құрастырады, оларды белгілі бір деңгейде басқа елдердің фирмалары тарапынан туындайтын бәсекелестіктен қорғайды.

Сондай-ақ оның қатысушыларына жекелеген әлдеқайда артта қалған аудандардың даму деңгейін теңестіру, еңбек нарығындағы жағдайды жеңілдету, халықтың аз қамтылған бөлігіне әлеуметтік кепілдіктер беру тәрізді, неғұрлым өткір әлеуметтік мәселелерді бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Бірігудің алғышарттары төмендегідей:

- интеграцияланатын елдердің экономикалық даму деңгейлерінің жақын болуы.

- Интеграцияланатын елдердің географиялық тұрғыдан жақын болуы, ортақ шегараларының және тарихи тұрғыдан орын алған экономикалық байланыстарының болуы.

- Мемлекеттердің алдында тұрған экономикалық және даму, қаржыландыру, экономиканы, саяси ынтымақтастықты реттеу төңірегіндегі мәселелердің ортақтығы.

Көптеген интеграциялық бірігулер, жалпы алғанда алдарына төмендегідей ұқсас міндеттер қояды:

- экономикалық бірігудің артықшылықтарын пайдалану;
- қолайлы сыртқы саяси орта қалыптастыру;
- сауда саясатының міндеттерін шешу;
- экономиканың құрылымдық қайта құрылуына көмектесу;
- ұлттық өнеркәсіптің жаңа салаларына қолдау көрсету.

Европалық Одан (ЕО) – аймақтық экономикалық бірігудің батыс-еуропалық нұсқасы. ЕО интеграциялық үрдістің барлық негізгі кезеңдерін басынан өткерген.

#### Трансұлттық корпорациялар

Экономиканы жаһандандырудың орталық буыны – бірнеше мемлекеттің аумағында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын трансұлттық компаниялар (ТҰК).

ТҰК-дың қызметтерінің жағымды жақтары: 1) ТҰК қызметінің нәтижесінде салық түсімдерінің артуы; 2) «бәрінен бұрын қажет» жерлерде филиалдар, еншілес компаниялар құру; 3) халықтың жұмыспен қамтылуы артады, нарық тұтынушыға қажетті өнімдермен толығады; 4) тиімділікті арттыру және бәсекеге қабілеттілікті күшейту мүмкіндігі; 5) фирманың шетелдік филиалының өнімдерінің тұтынушыларға жақын болуы және нарықтардың болашағы мен қабылдаушы елдің фирмаларының бәсекелік әлеуеті туралы ақпарат алу мүмкіндігі.

ТҰК-дың қызметтерінің жағымсыз жақтары: 1) ТҰК ел экономикасына орасан зор әсер ете отырып, бірқатар жағдайда өз мүддесін қорғап, оған кедергі жасауы да мүмкін; 2) ТҰК жиі заңды «айналып өтуге» тырысады (табысты жасау, капиталды бір елден екіншісіне қайта аудару); 3) үстеме пайда табуға мүмкіндік беретін монополиялық баға белгілеу; 4) елдің мүддесін шектейтін шарттарға үстемдік беру.



1. Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуының қандай беталысы Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму саясатында көрініс береді? Жауап жазу үшін §55 материалдарын пайдаланыңдар.
2. Қазақстанда өндіріс пен сауда саласында қандай әлемдік компаниялар бар? Қандай қазақстандық компаниялар ТҰК бола алады? Өз жауаптарыңа дәлел келтіріңдер.

3. Дүниежүзінің қандай елдерімен Қазақстан экономикалық бірігуді жүзеге асырады?
4. Қазақстанның қазіргі халықаралық мамандану саласы қандай және болашақта қандай сала болуы мүмкін?

**ГЕОДЕРЕК.** Еуразия экономикалық одағы (ЕАЭО) – халықаралық аймақтық экономикалық бірігу ұйымы. ЕАЭО-нда тауарлардың, сонымен қатар қызмет түрлерінің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, және экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етілген. Оның құрамына Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей кіреді.

### ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА



1. Кескін картаға дүниежүзілік шаруашылықтың «орталығына» жататын мемлекеттер мен аймақтарды енгізіңдер.
2. Кескін картаға дүниежүзілік шаруашылықтың «шеткі аймақтарына» жататын мемлекеттер мен аймақтарды енгізіңдер. Картаға қысқаша жазбаша түсініктеме жазыңдар, ол орталыққа және шеткі аймаққа жататын мемлекеттер мен аймақтарды дұрыс белгіленгенінді растауы тиіс. Сілтемелерді пайдалану талаптарына сәйкес көрсете отырып, сенімді және нақты дерек көздерін келтірулеріңе болады.
3. Қазақстан құрамына кіретін «Халықаралық экономикалық интеграциялық бірлестіктер» кестесін жасаңдар, ол бірлестікке еліміздің кіру мақсаты мен мерзімін, сонымен қатар басқа да қатысушы-елдерді көрсетіндер. Естеріңде болсын, сендер тек экономикалық бірігуді ғана қарастыруларың қажет.

## Халықаралық экономикалық қарым-қатынастар

### Сабақтың мақсаты:

- халықаралық экономикалық қатынастардың түрлерін жүйелеу және сипаттама беру.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- халықаралық экономикалық байланыс түрлері туралы;
- халықаралық сауда географиясы туралы;
- капиталдың халықаралық қозғалысы туралы;
- жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны туралы;
- халықаралық банктер мен қорлар туралы.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР      ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА КАПИТАЛ      КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ      ЖҰМЫС КҮШІНІҢ КӨШІ-ҚОНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКТЕР МЕН ҚОРЛАР

**Халықаралық экономикалық байланыс түрлері.** Ұлттық экономиканың бар жиынтығы тауар, қызмет қозғалысы мен өндіріс түрткіжайтарына бекітілген. Осы негізде мемлекеттер арасында халықаралық экономикалық қатынастар, яғни шаруашылық қарым-қатынастар туындайды.

**Халықаралық экономикалық қарым-қатынастар** – бұл алуан түрлі объектілерді – тауар, қызмет, капитал және жұмыс күшін халықаралық көлемде өндірумен алмасу бойынша жекелеген елдер мен олардың топтарының шаруашылық субъектілерінің байланысы.

Халықаралық экономикалық қатынастар мыналардан тұрады:

- еңбектің халықаралық бөлінісі;
- халықаралық сауда;
- капитал мен шетелдік инвестицияның халықаралық қозғалысы;
- жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны;
- халықаралық валюталық-қаржылық және несиелік қарым-қатынастар;
- Халықаралық экономикалық бірігу.

Халықаралық экономикалық қатынастарды жүзеге асыруға саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да түрткіжайттар әсер етеді.

Еңбектің халықаралық географиялық бөлінісі мен халықаралық экономикалық бірігу туралы §61-та айтылды. Бұл параграфта халықаралық экономикалық қатынастардың басқа түрлеріне сипаттама беріледі.

**Халықаралық сауда.** Халықаралық экономикалық қатынастардың дәстүрлі және неғұрлым дамыған түрі дүниежүзілік сауда.

**Халықаралық сауда** – бұл түрлі елдерде сатып алушылар, сатушылар мен делдалдар арасында жүзеге асырылатын сату және сатып алу үдерісі. Оның саудасына халықаралық экономикалық қатынастардың барлық көлемінің шамамен 80% -ы тиесілі.

Халықаралық сауда тауарларды **экспорты** мен **импортын** құрайды, олардың арақатынасын **сауда теңгерімі** деп атайды.

Сыртқы сауда – тауарларды ақылы әкелу (импорт) және ақылы шығарудан (экспорт) тұратын қандай да бір мемлекеттің басқа мемлекеттермен сауда жасауы.

Халықаралық сауданың дамуы мен өсуіне сауда-экономикалық бірігу, аймақтық тосқауылдарды жою, ортақ нарық, еркін сауда аймақтарын қалыптастыру, халықаралық сауданы реттеу және ырықтандыру септігін тигізеді.

**Дүниежүзілік сауда түрлері:** көтерме сауда, тауарлы, фьючерстік және қор биржалары, жәрмеңкелер, валюта саудасы.

Шикізат пен азық-түлік тауарлары нарығында тарихи тұрғыда сауданың айрықша түрі – биржалар мен аукциондар қалыптасты.

**Биржа** – бұл тұрақты саудаластық, тауарларды және қаржылық активтерді сату-сатып алу жүргізу, сондай-ақ оларды жеткізуге келісімшарттар жасау мақсатында коммерциялық делдалдардың бірігуі немесе жиналуы. Биржа дегенде көтерме нарық, уақыт пен орнының анықтығы, сатушылар мен сатып алушылардың ұсыныстарының қарама-қарсы сипаты ойға келеді.

Бұрындары биржа деп белгілі бір уақыт мезетінде сауданың адамдары мен делдалдардың, биржалық маклерлердің бағалы қағаздарға немесе тауарларға мәміле жасау үшін жиналатын орнын немесе ғимаратты атаған.

Брокерлер өздерінің мүддесіне немесе клиенттердің мүддесіне сауда жүйелеріне бағалы қағаздарды (валюта, тауарлардың) сатып алу немесе сатуға өтінім қалдырады. Бұл өтінімдерді басқа саудагерлер қарсы өтініммен қанағаттандырады. Биржа орын алған мәмілелерді есеп алады, жүзеге асырады, ұйымдастырады және есеп айырысуға кепілдік береді.

**Биржалардың негізгі түрлері.**

**Тауар биржалары.**





Тауар биржасы – бұл биржа тауарларын сатып алу-сату жүзеге асырылатын орын. Биржалар сауда жасалу үшін барлық жағдай жасайды. Тауар биржасының жұмыстарының басты бағыты – көтерме сауда және тауар бағасын белгілеу.

Әрбір тауар биржасы басқа биржалардан тәуелсіз әрекет етеді және онда белгілі бір тауарларға өздерінің белгілі бір бағасы қойылады, бірақ биржалар арасында ақпараттық байланыстың орнауы арқасында бағалар теңестіріледі. *Биржада баға белгілеу* – бұл келісімшартта нақты көрсетілетін бағаны тіркеу және белгілі бір уақыт кезеңі үшін (ереже бойынша, биржалық күн) биржалық мәмілелер бойынша типтік баға енгізу. Бұл биржадан тыс жерлерде де мәміле бекіткен кезде басшылыққа алынады. Шын мәнінде бұл – сатылымның басым бағасы.

Халықаралық биржа айналымының шамамен 98% -ы АҚШ, Ұлыбритания мен Жапонияның үлесіне тиесілі. Дүниежүзіндегі ірі сауда биржалары: Нью-Йорк тауар биржасы NYMEX (табиғи газ, мұнай және мұнай өнімдері), Чикаго тауар биржасы CBOT (астық), Лондон металл биржасы LME, Токио тауар биржасы, Канзас сити борд оф трейд (бидай), Лондон жүн (жуылған жүн) биржасы.

Толықтай немесе ішінара биржа арқылы сатылатын тауарлардың шамамен 100 түрі биржа тауарларына жатады. Олардың үлесіне халықаралық сауданың шамамен 20% -дайы тиесілі. Олар дәнді, майлы, талшықты дақылдар, тірі мал, ет, қант, кофе, какао-бұршақтар, сұйық май, картоп, бұрыш, жұмыртқа, жержаңғақ, апельсин шырынының концентраты, кесілген ағаш дайындамалары, шере, табиғи каучук, мыс, қалайы, мырыш, қорғасын, никель, алюминий және бағалы металдар, мұнай және мұнай өнімдері.

**Қор биржасы.** **Қор биржасы** – бұл бағалы қағаздарды сатып-сатып алу жүзеге асырылатын, олардың нарықтық бағасы анықталатын және олар туралы ақпараттар таратылатын ұйым.

Биржалар бағалы қағаздар сатылымын іске асыратын орын белгілейді, биржалық бағасын айқындайды, биржада бекітілген мәмілелердің орындалуына кепілдік береді, сонымен қатар биржа саудасына қатысушыларға арналған этикалық стандарттар, тәртіп кодексін әзірлейді.

Төмен бағамен бағалы қағаздарды сатып алып, оларды әлдеқайда жоғары бағада сату арқылы ірі биржалық пайда табуға болады.



## Валюта биржасы



**Валюта биржасы** – бұл сұраныс пен ұсыныстың әсерінен нарықта қалыптасқан ұлттық валюталардың арасындағы бағамдық арақатынасқа (баға белгілеу) сүйеніп, оларды еркін сату-сатып алуды жүзеге асыратын орын.

Валюта биржасының тікелей міндеті – валюта бағамын анықтау, ол шетелдік валютаның құнын білдіреді.

Дүниежүзінде көптеген валюта биржалары бар, олар қаржы активтері мен валюталарды мерзімдік сатумен айналысады. Мысал ретінде Лондон халықаралық қаржы фьючерстері биржасын, Амстердамдағы Еуропа опциондық, Франкфурттегі Неміс мерзімдік, Сингапур биржаларын, Сиднейдегі мерзімдік сауда және Венадағы Аустрия мерзімдік опциондық биржаларын атауға болады.

## Еңбек биржасы



**Еңбек биржасы** – бұл жұмыс күшін жалдау кезінде жұмысшылар мен кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынаста делдал рөлін атқаратын мекеме (жұмыспен қамту орталығы, жұмысқа орналастыру орталығы). Еңбек биржасының негізгі міндеттері – жұмыссыздар немесе жұмысын ауыстырғысы келетіндер үшін жұмыс іздеу, жұмыс күшіне және нақты мамандықтарға деген сұраныстар мен ұсыныстарды зерттеу, жастардың кәсіптік бағдары, сонымен қатар жұмыс берушілердің сұранысына ие жаңа мамандықтарға қайта оқыту және меңгерту.

Еңбек биржасында сұраныс пен ұсыныстар бойынша ақпараттарды топтастыратын және бөліп тарататын, алынған ақпараттарды өңдейтін және жауап қататын үйлесімді жүйе жұмыс істейді.

Дағдарыстың және жұмыссыздықтың күрт өсуіне орай еңбек биржасының қоғамдық маңыздылығы күннен-күнге артып келеді.

## Аукциондар

Сауда қызметі түрлерінің бірі – аукцион түрінде өткізілетін сауда-саттыққа кәсіпорынның қатысуы. Аукциондар – бұл алдын ала белгіленген уақытта және арнайы көрсетілген орында жария сауда жолымен аукционға қойылған тауардың сатылымын жүзеге асыратын арнайы компаниялар.



Олар әдетте өздерінің сатып алатын бағасын ұсына отырып, өндірушілерден өз қаражаттарына тауарды сатып алады да, қайта сатады, осылайша баға айырмасынан пайда табады. Аукционды музейлер, көркемсурет салондары, биржалар, тұрақты жұмыс істейтін көрмелер ұйымдастыра алады.

Аукционға қойылатын тауарлардың дербес сапасы болады, сирек жағдайда стандарттауға жатады. Олар биржа тауарларынан ерекшеленеді. Аукционға қойылған тауар лот деп аталады. Лот – бұл тауардың стандартты топтамасы немесе бірлігі. Лот бір бұйымнан немесе оның бірнеше бірлігінен тұруы мүмкін. Әр лотқа нөмір беріледі, сол нөмір бойынша ол сату үшін аукционға қойылады.

Дүниежүзіндегі ірі аукциондар: *Christies, Sotheby's, eBay, Amazon, Taobao.*



Түрлі субъектілердің халықаралық сауда-саттыққа қатысуының артықшылықтары қандай? Биржалардың рөлі қандай? Биржа түрлерінің ерекшеліктері неде? Биржаның баға белгілеуі неліктен сауда мәмілелері үшін маңызды болып табылады? Биржа тауарлары мен аукционға сатылымға қойылған тауарлардың айырмашылықтары қандай?

### Капиталдың халықаралық қозғалысы

**Капитал** – бұл адам баласының қолымен жасалған ресурстар, оны тауар мен қызмет өндірісінде қолданады және табыс әкеледі. Бұл тауар өндіру үшін жұмсалуды қажет ресурс түрлерінің бірі. Өндіріс барысында қолданылған ақша мен материалдық игіліктер (заттар) капитал бола алады.

**Капиталды экспорттау динамикалық дамушы экономиканың белгісі болып табылады.** Капиталды тек дамыған елдер ғана емес, со-

нымен қатар кейбір дамушы елдер де – жаңа индустриалды мемлекеттер (ЖИМ) және мұнай-экспорттаушылар (Қытай) тасып әкетеді.

Халықаралық инвестициялар негізгі екі формада жүзеге асырылады: инвестициялар мен көмек қарыздар (несие).

**Инвестиция** – бұл табыс табу мақсатында тікелей өндіріске салынған капитал. Шығарылған капиталға шетелде өзінің кәсіпорнын құруға немесе басқа мемлекеттің азаматымен бірлесіп, кәсіпорын құруға не болмаса жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның акцияларын сатып алуға болады.

**Көмек қарыз (несие)** – капиталды ақшалай немесе тауар түрінде қарызға беру. Бір елдің қарыз берушісі басқа елдің қарыз алушысына табыс табу мақсатында қарыз береді.

#### **Капиталдың халықаралық қозғалысының орын алу себептері**

Капиталдың орнын ауыстыруы кәсіпкерлердің өз елдерінде капитал артылғандықтан (көп болғандықтан) орын алады және оны жүзеге асыру үшін жаңа сфера қарастырады. Бизнес неғұрлым арзандау шикізат пен аса қымбат емес жұмыс күшін іздейді. Оларды басқа елдердегі салықтың төмен болуы мен аса қатаң емес экологиялық талаптар қызықтырады. ТҮК өндірістерін өз өнімдерін тұтынушыларға жақын орналастыруға және оларды жеткізуге жұмсалатын көлік ұсталымдарын азайтуға тырысады. Бірқатар елдер шетелдік капитал үшін қолайлы инвестициялық климат, АЭА-та (арнайы экономикалық аймақта) шетелдік инвесторларға жеңілдіктер, саяси және әлеуметтік тұрақтылық ұсынады. Енді бір елдерде капиталды жоғары білікті мамандар, дамыған инфрақұрылым тартуы мүмкін.

Несиенің халықаралық қозғалысының субъектілері – ТҮК мен банктер, қаржы компаниялары, қор биржалары, биржадан тыс нарық, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар.

Экономикалық көмек – жеңілдетілген несие түріндегі немесе жай тегін берілетін қарыз капиталы қозғалысының түрлерінің бірі. Экономикалық көмекті дамыған елдер дамушы елдерге және өтпелі экономикасы бар елдерге көрсетеді. Экономикалық көмектің ең үлкен көлемі Жапония мен АҚШ-тың үлесінде.

Кәсіпкерлік капиталдың халықаралық қозғалысы экспорттаушы елдерге де, импорттаушы елдерге де әсер етеді.

Капиталды экспорттаушы елдерде ішкі инвестициялардың азаюы салдарынан экономикалық өсу қарқынының баяулауы орын алады. Жұмыс орындары басқа елдерде ашылады да, жергілікті тұрғындар арасында жұмыссыздық саны артады.

Капитал тартатын елдерде экономикалық өсу байқалады, жаңа жұмыс орындары ашылады, жаңа технологиялар келеді. Сонымен қатар

қолайсыз жақтары да бар. Шетелдік капитал жергілікті капиталдарды табысты салалардан ығыстырады. Жаңа өндіріс орындары қоршаған ортаны ластайды. Нарыққа донор-елдерде өндірістен алынып тасталған, моральдік тұрғыдан ескірген тауарлар келеді. Мемлекеттің сыртқы қарызы өседі (қарыз капиталын импорттаған кезде). Елдің сыртқы экономикалық және саяси тәуелділігі артады. Шетелдік инвестицияларды қабылдаушы ел, жалпы алғанда олардың ағынынан пайда тауып, ұтады. Қолайлы қаржылық, технологиялық және кадрлық өзгерістердің орын алуы реципиент-елдерде қорғаныс шаларын енгізуге емес, шетелден капитал ағынының келуін ынталандыруға ұмтылыс туындатады.

Капитал қозғалысына орай инвестициялық климат ұғымы айтарлықтай маңызға ие болады. **Инвестициялық климат** – бұл елдегі жағдайға шетелдік кәсіпкерлердің көзқарасы. Инвестициялық климаттың негізгі құраушылары мыналар:

- Саяси, әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және басқа да жағдайларға қатысты әлеуетті қауіп-қатер (инвестициялық қауіп-қатер).

- Әлеуетті мүмкіндіктер (инвестициялық әлеует), ол мемлекеттің ресурстық-шикізат базасын, еңбек ресурстарын, тұтыну нарығын, инфрақұрылымын бағалайды.

- Заңнамалық негіз, ол жеке меншік құқығының қорғалу дәрежесін, салық заңнамасының деңгейін, инвестиция саласындағы заңнама ны бағалайды.



Капитал дегеніміз не? «Капитал» ұғымының құрамына не кіреді? Инвестиция мен несиенің артықшылықтары мен кемшіліктері неде? Капиталдың халықаралық қозғалысының себебі қандай? Капиталдың импортының себебі неде? Капиталдың экспортталуы мемлекетке жағымды сипаттама бере ма әлде жағымсыз ба? Неліктен? Капиталдың импорты мен экспортының мемлекет үшін жағымды және жағымсыз жақтары қандай? Инвестициялық климат дегеніміз не?

### Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны



**Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны** – бұл өзі тұратын мемлекетке қарағанда әлдеқайда тиімді (табысты) жағдайда жұмысқа орналасу мақсатында еңбек ресурстарының бір мемлекеттен екіншісіне орын ауыстыру үдерісі.

Еңбек мигранттарының негізгі санаттары:

- кейбір мемлекеттер шетелдік жұмыс күшіне тәуелді болғандықтан, елге заңды түрде кіргізілген еңбек мигранттары;
- еңбек иерархиясының төменгі сатысында тұратын заңсыз иммигранттар.

Халықаралық көші-қонға қатысты жыл сайынғы қаржы ағынының көлемі жүздеген миллиард доллармен өлшенеді және жыл сайынғы шетелдік тікелей инвестициялардың көлемімен толықтай салыстыруға келеді. *Иорданияда, Лесото, Йеменде* аударымдар ЖҮӨ-нің (жалпы ішкі өнім) 10 - 50% -ын құрайды. Кейбір дамушы елдерде жеке сипаттағы аударымдар көлемі тауар экспортынан түскен табыстың 25-50% -ын құрайды (*Бангладеш, Ямайка, Малави, Марокко, Пәкістан, Португалия, Шри-Ланка, Судан, Түркия*).

Халықаралық еңбек көші-қоны жіберуші елдер (донор) үшін айрықша тиімді. Отанына ақша аудару есебінен ЖІӨ артады және елдің төлем теңгерімі нығаяды. Еңбек мигранттары, аударымдармен қатар, оған қосымша жинақтаған ақшаларын әкеледі. Донор-елде білім алуға, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар төмендейді, өйткені ол қабылдаушы елге жүктеледі. Еңбек мигранттары шетелде біліктіліктерін арттырады, тәжірибе жинақтайды, осылайша донор-елдер тегін қосымша білікті кадрларға қол жеткізеді. Донор-елде жұмыссыздық деңгейі төмендейді.

Еңбек мигранттарының неғұрлым ірі аударымдары АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания, ЖИМ мен мұнай өндіруші елдерден жүзеге асырылады. Шетелдік жұмыс күшін ОАР, Израиль, Малайзия, Кувейт белсенді түрде пайдаланады.

Дамыған елдер арзан жұмыс күшін алады, бірақ мигранттардың ағылып келуінен мұнда жергілікті тұрғындардың еңбекақысы төмендейді, өйткені шетелдіктер аздаған еңбекақыға жұмыс істеуге дайын.

Кейбір елдер шетелдік жұмыс күшінің ағылуын (иммиграция) шектейді және иммигранттардың өз елдеріне оралуына жағдай туғызады. Қабылдаушы елдер біліктілікке, білімге, жасына, денсаулық жағдайына қойылатын талаптар негізінде, сандық және географиялық квоталар, елден шығуға қойылған тікелей және жанама тыйымдар, уақытша және басқа да шектеулер негізінде қажетсіз иммигранттарды електен өткізеді.

Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны дегеніміз не? Еңбек мигранттары қандай санаттарға бөлінеді? Еңбек мигранттарының негізгі ағыны келетін мемлекеттерді атаңдар. Еңбек мигранттарын қабылдау бойынша алдыңғы орындағы мемлекетті атаңдар. Донор-елдер мен реципиент-елдердегі жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны мен демографиялық жағдай арасында байланыс бар ма? Еңбек мигранттары өздері шыққан мемлекетке және келген мемлекетке қандай пайда әкеледі?

**Халықаралық қаржы жүйесі.** Дүниежүзілік қаржы – бұл дүниежүзінің қаржы ресурстарының жиынтығы: мемлекеттердің қаржы ұйымдарымен бірге қаржы ресурстарының, халықаралық ұйымдар мен дүниежүзінің халықаралық қаржы орталықтарының, Жердің барлық тұрғындарының қаржы ресурстарының жиынтығы.

Халықаралық қатынастардың қатысушылары – валюталық құндылықтармен операциялар орындайтын және дүниежүзілік қаржы ағынын үйлестіру мен басқарудың маңызды мәселесі бойынша шешім қабылдайтын заңды және жеке тұлғалар, шет мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық қаржы ұйымдары, бейресми бірлестіктер (клубтар).

Халықаралық қаржы жүйесі – бұл халықаралық құқық нормаларымен, халықаралық және аймақтық келісімдермен, халықаралық қаржы қатынастарына қатысушы-елдердің ұлттық заңнамасымен бекітілген қаржы ағынын ұйымдастыру және реттеу түрі.

**Халықаралық қаржы жүйесінің негізгі қызметі** экономикалық қызмет субъектілерінің әлемдік нарыққа шығуын жеңілдету болып табылады. Ол үшін халықаралық есеп айырысуды, несие беру, сақтандыру, инвестиция салу және халықаралық қаржы ұйымдарын құру және іске қосуға қатысты қор операцияларының ережелерін біріздендіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

#### **Халықаралық банктер мен қорлар**

Халықаралық және аймақтық валюталық-несие және қаржы ұйымдары – бұл мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған институттар. Олардың мақсаты – халықаралық экономикалық қатынастарды реттеу, ынтымақтастықты дамыту және бүкіл дүниежүзілік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Оларға мыналар жатады: *Халықаралық валюта қоры, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк және Ислам даму банкі.*

Халықаралық банктер өнеркәсіптік, ауылшаруашылық және инфрақұрылымдық жобаларға несие береді және қажет болған жағдайда экономикалық және қоғамдық өмірдің көптеген салаларына техникалық көмек көрсетеді. Бұл банктер *Азияның, Африка мен Латын Америкасының* көптеген елдерінің дамуында айрықша маңызды рөл атқарады. Жетекші банк – *Халықаралық қайта құру және даму банкі. Еуропа инвестициялық банкі, Азия даму банкі, Африка даму банкі және Американ аралық даму банкі* тиесілі аймақтарға қызмет көрсетеді.

Халықаралық қорлар төлем теңгерімінің жетіспеушілігі орын алған мүше-елдерге қаржылық көмек көрсетеді. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) айрықша маңызға ие. Әдетте ХВҚ-ның көмегі белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда берілетін қысқамерзімді қарыз түрінде берілетін, алайда 1960 жылдардың ортасынан бастап, әсіресе 1973–1974 жылдары мұнай бағасының төрт есе өсуіне байланысты, Қор негізінен дамушы елдерге белгілі бір шарттарға қатысы жоқ неғұрлым ұзақ мерзімді несиелер беретін болды.

Жер шарының жетекші қаржы орталықтары – Нью-Йорк, Лондон, Токио, Цюрих, Франкфурт, Амстердам, Париж, Сянган, Багам аралдары, Кайман аралдары. Жері қаржы орталығына айналуы үшін, елдің экономикалық даму, оның әлемдік саудаға белсенді қатысу деңгейі жоғары болуы, дамыған банктік жүйесінің, либералды валюталық және салық заңнамасының бар болуы, саяси тұрақтылық орнаған болуы қажет.



1. Қаржы, қаржы жүйесі, халықаралық қаржы жүйесі дегеніміз не? Қаржы неден құралады? Кез келген қаржы жүйесінің рөлі қандай? Дүниежүзі елдері қаржылық қатынастарды келісу жөніндегі саясаты қалай жүргізеді? Әлемдегі ірі қаржы орталықтарын және олардың мамандануын атаңдар
2. Экономикадағы халықаралық банктер мен қорлардың рөлі неде? Олардың ірілерін және мамандануын атаңдар.

**ГЕОДЕРЕК.** 2018 жылы ЭКСПО-2017 инфрақұрылымы базасында «Астана» халықаралық қаржы орталығы ашылды, ол – Орталық Азия, Кавказ, Таяу Шығыс, Батыс Қытай, Моңғолия мен Еуропа үшін қаржы орталығы. Орталық заманауи инфрақұрылыммен және жаңа технологиялармен қуатталады. Оның ішінен Astana International Exchange қор биржасы құрылған.





## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

**1.Топпен жұмыс істеу.** Тақырып бойынша (өз қалауыңмен) қосымша сипаттау элементтерімен тақырыптық картасызба жасаңдар:

- Халықаралық экономикалық байланыс түрлері
- Халықаралық сауда
- Халықаралық капитал қозғалысы;
- Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны
- Халықаралық қаржы жүйесі
- Халықаралық банктер мен қорлар

*Картасызбада мыналар көрсетілуі тиіс*

- 1) Шикізат пен дайын тауарлардың негізгі халықаралық ағыны;
- 2) Жұмыс күші көші-қонының негізгі халықаралық ағыны;
- 3) Инвестициялар мен несиелердің негізгі халықаралық ағыны;
- 4) Қалалар – дүниежүзінің қаржы орталықтары;
- 5) Ірі биржалар, халықаралық банктер мен қорлардың штаб-пәтерлері орналасқан қалалар.

Қосымша сипаттама элементтері (таңдап алынған тақырыпқа сәйкес) келесі сұрақтарға берілетін жауаптарды қамтуы тиіс:

Халықаралық экономикалық қатынастар дегеніміз нені білдіреді? Оған кімдер қатысады? Халықаралық экономикалық қатынастардың әрбір қатысушысы қандай мақсатты көздейді? Халықаралық географиялық еңбектің туындау шарттары неліктен халықаралық экономикалық қатынастардың да шарттары болып табылады? Халықаралық экономикалық қатынастардың құрамына не кіреді?

Жұмыстарыңның нәтижесін сыныпқа таныстырыңдар.

## Дүниежүзілік шаруашылықтағы Қазақстанның орны

### Сабақтың мақсаты:

- Дүниежүзілік шаруашылықтағы Қазақстанның орнын анықтау;

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- Қазақстан шаруашылығының көрсеткіші мен құрылымы;
- Қазақстанның экономикалық дамуының динамикасы;
- Қазақстан шаруашылығының даму тұрткіжайттары.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ  
ДИНАМИКАСЫ**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК**

### Соңғы жылдардағы Қазақстанның экономикалық дамуының динамикасы.

Қазақстанда нақты жұмыс істейтін нарықтық экономика құрылған. 2006 жылғы мамырда экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны 7991,4 мың адам болды. Өнеркәсіптің жетекші салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Қазақстанның мысы, қорғасыны, мырышы және кадмийі сапасының жоғары деңгейде болуына байланысты әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазіргі таңда экономикалық дамудың негізгі көзі – елдің шикізат әлеуетін пайдалану. 1985 жылмен салыстырғанда көміртегі шикізатын өндіру көлемі 225 пайызға өсті, ал дүниежүзі бойынша бұл көрсеткіш 1,3 есеге жуық өсті. 2005 жылы мұнай өндіру (газ конденсатын қоса алғанда) 61,9 млн. тоннаға, табиғи газ өндіру 25,2 млрд текше м болды. Қазақстанда болашақта ашық кен орындарын игеру есебінен 2015 жылға қарай 150 млн. тонна мұнай және 79 млрд текше м газ мөлшерінде көмірсутегі шикізаты өндіріледі. 2009 жылдан бастап мұнай өндірудің негізгі өсімі Каспий шельфінде байқалады деп көзделіп отыр.

Еуропа елдері Қазақстан экспорты көлемінің негізгі бөлігін алады. Қазақстан – ірі отын-энергетикалық өңір. Еуропа елдері арасында Қазақстан экспортын негізгі тұтынушылар – Швейцария, Италия, Польша, Германия. Еуропа елдеріне экспорт жасау мұнай, ферроқорытпалар, металлургия өнеркәсібі өнімдерін, бидай сату есебінен

артып отыр. Азия өңіріндегі елдерге қазақстандық өнімдерді жеткізу көлемі ұлғайды, онда негізгі тұтынушылардың бірі қытай өнеркәсібі.

Соңғы жылдар аралығында ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнім) нақты көлемі 1,8 есе артты, ал ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 9,1% болды. 1998-2005 жылдары ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 2,5 есе артты. Қазақстанның ЖІӨ-нің көлемі 76 млрд. долларға жетті, ол жан басына шаққанда 5,1 мың АҚШ долларын құрайды.

Қазақстанның қаржы жүйесі ТМД елдерінің ішіндегі ең озық жүйенің бірі деп танылды. Банк секторы өз дамуында Достастықтың басқа елдерінен айтарлықтай алдыңғы қатарда келеді. Қазақстан банктерінің жиынтық активтері (50 млрд. АҚШ долларынан астам) Украина банктерінің жиынтық активтеріне теңеседі. Қазақстан Шығыс Еуропа елдерінің бірқатарынан алдыңғы қатарда. Қазақстанның капиталы сыртқы нарықта белсенді орын алуда, 2005 жылы бұл көрсеткіш 15 млрд. АҚШ долларына жетті. Қазақстан тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды, сыртқы қолайсыз жағдайларға тәуелділікті төмендетуді қамтамасыз ету үшін бірінші болып Ұлттық қор құрды. 2001 жылдан бастап барлық мұнай түсімдерінің 60% Ұлттық қорда жинақталады. Аталған қордың көлемі 2005 жылдың соңындағы 8 млрд долларға қарағанда, 2006 жылы 14,5 млрд. АҚШ доллары болды. Елдің алтын валюталық қоры Ұлттық қорды қоса есепке алғанда 2006 жылғы 30 қарашада 15,086 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

2006 жылы Қазақстанның халықаралық қорлары Ұлттық қордың қаржысын қоса алғанда ағымдағы бағамен 29 764,8 млн. АҚШ долларын құрады.

Республика экономикасына 50 млрд. АҚШ долларына жуық тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Қазақстан ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізуде. Мәселен, 2017 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 7 млрд. доллардан астам оң сальдомен 33 млрд. АҚШ долларына жақындап, 1994 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы ұйымдастырылмаған сауданы қоспағанда 41016,4 млн. АҚШ долларын құрады. Сыртқы сұраныстың және жоғары экспорттық бағалар нәтижесінде экспорт 25197,4 млн. АҚШ доллары болды. Тұрақты ішкі сұраныстың қалыптасуы нәтижесінде импорт 15819 млн. АҚШ долларын құрады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сыртқы сауда географиясы негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен шектелсе, ол қазір айтарлықтай кеңейді. Қазақстанның тауар айналымы құрылымын-

да бірінші орынға ЕО-қа мүше елдер, Ресей, Швейцария және Қытай шықты.

**Экономикалық дамудың стратегиялары.** Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары – ортамерзімді кезеңге арналған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты және ол Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру үшін әзірленді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар Мемлекет басшысы 2017 жылдың басында жариялаған елдің Үшінші жаңғыру процестерін іске қосады және жеделдетілген сапалы экономикалық өсу мен елдегі өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі міндеттерді қойып отыр.

2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын алмастырады, ол жаһандық қаржы дағдарысының салдарын бәсеңдетті және экономиканың әртараптандырылған тұрақты өсуіне көшуді жеделдетті. 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспардың негізгі міндеттері мен нысаналы индикаторлары орындалды, қалғандары мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар арқылы іске асырылуда.

2025 жылға дейінгі негізгі мақсат – адамдардың әл-ауқатын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің деңгейіне көтеруге алып келетін экономиканың сапалы әрі тұрақты дамуына қол жеткізу.

Экономиканың сапалы өсуі бизнес пен адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, технологиялық жаңғыртуға, институционалдық ортаны жетілдіруге, сондай-ақ адамның табиғатқа теріс ықпалын барынша азайтуға негізделуге тиіс. Бұл ретте БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары маңызды бағдар болады.

2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар жеті маңызды жүйелі реформаның және жеті басым саясаттың төңірегінде құрылған, олар 2025 жылға дейінгі кезеңде елдің экономикасы мен әлеуметтік өмірінде жүзеге асырылатын болады. Елдің әлемдегі озық дамыған 30 елдің

қатарына кіру жолындағы прогресін өлшеу үшін негізгі ұлттық индикаторлар мен халықаралық индекстер айқындалды.

**Қазақстанның экономикасы мен инвестициясы.** Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым, табыстылық қағидаттарына негізделген жалпы экономикалық прагматизмді экономикалық саясаттың жаңа курсы деп анықтады. Жаңа курсқа сәйкес экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал жасалуы керек. Тиімді мемлекеттік инвестициялық саясат мемлекет экономикасының даму прогресіне әсер етеді. Бұл прогресс, ең алдымен, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасына, яғни ЖІӨ өсімі – мемлекет азаматтарының өмір сүру деңгейін көтеру. ҚР-ның статистикалық мәліметтеріне сәйкес, халықтың өмір сүру деңгейі жақсарғаны байқалады. Осылайша, Қазақстанда соңғы 8 жылда ЖІӨ-нің деңгейі 62,6 % -ға өсті, айтарлықтай күнкөріс деңгейінен кем тұратын халықтың үлесі қысқарды, шамамен 1 % кедейлік деңгейі төмендеді. Яғни бүгінде осы проблемаларға ҚР-ның Президенті ерекше көңіл бөледі және осы проблемалардың оң тенденциясы инвестициялық қызметпен анықталады.

Қазіргі кезде мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – экологиялық, әлеуметтік, саяси, экономикалық жаһандану және дағдарыс жағдайындағы елдің экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету. Осыған байланысты озық экономиканы, жаңа экономикалық тұтқаны және елдің даму тұрақтылығын қалыптастыру үшін инвестициялық даму жобаларын пайдалану қажеттіліктерін анықтау керек. Ел экономикасының стратегиялық мақсаттары мемлекеттімізге шетелдік инвестицияларды тартуға, интеграциялану қажеттілігі жаһандық экономикада модельдерді өзірлеуге қажеттілікті өсірді.

Қазақстан минералды ресурстарға, ауылшаруашылығына қолайлы жерлерге, білікті кадрларға бай. Елде айтарлықтай өнеркәсіптік әлеуеті бар. Бірақ табиғи және еңбек ресурстарын одан әрі тиімді пайдалану үшін ірі капитал қажет. «Стратегия – 2030» бойынша экономикамызға шетел инвестицияларын тарту міндеті қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Дүниежүзілік банк республикамызды әлемдегі 20 елдің қатарына қосты.

ҚР-ның инвестициялық саясатын талдау арқылы мемлекеттің басты мақсаты болып, елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды одан әрі қолжеткізу және экономикаға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту болып табылатынын айта кеткен жөн. Қазақстан бүгінде ТМД елдер арасында жан басына шаққандағы тартылған шетелдік инвестициялардың көлемі бойынша жетекші орынға ие. Тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі — ТШИ) көлемі жан басына шаққан-

да 2013 жылы 1350 долл. / адам болды, ол 2006 жылғы көрсеткішті 2,5 есе жоғарылатады. Жан басына шаққандағы инвестиция көлемін салыстырсақ, Беларусь Республикасында – 1090 долл. / адам, Ресей Федерациясында – 130 долл. / адам құрады.

Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция көлемі біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалы мен имиджін көрсетеді. ҚР-ның Ұлттық банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2005 жылдан бастап 2014 жылға дейін ел экономикасына 196 млрд АҚШ долл. астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылды (1-сур.). Өнімнің жалпы көлемі бойынша Ресей, Қазақстан – ТМД елдер арасында ЖІӨ үлесі бойынша жан басына шаққандағы тікелей шетелдік инвестициялар тарту бойынша көшбасшы.

Инвестиция ағыны динамикасынан әртараптандырудың болмағанын көруге болады. Қазақстанның салалық құрылымын талдауда 100 ірі инвестор-компаниялардың көпшілігі әлі күнге дейін мұнай-газ секторында жұмыс істейтінін көрсетеді. Қазақстан экономикасының нақты секторларына қарағанда отын-энергетикалық пен минералдық шикізат секторларына инвесторлардың белсенділігі әлдеқайда жоғары.

Атап айтқанда, 2006–2014 жылдары \$ 196,633 млрд тікелей шетелдік инвестиция тартылды. \$ 56,7792 млрд (38,7 %) – геологиялық барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін, \$ 44,8839 млрд (30,6%) шикізат ресурстарын өндіруге бағытталған. Өңдеуші салаға шетелдік корпорациялар \$ 15,4118 млрд (10,5%) инвестиция салды. Одан кейін саудаға – \$ 7,3227 қызметке – \$ 7,155 млрд (4,88%), құрылысқа – \$ 3,3355 млрд (2,27%), млрд (5%), қаржылық сондай-ақ көлік және байланысқа – \$ 2,3912 млрд (1,63%) инвестиция салынды. Экономикалық қызметтің басқа да түрлеріне тікелей шетелдік инвестициялардың тек 1% тиесілі (2-сур.).

Капитал салымының әртүрлі бөлінуі аймақтардың экономикалық даму деңгейіндегі үйлеспеушілікті ұлғайтады. ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, Астана және Алматы қалаларына, сондай-ақ Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарына 60 % -ға жуық инвестициялық салым салынған. Осы аймақтарда 80 % астам кәсіпорындарында шетелдік инвесторлардың үлесі бар.

Сонымен қатар инвестицияның қолайлы жағдайы шикізаттық емес секторда қарастырылған. ҚР-ның заңына сәйкес, жоғары қосылған құн бойынша өнімді шығаруға, салаларға капитал салымын салуға қарқынды түрде өсуіне жағдай жасалмаған. Тиімді және жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру жоғары инвестициялық тәуекелді қажет етеді. Осындай жобаларға инвесторларды тарту мақсатында олар үшін қолайлы жағдай жасау және тәуекелді азайту бәсекелестікте тікелей шетелдік инвестициялар тарту бұл оңай шаруа емес.

**Шетел инвесторларымен жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олардың Қазақстандағы шикізаттық емес жобаларға қатысуын тежейтін түрткіжайттар келесідей:**

- мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізу жүйесінің болмауы;
- заңнама мен механизмнің болмауы, заңдар мен шарттық қатынастардың сақталуының тұрақсыздығы;
- инвестицияны тартуда елдің бәсекеге қабілетсіздігі (валюта және қосқанда);
- инвестицияны тартуда инфрақұрылым мен қызмет көрсетудің дамымағаны (қаржы, банк, ақпараттық-талдау, консалтинг, көліктік т.б.);
- инвестицияларды тарту саласындағы мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақсыздығы;
- визалық режим болуы.

Осыған байланысты 2003–2015 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2010 жылы Қазақстан үкіметі шетелдік инвесторлармен өзара қарым-қатынас жүйесін орнатты. Мәселен, 2010 жылдың қазан айында арнайы экономикалық аймақтарды және 2010–2014 жылдарға арналған экспортты ынталандыруды дамыту үшін инвестицияны тарту бағдарламасы қабылданды. Осыған сәйкес бірден 200 инвестициялық бастамалар бойынша ірі шетелдік компаниялармен жұмыс істеу басталды. Трансұлттық корпорациялардың қатысуымен 2 жыл ішінде 20-дан астам халықаралық бизнес форум ұйымдастырылды. Егер 2010 жылы Қазақстанда 5 мың шетел инвесторлары болса, онда 2011 жылы олардың саны 10 мыңнан астам болды.

Сонымен қатар 2010 жылы 12 тілде бизнесті жүргізудің шарттары туралы барлық қажетті ақпаратты алуға болатын ұлттық инвестициялық веб-сайты [www.invest.gov.kz](http://www.invest.gov.kz) іске қосылды.

2011 жылы инвестициялық заңнаманы жетілдіру мақсатында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, ағымдағы жеңілдіктер пакетін кеңейту, сондай-ақ арнайы экономикалық аймаққа қатысушылар үшін рұқсат етілген шараларды оңайлату үшін арнайы экономикалық аймақтар туралы жаңа заң қабылданды. Онымен қоса 2011 жылы ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі 1994 жылдан 2004 жылға дейінгі, бірақ қазіргі таңда тек өндірістік сектор үшін жұмыс істейтін «Инвестициялар туралы» ҚР-ның Заңына қайта қалпына келтіруді ұсынды.

Қазақстанның инвестициялық әлеуеті жеткілікті өсуде. Тек экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі мен тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық ағыны неғұрлым тиімді пайдалануы

\$10 млрд долл. ұлғаюы мүмкін. Бұл мүмкіндікті іске асыру мақсатында арнайы экономикалық аймақтар мен экспортты дамытуға, инвестицияны тартуға министрлікпен ұлттық инвестициялық жоспар қарастырылған және ол 2011 жылдың 23 желтоқсанда ҚР-ның Үкімет Қаулысымен бекітілген болатын.

Ең алдымен жоспар шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жасауды қарастырады. Осы мақсатта 6 салалық өндірістік секторлар және көлемі бойынша берілген салаларға инвестиция салған 20 инвестор елдер анықталды. Осылайша, 2014 жылға дейін жалпы 78 халықаралық корпорациялармен жұмыс жүргізілді, және 2015–2020 жылдары олардың саны 81 трансұлттық корпорацияларға өседі.

Сонымен қатар әрбір ірі инвестормен жеке келіссөздер жүргізіледі. Бұл тәсіл басым елдерде *road-show*, сондай-ақ «Жол картасын» өзірлеу және іске асыру инвесторлармен өзара қарым-қатынас үшін жүзеге асады. Мұнда Қазақстанда бизнестің ашылуы мен жүргізілуі, саяси көшбасшылар мен жетекші отандық компаниялардың топ-менеджерлерімен кездесулер ұйымдастыру қамтылады; инвестициялық жобаны өзірлеу оны іске асыру сатысында және инвестициядан кейінгі қолдауда кеңестік қызметтер аясында көрініс табады.

Инвесторлармен жұмыс істеудің маңызды түрткіжайты – Қазақстан өңірлерінде қолдауы. Шетелдік инвесторлармен жедел және жақсы қарым-қатынаста болуға, шын мәнінде, «KAZNEX INVEST» аймақтық бюро агенттігі экспорт пен инвестиция ретінде қызмет ететін болады, ол үшін әр өңірлерде инвесторлар қызметін көрсету орталығы құрылады.

Сонымен қатар қазір облыс әкімдіктерінде, Астана және Алматы қалаларында инвестициялық ахуалға үйлестіру кеңесін құру сұрағы қарастырылуда. Олардың басты міндеті – мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас және инвесторға проблемаларды шешуге көмек көрсету.

Алдағы жылдары шетелдік тікелей инвестициялардың құрылымын өзгерту үдерісінде мемлекеттің рөлі шешуші, сондықтан үкіметпен енгізілген жаңа құралдар «шикізаттық емес» инвесторларды тарту. Дұрыс бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды, шетелдерде біздің ресми делегациялардың өндірістік секторда жаңа меморандумдар мен келісімдерге қол қою аяқталды. Соңғы Халықаралық даму институтының мен KPMG бірлесіп дайындалған Change Readiness Index 2013 рейтингіне сәйкес, Чили, Тунис, Йордания және Тайвань елдерінен кейін Қазақстан 60 елдің ішінде 5-ші орынға ие болды. Бұл рейтингте мемлекеттің әлемдік экономиканың тез өзгертін жағдайларына бейімделу қабілеті бағаланады, біз айтарлықтай Қытай, Малайзия, Үндістан, Бразилия, Түркия және Оңтүстік Африка елдерін арта қалдырдық. Ал



ТМД біздің көршілес елдерін айтсақ, Украина 37 орында, Ресей тек 51-ші орынға ілікті.

Соңғы екі жылда дамушы елдер одан әрі тікелей шетелдік инвестицияларды алушы ретінде өз инвестицияларын арттырды, Қазақстанның басты тенденциясы ТШИ саласында сыртқы инвесторларды тарту болып табылады. Халықаралық өндіріс орталығында әлемдік инвесторлар барған сайын өтпелі экономикасы бар елдердің нарықтарын дамыту үшін жобаларға өз ақшасын құяды. Атап айтқанда, 2010 жылы алғаш рет дамушы нарықтар көбірек ғаламдық тікелей шетелдік инвестициялық ағындары және алты өтпелі елдердің жартысынан астамы жиырма ең ірі инвесторлар қатарына кірді. Дамушы экономикасы бар елдердің трансұлттық корпорациялардың динамикасы шетелдік инвестициялары әлі дамыған елдерден корпорациялардың инвестициялық белсенділіктің төмендігі фоны 2008 жылы жартысына жуығы құрайды.

Сонымен қатар жаһандық экономикалық ынтымақтастық бүгінгі күні тікелей шетелдік инвестициялар және сауда есебінде қарастырылмайды. Трансұлттық корпорациялар жаһандық өндірістік-өткізу тізбегіне өнеркәсіптік өндірісті және ауылшаруашылығын, қызмет көрсетуді, аутсорсинг, франчайзинг, лицензиялау, басқару шарттары мен тағы басқалар түрдегі келісім-шарттарын қосады. Оларға өндірістік функция арқылы жергілікті компаниялар лицензия арқылы өнімдерін шығаруға рұқсат беруге және өндірістік филиалдарды құруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес жобалар инвесторлар үшін бастапқы да төмен капитал мен тәуекелді сипаттайды. Өз кезегінде қабылдаушы елдердің жаһандық өндірістік-өткізу тізбегін интеграциялауға мүмкіндігі бар.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, шетел инвесторларымен қарым-қатынасы сияқты Қазақстанда өзіне табысты болатын жақтарын белгілеу қажет. UNCTAD сарапшылардың ұсыныстарына сәйкес, осы тетіктің әлеуетін пайдалану, инвестициялық саясаты әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік органдар ең алдымен келесідей негізгі сұрақтарға жауап беруі керек. Біріншіден, қалай ұлттық даму стратегияларын жаһандық экономия саясатымен ұштастыруы тиіс. Екіншіден, қалай отандық компаниялардың өндірістік әлеуетін дамыту жаһандық өндірістік өткізу тізбектерінің қолдауына ие бола алады.

Минералдық-шикізат кешені – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі және инвестициялар үшін ең тартымды бағыттарының бірі. Соңғы 12 жылда пайдалы қазбалар, жер қойнауын пайдалану әртүрлі түрлері салынған инвестицияның жалпы көлемі \$ 200 млрд долл. асты. Алайда геологиялық зерттеулер үшін қолданыстағы кен орындарын қарқынды пайдалануда мемлекеттің рөлін күшейтуді талап етеді.

2018-2022 жылдарға арналған болжам мен 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік параметрлерді қалыптастырудың негізі ретінде мұнай бағасы – \$45 кезіндегі базалық сценарий алынды.

ЖІӨ нақты өсімі 2018 жылы 3,1% деңгейінде болжанған, 2022 жылы 4,2% -ға дейін өсім күтілуде. ЖІӨ өсімінің орташа жылдық қарқыны алдағы кезеңде 3,7% -ды құрайды. Атаулы ЖІӨ алдағы жылы 55,9 трлн теңгеден 2022 жылы 75,9 трлн теңгеге дейін өседі. Халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 2018 жылы \$9'000 құрайды, 2022 жылы \$11'700 дейін ұлғайтылады.

ИИДМБ жобаларын енгізу, «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер», АӨК дамыту мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру, сондай-ақ Үшінші жаңғыртуды іске асыру бойынша жобалық басқаруды енгізудің арқасында өңдеу өнеркәсібінде 4,2% деңгейінде, ауылшаруашылығында – 5,7%, құрылыс саласында – 4,0%, көлік саласында – 5,1% және саудада – 3,5% өсімнің жоғары қарқыны орын алады деп күтілуде.

Ұлттық банк 2018 жылы 5–7% аралығында, 2019 жылы 4–6% аралығында және 2020-2022 жылдары 3–4% төмендету арқылы жылдық инфляцияның мақсатты дәлізін сақтаған. Жұмыссыздық деңгейі 2018 жылы 4,9% -дан 2022 жылы 4,7% -ға дейін қысқартылады.

Өсім параметрлеріне қол жеткізу үшін негізгі назар экономикалық саясаттың келесі басымдықтарына беріледі: макроэкономикалық тұрақтылықпен қамтамасыз ету, жеделдетілген технологиялық жаңғырту, бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейту, адам капиталының сапасын жақсарту, институционалдық қайта құру.

Сондай-ақ негізгі басымдық экономикалық дербестік пен өңірлердің жауапкершілігін нығайтып, кеңейту және Қазақстан азаматтарына өмір сүру мекеніне қарамастан бірдей деңгейде өмірлік және еңбек жағдайларын жасау мақсатында теңдестірілген аймақтық дамытуға бағытталады.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Қазақстан шаруашылығының субъектілерін ата.
2. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы рөлі қандай? Пікіріңді дәлелде.

**Бір топтық жұмыс орындандар (таңдау бойынша)****1. «Халықаралық сауда, капитал қозғалысы, қаржылық қатынастар» топтық жұмысы**

Басқарушылық шешімдерді директор қабыл алуы үшін, фирма директорының кеңесшісі ретінде халықаралық тәжірибеден алынған деректермен расталған, дәлелді ұсыныс әзірлеңдер.

- Қазақстандық металл құрастырылымдарын шығаратын фирма өз өндірісін кеңейту үшін белгілі бір қаржылық қиындықтарды бастан өткеруде. Оның алдында таңдау түр – шетелдік банктен несие алу немесе инвестор тарту. Сендер қай нұсқаны таңдар едіңдер? Өз шешімдеріңнің дұрыс екендігін растайтын дәлел келтіріңдер. Әр шешімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтаңдар. Аралас шешім жасауға бола ма? Жауап жазған кезде үлкендердің көмегіне жүгінуге болады және сыныпқа жұмысыңды таныстырған кезде үлкендердің көмегін пайдаланғаныңды міндетті түрде айтып өту керек.
- Қазақстандық металл құрастырылымдарын шығаратын фирма орналасқан өңірде өздерінің өнімдеріне сұраныс белгілі бір уақыт мезетінде ғана артатындықтан, оларды сату бойынша қиындықтарды бастан өткізеді. Металл құрастырылымдарын тұтыну қажеттілігі орын алатын басқа елдерді көрсете отырып, оларға сату жоспарын әзірлеңдер. Оларда неліктен қажеттілік туындайды? Олар тағы кімдерден сатып ала алады? Қазақстандық фирма өздерінде тауар бар екендігін және оны сатуға дайын екендігін жариялай алатын ел ішіндегі немесе шетелдерді орында атаңдар? Және сатылымға қоя алатын орынды да анықтаңдар. Бұл орындарға тауарды көрсету үшін алып бару қажет пе немесе басқадай шарттармен шектелуге бола ма?
- Қазақстандық металл құрастырылымдарын өндіруші түрлі елдердегі басқа фирмалар өздерінің тауарларын қандай бағада сатып отырғанын қалай біле алады?
- Қазақстандық фирма өзінің тауарын шетелдік сатып алушыға сатты делік, бірақ ол сатып алушымен қандай валютамен, қандай тәсілмен есеп айырысатынын, тауарды сатып алуға төленген ақша қашан келетінін білмейді? Қандай коммерциялық ұйым осы сұрақтардың барлығына жауап бере алады және өзара есептесу бойынша қажетті қызмет көрсетуді ұсына алады?
- Егер Қазақстандық фирма өз өнімдерін тұрақты түрде сатып алушыны тапқан болса және сатып алушы фирманың өндіретін

өнім мөлшерінен де көп мөлшерде сатып алуға дайын болса, онда қандай өндіріс нұсқасын ұсынар едіңдер? Алайда сатып алушы едәуір қашықта тұрады делік. Оның елінде металл құрастырылымдарын шығаратын фирма бар. Бірақ оларда шикізат сатып алу, өндірісті модернизациялау, жұмысшыларға еңбекақы төлеуде материалдық қиындықтар бар. Қазақстандықтарға қарағанда олардың металлургия саласындағы жұмыс тәжірибелері аздау. Және де осы фирмаларға капитал қажет. Ал қазақстандық фирма бірнеше табысты сатылымнан кейін ақша (қор) жинап алды.

## 2. «Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны» топтық жұмыс

- Қазақстанда көптеген елдердің азаматтары жұмыс істейді. Шетелдік еңбек мигранттарының саны туралы статистикалық деректермен танысыңдар және неліктен олар өз отандарынан тастап, Қазақстанға келгенін анықтаңдар. Түрлі елдердің азаматтарының елдерінен кету себептері де әртүрлі. Себептерін айтып көріңдер және өздеріңнің нұсқаларыңа дәлелдер мен фактілер келтіріңдер. Дәлел – бұл тауып айтқан дәлелдемелер. **Факт** – бұл нақты орын алған, толықтай шынайы оқиға, құбылыс; шынымен де орын алған, әлі де болып жатқан, әлі де бар жағдай. Мысалы: дәлел – елде табыс деңгейі өте төмен. Факт – адам басына шаққандағы ЖІӨ – 300 АҚШ долларынан төмен. Немесе: дәлел: Қазақстанда осындай кадрларға қажеттілік бар. Факт: әлеуметтік зерттеулердің мәліметтері бойынша, елімізде мұнай-газ саласы үшін бағдарламалық қамсыздандыруды жүзеге асыру саласының мамандары өте аз.
- Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдіктердің санын анықтап, олардың біздің еліміздегі ай сайынғы табысының деңгейін анықтаңдар. Өздерінің табыстарының шамамен тең жартысын олар өздерінің отандарына жөнелтеді. Олардың ай сайын және бір жыл бойы қанша ақша аударым жасайтынын есептеңдер. Оны қандай да бір елдің осыған ұқсас мәнге тең бюджетімен салыстырыңдар. Өзіңнің есептеу тәсіліңді түсіндір.
- Қанша қазақстандық шетелде уақытша жұмыс істеп жүр. Олардың елімізге жөнелтетін аударымдарының жиынтық деңгейін болжаңдар.
- Халықаралық өзара есеп айырысу мен ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін қазақстандық банктер қандай банк қызметтерін ұсынады? Бұл сұраққа банктердің жарнамаларын оқи отырып, банк қызметкерімен немесе халықаралық есеп айырысу пен аударым жасаған тұлғалармен сұхбат жүргізе отырып жауап беруіңе болады.

### 3. «Туризм халықаралық экономикалық қатынастардың бір түрі тәрізді» топтық жұмысы

- Кескін картада түрлі тәсілдермен туристер қабылдау бойынша алдыңғы орында тұрған елдерді көрсетіңдер. Ірі халықаралық туристік орталықтарды белгілермен көрсетіңдер.
- Түрлі сызбаларда халықаралық туризмнің даму түрткіжайттары, туризмнің жағымды және жағымсыз әсерлерін, туристік индустрияның құрамын көрсетіңдер.
- Туристің өзінің саяхаты шеңберіндегі қозғалыс графигін сызықпен көрсетіңдер және оның әрбір кезеңінде туриске қызмет көрсететін туристік индустрия кәсіпорнын атаңдар.
- Түрлі салада жұмыс істейтін қанша адам бір туриске қызмет көрсететініне болжам жасаңдар. Мысалы, бір банк қызметкері, микроавтобустың бір жүргізушісі, дүкен сатушысы және т.б.
- Туристік индустрияның құрамына кірмейтін тағы да қандай салалар мен экономика секторлары келуші туристердің саны артуына орай дамитынын анықтаңдар. Мысалы, мейманханалар қажет болғандықтан құрылыс дамиды. Кәсіпорындарға азық-түлік, саланың өнімдерін жеткізетін мал шаруашылығы дамиды.
- Бүкіләлемдік туристік ұйымның мәліметтері бойынша, бір турист, орташа есеппен туристік аймақта үш күн болады, және әр күні 100 АҚШ долларын жұмсайды. Әлемнің әр еліне келетін туристер туралы статистикалық деректерді тауып, сол аймаққа бір жылда түсетін жалпы ақша сомасын есептеңдер. Осы тәсілді пайдаланып туризм саласындағы Қазақстанның әлеуетін бағалаңдар.
- Жұмыстарыңның нәтижесін постер немесе ақпараттық график түрінде көрсетіңдер.

## ЕЛТАНУ

### 6.1 Дүниежүзілік елдер

65

Даму деңгейі бойынша дүниежүзі елдерінің жіктеліміндегі Қазақстан Республикасы

#### Сабақтың мақсаты:

- экономикалық даму деңгейі бойынша мемлекеттерді топтау (қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып);

#### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- экономикалық даму деңгейінің көрсеткіштері туралы;
- жекелеген және жиынтық көрсеткіштер бойынша дүниежүзіндегі Қазақстанның орны.

ДАМУ ЭКОНОМИКА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ  
ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ТАБЫС АДАМ БАСЫНА ШАҚҚАНДА  
САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ИНДЕКСІ

**Экономикалық даму.** Әр мемлекет, оның ішінде Қазақстан Республикасы да дамуға, яғни бір хал-ахуал мен сападан басқасына, ескісінен жаңасына өтуге ұмтылады.

Даму ретінде әдетте, мыналарды түсінеміз:

- жүйенің күрделілігін арттыру
- сыртқы жағдайларға бейімділігін жақсарту
- оқиғалар ауқымын арттыру
- әлеуметтік өрлеу
- экономиканың сандық тұрғыдан өсуі және оның құрылымының сапалық жақсаруы

Мемлекет өзінің шаруашылық (экономикалық) қызметтері ба-рысында тауар өндіру мен көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейтуге, біртіндеп өндірістік күштердің, өсу және даму тұрткіжайтының, білім, ғылым, мәдениет, тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасының, адам капиталының сапалық және құрылымдық тұрғыдан оң өзгерістер жағына қарай жылжуына ұмтылады.

Даму төмендегілердің нәтижесінде орын алады:

- **эволюция** – біртіндеп орын алатын сандық өзгерістерге қатысты
- **революция** – жылдам орындалатын сапалық және түбегейлі өзгерістерге қатысты

**Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері.** Экономикалық даму – көптүрткіжайтты үдеріс, онда елдің шаруашылық өмірінің барлық саласындағы өзгерістер көрініс табады. Елдің экономикалық даму деңгейін анықтау үшін, ең алдымен, көрсеткіштердің келесі негізгі жүйесін пайдаланады:

- жан басына шаққандағы жалпы ішкі / ұлттық өнім (немесе табыс);
- тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасы
- экономиканың құрылымы
- экспорт пен импорттың салалық құрылымы

Экономикалық дамудың табысты болуын қадағалап отыру үшін мемлекет статистикалық бақылау жүргізіп, оған талдау жасап отырады. Қазақстанда бұл жұмыспен Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті айналысады ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)).

Дүниежүзі елдерінің экономикалық дамуына әлемдік деңгейде талдау жасаумен көптеген ұйымдар мен институттар айналысады, олардың ішінде жетекші ұйымдар: БҰҰ, Дүниежүзілік банк, Халықаралық Валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі және басқалары.

Адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, экономика құрылымы, экспорт пен импорттың салалық құрылымы тәрізді көрсеткіштер 63-параграфта толығырақ айтылған. Онда мәліметтер Қазақстанның дүниежүзінің дамыған 30 елінің қатарына кіруі тұрғысында қаралған. Бұл параграфта адам басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс, экономиканың жалпы құрылымы мен өмір сүру сапасы негізінде экономикалық даму деңгейі бойынша Қазақстанның дүниежүзі елдерінің жалпы жіктелуіндегі орны көрсетілетін болады.

**Экономиканың құрылымдары бойынша дүниежүзі елдерінің жіктелуі.** Дүниежүзіндегі барлық аса дамыған елдер дамудың белгілі бір кезеңдерінен өткен:

Индустрияға дейінгі қоғам	Индустриалды қоғам	Индустриядан кейінгі қоғам
<ul style="list-style-type: none"> <li>• ауылшаруашылығы</li> <li>• балықшаруашылығы</li> <li>• орман өсіру</li> <li>• аңшылық</li> <li>• кен өндіруші өнеркәсіп</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• өңдеуші өнеркәсіп</li> <li>• құрылыс</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қызмет көрсету аясы</li> <li>• ақпараттық технологиялар</li> <li>• білім беру</li> <li>• ғылыми зерттеулер</li> <li>• жаһандық маркетинг</li> <li>• банктік және қаржылық қызметтер</li> <li>• өндірісті жоспарлау және ұйымдастыру қызметтері (білім экономикасы)</li> </ul>

Бір сатыдан екіншісіне өткен кезде алдыңғы кезеңнің салалары сақталып қалды және дамыды, неғұрлым табысты бола бастады, алайда ұлттық табыстың көпшілік бөлігі кейінгі сатыларда қалыптасады.

*Аграрлық экономикасы бар елдер* экономикалық даму жағынан әлдеқайда артта қалған. Оған Африканың көптеген елдері жатады. Олар экономикалық дамудың аралық сатысы – аграрлық-индустриялық сатыға бөлінеді. Бұл кезеңде шаруашылықта өнеркәсіп дами бастайды. Ауылшаруашылығында халқының 60%-ға дейіні, өнеркәсіпте – 20%-ы еңбек етеді. Бұл топқа Колумбия, Перу, Үндістан, Моңғолия, Пәкістан жатады.

*Индустриалды елдер санаты* біртұтас. Олардың ішінде индустриалды-аграрлық және индустриалды елдер болып бөлінеді. Индустриалды-аграрлық елдерде халқының 30%-ға дейіні ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Бұл топқа Түркия, Бразилия, Аргентина, Ресей, Украина, Польша жатады. Индустриалды елдердің экономикасының негізін өңдеуші және тау-кен қазу өнеркәсібі құрайды. Ауылшаруашылығынан мол өнім алынады. Онымен халқының шамамен 10%-дайы айналысады. Олар: Норвегия, Бельгия, Дания, Исландия, Мальта тәрізді елдер.

*Индустриядан кейінгі елдер санатын* экономикасында өндірістің жоғары технологиялық салалары дамыған елдер құрайды. Ғылым мен ақпараттық технологиялар маңызды экономикалық мәнге ие. Индустриядан кейінгі мемлекеттердің экономикасының құрылымында өндірістік емес салалар (қызмет көрсету, сауда, интеллектуалдық салалар) айтарлықтай үлеске ие. Мұндай мемлекеттерге АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония жатады.

Аз ғана уақыт ішінде өзінің дамуында күрт өсу орын алған және көптеген салалар бойынша жаңа кезеңге өткен мемлекеттер *Жаңа индустриалды мемлекеттер* деп аталады. Олар – Сянган (Гонконг), Корея, Сингапур, Тайвань Республикалары (оларды «Азияның 4 жолбарысы» немесе «Азияның 4 айдаһары» деп те атайды). Олардың тізімі үнемі өсіп отырады.

1. §57-58, 59-60, 61 материалдары бойынша Қазақстан өз экономикасының құрылымы бойынша қандай елдер тобына жататынын анықтаңдар.
2. §53, 54, 55 материалдары бойынша Қазақстан экономикалық дамудың қандай кезеңіне өтуге талпынып отырғанын анықтаңдар. Бұл кезеңге өтуді қалай жүзеге асыруды көздеп отыр?
3. Жаңа индустриалды елдер тобына кіруге талпынысы барысында имидж қалыптастыруда Қазақстан қандай «зоологиялық лақап атқа» ие болды?



**Жалпы ұлттық табыс.** Кез келген елдің дамуындағы салыстырмалы өлшем – жалпы ұлттық табыс. **Жалпы ұлттық табыс (ЖҰТ)** – бұл мемлекет аумағында бір жыл ішінде өндірілген барлық тауарлар мен көрсетілген қызметтердің жиынтық құны, оған қоса ел азаматтарының шетелдерден тапқан табысының қосылуы және шетелдіктердің елімізден алып кететін табыстарының шегерілуі. Әр азаматқа шаққанда табыс мөлшері қанша екендігін анықтау үшін ЖҰТ тұрғындардың санына бөлінеді.

Табыс деңгейі бойынша әрбір экономика табысы төмен, орташа және жоғары экономика болып жіктеледі:

- Адам басына шаққанда табыс деңгейі жоғары елдер (\$ 12,616-дан бастап және одан да көп).
- Адам басына шаққанда табыс деңгейі орташа елдер (\$ 1,036-дан бастап \$ 12,615-ға дейін).
- Адам басына шаққанда табыс деңгейі төмен елдер (\$ 1,035-дан бастап және одан да төмен).

Қазақстандағы адам басына шаққандағы ЖҰТ 2017 жылы 8710 долларды құрады және еліміз бұл рейтингте 92 орынды иеленді.

Халықтың әл-аухатын неғұрлым шынайы көрсету үшін адам басына шаққандағы ЖҰТ деңгейі сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі (САҚТ) бойынша да есептеледі. САҚТ қандай елдерден бірдей бағада қандай мөлшерде бірдей тауарлар сатып алуға болатынын көрсетеді. 2017 жылы Қазақстанда ол 23440 доллар деңгейінде болды. Бұл Қазақстанда 8710 долларға (адам басына шаққандағы ЖҰТ) алуан тауарың басқа елдермен салыстырғанда 23440 долларға тауар сатып алумен тең болатынын көрсетеді. Осы көрсеткіш бойынша 2017 жылы Қазақстан дүниежүзінде 54 орынды иеленді.

1. Адам басына шаққандағы табыс деңгейі бойынша Қазақстан қандай елдер тобына жатады?
2. САҚТ бойынша адам басына шаққандағы ЖҰТ деңгейіне орай Қазақстан қандай елдер тобына кіреді?
3. Қалай ойлайсындар, Қазақстанның түрлі аймақтарынан белгілі бір бірдей қаражат мөлшеріне бірдей тауарлар жиынтығын сатып алуға бола ма? Неліктен? Өз бастарыңнан өткен оқиғадан мысал келтіріңдер.
4. ЖҰТ анықтамасы мен құрылымына сүйене отырып, адам басына шаққандағы ЖҰТ-ты арттыру үшін не істеуге болады

**Өмір сүру сапасы.** Халықтың өмір сүру сапасы – бұл адамдардың материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі. Адамзат дамуының индексі (АДИ) – бұл осы немесе басқа мемлекеттегі адам дамуы деңгейінің жиынтық көрсеткіші, сондықтан кейде оны «өмір сүру сапасы» немесе «өмір сүру деңгейі» түсінік-

терінің синонимі ретінде де қолданады. АДИ адамдардың денсаулығы, білім алуы және азаматтарының шынайы табысы тұрғысынан үш негізгі бағыт бойынша мемлекеттің жетістіктерін өлшейді. Оларды бағалайтын өз индекстері бар:

Ғұмырдың болжалды ұзақтығының индексі: денсаулық және ұзақ өмір сүру, туылған кезден өмірдің болжалды орташа ұзақтығы көрсеткішімен өлшенеді.

Білім алу индексі: білім алуға қолжетімділік, мектеп жасындағы балалардың білім алуының болжалды орташа ұзақтығымен және ересек адамдардың білім алуының орташа ұзақтығымен өлшенеді.

Жалпы ұлттық табыс индексі: өмір сүрудің лайықты деңгейі, са-тып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша (САҚТ) АҚШ долларымен адам басына шаққандағы жалпы ұлттық табыстың (ЖҰТ) мөлшерімен өлшенеді.



### Көрсеткіштердің ең кіші және ең үлкен мәндері

Көрсеткіш	min	max
Туылған кезден ғұмырдың болжалды ұзақтығы, жыл	20	85
Білім алудың болжалды ұзақтығы, жыл*	0	18
Білім алудың орташа ұзақтығы, жыл*	0	15
САҚТ бойынша адам басына шаққандағы ЖҰТ, АҚШ долларымен	100	75000

\*Осы мемлекетте мектеп жасындағы балалардың білім алуының болжалды ұзақтығы, жылмен

\*\* осы мемлекетте ересек адамдардың (25 жастан асқан тұлғалардың) білім алуының орташа ұзақтығы, жылмен.

Әрбір индекс формула бойынша есептеледі

$$\text{Индекс} = \frac{\text{Нақты көрсеткіш} - \text{Ең төменгі көрсеткіш}}{\text{Ең жоғарғы көрсеткіш} - \text{Ең төменгі көрсеткіш}}$$

Мысалы, шартты мемлекетте өмір сүру ұзақтығының индексі  
 $= (63,8 - \frac{20}{85} - 20) = 0,673$

Ғұмырдың болжалды ұзақтығының индексі (69,4 жас) бойынша Қазақстан 2016 жылы дүниежүзінде 190 ел мен аумақтың ішінде 123 орында болды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның дамушы елдер тобындағы орнын көрсетеді.

Білім алуды дамыту индексі бойынша Қазақстан 2016 жылы 39 орынды иеленіп, аса дамыған елдер тобына сенімді түрде енді.

Осы үш көрсеткіш негізінде БҰҰ адамзат дамуының ортақ индексін есептейді.

Адамзат дамуының индексі – жекелеген үш индекстің геометриялық ортасы:

$$\text{АДИ} = \frac{\text{Индекс 1} + \text{Индекс 2} + \text{Индекс 3}}{3}$$

Оның мәні бойынша әлем елдері төмендегідей түрде жіктеледі:

өте жоғары (0,720 – 0,898)	орташа (0,393 – 0,562)
жоғары (0,562 – 0,720)	төмен (0,199 – 0,393)

2016 жылы Қазақстан индексі 0,788-ді құрады.

1. Адамзат дамуының индексі бойынша біздің еліміз қандай елдер тобына жатады?
2. Болжалды өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін мемлекет, қоғам, жеке өз басың қандай үлес қоса аласыңдар?
3. Білім алу индексін көтеру үшін мемлекет, қоғам, жеке өз басың қандай үлес қоса аласыңдар?
4. Адам басына шаққандағы ЖҰТ-ты арттыру үшін мемлекет, қоғам, жеке өз басың қандай үлес қоса аласыңдар?

**ГЕОДЕРЕК.** Бірдей қаражат мөлшеріне (мысалы, 50 АҚШ долларына) әлемнің түрлі елдерінен бір тауарды түрлі мөлшерде сатып алуға болады (сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі). «The Economist» журналы бейресми «Биг-Макаиндексін» (англ. Big Mac Index) ойлап шығарды, ол бірдей мөлшердегі ақшаға сол немесе басқа мемлекетте қанша гамбургер сатып алуға болатынын көрсетеді. 2019 жылғы баға бойынша АҚШ-та 50 долларға 12, ал Қазақстанда 21 гамбургер сатып алуға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

### Топтық жұмыс.

1. Өздерің тұратын елді мекен үшін «Дамыған елдер деңгейінің көрсеткіштері бойынша өмір сүру» жобасын әзірлеңдер.

Болжалды мәліметтер бойынша, ересектердің көмегімен анықтаңдар:

• ЖҰТ – жиынтық және адам басына шаққандағы. 1) әлемдік және 2) қазақстандық көрсеткіштер бойынша адам басына шаққандағы ЖҰТ индексі есептеңдер.

Адам басына шаққандағы ЖҰТ Қазақстандық көрсеткіші	min	max
САҚТ бойынша адам басына шаққандағы ЖҰТ, АҚШ долларымен	100 АҚШ доллары	8710 АҚШ доллары

- Өзің тұратын елді мекеннің өкілдері еңбек ететін салалар
- Елді мекеннің тұрғындарының болжалды орташа өмір сүру ұзақтығы.
  - Білім алу индексі. Мектеп бітіргеннен кейін білім алуға қанша жыл жұмсағандарын ересек адамдардан анықтаңдар.
  - Адамзат дамуының жалпы индексі.

2. Төмендегі берілгендер бойынша өзің тұратын елді мекенді қандай топқа жатқызар едіңдер:

- Экономикасының құрылымы
- Адам басына шаққандағы ЖҰТ деңгейі
- жалпы АДИ?

3. Өздерің есептеу жүргізген жоғарыдағы тармақтардың әрқайсысы бойынша неғұрлым көрсеткіші жоғары топтарға өтудің іс-шаралар жоспарын жасаңдар.

Мемлекеттің, жергілікті тұрғындардың, әрбір тұрғынның жекелеген ролін және жеке өзіңнің қосатын үлесіңді атап көрсет.

1. Жұмысты өз қалауың бойынша кез-келген түрде сыныпқа таныстырып, түсініктеме беріңдер.

**Сабақтың мақсаты:**

- деңгейі мен мақсаттары бойынша халықаралық ұйымдарды топтау (қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып);

**Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:**

- халықаралық қарым-қатынастардың түрлері мен міндеті;
- Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы туралы.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР**

**Халықаралық қатынастар.** Мемлекеттер арасында тайталастан гөрі өзара түсіністікке және ынтымақтастыққа көшу – халықаралық қатынастардың қазіргі кезеңінің өзгешелігі. Бұл қазіргі кездегі мемлекетаралық саяси және саяси-экономикалық ұйымдардың рөлдерінің өзгеруіне және жаңа рөлдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызды.

*Халықаралық қатынастар* – мемлекеттер мен мемлекеттік жүйелер арасындағы, әлемдік аренада әрекет етіп жатқан негізгі әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер, ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар арасындағы, яғни кең маңынасында айтқанда халықтар арасындағы экономикалық, саяси, идеологиялық, құқықтық, дипломатиялық және басқа да байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтығы.

Халықаралық қатынастардың субъектілері – мемлекеттер, халықаралық үкіметтік жәе үкіметтік емес (мемлекеттік емес) ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, діни бірлестіктер, қоғамдық-саяси қозғалыстар.

**Халықаралық қарым-қатынастардың түрлері.**

Халықаралық қарым-қатынастардың түрлері алуан түрлі болуы мүмкін:

- саяси*: құқықтық, дипломатиялық, ұйымдастырушылық және т.б.;
- экономикалық*: қаржылық, сауда, кооперативтік және т.б.;
- идеологиялық*: келісімдер, декларациялар, қаскүнемдік, психологиялық соғыс және т.б.;
- саяси-стратегиялық*: блоктар, одақтар және т.б.;
- мәдени*: әртістердің гастрольдік сапарлары, ақпараттар алмасу, көрмелер және т.б.

Халықаралық қатынастар жүйесі үнемі даму және жетілдіру үстінде болады, қарым-қатынастардың жаңа түрлері, деңгейлері пайда болады, олардың құрылымдары жаңа мазмұнға ие болады. Халықа-

ралық қарым-қатынастар мемлекеттердің, партиялардың және тағы басқалардың сыртқы саяси қызметінде шынайы орын алып жатады.

#### **Халықаралық ұйымдардүниежүзінің саяси картасында.**

Халықаралық қарым-қатынастардың дамуы, сыртқы саясаттың іс жүзінде жүзеге асуы көпбінесе халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне тәуелді болады. **Халықаралық ұйымдар** – үкіметаралық және үкіметтік емес сипаттағы тұрақты бірлестіктер, олар халықаралық келісімдер (жарғы, мәртебе немесе басқа конституциялық құжат) негізінде халықаралық мәселелердің шешілуіне қолғабыс тигізу мақсатында құрылады. Бірлестіктердің мақсаты – келісімде әдейі ескертілген мәселелердің шешілуіне көмек қолын созу. Халықаралық ұйымдар мемлекеттердің үкіметтері деңгейінде әрекет ететін – мемлекетаралық сипатта және үкіметтік емес сипатта болады. Сондай-ақ бүкілдүниежүзілік және аймақтық сипаттағы халықаралық ұйымдар болып бөлінеді. Халықаралық ұйымдар – халықаралық бірігудің бір түрі. Халықаралық ұйымдар жалпы алғанда дүниежүзінде орын алған саяси үдерістерге әлдеқайда көбірек әсер көрсетеді.

**Дүниежүзілік ұйымдар** осы және басқа да саладағы көптеген әлемелдерінің қызметін үйлестіріп отырады. Мұндай ұйымдар: Дүниежүзілік банкі, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК). Ең ірі және маңызды дүниежүзілік халықаралық ұйым – Біріккен Ұлттық Ұйымы (БҰҰ). БҰҰ-ның қамқорлығымен көптеген гуманитарлық ұйымдар, мамандандырылған мекемелер мен жер шарының жекелеген аймақтарында бейбітшілікті сақтау жөніндегі өкілдіктер жұмыс істейді. Олардың қатарына ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, Дүниежүзілік пошта одағы, Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық теңіз ұйымы және т.б. тәрізді бірлестіктер кіреді.

**Әскери-стратегиялық ұйымдар** ұжымдық өзін-өзі қорғау және қауіпсіздікті сақтау қызметтерін атқарады. Осындай мақсаттағы беделді заманауи ұйым – НАТО.

**Діни ұйымдар** жер шарының қандай да бір аймағында өзінің даму бағдарламасын жүзеге асырады. Бұлар: Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), Америкалық мемлекеттер ұйымы, Африка бірлігі ұйымы (АБҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы (АСЕАН), Оңтүстік америкалық ортақ нарық (МЕРКОСУР), Солтүстік америкалық еркін сауда жөніндегі келісімі (НАФТА), Араб елдері одағы (АЕО), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) және басқалары.

**Салалық мемлекетаралық ұйымдар** сол салада және басқа салада саясатты үйлестіру бойынша жұмсалған қатысушы-елдердің бірле-

скен күш-жігеріне қолдау білдіреді. Олар: Мұнай экспорттаушы-елдер ұйымы (МЭЭУ), Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСУ), Интерпол (әлем елдеріндегі полиция қызметінің бірлестігі), МАГАТЭ (ядролық энергетика саласындағы бірлесу) және басқалары.

**Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы.** Қазақстан халықаралық саясатта ірі ойыншыға айналды, оған еліміздің Еуропа мен Азияның шектескен жерінде, Ресей мен Қытайдың ортасында, дүниежүзілік ірі өркениеттің тоғысындағы қолайлы географиялық орны мүмкіндік туғызуда. Ауқымды жер аумағының, жер қойнауында минералдық шикізаттар мен басқа да табиғи ресурстардың мол қорының болуы елімізге өзінің халықаралық саяси беделін көтеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан жалпы алғанда барлық беделді әрі ықпалды халықаралық ұйымдардың қатарына кіру үдерісін аяқтады.

Қазақстанның сыртқы саясаты ашықтық, бейбітшілік сүйгіштік, теңгерімділік пен жүйелілік қағидасына негізделген. Дүниежүзінің 100-ден астам мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған.

Қазақстан – 40-тан астам халықаралық ұйымға мүше, оның ішінде БҰҰ және оның бірқатар мамандандырылған мекемелері (ЮНЕСКО, ЮНИДО, ИКАО және басқалары); МАГАТЭ; ДҚДБ; ХВҚ; ХҚК; ЕҚДБ; Азия даму банкі; ЭЫҰ; ИЫҰ; ЕҚЫҰ; ТМД; ШЫҰ; ҰҚШҰ және басқалары.

#### ҚАЗАҚСТАН МҮШЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР



##### Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)

###### Мақсаты:

Бейбіт өрі тұрақты дамуды алға жылжыту



##### Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСУ) (бақылаушы мәртебесі)

###### Мақсаты:

Жалпыға бірдей қабылданған ережелер бойынша еркін сауда жасауға жағдай туғызу, сыртқы нарыққа өздерінің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін белсенді түрде кіргізу



##### Халықаралық полиция (ИНТЕРПОЛ)

###### Мақсаты:

Қылмыстық істер бойынша құқықтық өзара көмек



##### БҰҰ-ның даму бағдарламасы (БҰҰДБ)

###### Мақсаты:

Тұрақты дамуды, демократиялық басқаруды және бейбітшілік орнатуды, климатты және табиғи апаттарға төзімділікті,

	гендерлік теңдікті және адам құқығын қорғауды дамыту саласында қайтарымсыз әрі саясиландырылмаған көмек алу
	<b>Азия даму банкі (АДБ)</b> <i>Мақсаты:</i> Экономиканы дамытуға қарыз бен несие алу
	<b>Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ)</b> <i>Мақсаты:</i> Қарыз және инвестициялар алу арқылы экономиканың дамуына көмектесу
	<b>Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі БҰҰ ұйымы (ЮНЕСКО)</b> <i>Мақсаты:</i> Ғылыми және мәдени бірлесудің жаһандық үдерістеріне толыққанды қатысу, халықаралық ынтымақтастық, қазақстандық ғылым мен мәдениетті дамыту, азаматтардың сәйкесінше құқықтары мен еркіндігін неғұрлым толығырақ қамтамасыз ету
	<b>Халықаралық Олимпиадалық Комитет</b> <i>Мақсаты:</i> Халықаралық олимпиадалық қимыл-қозғалыстарға толық құқылы қатысу
	<b>Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ/EBRD)</b> <i>Мақсаты:</i> Банктер, экономика салалары мен жекелеген кәсіпорындар үшін жобалық қаржыландыру алу
	<b>Ислам даму банкі (ИДБ/IOB)</b> <i>Мақсаты:</i> Мүше-елдер ретінде, шариғат заңдары мен қағидаларына негізделген экономикалық және өлеуметті даму жобаларын қаржыландыру
<b>ҚАЗАҚСТАН МҮШЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АЙМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАР</b>	
	<b>Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)</b> <i>Мақсаты:</i> Әскери-саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу
	<b>Азиядағы өзара әрекеттесу және сенім шаралары бойынша кеңес (АӨСШК)</b> <i>Мақсаты:</i> Аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Азия мемлекеттерімен өзара қарым-қатынасты және ынтымақтастықты нығайту





**Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ)**

**Мақсаты:**

Мұсылман елдері арасындағы ынтымақтастық, халықаралық аренадағы іс-қимылдарға бірлесе қатысу, қатысушы-елдердің тұрақты дамуына қол жеткізу



**Шанхай ынтымақтастығы ұйымы (ШЫҰ)**

**Мақсаты:**

Тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, лаңкестікпен, жікшілдікпен, экстремизммен, есірткі тасымалымен күрес, экономикалық ынтымақтастықты, энергетикалық өріптестікті, ғылыми және мәдени өзара әрекеттесуді дамыту

**ҚАЗАҚСТАН МҮШЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР**



**Азия елдерінің табиғи апаттардың қауіп-қатерлерін азайту орталығы (ADRC)**

**Мақсаты:**

Төтенше жағдайлардың қауіп-қатерін жеңілдету және олардың салдарын азайтудың, келісілген іс-шаралар арқылы бірлесе әрекет етудің, аймақтық және халықаралық ынтымақтастықты ынталандырудың тиімді механизмдерімен қамтамасыз ету



**Жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттер тобы (ГРЕКО)**

**Мақсаты:**

Жемқорлықпен күресте қажетті заңнамалық, ұйымдық немесе шұғыл іс-шаралар алу



**Халықаралық электртехникалық комиссия (ХЭК)**

**Мақсаты:**

Электрлік, электрондық және аралас технологиялар саласындағы стандарттарды біріздендіру

1. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдардан үзінділерді оқындар және Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының рөлін айқындандар. Олармен келісімге келмеген жағдайда еліміз қандай артықшылықтарды жоғалтар еді?

2. БАҚ-тан мәтінде келтірілген ұйымдармен ынтымақтастықтың тиімділігін растайтын дәлелдерді табындар.

Португалияда Қазақстан Республикасындағы Интерпол Ұлттық Орталық Бюросының сұранысы бойынша, қарақшылық шабуыл жасағаны үшін халықаралық іздеу жарияланған У. қамауға алынды. Коимбра қаласының (Португалия) апелляциялық соты алдағы уақытта Қазақстанға экстрадициялау мақсатында, У-ға қатысты қамауға алу іс-шарасын қолдану жөнінде шешім шығарды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өршіл бағдарламаны – (автомагистраль) Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансұлттық көлік дәлізін іске қосты, ол Еуропа мен Азия арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтуға үлес қосады.

Дәліздің Қазақстандық бөлігінің ұзындығы

2 787 км-ді құрайды. Жобаны жүзеге асыруға Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі, Еуропа Қайта құру және Даму банкі, Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі, сонымен қатар Дүниежүзілік Банк (ДҚДБ) қатысады.

Қазақстан ХОК-нің шешімін күтуде. Бір күннен кейін 24 Ақ Олимпиаданың қожайыны жарияланады. Ертең Куала-Лумпурда Халықаралық олимпиада комитеті 2022 жылы басты қысқы сайысты (жарысты) кім қабылдайтынын анықтайтын болады – Алматы немесе Пекин.

Қазақстан электр техникалық, электрондық, ақпараттық және оларға қатысты технологиялардың барлығына арналған халықаралық сапа стандартын енгізеді, бұл стандарттардың қолданылуы кәсіпорындардың өлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және саудада техникалық кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Бүгін Астана қаласына жақын, Шортанды кентінде ОБСЕ бағдарламалары кеңсесі жанынан Қазақстан кәсіпкер-әйелдері одағымен бірлесіп, Қазақстанның ауылды жерлерінде әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері бойынша екікүндік дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Біз осындай ұсыныстар арқылы ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесе және елдегі гендерлік бағдардың ілгерілеуіне мүмкіндік туғыза аламыз деп үміттенеміз», – деді Астанадағы ОБСЕ бағдарламасы кеңесінің басшысы, Елші Дьердь Сабо.

## Қазақстан және ТМД, ЕАЭО, Кеден Одағы.

### ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕР ДОСТАСТЫҒЫ

Әзірбайжан Республикасы  
Армения Республикасы  
Беларусь Республикасы  
Қазақстан Республикасы  
Қырғыз Республикасы

Молдова Республикасы  
Ресей Федерациясы  
Тәжікстан Республикасы  
Өзбекстан Республикасы



17-сурет. Дүниежүзі картасындағы ТМД

КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде 1991 жылдың соңында құрылған **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)** дүниежүзінің айрықша аймағы болып бөлінеді. Достастықтың мақсаты саясат, экономика, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, ғылым, сауда, гуманитарлық және басқа да салаларда халықтар мен мемлекеттердің тең құқылы және өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту, кең ауқымда ақпараттық алмасуға жәрдемдесу, өзара ортақ міндеттемелерді адал әрі мүлтіксіз орындау.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы – мемлекетаралық бірлестік және мемлекеттер арасында достық, тату көршілік, ұлтаралық келісім, сенім, өзара түсіністік пен өзара тиімді ынтымақтастық қарым-қатынастардың одан әрі дамуына әрі нығаюына қызмет етеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет болып табылмайды және ұлттық органдардан жоғары тұратын органдардың құзыретіне ие бола алмайды.

ТМД елдерінде тұратын халықтар бірлесіп өмір сүрген кезеңнің ұзаққа созылуымен тығыз байланысқан. ТМД шеңберінде, ұлтаралық саяси шегараның пайда болғанына қарамастан, бірыңғай геосаяси, ақпараттық және экономикалық кеңістік жалғасын тауып келеді, ол осылардан басқа ортақ еңбек және шикізат нарығын, адамдарды қоныстандырудың және өндірістерді орналастырудың өзіндік жүйесін қамтиды.

Бірігуді арттыру мақсатында бірқатар ТМД елдері Еуроазиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құруға шешім қабылдады. Ол жан-жақты жаңғырту, қауымдастыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мүше-елдердің тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеру мүддесінде тұрақты даму үшін жағдай жасау мақсатында құрылған. Міндеттері – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің ілгері жылжуының еркіндігін қамтамасыз ету, экономика салаларында үйлестірілген, келісілген және бірыңғай саясат жүргізу.

Оған *Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей* кіреді.

ЕАЭО-на мүше елдердің барлығы автоматты түрде ЕАЭО-ның **Кеден одағының** мүшесі болады. Ол басқа елдермен одаққа мүше емес елдермен сауда жасаудағы бірыңғай кеден саясатын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

1. Кескін картаға ТМД және ЕАЭО елдерін енгізіңдер. Әл елдің картасынан түсіндірме жасай отырып көрсетіңдер.
2. Бұл елдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
- 3.ТМД елдерінің бірігуіне қандай түрткіжайттар себепші, ал қандай түрткіжайттар кедергі болып табылады?
- 4.ТМД елдері үшін ынтымақтастық пен ішкі байланыстарды біріктірудің қандай бағыттары өзекті болып табылады?

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстан әлемдік аренада 2010 жылы ЕҚЫҰ, 2010-2011 жылдары Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, 2018 жылдың 1-қаңтарынан 31-қаңтарына дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі төрізді беделді дүниежүзілік ұйымдарға төрағалық етті.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Халықаралық экономикалық бірігудің негізгі формасын естеріңе түсіріп (§61), ТМД-ның бірігуі үдерісінде бар екендігін растаңдар. Алдағы уақытта қандай формалары жүзеге асуы мүмкін?

1. Қазақстанның халықаралық ұйымдардың біріне мүше болуына SWOT-талдау жасаңдар. SWOT аббревиатурасымынаны білдіреді:

**Strengths** – мықты тұстары; **Weakness** – әлсіз тұстары;

**Opportunities** – мүмкіндіктері; **Threats** – қауіп-қатер

Бұл тәсілдің мағынасын түсіну үшін қазақстандық Қашаған кен орнының SWOT-талдауынан үзіндіні оқыңдар. Өздерің таңдап алған ұйымға талдау жасау үшін мықты және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін барынша көбірек көрсету керек. Барлық шешімдеріңді

жазбаша түрде маңыздылық немесе қауырттылық дәрежесі бойынша баяндаңдар.

Қазақстандық Қашаған кен орнына берілген SWOT-талдаудан үзінді

<p><b>Мықты тұстары (артықшылығы):</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұнай мен газдың ауқымды дәлелденген қоры.</li> </ul> <p>Мұнайдың жалпы қоры 38 млрд. баррельді, немесе 4,8 млрд. тоннаны құрайды. Қашағанда сонымен қатар ірі табиғи газ қоры бар (1 трлн. куб метрден астам).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жобаны әлемдік ірі мұнай-газ компаниялары игеруде.</li> </ul>	<p><b>Әлсіз тұстары (кемшілігі)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұнай мен газ өндіруге қатысты қиындықтар.</li> </ul> <p>Мұнай мен газдың жоғары қысымды тереңдікте жатуы қымбат технологиялар мен жабдықтарды талап етеді, бұл жоба бойынша жұмсалатын шығындарды арттырады.</p> <p>Мұнай мен газ күкірттен тазартуды қажет етеді, оны пайдаға асыру қымбатқа түседі. Солтүстік Каспийдің суының аз болу ерекшелігі жасанды аралдардың құрылысының, көлік коммуникациясы желісінің салынуын талап етті. Осы тұрткіжайттардың барлығы жоба құнының айтарлықтай арттырады.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері (артықшылығы)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жаңа жұмыс орындарының құрылуы.</li> </ul> <p>Қашаған жобасының дамуы мен іске қосылуы Қазақстанның батыс өңірінде де, жалпы алғанда бүкіл елімізде де өнеркәсіп пен қызмет көрсетудің аралас және түйіндес салаларында еңбекақысы жоғары тікелей, сондай-ақ жанама көптеген жұмыс орындарын құрады.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлер (кемшілігі)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Экологиялық залал және мүмкін болатын апат.</li> </ul> <p>Теңіздегі кен орындарында апатты жағдайдың дамуы орын алған жағдайда Каспий теңізінде ірі экологиялық апат орын алып, ол аймақтың бірегей биосферасының жойылуына алып келуі мүмкін деген болжам бар. Тіпті, оған жоғары деңгейде жүргізілген дайындықтың өзі қоршаған ортаға тиетін жағымсыз әсердің алдын алуға 100% кепілдік бола алмайды. Сонымен қатар бұл аймақ сейсмикалық тұрғыдан өлеуетті қауіпті, ол да экологияға қауіпті. Көдеге жаратуды қажет ететін күкірттің мол мөлшері барлық сақтау шарттары орындалмаған жағдайда жағымсыз әсер беруі де мүмкін.</p>

## Қазақстанның кешенді елтанымдық сипаттамасы

### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстан Республикасының саяси-географиялық, әлеуметтік және экономикалық жағдайына кешенді баға беру;
- Түрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы туралы елтанымдық ақпарат әзірлеу.

### Мақсатқа қол жеткізу үшін білу қажет:

- кешенді елтанымдық сипаттамалардың құрылымын, арналуы мен атқаратын рөлін;
- елдің сипаттамасы әзірленетін мақсатты аудиториялар
- кешенді елтанымдық сипаттамалардың түрлері мен формалары.

ЕЛТАНУ, КЕШЕНДІ ЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТТАМА  
ЕЛТАНЫМДЫҚ СИПАТТАМАЛАРДЫҢ ТИПІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ  
МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ ЖӘНЕ ЕЛТАНЫМДЫҚ АҚПАРАТТАРДЫ ТАРАТУ  
АРНАЛАРЫ ЕЛТАНЫМДЫҚ АҚПАРАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### Кешенді елтанымдық сипаттамалардың мақсаты, типі, құрылымы.

**Кешенді елтанымдық сипаттама** – бұл белгілі бір ел (аудан) туралы түрлі ақпараттарды біріктірудің ұйымдастырушылық нысаны. Ақпараттық жағына баса көңіл бөледі.

Елтанымдық сипаттамалар талдамалы және синтездік (жинақтамалық) типтерге бөлінеді.

**Талдамалы типте** елдің сипаттамасы азырақ сипатталады және зерттеледі (мысалы, мемлекетті құрылымы, табиғи-ресурстық әлеуеті, аймақтары мен салаларының біріне шолу, геодемографиялық жағдайының сипаттамасы және т.б.).

**Синтездік тип** ел туралы көптеген алуан түрлі мәліметтерді біріктіреді (мысалы, аумағы, климаты, мәдениеті, мерекелері, халқы, көрікті жерлері, валютасы, бағалары және т.б. туралы ақпараттарды жинақтайды).

Жалпы алғанда елтанымдық сипаттамалар төмендегідей құрылымда болады:

- Ел туралы жалпы мәліметтер (ел атауының шығу тегі, астанасы, туы);
- Географиялық орны (аймақ аумағының ерекшеліктері) және оның елтанымдық зерттеулері;
- Аумақтың табиғи және экологиялық жағдайлары;
- Елдің тарихи-мәдени сипаттамасы;
- Ел тұрғындары мен оның қалыптасу тарихы (халық саны мен

тығыздығы, расалық және этностық-конфессионалдық құрамы, тілі, халықтардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері);

- Негізгі қалалары (олардың орналасуы, тарихы, халқының ерекшелігі мен шаруашылықтарының мамандандырылуы, көрікті жерлері);

- Елдің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы (шаруашылықтың негізгі салалары, аудандар мен олардың мамандануы, көлік қатынасы мен инфрақұрылым);

- Елдің саяси-географиялық сипаттамасы (мемлекеттік құрылыспен құрылымы, саяси партиялар);

- Рекреация мен туризм (орталықтарды орналастырудағы ерекшеліктер мен олардың мамандануы);

- Елді дамытудың жалпы беталысы (дамудың елге тән қырын анықтау);

Ел туралы ақпарат көптеген санаттағы адамдарға және кәсіпорындарға қажет. Сондықтан елтанымдық сипаттамалар келесі мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету тиіс:

- түрлі мақсаттар үшін ел туралы мәліметтердің ауқымды жиынтығын жинақтау, сақтау және пайдалануға мүмкіндік беру;

- елдің дара бейнесін жасау, белгілі болуға, танымалдылыққа және жағымды абырой-беделге қол жеткізу, ;

- әлемдік аренада елдің алатын орнын нығайту;

- әріптестер, инвесторлар, туристер және т.б. тарапынан сенімділік қалыптастыру;

- халықаралық және мемлекет ішлік байланыстар мен қарым-қатынастарды дамыту;

- ел туралы оқу материалдарын шығару.



1. Қосымша ақпарат көздерінің көмегімен талдамалы және синтездік елтанымдық сипаттамаларға мысал келтіріңдер. Олардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

**Кешенді елтанымдық сипаттамаларға қойылатын талаптар.**

Өз мақсаттарыңа қол жеткізу үшін ел туралы ақпараттар төмендегі қасиеттерге ие болуы тиіс:

1. **Ақпараттың дұрыстығы.** Кез келген түрде айтылған ақпарат ақиқат, ол шынайы болмысты бейнелейді.

2. **Ақпараттың нақтылығы.** Егер ақпарат сенімді дерек көздерінен сенімді жолмен алынған болса, ол нақты болады. Нақты ақпарат дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Жалған ақпарат қасақана (жалған хабар) және байқамай бұрмалау нәтижесінде берілуі мүмкін.

3. **Ақпараттың толықтығы.** Егер берілген ақпарат түсінуге және

шешім қабылдауға жеткілікті болса, онда ақпаратты толық деп атауға болады. Толық емес ақпарат қате тұжырым немесе шешім қабылдауға әкеліп соқтырады.

**4. Ақпараттың дәлдігі объектінің, үрдістің, құбылыстың және т.б. нақты жағдайына ұқсас болу дәрежесімен анықталады. Нақты сандық және сапалық географиялық мәліметтерді пайдалану қажет.**

**5. Ақпараттың өзектілігі** – қазіргі уақыттағы маңыздылығы, осы кездегі қажеттілігі, қанықтылығы. Тек дер кезінде алынған ақпарат қана пайдалы болуы мүмкін.

**6. Ақпараттың пайдалылығы (құндылығы).** Пайдалы болуы оны нақты тұтынушылардың қажеттіліктеріне қарай бағалануы мүмкін және оның көмегімен шешуге болатын мәселелерге орай бағаланады.

**Берілу тәсілдері бойынша** ақпараттардың келесі түрлерін атауға болады:

- **мәтіндік** (мәтіндер);
- **графиктік** (карталар, графиктер, диаграммалар, сызбалар мен суреттер);
- **дыбыстық** (радиохабар таратуда, телефонияда қолданылатын дыбыстық белгілер мен радиотолқындар);
- **бейне ақпараттар** (көзбен көру арқылы қабылданатын жарық белгілері);
- **мультимедиялық ақпарат** (компьютер құралдарының көмегімен берілген мәтіндік, графиктік, дыбыстық және бейне ақпараттар).

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің дамуы нәтижесінде вирустық жарияланымдар (мем) тәрізді ерекше құбылыс пайда болды. Бұл мәтін немесе бейне/аудио жазба, фотосурет, сурет, ақпараттық график түрінде болуы мүмкін. Оның басты белгісі – оқырманның, көрушінің осы материалмен бірден әлеуметтік желідегі өзінің парақшасында басқалармен бөліскісі немесе мессенджерлерге таратқысы келуі.

**Елтанымдық ақпараттарға арналған базалық мақсатты аудиториялар.** Мақсатты аудитория – бұл ақпарат жолданатын адамдар, оларға жалпы алғанда бағдарламаның, жобаның, науқанның жұмыстары жіберіледі.

**Билік органдары.** Мемлекеттердің, сондай-ақ шетелдердің билік органдары әрқашан да елтанымдық ақпараттың үлкен ауқымын пайдаланады. Көбінесе бұл саяси жағдай туралы ақпараттар.

**Журналисттер.** БАҚ жиі мақсатты аудитория да және елтанымдық ақпараттарды тарату арнасы да болып табылады. Көбінесе журналисттерді ел туралы қандай да бір жеке сұрақтар қызықтырады (мысалы, әйелдер құқығы, білім беру жүйесі, экономика салалары). Осы туралы материалдарды жариялай отырып, олар ел туралы мәліметтерді де анықтама түрінде жариялайды.



**Бизнес.** Бизнеске елдің экономикалық жағдайы, салықтар, сатып алушылар, баға, тауарлар және т.б. туралы мәліметтер қажет.

**Қоғамдастық.** Адамдардың түрлі бірлестіктері басқа мемлекет туралы елтанымдық ақпараттарды қажетсінеді, не болмаса мемлекеттердің өздері оларға ел туралы белгілі бір жолдауларды жеткізуге мүдделі болады. Мысалы, шекара маңында ынтымақтастықты жүзеге асыратын елдер өз отаны туралы мәліметтерді жиі таратады.

**Азаматтар.** Бұлнақтыелтанымдық жобаға күш салатын (мысалы, әлеуетті оралмандар, туристер) жекелеген азаматтар санаты, не болмаса жалпы қалың жұртшылық болуы мүмкін.

Ел туралы ақпараттарды тарататын негізгі арналарға мыналар жатады: direct mail (электрондық поштаға хабарлама қалдыру), газеттер, журналдар, телеарналар, радио, анықтамалық басылым, каталогтер, бүктемелер, постер, күнтізбелер, компакт-дискілер, Ғаламтор, әлеуметтік желілер, сыртқа ілетін қалқандар, көшедегі тақталар, плакаттар, кәдесыйлар, көліктер.

Елдің танымалдылығын арттыруға түрлі оқиғалар айтарлықтай үлес қосады. Оларға баспасөз конференцияларын, баспасөз-турларын, конференцияларды, семинарларды, таныстыруларды, мәдениет күндері, ашық есік күндерін, спорттық және концерттік шараларды, байқауларды, көрмелерді, фестивальдарды жатқызуға болады. Жекелеген танымал тұлғалар мемлекеттің танымалдылығын арттуға септігін тигізеді.



1. Танымал ғаламтор-энциклопедиялардың беттеріндегі, ел Президентінің ([www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)) және мемлекеттік органдардың сайттарындағы Қазақстанның елтанымдық сипаттамаларымен танысыңдар.
2. Олардың мазмұнына талдау жасаңдар және ақпараттардың дұрыстығын, нақтылығын, толықтығын, дәлдігін, өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан баға беріңдер.
3. Ақпарат берудің қандай тәсілдері қолданылған?
4. Осы сипаттамалардың мақсатты аудиториясы кімдер?
5. Бұл сипаттамаларды қалай жетілдіруге болады?

**ГЕОДЕРЕК.** АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы (ОББ) ел үкіметінің қажеттіліктері үшін анықтамалық-альманахты, дүниежүзіндегі елдер туралы фактілер жинағын – Бүкіләлемдік фактілер кітабын (ОББ Бүкіләлемдік анықтамалығы немесе Әлем елдері жөніндегі ОББ анықтамалығы, ағылш. The World Factbook) құрастырып және жаңартып отырады.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

**1. Қазақстан туралы қандай ақпараттар қажет екенін анықтаңдар:**

- басқа мемлекеттердің басшыларына, дипломаттар мен саясаткерлерге;
- қазақстандық тауарларды сатып алғысы келетін шетелдік бизнесмендерге;
- өз тауарларын Қазақстанда сатқысы келетін шетелдік бизнесмендерге;
- Қазақстанға өздерінің туристерін жібергісі келетін және Қазақстаннан туристерді өз елдеріне шақырғысы келетін туристік фирмаларға;
- басқа елдерден келетін туристерге;
- шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдеріне;
- өз жұмыстарын елге сипаттама беруге арнаған журналистерге.

Елдің қандай сипаттамалары ел туралы ақпараттарды тұтынушылардың барлық топтары үшін қажетті болып табылады?

Елтанымдық ақпараттарды тұтынушылардың бір немесе бірнеше топтары үшін өте маңызды болып табылатын қандай ақпарат жалпы алғанда тұтынушылардың барлығын қызықтыра қоймайды?

Елтанымдық ақпараттарды тұтынушылардың түрлі топтары үшін ел туралы ақпаратты қандай түрде беруге кеңес беріледі?

**2. Бір топқа арнап (өз таңдауың бойынша) кез-келген шығармашылық түрде Қазақстан туралы елтанымдық ақпарат әзірлеңдер. Сендердің жұмыстарыңда республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың атаулары және олардың транслитерациясы (латын, орыс және ағылшын тілдерінде) туралы мәлімет болуы қажет.**

Бастысы, ол кешенді елтанымдық сипаттамалардың барлық талаптарына сай болуы тиіс.

**3. Сипаттаманы да, оның тұжырымдамасын да сыныпқа таныстырыңдар.**

**1. Бүкіл сыныптық жұмыс.** Оқу жылындағы барлық материалдар бойынша Қазақстан дамуының «**Жаңа Қазақстанның жеті қыры**» форсайтын әзірлеңдер.

Форсайт (foresight) – бұл болашақтың қалаулы бейнесін жасау технологиясы.

Егер болжам жасау – бұл тәжірибе мен бақылауларға негізделіп, болашақты анықтау тәсілі болса, онда форсайт кезінде адамдар анықталмаған болашақты күтпей, осы қалаулы болашақтың бейнесі мен қол жеткізу амалдарын жасайды.

Ол – біз не нәрсеге қол жеткізгіміз келеді, қалай және қашан деген сұрақтарға жауап береді.

Форсайт болашақта «қалайтын» нұсқаңның орындалуы көбінесе бүгінгі жасаған іс-әрекетіңе байланысты болатынынан шығады, сондықтан нұсқаларды таңдау инновациялық дамудың қолайлы траекториясын қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеумен қатар жүреді.

Болашақта Қазақстан қандай болуы тиіс?

Ол үшін мемлекет, қоғам, жергілікті қоғамдастықтар, әрбір азамат не істеуі қажет?

Қалаулы болашаққа қол жеткізу бойынша атқарылатын іс-шараларды қандай ретпен іске асыру қажет?

Жауаптарыңды төмендегі санаттар бойынша әзірлеңдер:

- Табиғат
- Қазақстан халқы, қалалары мен ауылдары
- Байлығы
- Техникалары мен технологиялары
- Экономика
- Ғылым мен инновациялар
- Білім беру мен адам капиталы

Әрбір санат бойынша өте айқын сандық және сапалық өлшемдер болуы тиіс.

Талқылау нәтижесі бойынша жол картасын әзірлеңдер:

№	Іс-шара	Кім?	Қашан?	Нәтиже

## СӨЗДІК

**Аймақ** – осы ауданды басқа аудандардан ерекшелеп тұратын ортақ белгілері бар жекелеген экономикалық-географиялық ауданды білдіретін жақын жатқан елдер тобы.

**Аймақшылдық** – шалғай жатқан кеңістіктердің дербестігіне бағдарлану. Бірнеше түрлері бар: экономикалық, мәдени, саяси және стратегиялық.

**Аймақтық деңгей** – аймақ билігінің (биліктің шаруашылық іс-әрекеттерге араласудан бас тартуын шамалайтын «либералдық» және мемлекеттік бақылаудың осы және басқа түрде сақталуын болжайтын «консервативтік») сипатының моделін таңдау.

**Аймақтық саясат** – басқарудың аумақтық жіктелуін қамтамасыз ететін географиялық және аймақтық әлеуметтік-экономикалық ортаның түрткіжайттарын есепке алу.

**Аймақшылдық принципі** – географиялық зерттеу мен сипаттаудың бастапқы объектісі нақты аумақ (аймақ) болатындығын білдіреді, оған табиғи феномендердің белгіленген кешені, тұрғындар мен олар құрған шаруашылық тән.

**Ақпараттық индустрия** – ақпарат саласын және адамдар арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ететін сала.

**Ақпарат көзінің нақтылығы** – дереккөздің ақпарат туындаған жерге жақындық және қол жеткізу деңгейі.

**Ақпараттың шынайылығы** – алынған мағлұматтардың шындыққа жанасу көрсеткіші.

**Антропогендік жүктеме** – барлық шаруашылық түрлерінің тұтас табиғатқа немесе оның жекелеген құрамдас бөліктеріне (бедер, топырақ, өсімдік және жануарлар әлемі) ықпалы.

**Антропогендік пайымдау** – басқа ой-пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін тұжырым.

**Астана** – мемлекеттің басты қаласы, елдің әкімшілік-саяси орталығы.

**Аудан құру** – ішкі өзара байланысы мен өзара әрекеттестігінің қарқындылығы жоғары ландшафт элементтерінің (табиғи аудан құру) немесе қоғамдық ұдайы өндіріс элементтерінің (экономикалық аудан құру) тұрақты кеңістіктік үйлесімінің пайда болу үдерісі. Аудан құру – геогра-

фиялық қабықтың әртектілігін, оның түрлі элементтерінің әркелкі хронологиялық қарқындылығын көрсету.

**Ауданның қалыптасуы** – географиялық конверттің біртектілігі, әртүрлі элементтердің өзара әрекеттесуінің гомогендік теңсіздік қарқындылығының көрінісі.

**Аудитория** – дәріс, баяндама, сөз және т.б. тыңдаушылар.

**Ауыл тұрғындары** – ауылшаруашылығы қызметін орындайтын елді мекендерде тұрақты тіршілік ететін халық, сонымен қатар орманшаруашылығымен айналысатын адамдар. Ауылға орналастырудың басты түрлері: топтық (ауылдық); бытыраңқы (фермерлік).

**Ауылшаруашылық** – материалдық өндірістің басты салаларының бірі: өнім алу үшін мәдени өсімдіктерді егу және мал өсіру.

**Ауылшаруашылық алқаптары** – ауылшаруашылығына қолданылатын аумақтардың бір бөлігі. Өңделген жерлерден (егістік, көпжылдық көшеттер – бақшалар мен жүзімдіктер), жайылым мен шабындықтан тұрады.

**Әдістер** – құбылыстарды танып-білудің, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен амалдар жиынтығы, таным мен істе белгілі нәтижелерге жетудің тәсілдері.

**Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу** – әлеуметтік және мәдени құбылыстарды зерттеу, қоғам дамуының заңдылықтарын, себептері мен даму көздерін айқындау.

**Әлеуметтік-экономикалық география** – экономикалық география, әлеуметтік география және тұрғындар географиясы болып бөлінеді. Оның зерттеу объектілері – халық, шаруашылық және оның салалары, жаратылыс жағдайы мен ресурстар.

**Әлеуметтік желі** – көрсететіні әлеуметтік кескін болып табылатын әлеуметтік қарым-қатынасты құру, бейнелеу және ұйымдастыруға арналған тұғырнама, онлайн-сервис немесе веб-сайт.

**Әлеуметтік зерттеу** – орынды методологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық ресімдердің ретінен тұратын үрдіс, ол бір ғана мақсатта – келесі тәжірибелік тұрғыда қолдану үшін зерттеліп отырған құбылыс туралы шынайы мәліметтер алу мақсатында байланысқан.

**Әскери және стратегиялық география** – мемлекеттік шегараның тарихи қалыптасуын зерттейтін ғылым.

**Әскери өндіріс** – мемлекеттің әскери қажеттерін қамтамасыз етуге арналған халықшаруашылығының арнайы саласы (ерекше түрі). Әскери

экономика халықшаруашылығының бір саласы ретінде материалдық-техникалық базадан, еңбек ресурстарынан және әскери қажеттілікті өтеуге жұмсалатын әскери қаржыдан тұрады. Әскери экономика құрылымы жағынан қорғаныс өнеркәсібі саласына жатқызылады.

**Әуе көлігі** – әуемен жолаушылар, пошта және жүк таситын көлік түрі. Басқа көлік түрлерінен артықшылығы – жылдамдығында. Әуе көлігі Америка мен Еуропаның бірқатар елдерінде Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Франция мен Германияда көліктің бір түрі ретінде 1920 жылдан кейін дами бастады. Ресейде алғашқы әуежолы (Мәскеу–Төм. Новгород) 1923 жылы ашылды. Қазақстан КСРО құрамында болған жылдары еліміздің әуежолдарында Ил-12, Ил-14, Ил-18, Ил-62, Ил-86, Ан-2, Ан-24, Як-40, Як-42, Ту-134, Ту-154 және Ил-76, Ту-144 ұшақтары пайдаланылды.

**Байланыс** – ақпараттық индустрияның (АИ) құрамдас бөлігі.

**Байырғы халық** – аборигендер, белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан және ол жерді бұрыннан мекендеп келе жатқан және онымен экономикалық, мәдени және басқа қатынастармен байланысқан этникалық қауымдастықтар (этностар). Байырғы халық жүздеген жылдар бойы қалыптасады.

**Балама** – бірін-бірі жоққа шығаратын мүмкіндіктер арасындағы бірін таңдау қажеттігі. Бірін-бірі жоққа шығаратын мүмкіндіктердің әрқайсысы.

**Баланстық қор** – техниканың қол жеткізілген деңгейі кезінде игеруі мақсатты және экономикалық тиімді болатын пайдалы қазбалар қоры.

**Балықшаруашылық** – сыртқы және ішкі суқоймаларында балық өндіруі (аулау) және ұдайы өндіру (өсіру).

**Батпақтану** – жерасты суы деңгейінің көтерілуі, судың дұрыс ақпауы, сутіректің жақын орналасуы немесе булану режимінің өзгеруі салдарынан топырақ пен жердің қатты қабатының ылғалдануы.

**Библиография** – тақырып бойынша әдебиеттердің толық тізімі, сондай-ақ осындай тізімдерді қамтитын арнайы басылымдар (көрсеткіштер, каталогтер, шолулар).

**Библиографиялық көрсеткіш** – библиографиялық құралдардың бірнеше түрін, яғни жарияланған құжаттардың (кітаптар, газет-журнал мақалалары және т.б.) тізімдерін белгілеуге арналған, қандай да бір белгі бойынша біріктірілген, материалдар әзірлеу және топтауды жеңілдететін қосымша индекстермен қамтылған ортақ термин.

**Библиографиялық тізім** – пайдаланылған ақпарат көздерінің сипатта-

масын қамтитын және қорытындыдан кейін қамтылатын биографиялық аппараттың міндетті элементі.

**Биологиялық ресурстар** – қалпына келетін – таусылатын табиғи ресурстар: орман, басқа да өсімдіктер, аңшылық-кәсіптік, балық және өзге гидробиологиялық заттар.

**Болжам** – зерттеу объектісінің болашақтағы жағдайы туралы ықтимал пайымдау.

**Бұғышаруашылық** – бұғы өсірумен айналысатын шаруашылықтың бір саласы. Бұғышаруашылығы Ресейде, Финляндияда, Швецияда, Норвегияда, Канадада, АҚШ-та (Аляска), Ресейдің Алтай, Красноярск, Приморье өлкелерінде, Қытайда, Кореяда, Моңғолияда, Қазақстанда дамыған.

**Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)** – көпшілікке арналған ақпараттарды жинақтау, өңдеу және таратудың күнделікті тәжірибе құралы.

**Білім беру** – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру үдерісі.

**Бір сөзді өзгертіп айту** – мәтінді басқа сөзбен қайта айту немесе бір нәрсенің мазмұнын өз сөзімен қысқаша баяндау; біреудің сөзін аздап өзгерте отырып жеткізу, идеясын сақтай отырып, мағынасын айту.

**Веб-сілтеме (ғаламтор сілтеме)** – сайттың бетін көрсететін мәтін элементі (код), (ғаламтор ресурсы).

**Газеттен іріктеп алу** – бірдей атауы бойынша іріктеп алынған бір тақырыптағы бірқатар мақалалар, белгілер қатары.

**География** – Жер туралы ғылым. Нысандар мен құбылыстардың аумақта таралуын және өзара байланыстары мен бір-біріне ықпалын зерттейді. Ерекше зерттеу пәні – табиғат-қоғам-адам жүйесі.

**География мәдениеті** – аумақтық мәдениетті бөлуді және кеңістік мәдениетті зерттейтін әлеуметтік-экономикалық географияның бағыты.

**Географиялық координаттар** – нүктелердің экваторға (ендік) және нөлдік меридианға қатысты жердің беткі қабатында орналасуын анықтайтын шамалар (бойлық).

**Географиялық орта** – адамзат қоғамы өз өмірінде және тарихи дамуының осы кезеңіндегі өндірістік қызметінде тікелей байланысқа түсетін жер табиғатының бір бөлігі. Ол адамдардың ықпалымен географиялық қабық эволюциясының нәтижесінде пайда болды. Бұлар – жасанды өзгерістер. Жер бедерінің көптеген түрлері адамның еркінен тыс, бірақ оның

қызметіне байланысты туындаған, мысалы жыралар, көшкін. Бірақ адам жаңды табиғатқа үлкен ықпал етті. Ол өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін жасап шығарды. Жаңа аумақтарды игеру организмдердің тіршілік ортасын өзгертеді: дәнді-дақылдар мен жануарлар жабайы флора мен фаунаны ығыстырады.

**Ғаламтор** – компьютердегі мәліметтер мен құжаттарды, мультимедиа элементі бар гипермәтінді жүйелерді байланыстыратын ғаламдық тор.

**Ғылыми басылым** – теориялық немесе тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін қамтитын басылым.

**Ғылыми еңбектер жинағы** – зерттеу материалдарын қамтитын ғылыми туындылардан тұратын ғылыми басылым.

**Ғылыми жұмыстар жинағы** – зерттеу материалдарынан тұратын ғылыми шығармалардан құралған ғылыми басылым.

**Ғылыми-көпшілік әдебиет** – кең оқырмандар тобына арналған ғылым, ғылыми жетістіктер және ғалымдар туралы әдеби шығармалар.

**Ғылыми пікірталас** – әртүрлі ғылыми көзқарастар тоғысатын қатынас түрі.

**Ғылыми пікірталас нысаны** – әріптестер арасындағы қатынастарды реттейтін және бәсекелестердің ғылыми жұмысына кедергі келтірмеу міндетін ескеретін, басқа ғалымдар мен жұмыс бойынша әріптестердің сыны мен күмәніне ашық болу, әріптестердің жұмысын шынайы және бейтарап бағалау.

**Дамушы елдер** – өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан жетекші елдерден артта қалып қойған мемлекеттердің сансыз көп тобы.

**Дәйексөз** – қандай да бір мәтіннің үзіндісін, міндетті түрде дереккөзіне сілтеме бере отырып, сөзбе-сөз келтіру.

**Дәлелдеу** – бір нәрсені айғақтау.

**Дәлелдерді негіздеу (көзқарасты)** – бір нәрсені растау үшін сенімді үәждер келтіру немесе бір нәрсені дәлелдермен растау.

**Дәлелдерді пайымдау** – басқа ой-пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін тұжырым.

**Дәстүрлі емес энергетика** – табиғи энергияның дәстүрлі емес түрлерінен электр қуатын өндіру (судың көтерілуі, жерасты жылуы, жел, күн және т.б.).



**Дәстүрлі табиғат пайдалану** – жергілікті байырғы халықтың тұрақты, тарихи қалыптасқан және табиғи шартталған шаруашылық іс-әрекеттерінің түрлері.

**Дебаттар** – екі тараптың өзекті тақырыптар бойынша арнайы ұйымдастырылған ашық пікір алмасуы.

**Дезинтеграция** – бір тұтас құрылымның ыдырауы, бөлшектенуі.

**Деректерді ұйымдастыру** – зерттеу қызметі барысында алынған мәліметтерді жүйелеу.

**Деректер қоры** – ақпараттық-компьютерлік технологиялардың көмегімен табылып, өңделетіндей жүйеленген жекелеген материалдар (мақалалар, есеп-қисап, нормативтік актілер, статистикалық мәліметтер және осы тектес материалдар) жиынтығы.

**Диаграмма** – бірнеше шаманың арақатынасын тез бағалауға мүмкіндік беретін бейнелеу, сурет, сызба, графикалық деректер кескіні.

**Дикция** – анық, мақаммен сөйлеу; сөйлеу мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі.

**Дүниежүзілік мұра** – ЮНЕСКО тарапынан бекітілетін, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық маңызы бар деп танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар.

**Дүниежүзілік мұхит** – үздіксіз су қабығын құрайтын мұхит және теңіз суымен көмкерілген Жер кеңістігі. «Дүниежүзілік мұхит» атауын Ю.М. Шокальский ұсынды. Оның құрамына мұхиттар, теңіздер, шығанақтар мен бұғаздар кіреді.

**Дүниежүзілік мұхиттың ресурстары** – оларға теңіз суы; мұхит түбінің минералдық ресурстары (әсіресе қайраңының – мұнай, табиғи газ, қатты қазбалар); энергетикалық ресурстар (толысу энергиясы, су қозғалысының энергиясы, жылу энергиясы); биологиялық ресурстар (мұхиттың биомассасы – 35 млрд т) жатады.

**Дүниежүзінің саяси картасы** – жер шарының картасы, онда мемлекеттер, астаналар, ірі қалалар және т. б. көрсетіледі. Кең мағынада, аумақтың мемлекетке тиесілілігі туралы мәліметтер жиынтығы, саяси географияның зерттейтін пәні. Дүниежүзінің саяси картасы – мемлекеттік түзілістердің географиясы, түрлі саяси-экономикалық белгілері бойынша мемлекеттерді аудандастыру жүргізу.

**Егеменді мемлекеттер** – ішкі және сыртқы істерде дербестігі бар саяси тәуелсіз мемлекеттер.

**Ел** – саяси-географиялық тұрғыда, бұл белгіленген шегарасы бар, мемлекеттік тәуелсіздікті (егемендік) иеленген немесе басқа мемлекеттің билігіне бағынышты және дербестігі жоқ аумақ.

**Еңбек ресурстары** – елдің немесе аймақтың халықшаруашылығында жұмыс істеу үшін қажетті білім деңгейі, дене бітімінің дамуы және денсаулық жағдайы бар халықтың бір бөлігі.

**Жанама дәйексөз пайдалану** – өз жұмысына автордың идеясын немесе дереккөз материалдарын қамтып, өз сөзімен беру.

**Жан-жақты оқу техникасы** – мәтіннің бір бөлігін таңдап мұқият оқу.

**Жануарлар әлемі** – қандай да бір аумақ шегінде (акватория) үнемі тіршілік ететін жануарлардың ерекше түрлерінің тарихи қалыптасқан жиынтығы.

**Жер ресурстары** – шаруашылық мақсатта жүйелі түрде пайдаланылатын немесе пайдалануға жарамды және табиғи-тарихи белгілері бойынша ерекшеленетін жерлер.

**Жоба** – жаңа өнімді шығаруға бағытталған жоспарлар, іс-шаралар мен басқа да тапсырмалар.

**Жобалық қызмет** – жаңа өнімді (құрылғыны, жұмысты, қызметті) шығаруға бағытталған жоспарлауды, жұмысты және басқа да іс-шараларды түспалдайтын жобаны орындау ісі.

**Жоспарлау** – алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды тиімді бөлу; мақсат, міндет қоюға және болашақтағы атқарылатын іс-әрекетке қатысты жұмыстар.

**Жұмыс алгоритмі** – ақырғы нәтижеге жету міндетін шешу үшін атқарушының іс-қимыл тәртібін сипаттайтын нұсқаулар жиынтығы.

**Жүйелендіру** – нысандардың белгілі ұқсастығымен байланысқан, қандай да бір белгісі бойынша сап құрған және ең төменгі дәреже жоғарысына бүтіннің бөлігі ретінде қарайтындай қатар бағынған барлық жиынтығының бөлінісі. Осылайша жүйелендіру – әлдеқайда кең ұғым.

**Жылу-энергетикалық кешені** көмір, мұнай, газ өнеркәсіптерін, бастапқы энергия тасымалдаушылар мен электр энергиясын өндіруші басқа да салаларды қамтиды.

**Жылу-энергетикалық кешені (ЖЭК)** – өндіру және өңдеу (отын), электр энергиясын өндіру (электр энергетикасы), мұнай мен газ өнімдерін және электр энергиясын тасымалдау салаларының жиынтығы.

**Жылыжай газдары** – атмосфералық ауа температурасын көтеруге мүмкіндік туғызатын түрлі газдар, олардың қатарында көміртек диоксиді, көміртек оксиді, азот пен күкірт оксидтері, хлорфторкөмірсутектері (фреондар) болуы мүмкін, бұл жылыжай (тұмшалау) эффектісі деп аталады.

**Жылыжай эффектісі** – атмосфераның төменгі қабаттарының жылынуы, бұл оның Жерге Күннің қысқа толқынды сәулеленуін өткізу және Жердің ұзын толқынды сәулеленуін жұту қабілетінен туындаған.

**Зерттеудегі ақпараттық технологиялар** – тәжірибе барысында алынған мәліметтерді жинау, талдау және өңдеудің ақпараттық-компьютерлік әдіс-тәсілдер жиынтығы.

**Зерттеу әдісі** – күрделі және көпфункционалды нысандар мен құбылыстарды шынайы зерттеу мүмкіндігін беретін теориялық және практикалық амалдар кешені.

**Зерттеу кезеңдері** – зерттеу жүргізудің ретті (жүйелі) кезеңдері.

**Зерттеу нәтижелерін ресімдеу стандарттары** – зерттеу нәтижелерін ресімдеудің көпшілік мақұлдаған ережелері.

**Зерттеу тақырыбы** – берілген зерттеуде арнайы зерттелетін мәселе немесе жекелеген сұрақ.

**Зерттеу тәсілін жақсарту амалы** – барынша нақты нәтиже беретін зерттеудің баламалы тәсілін іздеу.

**Зияткерлік (интеллектуалдық) меншік** – шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын өнімдерді меншіктену.

**Идея** – адамның сана-сезімінде шындықты бейнелейтін, адамның оған деген қатынасын білдіретін және дүниетанымның маңызды қағидасы болып табылатын түсінік, ұғым.

**Инженерлік-геологиялық жағдайлар** – адамның шаруашылық (инженерлік) қызметіне байланысты қандай да бір жердің немесе жер қабатының жоғарғы көкжиектерінің құрамы, құрылысы және динамикасы.

**Инновация (жаңалық жарату)** – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені табу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

**Интеграция** – экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.

**Кадастр (табиғи ресурстар)** – табиғат ресурстары туралы негізгі мәліметтердің дүркін-дүркін немесе үздіксіз бақылау негізінде жүйеге келтіріліп, ресми түрде жасалған жиынтығы.

**Кен орындарын барлау** – жер қойнауындағы минералдық шикізат қорын анықтау және геологиялық-экономикалық бағалау; алдын ала және егжей-тегжейлі анықтау сатыларынан тұрады.

**Кесте** – мәліметтерді құрылымдау тәсілі. Біртіпті жолдар мен бағандар бойынша деректердің орналасуын білдіреді.

**Климат түзуші түрткіжайттар** – климат түзуші үдерістердің ерекшелігін және ағысының жылдамдығын анықтайтын географиялық жағдайлар. Оларға: күн радиациясы, төсеніш бет (мұхит және материк климаттарының типтері; батыс және шығыс жағалауларының климатының типтері), ағыс, жер бедері, адамдардың іс-әрекеттері.

**Конструктивті сын** – жаман нәрсені меңземей, қалай дұрыс жасауға болатыны турасында айтылатын сын.

**Контрафакт** – зияткерлік құқықты бұзу.

**Компиляция (құрастырма)** – дереккөздерді өздігінен өңдеместен, өзгелердің зерттеу нәтижелерін, пікірлерін біріктіру.

**Компьютерлік желі** – ақпарат құру және таратуға арналған жаңа орта. Ақпарат нарығы ғаламдық сипатқа ие болуда. Компьютерлендіру деңгейі ақпараттық жабдықтау және желіні пайдалану көрсеткіші секілді елдің ақпараттық әлеуетін ғана емес, оның ақпараттық қоғамға жақындығын да бағалайтын негізгі өлшем.

**Көзқарас** – әлдекіге немесе әлденеге қарым-қатынасына байланысты бір нәрсеге көзқарасы немесе ұстанымы.

**Көкейтесті ақпарат** – қазіргі кездегі құнды ақпарат.

**Көлдер** – құрлықтың мұхитпен араласпайтын, ерекше тіршілік жағдайлары мен ерекше ағзалар бар, ақпайтын немесе аз ағатын суы бар ішкі суқоймасы. Көл суының көлемі  $278$  мың  $\text{км}^3$  немесе гидросфера суының жалпы көлемінің  $0,016\%$  -ы. Өзендермен салыстырғанда, көлдер баяу су алмасатын су тоғандары.

**Көлік** – табиғи-шаруашылық жүйе элементтерінің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін инфрақұрылым негізі. Көлік жүйесі (КЖ)

көліктің әр алуан түрін біріктіреді: автокөлік, теміржол, теңіз, ішкі су көліктері, құбыр жүргізу, авиациялық, дәстүрлі емес.

**Көлік желісі** – көліктің барлық түрлерінің (теңіз көлігінен басқа) жиынтығы. Тығыздығымен, ұзындығымен, өткізу қабілетімен (белгілі бір уақыт ішінде осы телім арқылы өтетін жүктің барынша мүмкін болатын мөлшерімен) сипатталады. Көлік желісіне көлік магистральдары – өндірістік-аумақтық байланыс жүйесінде үлкен маңызға ие негізгі көлік жолдары кіреді. Оның даму деңгейі көлік торабының – көліктің бірнеше түрлерінің (темір және тасжолдар келіп тірелетін өзен порты) жолы қиылысатын пункттерінің бар болуымен сипатталады.

**Көмір өнеркәсібі** – көмірді өндіру және байытуды іске асырады, жерасты (шахталық) және ашық (қима) көмір өндірісі, жартылай дайын өнімдерді (көмірбрикеті) байыту және өндіру кәсіпорындарын біріктіреді.

**Көпшілік алдында сөз сөйлеу** – белгілі аудиторияға бағытталған тікелей қарым-қатынас жасау жағдайында сөз сөйлеу ісінің айрықша түрі; шешендік сөз.

**Круиз** – теңіз саяхаты, кемемен теңізді айналып жүзу.

**Курорт (шипажай)** – денсаулыққа шипалы болатын жер.

**Күн райы** – дәл қазіргі сәттегі белгілі бір аумақтағы атмосфера күйі. Күн райы метеоэлементтердің жиынтығымен сипатталады: температурамен, қысыммен, ылғалдылықпен, жауын-шашынмен, бұлттылықпен. Күн райы құбылмалылығымен, алуан түрлілігімен және қайталанатындығымен ерекшеленеді.

**Кіріспе** – тиісті актіні шығаруға себеп болған, оның сарыны мен мақсаты ретінде себеп болған жағдайдың мазмұны жазылған заңнамалық немесе басқа құқықтық акт, декларация немесе халықаралық шарттың алғы сөз немесе кіріспе бөлігі.

**Қайраң** – материктер мен аралдардың су астындағы жиектерінің аз сулы (әдетте 200 м-ге дейін) бөлігі, салыстырмалы түрде беті тегістелген және көбінесе материктік типтің қыртысынан түзілген болмашы ылдилары болады.

**Қала маңындағы шаруашылық** (қала маңында ауылшаруашылығына мамандану) – максималды қарқындылыққа ие және ереже бойынша трансаймақтық сипатқа ие агломерацияның айрықша қажеттіліктеріне бағытталған шаруашылық жүргізу түрі.

**Қалдықтардың тұтастанбауы** – өнеркәсіптік өндіріс пен адамзат іс-әрекеті қалдықтарының өңдеудің келесі кезеңіне қайта оралуы, мыса-

лы, екінші қайтара қағаз бен қатырмақағаз әзірлеу үшін макулатураның жиналуы.

**Қарқын** – бір нәрсені жүзеге асырудағы, қандай да бір істі, тапсырманы орындаудағы жылдамдық дәрежесі.

**Қара металлургия** – ауыр өнеркәсіп саласы, мәшине жасауды және басқа да көптеген салаларды дамыту базасы. Қара металл (темір) мен прокат өндіру де жатады.

**Қауіпсіздік техникасы** – оқушылар мен жұмысшылардың өздерінің, сонымен қатар оларды қоршағандардың тіршілігі мен денсаулығына қауіпті оқиғалардың алдын алуға бағытталған, оқушылар мен жұмысшылардың мінез-құлқына және олардың өздерінің оқу және жұмыс функцияларын орындауына қойылатын талаптар.

**Қоғам дамуының экономикалық тарихын кезеңге бөлу** – қоғам дамуының айтарлықтай маңызды кезеңдерінің әрқайсысында экономиканың жетекші саласы туындаған, ол кейіннен өзінің айналасында өзіне тән салаларды қалыптастырған. Қоғамның барлық белгілі «технологиялық» тарихын бірқатар ірі кезеңдерге бөлуге болады (аграрлыққа дейінгі, аграрлық, индустриалдық, индустриалдықтан кейінгі), олардың әрқайсысына адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының сипатын қағида түрінде өзгерткен өзіндік технологиялық толқыны және одан туындаған қоғамның аумақтық ұйымдарының түрлері сәйкес келді.

**Қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі** – аумақтың экологиялық тұрақты дамуын қамтамасыз ететін табиғи мұраның ерекше маңызды функцияларымен аумақтардың өзара байланысты түрде ұштасуы.

**Қоршаған ортаны антропогендік ластау** – адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде қоршаған орта қасиеттерінің ұнамсыз өзгеруі. Басты ластау көзі – өндіріс қалдықтарының табиғатқа лақтырылуы.

**Қоршаған ортаға әсерін бағалау** – заңмен қарастырылған экологиялық сараптама элементі немесе шаруашылық және басқа да объектілердің қызметінің салдарын шынайы және құндық бағалау әдістемелік процедураларының өзіндік жиынтығы.

**Қоршаған ортаны қорғау** – табиғи ресурстарды сақтау және өсіруге бағытталған ғылыми, құқықтық және техникалық шаралар.

**Қоршаған ортаның өзіндік тазаруы** – ластағыш заттардың физикалық, химиялық, биологиялық үдеріс әсерінен табиғи ыдырауы.

**Қорық** – аумағындағы барлық табиғи кешен толығымен шаруашылыққа пайдаланылудан алынған және үкіметтің қорғауында болатын

жер не су кеңістігі; типтік, сирек кездесетін және бірегей табиғи кешендерді бүкіл компоненттерінің жиынтығымен қоса, сол қалпында сақтауға арналған, арнайы қорғау режимі бекітілген ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

**Қорықша** – жануарлардың, өсімдіктердің жеке түрлері, су, орман, жер нысандары қорғалатын және табиғи ресурстары шектеулі түрде пайдаланылатын аумақ. Ол мемлекеттің табиғи қорық қорының бір немесе бірнеше нысандарын сақтауға және толықтыруға арналады.

**Қорытындылау** – ойша пайымдау, тұжырымдау, есептеу нәтижесінде алған қорытынды.

**Құбыр желісі көлігі** – газ, мұнай, су, көмір және газ тәрізді, сұйық және қойыртпақ тәрізді басқа да жүктерді тасымалдайды. Жерүсті көлігі түрлерінің ішіндегі айрықша тиімдісі.

**Құнарлылық** – топырақтың өсімдіктерді сіңімтал құнарлы заттармен және сумен қамтамасыз ету және өнім алуға жағдай жасау мүмкіндігі; табиғи және тиімді болып бөлінеді.

**Құрлық көлігі** – оған автомобиль, теміржол көліктері, құбыр жүргізу, көлік-арба жатады.

**Құрылым** – бір нәрсенің құрылысы, бүтінді құрайтын бөлшектердің ретті орналастырылуы.

**Қышқыл жауын-шашын** – атмосфералық жауын-шашын түрлері. Жаңбырдың қышқылды қасиетінің құрамында сутектің өте белсенді иондарының болуымен байланысты.

**Ландшафттарды қалпына келтіру** – адамдардың іс-әрекеті салдарынан жарамсыз болған ландшафттардың бүтіндігін қалпына келтіру бойынша жүргізілетін шаралар кешені. Әсіресе пайдалы қазбаларды өндіру орындарында жиі жүргізіледі (қараусыз қалған карьерлерде демалыс орындары бар жасанды суқоймаларын жасау, террикондарға ағаш отырғызу және т.б.). Оған кесілген және өртенген жерлердегі ормандарды қайта қалпына келтіру де жатады.

**Мал бағу** – ет пен сүт, сонымен қатар жеңіл және фармакологиялық өнеркәсіп үшін шикізат өндіруге арналған малшаруашылығының жетекші саласы (ірі қара мал өсіру).

**Мамандандыру** – экономиканың ауылшаруашылығы өнімдерінің осы және басқа да түрлерінің табиғи-тарихи және экономикалық жағдайларына тәуелді бағдарлануы.

**Материалдық өндіріс аясы** – өзі өндірістік қызметтің барлық түрлерін қамтиды, соның нәтижесінде өнім, энергия түріндегі, сонымен қатар жүктерді алып өту, өнімдерді сақтау, сорттау, бөлшектеп өлшеу, қаптау және айналу аясында өндірістің жалғасы болып табылатын басқа да функциялар түріндегі материалдық игіліктер пайда болады.

**Мемлекет аумағы** – белгілі бір елдің егемендігі аясында орналасқан жер шарының бөлігі. Оның құрамына жер қойнауымен бірге құрлық, сулар, құрлық пен су үстіндегі әуе кеңістігі кіреді. Сулы аумағын ішкі (ұлттық) сулар мен аумақтық сулар, яғни 12 теңіз милі шеңберінде елдің құрлығына жалғасатын Дүниежүзілік мұхит сулары кіреді.

**Нарықтық экономика** – нарық заңына, яғни мемлекет және дүниежүзілік шаруашылық ауқымында тауар ұсынысы мен оның сұранысына, сонымен бірге құн заңына негізделген баға теңгеріміне негізделген шаруашылық (оны өндіруге жұмсалған еңбек көлеміне сәйкес тауар алмасуын реттейді).

Нарықтық экономика жағдайында тауарды сатып алу-сатуға негізделген тауар шаруашылығы дамиды, шынайы шаруашылықтан айырмашылығы, онда еңбек өнімі өндірушілердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін өндіріледі. Шынайыдан тауар шаруашылығына өткенін көрсететін құбылыс – баспа-бас айырбас, тауарды тауарға алмастыру.

**Нарықтық экономикасы бар дамыған елдер** – 23 мемлекет, олар экономикасының ауқымына халықаралық-құқықтық мәртебесіне байланысты бірқатар топшаларға бөлінеді.

**Нәтиже** – сандық және сапалық түрде көрсетілген іс-әрекеттер мен оқиғалардың салдары.

**Оқудың іздеушілік (іріктеушілік) техникасы** – нақты ақпаратты іздеу кезінде мәтінді көзбен жылдам «сканерлеу».

**Ортаны ластағаны үшін төленетін төлем** – табиғатты пайдаланушының ортаны ластауы салдарынан адамдардың денсаулығына және шаруашылыққа келтірген әлеуметтік-экономикалық шығынының орнын ақшалай толтыруы.

**Отанына қайта оралу** – шетелдерге қоныс аударғандардың ұрпақтарының қайта оралуы.

**Ортаның өздігінен тазаруы** – физикалық, химиялық және биологиялық үдерістердің әсері нәтижесінде ластаушы заттардың өздігінен ыдырауы.



**Отын өнеркәсібі** – отын-энергетикалық шикізатын өндіретін және өңдейтін тау кен өнеркәсібі салаларының кешені. Отын өнеркәсібі даму барысында екі кезеңнен өтті: көмір және мұнай-газ. Қазіргі уақытта мұнай, газ және көмір салалары бар.

**Өздігінен реттелу** – экожүйенің негізгі параметрлерінің тұрақтылығын ұстап тұрудан, түрлі құрамы мен мүшелерінің санын сақтаудан тұратын жұмыс істеу типі.

**Өнеркәсіп (индустрия)** – бүкіл қоғамды энергия тасымалдағыштармен (жылу өнеркәсібі және электр энергетикасы) және құрастырымдық материалдармен (қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі мен басқа салааралық кешендерге кіретін кейбір өзге салалар) қамтамасыз ететін базалық кешеннің салаларын қамтиды.

**Өсімдік шаруашылығы (егіншілік)** – жер өңдеу мен мәдени өсімдіктерді өсіруге қатысты ауыл шаруашылығы салаларының жиынтығы. Бірнеше біріккен салаларға бөлінеді: астық шаруашылығы, техникалық дақылдарды өсіру, мал азығын өндіру, көгөніс өсіру, жеміс шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, картоп шаруашылығы.

**Өтпелі экономикасы бар елдер** – орталықтандырылған мемлекеттік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылып жатқан бұрынғы социалистік елдер.

**Плагиат** – басқа біреудің идеясын, зерттеулері мен жұмысын өз жұмысы ретінде көрсету.

**Полиметалл кендері** – қорғасын мен мырыш, сонымен қатар мыс, қалайы, сүрме, висмут, кадмий, селен, теллур, таллий, индий, алтын, күміс алу үшін қолданылатын табиғи минералдық түзілістер.

**Регламент** – пікір сайыстарда және тағы басқаларда сөз сөйлеуге, талқылау жасауға берілетін уақыт.

**Рекреациялық ресурстар** – адамдардың толыққанды демалысын қамтамасыз ететін ресурстар. Табиғи-рекреациялық (қалалардың айналасындағы жасыл жерлер, қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар, резерваттар) және табиғи-тарихи (тарихи, археологиялық, архитектуралық, өнер ескерткіштері: Мәскеу Кремлі, Париж түбіндегі Версаль, Римдегі Колизей, Каир түбіндегі Египет фараондарының пирамидалары және т. б.).

**Республика** – басқару түрі, онда барлық жоғары мемлекеттік билік органдары не сайланады, не оларды жалпыұлттық өкілдік мекемелер – парламенттер құрады.

**Ресурс** – берілген жүйеден тыс өндірілетін және оның жұмыс істеуіне, дамуына, тіршілік етуіне қажетті бастапқы материал бола алатын энергия, заттар, ақпараттар.

**Ресурспен қамдау деңгейі** – табиғи ресурстардың көлемі мен оларды пайдалану мөлшері арасындағы қатынас. Бұл ресурс қанша жылға жететіндігімен (жылмен) не тұрғындардың санына шаққандағы қорымен өрнектеледі.

**Ресурс үнемдейтін технологиялар** – өнеркәсіптік өндіріс технологиялары, онда ілеспе өнімдерді ұстау және пайдалану жолымен табиғи ресурстардың шығынын төмендету, тазартылған судың өндіріс айналымына қайтарылуы және т.б. бойынша атқарылатын іс-шаралар қарастырылады.

**Саяси-әкімшілік карта** – саяси бөліністі немесе аумақтың саяси-әкімшілік құрылымы. Саяси-әкімшілік карталар мазмұнының негізгі элементтері мыналар: мемлекет, саяси және әкімшілік шегаралары, астаналары, әкімшілік орталықтары, елді мекендер, қатынас жолдары.

**Саяси география** – экономикалық және әлеуметтік географияның бағыттарының бірі, географиялық орта тұрткіжайттарының әсерімен қоғамның саяси өмірінің кеңістіктік ұйымдастырылуының ерекшеліктерін зерттейді (шегаралары, саяси-аумақтық бөлінісі және т.б.).

**Саяхатшы** – уақытша мекендейтін елде (жерде) ақылы қызметпен айналыспай, сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және басқа да мақсаттарда 24 сағаттан бастап қатарынан 6 айға дейін болатын немесе кем дегенде бір күн түнейтін азамат.

**Сейсмикалық** – жер қойнауының көбінесе табиғи себептермен, сонымен қатар адамзаттың іс-әрекеті салдарынан болған жер сілкінісін туындату мүмкіндігі.

**Стенд** – көру үшін жәдігерлер қойылатын, диаграммалар, постерлер, баннерлер, газеттер және т.б. ілінетін орын.

**Табиғат ескерткіштері** – шығу тегі табиғи және жасанды бірегей, айрықша бағалы жергілікті табиғи объектілер болып табылатын айрықша қорғалатын табиғи аумақтар санаты.

**Табиғатты пайдалану** – 1) табиғи игіліктер тұрғысынан адамзаттың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты қоғамдық өндірістің саласы;

2) табиғи игіліктерді пайдалану заңдылықтарын зерттейтін, оның ішінде табиғатқа антропогендік әсер мен олардың адам баласына тигізетін зардаптарына талдау жүргізетін ғылыми бағыт.

**Табиғи апаттар** – төтенше жағдайлар туындататын қауіпті табиғи құбылыстар.

**Табиғи аумақтық кешен** – түрлі деңгейлер жүйесін – географиялық қабықтан бастап шөгіндіге дейін түзетін географиялық компоненттердің немесе төменгі дәреже кешендерінің (өзіне тән жер бедері бар жер қыртысының телімі, жерасты және жерүсті сулары, топырақ, ағзалардың қоғамдастығы, атмосфераның жер бетіне жақын қабаты) заңды үйлесімі.

**Табиғи мұра** – айрықша репродуктивтік, сауықтыру, рекреациялық және эстетикалық құндылықтары бар, сонымен қатар табиғи-ресурстық әлеуетке тікелей қатысы жоқ басқа да тиімділіктерге ие табиғи ортаның объектілері мен құбылыстарының жиынтығы.

**Табиғи ресурстар** – адамдардың ең алдымен материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық өндіріс барысында қолданылатын қоршаған ортаның компоненттері.

**Табиғи-ресурстық әлеует** – аумақтың табиғи ресурстарының (минералдық-шикізат, жер, орман, су, балық, рекреациялық және басқа) жиынтығы.

**Табиғи ресурстар үшін төлем** – табиғат пайдаланушының ресурстарды іздеу, сақтау, қайта қалпына келтіру, өндіру және пайдаланылған табиғи ресурстарды тасымалдауға жұмсалған қоғамдық шығынның орнын ақшалай толтыруы.

**Табиғи шарттар** – табиғи ортаның компоненттерінің (климат, геологиялық орта, жерасты және жерүсті сулары, топырақ, өсімдік және жануарлар әлемі) маңызды артықшылықтарын білдіретін, аумақтың маңызды табиғи сипаттамаларының жиынтығы. Ғылым мен техника дамуының осы деңгейінде, тұтынушылық өнімдерді шығару үшін материалдық өндіріс барысында табиғи ресурстарға қарағанда, табиғи шарттар қолданылмайды.

**Тағам өнеркәсібі** – құрамына ауылшаруашылық шикізаттарын, ет, сүт өңдеу, сары май-ірімшік өнеркәсібі, жеміс-көгөніс сүрлеу, шарап өндіру, қант, кондитерлік және басқа да өңдеу салалары кіреді. Өндірістің көлемі мен оның орналастырылуы, ереже бойынша, ауылшаруашылығының масштабы мен мамандануына байланысты болады. Жылдам бұзылатын өнімдер шығаратын кәсіпорындар тұрғындардың орталық бөлігіне орналастырылады және олардың қуаты мен саны нақты орталықтың тұрғындарының санына сәйкес келеді (нан пісіретін, кондитерлік, сүт өнімдері және басқа).

**Тайм-менеджмент** – уақытты ұйымдастыру және оны пайдалану тиімділігін арттыру технологиясы.

**Таныстыру** – аудиторияға таныс емес, қандай да бір жаңа нәрсені көпшілік алдында таныстыру.

**Тарихи және мәдени ескерткіштер** – тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына қатысы бар құралдар мен тарихи орындар, ғимараттар, тарихи, ғылыми, көркемөнер немесе басқа да мәдени құндылықтарды білдіретін материалдық және рухани мәдениет туындылары.

**Тәуекел** – инвестициялау кезінде табыс алмау қаупі. Нарықтық экономикада кез келген басқарушылық шешіммен бірге жүреді. Тәуекел үш түрге бөлінеді: табысты толық жоғалту қаупі; болжамды түсімді жоғалту қатері; апатты тәуекел – барлық мүлікті жоғалту қатері және банкроттық.

**Телекоммуникация** – XX ғасырдың басындағы экономиканың негізін құрайтын темір және тасжолдар тәрізді экономиканың заманауи инфрақұрылымы (телефон, компьютерлік және шоғырсым желілерін қосу).

**Техника** – қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын кәсіби әдістер жиынтығы.

**Топырақ құнарлығын қалпына келтіру** – шаруашылық айналымнан бір себептермен бұрындары шығарылған жарамсыз жерлердің өнімділігін қайта қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар.

**Туризм** – азаматтардың уақытша мекендейтін елде (жерде) ақылы қызметпен айналыспай, сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және басқа да мақсаттарда уақытша болуы (саяхаттауы).

**Туристік индустрия** – қонақүйлер мен басқа да орналастыру құралдарының, ойын-сауық құралдарының, танымдық, іскерлік, сауықтыру, спорттық және басқа да мақсаттағы объектілердің, туроператорлық және турагенттік қызметті жүзеге асырушы ұйымдардың, сонымен қатар экскурсиялық қызмет және гид-аудармашылық қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы.

**Туристік кешен** – белгілі бір аумақта (аймақ, ел, аудан, туристік орталық) туристік ресурстар мен туризм индустриясының өзара байланысқан және өзара шарттасқан үйлесімі.

**Туристік қызмет** – саяхаттауды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет.

**Туристік ресурстар** – туристік көрсетілім объектілерін қамтитын, туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, дене күшін қалпына келтіруге және дамытуға жәрдемдесуге мүмкіндігі бар табиғи-климаттық, тарихи және әлеуметтік-мәдени объектілер.

**Тұрақты даму** – ғаламшардың экологиялық мүмкіндіктері шеңберінде экономикалық даму, яғни қоршаған ортаға қауіпсіз даму, «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне қауіп төндірмей, қазіргі кездің қажеттіліктерін қанағаттандырушы» (Брундтланд комиссиясының анықтамасы).

**Түсті металлургия** – ауыр өнеркәсіп саласы, түсті металдардан берілген қасиеттермен сапалы құрастырымдық металдар мен құймалар шығарады.

**Тікелей дәйексөз алу** – қандай да бір автордың айтқан сөзін (пікірі) нақты, сөзбе-сөз қалпына келтіру немесе пайдалану.

**Тікелей экологиялық реттеу** – тура, көбінесе табиғат қорғау мен экологиялық қауіпсіздіктің нормативтік реттелуі негізінде табиғат қорғауды басқару.

**Факт** – оқиға немесе нәтиже; ойдан шығарылған емес нақты; жалпыға және абстрактілігі қарама-қарсы болатын айқын және дара.

**Формулалар редакторы** – математикалық формулаларды жазу, редакциялау және қолдануға арналған компьютерлік бағдарлама.

**Халықты орналастыру** – тұрғындарды аумақ бойынша орналастыру.

**Шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК)** – ортадағы зиянды заттардың мөлшері, оның шектеусіз ұзақ уақыт бойы күнделікті әсері адам баласында қандай да бір патологиялық өзгерістерді немесе ауру тудырмайды.

**Іздеу жүйесі (қызметі)** – ғаламторда ақпарат іздеуге мүмкіндік беретін веб-интерфейсі бар бағдарламалық-аппараттық кешен.

**Экологиялық жағдай** – уақыт өте және кеңістікте, ластанулар мен басқа да антропогендік түрткіжайттардың әсерінен болатын қоршаған орта жағдайының өзгеруі.

**Экологиялық жүйе (экожүйе)** – тірі ағзалармен және олардың тіршілік ететін ортасымен бірге түзілген дара табиғи кешен, онда тірі және сүйекті компоненттер зат және энергия алмасуы есебінен өзара бір-бірімен байланысқан.

**Экологиялық сараптама** – экологиялық тәуекелге қатысы бар шаруашылық және басқа қызметтердің жобаларын экологиялық қауіпсіздік және табиғатты тиімді пайдалану талаптарына сәйкес кешенді бағалау.

**Экологиялық саясат** – заңды актілер жүйесімен бірге қолданылатын және табиғат қорғау заңдылығы және соларға негізделген мемлекеттің мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

**Экологиялық тәуекел** – әлеуметтік маңызы бар экономикалық немесе басқа тиімділікке қол жеткізу үшін табиғи ортаға және (немесе) адамзатқа белгілі бір зиян келтірудің болжамды ықтималдығы.

**Экологиялық тұрақтылық** – бастапқы параметрлерінің ауытқуы түрінде көрінетін қандай да бір табиғи немесе антропогендік әсерден кейін экожүйенің бастапқы күйін немесе соған жақындау күйін қалпына келтіре алу мүмкіндігі.

**Экологиялық-экономикалық шығын** – экологиялық қауіп түрткі-жайттарының пайда болуынан адамдар мен халықшаруашылығына келетін нақты және болжамды шығындардың құн түрінде өрнектелуі.

**Экономика** – қажетті өмірлік игіліктерді жасау және пайдалану жолымен адамдар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін шаруашылық жүйесі.

**Экономикалық аудан** – белгілі табиғи және экономикалық жағдайы бар, қалыптасқан немесе құрылған мамандандырылған шаруашылығы болатын, ішкі шаруашылық байланыстары бар елдің немесе аймақтың біртұтас бөлігі.

**Экономикалық география** – әлеуметтік-экономикалық географияның тармағы, дамыту мен басқаруды тиімді ету мақсатында өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын, өндірістік күштердің дамуы мен орналастырылуын, орналастыру түрткіжайттарын (экономикалық-географиялық жағдайын, табиғат жағдайлары мен табиғи ресурстар, еңбек ресурстары және т.б.) зерттейді.

**Экономикалық-географиялық жағдай** – аймақ немесе елдің, өзіне экономикалық маңызы бар басқа объектілерге қатысты жағдайы.

**Экономикалық инвестициялар** – өндірістік активтерді сатып алу. Бұл ретте инвестиция түрінде нақты өндірістік қуаттылық құрылады, сосын тәуекел «қалыпты» болғанда, табыс алу үшін жұмыс күшін жалдау жүзеге асырылады.

**Экономикалық тиімділік (өндіріс тиімділігі)** – өндіріс үдерісі түрткі-жайттарының пайдалы нәтижесі мен шығындарының арақатынасы.

**Экономиканың бастапқы саласы** – ауыл және орманшаруашылығы салалары. Дүниежүзілік экономикада бастапқы сала, көбінесе алдыңғы даму кезеңінен мұра ретінде қалған, бірақ әлі күнге дейін шаруашылық пен тұрғындарды азық-түлік және құрастырымдық материалдармен қамта-

масыз етуде маңызды рөл ойнайды. Сонымен қатар орманның ауқымды аумақтарында, көбінесе табиғатты пайдаланудың дәстүрлі түрлері – аң аулау, балық аулау, солтүстікте – бұғышаруашылығы сақталады.

**Эксперимент (ғылыми тәжірибе)** – басқарылатын жағдайда кейбір құбылыстарды зерттеу тәсілі. Бақылауға қарағанда зерттелетін объектімен белсенді өзара әсерлесу арқылы ерекшеленеді. Әдетте эксперимент ғылыми зерттеу шеңберінде жүргізіледі және болжамды тексеру, ерекше құбылыстардың арасындағы байланыстардың себебін айқындау үшін жүргізіледі.

**Экстенсивті шаруашылық** – жаңа құрылыс, жаңа жерлер мен табиғи ресурстарды пайдалануға тарту, жұмысшылардың санын арттыру жолымен дамитын шаруашылық. Экономиканың қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде тиімді, бірақ табиғи және еңбек ресурстарының сарқылуына әкеледі. Ғылыми-техникалық деңгейдің дамуына орай ғылыми-техникалық ілгерілеуге, қосымша табиғи ресурстарды пайдаланбастан және жұмыс орнының санын арттырмай-ақ қол жеткізуге болатын жоғары еңбек өнімділігіне негізделген қарқынды шаруашылыққа орын береді.

**Электр энергетикасы** – электр энергиясын өндіру, тасымалдау және тарату жөніндегі кәсіпорындар жиынтығы.

**Энергетикалық ресурстар** – шаруашылықта қолдануға болатын табиғаттағы энергия қоры. Оған отынның әр алуан түрлері (тас және қоңыр көмірлер, мұнай, жанғыш газдар мен тақтатастар және басқалар), құлаған судың, теңіздің көтерілуінің, желдің, күннің энергиялары, атом энергиясы жатады.

*Оқулық басылым    Учебное издание*

**Руслан Адилханович Каратабанов**  
**Абдимажит Аманжолович Саипов**  
**Бақтыкамал Хасеновна Балгабаева**  
**Қуат Табылдинович Сапаров**

**ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ    ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА**

**2-БӨЛІМ    ЧАСТЬ 2**

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сынып оқушыларына арналған оқулық

Әдіскер *Ф.С. Лекерова*

Редакторы *М.Қ. Солтангазина*

Керкемдеуші редакторы *Т.В. Толыбекова*

Дизайнері *Е.С. Жүзбаев*

Компьютерде беттеген *А.Қ. Әбдіқайымова*

Учебник для учащихся 9 класса  
общеобразовательной школы

Методист *Ф.С. Лекерова*

Редактор *М.К. Солтангазина*

Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*

Дизайнер *Е.С. Жүзбаев*

Компьютерная верстка *А.К. Абдикайымовой*

Басуға 10.01.2019 ж. қол қойылды.

Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік басылым.

Әріп түрі «DS SchoolBook». Офсеттік қағаз.

Тапсырыс № 2132а.

Подписано в печать 10.01.2019 г.

Формат 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Печать офсетная.

Гарнитура «DS SchoolBook». Бумага офсетная.

Заказ № 2132а

Қазақстан Республикасы,  
«Алматыкітап баспасы» ЖШС,  
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,  
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Республика Казахстан,  
ТОО «Алматыкітап баспасы»  
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,  
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: alkitap@intelsoft.kz